Л 2017
4620к

Талас ОМАРБЕКОВ

# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ:

## қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны

ТАЛАС ОМАРБЕКОВ

# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ: ҚАҒАНАТТАР, ҰЛЫСТАР МЕН ХАНДЫҚТАР БАЯНЫ

ХАНТӘҢІРІ
баспасы
Алматы – 2017

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
О-58

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

Пікір жазғандар:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Хабижанова Гүлнар Болатқызы;

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ноғайбаева Меңдігүл Сағатқызы.

**О 58 Омарбеков Т.**
**Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны/Талас Омарбеков.**
– Алматы, «Хантәңірі» баспасы, 2017. – 342 б.

ISBN 978-601-03-0459-8

Қазақтың белгілі тарихшысы, ғалым Талас Омарбековтің бұл жинағына қазақ халқы мемлекеттігінің негізі болып табылатын – ежелгі түркі қағанаттарының тарихы жөніндегі зерттеу еңбектері еніп отыр.

Автор шығарманы жазу барысында көптеген тарихи мұрағаттар мен деректерге, мәліметтерге сүйене отырып, дәйекті пікірлер келтіреді. Кітап қазақ елі тарихына қызығушылық танытатын жас зерттеушілерге, студенттер мен оқушыларға, жалпы қалың оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-03-0459-8

© Омарбеков Т., 2017
© «Хантәңірі», 2017

# Мазмұны


Сөз басы.....5
Тарих бастауындағы Үйсіндердің ұлы мемлекеті.....12
Конфедерациялық Қаңлы хандығы.....23
Юэбань (Иобан) хандығы.....31
Көшпелі ғұндардың(Хұндардың) ұлысы.....33
Сарматтар ұлысы.....37
Арғы түріктердің шұғылалы арманы.....39
Ұлы Түрік қағанаты.....43
Шығыс түріктерінің тәуелсіздік үшін күресі.....49
Шығыс түркілерінің екінші қағанаты.....57
Түргеш – Алаш егемен елі.....66
Азаттықты аңсаған қарлықтар.....77
Түркітілдестердің Біріккен (Ұйғыр) қағанаты.....82
Егемендікке ұмтылған Ежелгі Оғыз (Өгіз) ұлыстары.....89
Қимақтар мемлекеті.....95
Қыпшақтардың мемлекеттік бірлестіктері.....100
Қарахан мемлекеті.....104
Жалайыр Ордалары.....111
Жетісудағы қарақытайлар (Батыс Ляо) хандығы.....119
Керейт (керейлер) хандығы.....125
Жошы ұлысы – Алшын және Қыпшақ қауымдастығын ұйыстырушы.....131
Найман хандығы.....136
Түркі қағанаттарының тарихи тұлғалары.....143
Шыңғыс хан империясын негіздеуші түркілер.....145
Жетісудағы Шағатай ұлысы.....172
Сайын (Бату) хан билеген Жошы ұлысы.....179
Береке (Берке) хан билеген Қыпшақ мемлекеті.....185
Ежелгі Ноғайлы.....191
Жошы ұлысындағы Ежен Ордасы (Ақ Орда).....199
Шайбанның (Сыбанның) Көк Ордасы.....206
Жошы ұлысының әлсіреуі.....212
Ақ Орда ұлысының күшеюі.....219
Алтын Орданың соңғы өрлеуі және ыдырауы.....226
Моғолстандағы Дулат әмірліктері.....233
Ноғайлының күшеюі және әлсіреуі.....240
Ордалар мен ұлыстар қайраткерлері.....248
Қазақ хандығының қалыптасу кезеңі.....250
Қазақ хандығында мемлекеттік жүйенің қалыптасуы.....254
Қазақ хандығының қилы кезеңі.....271

Көшпелілер хандығының рухани ұстанымы.....278
XVIII ғасырда Қазақ билеушілерінің Ресей бодандығын қабылдауы.....293
Қазақ хандығының тарихи тұлғалары.....300
Қазақ елінің саяси дербестік үшін күресі.....304
Сөз соңы. .....310
Мәңгілік ел –тарихи арманымыз.....317
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....329

# СӨЗ БАСЫ

Қазақ тарихы – шын мәнінде тәуелсіз, мәңгілік ел болуға ұмтылу тарихы. Алайда тәуелсіз ел болу үшін алғаш тәуелсіздіккке қол жеткізіп, онан соң ең бастысы – тәуелсіз мемлекет құруды қолға алу керек. Ал бұл айтуға ғана оңай. Қазақтың тәуелсіз ел болуға ұмтылуы қандай қиын да қиямет жолдардан өткенін осы кітаптан айқын аңғаруға болады. Оны сондықтан да оқырманға ұсынып отырмыз. Тәуелсіздік – аса қасиетті ұғым, ұлы сөз. Халқымыздың сандаған ғасырлар бойы еркіндіктің осы заңғар биігіне көтерілуге ұмтылғаны, осы жолда көптеген құрбандықтарға барып, жанкешті күрестер жүргізгені әрқашанда есімізде болуы тиіс. Сонда ғана біз, намысты қолдан бермейтін, рухы шыңдалған, күшті елдер қатарынан орын ала аламыз. Осындайда тәуелсіздіктің тарихи тамырлары терең де жатқанын, ол шын мәнінде халықтың өзімен бірге өсіп-өркендеп, оның намысында қайралып, ұшқыр арманға айналатынын да ескере бермейтін тәріздіміз.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы

әңгімеге үздіксіз тиек боларлықтай, ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашанда естен шығармауы керек.Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық ғана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. О бастан-ақ, сондықтан да, рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес еді. Мұны бұрынғылар жақсы түсінді. Сондықтан да, біздің, қазіргі тәуелсіз еліміздің аумағында ерсілі-қарсылы көшіп жүруге мәжбүр болған ежелгі сақтар мен сарматтар, ғұндар мен қаңлылар және байырғы үйсіндер белгілі бір аймақты ұстап қалуға, өздерінің арғы түріктік (прототүріктік) тілдерін, дәстүр салттарын, діни ұстанымдары мен өзіндік ділдерін сақтап қана қоймай, оларды ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдыру үшін де үздіксіз күресті. Айтарлықтай ұзақ мерзімді қамтыған осынау көп қырлы этно-саяси үдерістердің ұмтылысы ақырында, түркітілдес халықтардың ұйыса да, ынтымақтаса түсуіне алып келулері керек еді. Солай болды да.

Біздің заманымыздың V ғасырының орта шенінде тарих сахнасына тәуелсіз ел болуды көксеген түркітілдес тайпалардың бірлестіктері шықты. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның көркеюі үшін күресіп жатқан біздер – солардың ұрпақтарымыз, солардың арман-тілегін жүзеге асырушылармыз. Мұны біз сондықтан да, ешқашан да ұмыта алмаймыз. Түркілердің ынтымақшыл тәуелсіздік жолындағы күресі әртүрлі қағанаттар құру барысында көрініс беріп,

болашаққа деген құштарлықтың тағылымды үлгісіне айналды. Моңғол деген қуатты ел тарих сахнасына көтерілмей тұрып-ақ, тәуелсіздікке ұмтылған бабаларымыз өздерінің мемлекеттік бірлестіктерін ұйыстыруды қолға алған еді. Бұл ұмтылыс ортағасырларда Алаш қауымдастығының қалыптасуына қажетті мықты этно-әлеуметтік негіздерді қалады. Қазіргі шұғылалы тәуелсіздікке біздер әртүрлі саяси Ордаларға бірігуге, ең соңында Қазақ хандығын қалыптастыруға белсенді түрде атсалысқандықтан ғана қол жеткіздік.

Арналы ұлы өзеннің тәуелсіздікке деген жойқын талпынысы Ресей тәрізді ұлы империяның билігі, Кеңестер Одағы атты ұлы империяның құрсау шеңберін де талқандап, алға озды. Осындайда тәуелсіздікті басты бағдар еткен тарихтың ағысының қуаттылығына, алған беттен таймас қайсарлығына еріксіз бас иесің. Көріп отырмыз, қысқа да нақты шолудың өзі-ақ тарихымыздың адырлы да, асқаралы белестерін, қиянат пен қырқыста кейде амалсыз итжығыс түскен өкінішті сәттерімізді әрқашан есте ұстауды біздерге мұра етіп қалдырды. Қаласақ та қаламасақ та біз осы жолмен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұларды екшеп айтып, жаңа ұрпақ санасына, тәуелсіздікке деген құштарлық пен ұмтылыстың аса қуатты саяси-рухани күш екендігін сіңіріп және оларға осыны ұғындырып отыру – бүгінгі тірлігіміздің басты мұраты болса керек. Алайда болашақта Қазақстанның Мәңгілік елге айналуы оның өткен тарихынан сабақ алуымен тығыз байланысты екендігін де ұмытуға болмайды. Сондықтан да осы тарихты жазып отырмыз.

Өзіміздің төлжазба деректеріміздің аздығы өткенімізді қалпына келтіруді қиындата түсетіні де рас. Әсіресе қиналатынымыз: бұрынғы төл мемлекеттеріміздің орналасқан тарихи атамекендерін, қоныстанған орындарын бенелейтін тиянақты көркем карталары әлі күнге дейін жасалмаған. Бұл іс тәуелсіздік тұсында ғана там-тұмдап қолға алына бастады. Алайда ежелгі мемлекеттер тарихының өзінің нақтыланбауы, бұл жұмысты қиындата түсуде. Мұндай жұмысқа картограф мамандар ғана емес, ең бастысы – тарихшылардың өздері атсалысуы керек. Осыны ескеріп, осы кітапта автор өзі жасаған тарихи карталарды оқырманға ұсынады. Бұл алда жасалатын үлкен жұмыстардың басы ғана деген ойдамыз. Төл тарихымызды тарихи бейнелерден жұрдай, жұтаң тарих түрінде қалдыра беруге болмайды. Көшпелі қоғамда өмір сүріп, адам суретін бейнелеуге мән бере қоймаған ислам илеологиясы ықпалында болған қоғамымыз, тарихи тұлғаларымыздың бейнесін де сақтап қала алмады. Ал мұнсыз толыққанды тарихты қалпына келтірудің мүмкін еместігі және белгілі. Оның үстіне кейінгі кезде суретшілеріміз осы тарихи бос кеңістікті толтыру үшін белсенді жұмыстарды қолға ала бастады. Игілікті іс болғанымен мұнда да олқылықтар орын алуда. Өйткені, бір тарихи тұлғаның кескінін әртүрлі бейнелейтін суреттер көбейе бастады. Олардың кейбірі тарихи деректерден тым алшақ жатыр. Осыны ескере отырып, біз өзіміз салған, яғни тарихшының көзімен бейнеленген, әділет министрлігінде автордың атына тіркелген саяси тұлғалардың да суреттерін оқырман назарына ұсынып отырмыз. Тарихымызды байыта түсуді, оны

тек шетелдік авторлар мен саяхатшылар баяндайтын тарих болып қалудан құтқаруды көздеген әрекет бұл. Тарихшылардың жаңа ұрпағы, бұл маңызды жұмысты жалғастырар, сөйтіп мемлекетіміздің ежелгі заманнан бастау алатын іргелі тарихы болашақта қалпына келер.

## Арғы(прото) түріктердің айбарлы мемлекеттері

Мәңгілік Ел болып «етек-жеңді жинау», ұйысып халық болып қалыптасу және күш біріктіріп мықты мемлекет құру – бабалардың байырғы арманы еді. Бұл аса маңызды рухани мүдде бағзы замандардан бастау алады. Түркітілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының да тарихы терең жатыр. Ешбір халық қысқа тарихи мерзімде қалыптасып, тарих сахнасына шыға алмайды. Бұл ұзаққа созылатын тарихи-этникалық үдерістерден тұрады, сондықтан да түркітілдес халықтардың тарихын олардың алғашқы бабалары, біздің заманымыздың бастауларында тұрған **сақтардан, үйсіндерден, қаңлылардан және ғұндардан** бастауға тура келеді. Өйткені бұл халықтар Орталық Азияны қаһарларымен қалтыратқан ұлы мемлекеттер құрып, қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүріп, халық ретінде қалыптасып, саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты Еуразия кеңістігінде ерсілі-қарсылы көшіп-қонып жүрді.

## Сақтардың ұлы ұлысы

Сырдариядан шығысқа қарай яғни қазіргі Қазақстанның көп бөлігінде мекен еткен сақтар шошақ бөріктілер (тиграхаудалар) деп аталды. Б.з.д

1 мыңыншы жылдықта өмір сүрген бұл тайпалар туған жерді сыртқы жаулардан қорғауда ғажайып ерліктер көрсетті. Мысалы, Иран аймағын билеген Ахеменидтер әулетінің патшалары сақтармен соғыста бірнеше рет жеңіліп қалды. Сақтар ұлысы көшпелі еді. Олардың патшасы Кирдің басын сақтардың патшайымы Томиристің қалай алғандығы туралы нақты деректерде айтылады. Дегенмен де сақтардың біраз бөлігі күші тең емес тартыста б.з.д VI ғ. соңы V ғ. басында Ахеменид әулетінен шыққан парсы патшаларына бағынуға мәжбүр болды. Парсылар оларды әртүрлі соғыстарға таңдаулы жауынгерлер ретінде қатыстырды. Мысалы, 500 – 449 жж. сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысқандары белгілі. Дегенмен де Қазақстан аумағындағы сақтардың басым көпшілігі өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды. Олар Жетісудың шығысындағы және Ыстықкөл аймағындағы өздеріне туыстас үйсіндермен туысқандық тығыз қарым-қатынас орнатты. Этникалық және этно-территориялық жақындық сақтар мен үйсіндерді жақындастырды. Бірақ Үйсін мемлекетінің біртіндеп күшеюі сақтарды оңтүстік батысқа қарай ығыстырды, олардың бір бөлігі б.з.д. III ғ. орта шенінде Парфия аумағына басып кіріп, Парфиян патшалығының қалыптасуына ықпал жасады. Сақтардың Памир тауларынан асып кеткен жекелеген топтары Сақа деген атпен әйгілі жаңа мемлекетін құрды. Алайда анталаған парсытілдес жау тайпалармен іргелес болған оның өмірі ұзаққа созыла қойған жоқ. Ұлы Дала аумағында қалған сақтардың ерте темір дәуіріндегі (б.з.д VI –III ғғ.) обаларында көптеген ескерткіштер сақталған, олардың арасында әсіресе Есік обасынан табылған «Алтын адам» белгілі.

Бабалар бейнесінің жиынтығына айналған ол – бүгінде Қазақстанды әлемге танытатын тарихи-мемлекеттік мұра ретінде танымал. Осыған ұқсас алтын адамдар Алтайдағы «Берел» және Тарбағатайдағы «Шілікті» қорғандарынан да табылғаны белгілі. Алтыннан айшықты аң бейнелі ғажайып әшекей бұйымдар жасаған сақтар өнердің шыңына шығып, металды өңдеудің ең жоғарғы жетістігіне көтерілді.

## Тарих бастауындағы Үйсіндердің ұлы мемлекеті

Қытайдың жазба деректері «үйсін» атауын тарихқа әйгілі етті. Алайда, бұл атау кейінгі тарихта да тарихи сабақтастық тауып жалғасумен болды. Бұрын қазіргі Қытайдың Дахота өңіріне дейін жайлаған кейінірек Жетісу және Іле алқабына қоныстанған ежелгі Үйсіндер осында біржолата орнығып, кейіннен Батыс Түрік қағанатын, Түргеш қағанатын, Қарлұқ қағанатын, Қарахан хандығын, Шыңғыс ханның ұлы Шағатай құрған ұлыстың және Қазақ хандығының негізін салған тайпалар мен рулардың шығуына бастау болды.

Үйсіндер: сары үйсін, қара үйсін және ал қызыл үйсін (қызыл үйсін) деп аталып, өз ішінен рулық бірлестіктерге бөлінді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша Түргеш қағанатын құраған сары түргештер – сары үйсіндер болатын. Кейінгі қазақ халқын құраған кейбір ру-тайпалар өздерінің арғы ата-бабаларын ежелгі үйсіндермен байланыстырады. Бұл қазақтың шежірелік деректерінде көрсетілген. Екі мың жыл бұрынғы қытай жылнамаларында кездесетін үйсіндер тарихи тұрғыдан жалғаса келе, кейінгі деректерде де және қазақ шежіресінде де өзіндік орын алды. Шоқан Уәлиханов жинаған шежірелік деректер бойынша үйсін – Ұлы жүз қазақтарының түп атасы болып есептелінеді. Қазақ шежіресі бойынша үйсіннің түп атасы – Майқы би немесе Төбей би болып табылады. Бұл қытай деректерінде айтылатын Нәнді би болуы мүмкін. Осы Төбей биден Үйсін, Үйсіннен Қойылдыр (қатаған шанышқылы), Мекірейлі (жалайыр), Майқы (абақ), Қоғам (қаңлы) тайпалары өрбиді. Одан әрі Бәйдібек ата туады. Бәйдібекке қазір Тараз қаласының орталығында үлкен ескерткіш орнатылған. Әдетте

байырғы үйсіндерден бастау алатын Бәйдібек атадан қазақтың албан, дулат, суан, шапырашты, сары үйсін, ошақты, ысты рулары тарайды. Бұлардың бәрінің рулық таңбалары белгілі. Кейінгі қазақ арасында Үйсін ұлысының арғытегі мен өсіп-өрбу жағдайын тиянақты баяндайтын шежіре деректер сақталған. Қалай десек те, үйсіндер – қазақтың Ұлы жүзін құрайтын үлкен ұлыс болып табылады.

«Үйсін» деген атау – күні бүгінге дейін бұрынғы үйсіндер мекендеген қазір Қытайдың аймағына айналған өлкелерде де сақталып қалған. Мысалы, үйсіндердің байырғы атамекені Қытайдағы Іле аймағының Шапжал және Моңғолкүре аудандарының арасындағы тау күні бүгінге дейін «Үйсін тауы» деп аталады. Қытай тарихшылары осы аймақта Сары үйсін деген өзен аты бар екенін, Қара үйсін деген елді мекен бар екенін атап көрсетеді. Ғалымдар үйсіндердің байырғы сақ тайпаларының бірі – исен, исседон тайпаларымен туыстығын да айтып отыр. Үйсіндер еліміздің ежелгі ұлысы ретінде I – II ғасырдан бастап еліміздің аймағында мемлекеттік билікті орнықтыруда, Ұлы Жібек жолын жандандыруда үлкен рөл атқарды. Кейінгі жылдары жүргізілген археологиялық және антропологиялық зерттеулер үйсіндердің антропологиялық түрін анықтады. Бұл түр Тянь-Шань таулы өңірлерінен солтүстіктегі Балқаш көліне дейінгі байтақ өңірлерде кездеседі. Үйсіндердің келбетіне тән ерекшеліктер олардың бас сүйектері домалақтау, маңдайлары сәл тікше, көз ұялары биіктеу, қыр мұрынды, жақ сүйектері ірі әрі шығыңқы болып келеді. Үйсін адамдарының батыс алқап халықтарынан едәуір айырмашылықтары олардың қыр мұрынды, шүңірек көк көз, жирен сақалды болатындығында деп айтылған ежелгі қытай

деректеріндегі мәліметтер кейінгі антропологиялық зерттеулерді растап отыр. Үйсіндердің антропологиялық түрі нәсілдік жағынан сақ дәуірінде өмір сүрген тайпаларға өте жақын. Яғни, үйсіндерді сақ тайпаларының тікелей жалғасқан ұрпақтары деп айтуға болады. Сонымен бірге, үйсіндердің бабалары сақтардың және өздерінің бет-пішінінде бас сүйектерінде моңғол тектес тайпалардың нәсілдік элементтерінің әсері анық байқалады. Ғалымдар кейінгі қазақ халқының антропологиялық құрамын қалыптастыруда үйсін антропологиялық түрінің үлкен ықпалы болғанын атап көрсетеді. Осының бәрі ежелгі үйсіндердің кейінгі қазақ халқының арғы аталарының бірі болып табылатынын дәлелдейді.

Үйсіндерге байланысты олардың қысқаша тарихын қытайдағы деректерді қазақ тіліне аударумен айналысқан қазақ зеттеушілері өздерінің еңбектерінде төмендегіше тұжырымдаған еді: «Үйсін (乌孙), арғы замандағы дыбысталуы: асуын (Дұң Тұңхы), өсұн (Бернхард Карлгрен), (ағсұн)Жоу Фагау», асуын) Го Шилян); Тұрпан текстерінде: үйсін, асиен деп жазылған; кейінгі кездегі оқылуы: усұн) – ежелгі ұлыс әм этнос. Қазіргі зерттеу нәтижелеріне қарағанда, үйсіннің түп-тұқияны сонау шаң, жоу хандықтары заманындағы гүнрей, ғұннұм (гұннұң) тайпалары деп есептелуде. Зерттеушілердің көбі үйсін тілін алтай тілдерінің түрік тілі ұясына жатқызады. Үйсіндер б.з.б. II ғасырдан бұрын Келентау, Дахата (Дұнхуаң) аралығындағы аумақты мекендеген. Кейін нүкістер күйреткендіктен, үйсін ұлысы ғұндарға бағынды. Леузаң тәңіркұт тұсында (б.з.б. 161–174 жылдары ғұндардың сүйеуімен батысқа көшіп, ұлы Нүкіске шабуыл жасады. Ұлы нүкістер оңтүстікке кетуге мәжбүр болып Бактрияны бағындырды. Үйсіндер

олардың қонысын басып қалды. Сондықтан үйсіндер ішінде сақтар да, ұлы нүкістер де болды. Үйсіннің Іле, Ыстықкөл бойына келгеннен кейінгі астанасы – Чекүк (яғни қызыл алқап, қызыл аңғар. Бұдан бұрын «Қызыл қорған», «шығу», Шие қорғаны деп те аударылып келді). Жаң Чаян батыс өңірге елші болып барғаннан кейін үйсіндер хан әулетіне құдаласып жегжат болды. Шюанди патша салтанат құрған жылдары (б.з.б. 60 жылы Батыс өңір басқақтығына қарады). Б.з.б. 53 жылы Чаң Хүй секілді үш аламанбасы Чекүкке келді. II ғасырдың соңында сәнбе, IV ғасырдың басында табғат тайпаларының шабуылына тап болды. Оңтүстік және солтүстік патшалықтар тұсында оңтүстікке кетіп, Көгарт (Памир) тауларына ірге тепті және солтүстік Уй патшалығымен жиі қарым-қатынас жасады. 437 жылы Уй патшасы Тәй-у Үйсін ордасына елші жіберді. Ляу (Қытан) патшалығы тұсында Іле алқабындағы үйсіндер хұйтұңның 1 жылы (б.з.б. 938 жылы) тарту-таралғымен елші салды. Сондықтан ол жерде қайтадан Үйсін ордасы шаңырақ көтерді. Кейінгі кезде үйсіндер қазақтың Ұлы жүзіндегі тайпа болды».

Сонымен бірге үйсіндердің арғы тегі туралы қызықты мәліметті осы қытай деректеріне сүйеніп, қытай тілін жетік меңгерген Н.Мұқаметханұлы нақтылай түскен еді. Бұған байланысты оның төмендегідей пікірі бар: «Үйсіндердің арғы тегі жөнінде қытай жазбаларында жүйелі жазылған деректер бар. Б.з.д. бір мыңжылдықта хатталған «Зо жуан – Зо чжуань » деген жинақта «Күн ии» «Күн роң» деген этнос атаулары кездеседі. Бұндағы «күн» деген иероглиф тек қытайшада «күн» деген дыбысты шығару үшін қолданған таңба. Ол өзінің әсілгі «аға» деген мағынасын білдірмейді. Ал «ии» «роң» деген иероглифтер –

бұратаналар, жабайылар деген мағынаны аңғартатын тұрақты сөздер. Сонда «күн»-ге «иі»-ді немесе «роң»-ды қосып айтқанда, одан «Күн бұратаналары» немесе «Күн жабайылары» деген мағынаны білдіретін термин келіп шығады. Қытайдың б.з.д бір мыңжылдықта жазылған деректерінде: «Күн иі елдері қытайдың батыс өңірінде көшіп-қонып жүрді» – деп жазылған. Осыған қарағанда ол ел өздерін «Күн әулетіміз» немесе «Күннен жаралғандармыз» деп атаса керек. Бұл шығыс халықтарының ертедегі дүниетанымына сай келеді. Сондықтан қытай авторлары олардың «күн» деген түбір сөзіне «иі» немесе «роң»ды қосып, оларға «Күн бұратаналары» деген ат қойған. Қытай авторлары ежелгі замандағы көшпенділерді атағанда қашанда олардың атының соңына жабайы деген мағынаны білдіретін иероглифті немесе жырткыштарды аңғартатын фан чуан фаң таңбасын қосып жазатын-ды. Сондықтан өздерін «Күн әулетіміз» дейтіндерді «Күн иі» – «Күн бұратаналары» деп атау – қытай авторларының әдетіне айналған құбылыс».

Зерттеуші б.з.д. IV ғасырлардағы қытай жазбаларында осы Күн бұратаналарының «үйін әулеті жабайылары» деп аталғанын және олардың Шығыс Тянь-Шань өңірінде өмір сүргенін б.з.д. II ғасырдың басында олардың «Усуньдер» деп аталғанын, біртіндеп «Үйіндер» «Үйсіндер» болып өзгергенін, сондықтан да өзінен бұрынғы осы мәселені зерттеуші Н.Мыңжанның «Үйсін – ұйысу деген мағынаны білдіреді» деген сөзінде тарихи қисын бар екендігін атап көрсетеді.

Өзінің бұл пікірлерін Н.Мұқаметханұлы жапон тарихшысы Широ Торидың: «Үйін – усунь деген сөздің басқа иероглифпен транскрипциялануы» деген түсіндіруімен бекіте түседі және өзінің зерттеулеріне

төмендегідей тұжырым жасайды: «Міне, осындай негізде мен қытай тілінде Усүн – Усунь болып жазылған атауды өзінің әсілгі аталуы бойынша «үйсін» деп қолдануды дұрыс деп санаймын. Өйткені бұл Тоныкөк ескерткішіндегі Үйсін атауымен сай келеді». Тоныкөктің (Тұнық-ұқтың) әйгілі мәтінінде шынында да осы этнонимге байланысты мынадай жолдар кездеседі: «Ұсын Бұнтатұ (?): жұртында: жата қалар еді:».

Сонымен, Н.Мұқаметханұлының айтқан тұжырымдарын қабылдар болсақ, «үйсін» этнонимінің қалыптасу эволюциясы сызба түрінде төмендегідей бейнеленер еді: «Күн» – «Үйін» – «Үйсін». Бұл жерде айтарымыз, көрші моңғол тілдес тайпалар «сулы жерді мекендейтіндер» ретінде үйсіндерді «усуньдер» деп атап, осы атауды оларға тануы мүмкін. Сонымен бірге біртіндеп бұл атау түркілердің өз ортасында «үй болып ұйысу» деген мағынаға ауысып, жаңаша астар беруі мүмкін. Мұндай өзгеріске таңғалуға болмайды. «Үйсін» этнонимінің өзінің иероглифтік жазылуы әртүрлі тарихи кезеңдерде түрлі өзгерістерге ұшырап отыр емес пе? Оның үстіне түркілер моңғол тілді көршілерінің өздеріне қойған атауларын қазқалпында қабылдады деп айта алмаймыз. Түркілер моңғол этнонимдерін қабылдағанда, оларды өздерінің тіліне және диалектісіне икемдеп алатын. Үйсіндердің арғы бабалары кімдер екендігін қарастырғанда зерттеушілердің бір бөлігі ежелгі Исседон сақтарына назар аударып, осы кейінгілерді алғашқылардың бабалары ретінде қарастыратынын айта кеткен жөн. Ежелгі Исседон сақтары туралы мәліметтер Геродоттың және Птолемейдің жазбаларында кездесетіні назар аудартады. Оларға және басқа деректерге талдау жасар болсақ,

исседондардың Андрон мәдениеті, яғни қола дәуірі кезінде қазіргі Оңтүстік Орал, Сібір аймақтарынан Орталық Қазақстанға дейінгі өңірлерде көшіп-қонып жүргендерін аңғарар едік. Біздің заманымыздан бұрынғы II мыңжылдықтың соңында немесе біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында біртіндеп Жетісу және Шығыс Түркістан өлкелеріне жылжыған олар, осында антропологиялық тұрғыдан еуропеидтік нәсілдің жергілікті сак тайпалары арасында кеңінен таралуына ықпал жасады. Көне грек диалектінде Исседон аталған бұл тайпалардың шын мәнінде усундер, яғни үйсіндер болып табылатынын археологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр.

Үйсіндердің тегін анықтаудан бұрын олардың алғаш қай тілде сөйлегендерін нақтылай түсуіміз керек. Қазақстандық зерттеушілер В.В.Востров пен М.С. Мұқанов өздерінің зертеулерінде үйсіндердің шығу тегін үнді-гот және угро-фин тұқымдарына жатқызатын теориялардың соңғы уақытта зерттеушілер арасында көбіне теріске шығарыла бастағанына назар аударған еді. Мұны авторлар XX ғасырдың 60-шы жылдарының соңына қарайғы зерттеулерінде-ақ атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар олар осы негізде үйсіндерді асиялармен, асиандармен бір деп санауды мойындаушылардың да азайып бара жатқанын атап көрсеткен еді. Өкінішке орай, бұл тұжырымдарға қазақстандық ғалымдар әлі де жеткілікті назар аудармай келеді. Сөзбе-сөз айтар болсақ, аталмыш ғалымдар мынадай қорытындыға келген еді: «Положение о тюркоязычности древних усуней, выдвинутое Н.А. Аристовым и подтвержденное рядом других исследователей ныне уже ни у кого не вызывает сомнений».

Еуропалық зерттеушілер ежелгі үйсіндердің астанасын Чигу деп атаса, ал қытайлық зертеушілер ежелгі деректерден оны Чекук деп оқиды. Алайда ғалымдарды толғандыратыны астананың аталуы емес, оның қайда орналасқаны туралы мәселе болып отыр. Бұл мәселеде негізінен алғанда екі түрлі көзқарас бар. Олардың бірі – Чекук қаласын Нарын өзенінің шығыс жағынан іздестіру керек десе, екіншілері, бұл астана Текес өзенінің оңтүстігінде деген пікірде. Соңғы кездері қытайлық Мың Фәнрын осыны анықтауға байланысты зерттеулер жүргізіп, соңғы тұжырымның тарихи шындыққа жақындығын анықтады. Айта кетер бір нәрсе, ежелгі қытай жылнамасы «Хәннама. Батыс өңір баянында» мынадай деректер бар: «Ұлы күнбидің ордасы Чекук қаласында тұрады... Жері ұлан-асыр, жазы, ауа-райы жаңбырлы салқын келеді. Тауларында қарағай, самырсын көп өседі». Иә, шындығында да әлі күнге дейін Телес өзенінің оңтүстігінің табиғаты дәл осы қалпында. Археологтердің ізденістері де осыны мақұлдай түсетіндей. Мың Фәнрын осыған байланысты былай деп жазған еді: «...археологиялық қазбалардағы материалдар да бізге ішінара деректер беріп отыр. «Мәдени мұра» («Уын-у») журналындағы мәліметке негізделгенде, Үйсін қорымдары негізінен Монғолкүре, Текес аудандарының шегіндегі Текес өзенінен Тәңіртауға(Тянь-Шанға – Т.О.) дейінгі заңғар далаға таралған.» Осы айтылғандар және тағы да басқа көптеген дәлелдер Үйсіндердің астанасы Чекук қаласының Ыстықкөлдің оңтүстік шығысындағы Текес өзенінің оңтүстік жағалауына орналасқанын дәлелдей түседі.

Қорыта келгенде айтарымыз, ежелгі сақтармен жерлес, туыстас және бауырлас болған үйсіндер тарихи атам заманнан бүгінгі күнге дейін аман-есен

келіп жетті. Бүгінгі түркі халықтарының біразы өзінің ататек тарихын үйсіндермен байланыстырады. Кезінде қазіргі Қытайдағы Дахота өңірінен батысқа қарайғы үлкен аймаққа иелік жасаған үйсіндер әсіресе бүгінгі Жетісу және Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Ұлы жүз құрамына енген рулар мен тайпалардың этно-әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуларына аса үлкен ықпал жасады. Тарихтың әртүрлі зобаландарына қарамастан «Үйсін» этнонимі қазақтың Сары үйсін тайпасының атауында сақталып қалды. Ежелгі дәуірден бастау алатын үйсіндер тарихы жекелеген зертеушілер тарапынан едәуір бұрмаланғанына қарамастан, бүгінде қалыптасқан қазақ ұлты тарихының берік құрамдас бөлігі болып табылады.

Негізінен көшпелі қоғамда өмір сүрсе де, үйсіндер мықты мемлекет құра алды. Үйсін елінің бас билеушісі *күнби* деп аталды. Ол шын мәнінде елдегі барлық қарулы әскери жасақтың ең жоғарғы қолбасшысы болып есептелінді. Сонымен қатар оған ру-тайпаларды басқаратын бектер тікелей бағынды. Күнби елді үш бөлікке бөліп басқарды. Оң қанат пен сол қанатты екі қолбасы басқарса, ал елдің орталық бөлігін күнбидің өзі басқарды. Үйсін елін басқарудың мемлекеттік жүйесі "ондық жүйе" деген атпен белгілі. Күнби жалпы ел-жұрттың билеушісі ретінде қоластындағы ру-тайпаларды балаларына бөліп беріп отырды. Сонымен бірге ол мыңдықтардан әскерлер құрастыруға, елдің көшіп-қонатын жерлерін белгілеуге тікелей араласты.

Үйсін елі мықты ел қатарына үкіметтік ұйымының арқасында қол жеткізді. Бұл негізінен бірнеше лауазымнан тұрды. Оларға түсініктеме берер болсақ, бірінші билеуші күнбидің өзі шын мәнінде елді дара басқарды. Бірақ кейіннен Үйсін елінің екіге

бөлінуіне байланысты біздің заманымызға дейінгі 53 жылдан бастап елді *ұлы күнби* және *кіші күнби* екіге бөліп басқаратын болды. Үйсін мемлекетін бірнеше лауазымнан тұратын және күнбиге тікелей бағынатын өкіметтік жауапты қызметкерлер басқарды.

Күнбиден кейінгі мемлекеттегі екінші лауазым *дулы* атанған кісінің қолында болды. Бұл бас уәзірдің деңгейіндегі билік иесі болды. Сонымен бірге үйсін елінің барлық әкімшілік істерін басқарды. Ол күнбиге ғана жауапты болды және бұл қызметке бір ғана адам тағайындалды. Үшінші мемлекеттік лауазым *қолбасы* деп аталды. Қолбасылар оң қанаттың және сол қанаттың қолбасысы деп аталып, бұл қызметтерге екі адам тағайындалды. Бұл екі адам шын мәнінде қарулы күштерге бұйрық беретін және оларды басқаратын әскерді жабдықтауға, соғысқа және қорғанысқа үйретуге тікелей жауапты тұлғалар болды. Төртінші мемлекеттік лауазым бұл *оңқа* лауазымы болды. "Оңқа" деп ел ішіндегі ру-тайпа басшыларын атады. Бұлар – шын мәнінде үшке бөлінген Үйсін ұлысының үш бөлігіндегі ру-тайпаларды басқаратын бектердің тікелей басшылары еді. Бұлар елдің тұрмыс-тіршілігін, тайпа аралық қарым-қатынастарды және рулар мен тайпа басшыларының жоғарыдағы өкіметтік тұлғалардың тапсырмаларын қалай орындағандарын тікелей қадағалап отыратын кісілер болды. Бесінші лауазым *дарту* деп аталды. Ол қолбасшының көмекшісі болып табылды. Үйсін мемлекетінде екі қолбасшы тағайындалғандықтан, бұл лауазымға екі адам тағайындалып, өздері бағынышты қолбасшылардың тапсырмаларын бұлжытпай орындаумен айналысты. Бұл негізінен әскердің жай-күйін, соғысқа немесе қорғанысқа дайындығын, оның жасақталуын және соғысу әдістерін белгілейтін әрі басқаратын әскери

адамдар болды. Алтыншы *абыз* лауазымына екі адам тағайындалды. Бұл негізінен күнбиге кеңесшілік қызмет атқаратын тәжірибелі, көпті көрген, халық арасында рухани тұлғаға айналған адамдардан іріктелді. Жетінші *ұлысбегі* лауазымы бүкіл ұлыстың мемлекеттік істерін кадағалайтын, яғни ішкі, сыртқы саясаттың қалай жүргізілгенін қадағалап отыратын адам болды. Бұған бір адам тағайындалды. Сегізінші *ордабегі* қызметі. Ордабегі лауазымына Күнби Ордасындағы барлық жұмысты жүргізетін кісілер болды. Ең соңында *атқосшы* қызметі тағайындалды. Бұл лауазымға күнбиге атқосшы болып жүретін оның әрі көмекшісі, әрі алып кел, барып кел сипатындағы тапсырмаларын орындайтын бір адам тағайындалды. Үйсін мемлекетін бірнеше лауазымнан тұратын және күнбиге тікелей бағынатын өкіметтік жауапты қызметкерлер басқарды.

Осылайша Үйсін елінің үкіметтік ұйымы бірнеше сатылық дәрежеден құралып, оны жалпы алғанда он бес адам басқарды. Бұл шын мәнінде Үйсін елін басқаратын мемлекеттік ұйым болатын. Қытай тарихи деректерінен он ұрпақтан тұратын алғашқы күнбилердің есімдері бізге белгілі. Ол әрине, жоғарыда атап айтқанымыздай алғашқы күнби – Нәнді би деген кісіден басталады.

## Конфедерациялық Қаңлы хандығы

Зерттеушілердің көпшілігі қаңлының б.з.д. соңғы ғасырларда Сыр бойы мен Қаратау алқабын мекендегенін мойындайды. Сондықтан да «Қазақ Совет энциклопедиясында» кезінде былай деп көрсетілген еді: «Қаңлы тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ақ Жұңго жылнамалары мен Авеста тарихынан белгілі біздің заманымыздан бұрынғы III – I ғасырларда Сыр бойы мен Қаратау алқабын мекендеген, өзінің дербес мемлекеті болған канғұй, қаңға тайпалары бірлестігі мен содан кейінгі дәуірлерде де дәл сол өлкені қоныстанып, көрші түркі тайпаларының саяси-әлеуметтік өміріне әр кезде түрлі ықпал жасап келген қаңлылар, сайып келгенде біртұтас этностық қауымның негізі екенін мойындайды». Ал енді Сырдың орта ағысына дейін барған және кейіннен өздеріне көрші қытай жылнамаларында айтылатын бес аймақты басып алған кандықтар (қаңлылар) Сырдариянын орта ағысына өздерінің есімдерін берді.

Г.Е. Грумм-Гржимайло қаңлылардың ешқашан да Соғдиананы басып алмағанын, сондай-ақ қытай деректерінің кангюйларды ешқашан да сақтармен шатастырмағанын нақты көрсетуге күш салған еді. Шындығында да қаңлылар бұрын Алтайдан оңтүстікке қарайғы өңірлерді мекендеген болса, олардың сақтардан шығуы мүмкін емес. Бұл өңірдегі тайпалардың байырғы атаулары Геродоттың еңбектерінен б.з.д. V ғасырда-ақ белгілі болған болатын. Сондықтан да жоғарыдағы ғалымның пікіріне қосылуға тура келеді.

Қаңлы мемлекеті туралы қытай жылнамасынан мынадай жолдарды оқимыз: «...Бұлар бұрын

Келентаудың солтүстігіндегі Жау-у қаласын (昭武城) мекендеген. **Ғұн талқандалғанда батысқа ауып Көгарттан асты да өз алдына мемлекет құрды.** (бөліп көрсеткен біз – Т.О.). ... Ел тізгінін уәзірлер үштігі ұстайды. Ханы айдар қойып, басына інжу-маржандармен әшекейленген алтын тәж, үстіне мәулім, бүлде, қымқап, құлпы және ақ берен және т.б. асыл кездемеден киім киеді. Әйелдері шашын түйіп, бетіне қара жаулық салады. Ерлері шашын қырқып, қаптал шапан киеді. Мемлекеті белді ел ретінде Батыс өңірдегі ұсақ елдердің денін билейді. Алайық, Маймарғ, Кеш, Кебұт, Қай, Кушан, Бұқара, Кіші Бұқара, Нақсаб, Анағар, Мургаш түгел соған қарайды. Ғулардың өз жарғылары бар. Оны ғибадатханаларында сақтап, біреуді жазалауға тура келгенде, соны алып шығып кесік кеседі. Қылмысы ауырлар үрім-бұтағымен құртылады. Қылмысы онан біраз жеңілдері өлімге бұйырылады. Ұры-қарылардың аяғы шабылады».

Қаңлылардың дербес мемлекет құрғандығын олардың қоластындағы иеліктері туралы мәліметтер де дәлелдей түседі. Қытайлық қазақ тарихшысы Н.Мыңжан осыған байланысты былай деп жазған еді: «Жазба деректердің айтуына қарағанда, қаңлы елі өз ішінен 5 иелікке бөлінген. Әр иеліктің кіші хандары болған. Олар Ұлы ханға бағынған. Бұл иеліктер өздерінің орталық қалаларының атымен аталған». Осы деректерді қытай мәліметтерімен нақтылай түсер болсақ, мынадай жолдарды оқыр едік: «Қаңлыда бес кіші хан бар. Оның бірі – Сағай хан. Ордасы Сағай қаласында. Бұл Басқақтықтан 5776 ли, Янгуаннан 8025 ли шалғай. Екіншісі – Бомық хан (Кашания). Ордасы Бомық қаласында. Басқақтықтан 5767 ли, Яңгуаннан 8025 ли шалғай. Үшіншісі – Рауық хан (Ташкент

ханы). Ордасы Рауық қаласында (Бынкентте). Басқақтықтан 5266 ли, Янгуаннан 7525 ли шалғай. Төртіншісі – Ге хан (Бұхар ханы). Ордасы Ге (Бұхара) қаласында, Басқақтықтан 6296 ли, Янгуаннан 8555 ли шалғай. Бесінші – Оған хан (Үргеніш ханы) ордасы Оған (Үргеніш қаласында.) Басқақтықтан 6906 ли, Янгуаннан 8355 ли шалғай. Осы бес кіші ханның бәрі Қаңлыға бағынады».

Көріп отырмыз, деректерге берілген түсініктер қаңлылардың қоластындағы бес аймақтың қайда орналасқанын және қалай басқарылғанын нақтылай түседі. Н.Мыңжан – Чжан Цзяннің (Жаң Чианның) жазбаларынан және жапон зерттеушісі Сираторидың «Соғдылар туралы зерттеу» еңбегінен мынадай пікірлерді келтіре кетеді: «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресінде» қаңлылардың бес иелігі жөнінде ешқандай дерек жоқ. Жаң Чиан батыс өңірге елші болып келгенде, бұл жөнінде ештеңе естіп білмеген. «Хан патшалығы тарихындағы» дерек бұдан әлдеқайда кейін жазылған. Бұған қарағанда, қаңлы елінің бес иелікке бөлінуі, кейінірек болған оқиға болуы мүмкін. Бұл бес иеліктің орны мен орталығының нақ қай жерде екенін анықтайтын жазба дерек жеткіліксіз. Сиратори: бұл бес иеліктің орталықтары Сырдариянық солтүстігі мен Қаратау аралығында деп ұйғарады». Осы айтылғандарды нақтылай түсер болсақ, кангюйдің немесе қаңлының Талас өзенінен батысқа қарай Шу, Сарысу өзендерінің төменгі ағыстарын ала орналасқанын, яғни олардың Жетісуға көрші аймақты қамтығанын аңғарамыз. Тегінде, айтылғандарды бір сөзбен қорытындылар болсақ, қаңлылар VIII ғ. Жетісуға жақын маңға орналасты деген қазақстандық зертеуші Ю.А.Зуевтің пікірінде шындық бар.

Біздің заманымызға дейінгі белгілі бір кезеңде Қаңлы елінің күшейгені шынында да тарихи ақиқат ретінде қабылдануы тиіс. Көшпелі мемлекетке жатқан қаңлылар жоғарыда атап көрсетілгендей, айтарлықтай үлкен аймақты иемденді. Оның үстіне қаңлылар мекендеген аймақтар көшпелілер өркениеті мен отырықшылық мәдениетінің қойындасқан, яғни шектескен аса маңызды аудандары еді. Мұның өзі қаңлы елінің рухани және экономикалық деңгейінің айтарлықтай жоғарылай түсуіне де ықпал етті деп ойлаймыз.

Ежелгі Қытай жылнамаларынан Қаңлы мемлекетінің астаналары туралы да нақтырақ мәліметтер алуға болады. Мысалы, «Хәннаманың» 96-бумасының 66 баянында Батыс өңір туралы берілген деректер арасында қаңлы туралы мынадай жолдарды оқимыз: «Қаңлы (қаңға немесе қаңғу) елінің ханы қыста Логатңұқта тұрады да, Бетен қаласына көшеді... Қаңлыда 120 мың түтін, 600 мың жан, соғысқа жарамды 120 мың адам бар... Әдет-ғұрпы Ұлы нүкістермен ұқсас. Бұл ел шығыс жағындағы ғұндардың шыжымында».

Бұл айтылған деректерден байқайтынымыз, қаңлы елінде екі үлкен елді мекен немесе астана болған. «Шыңжяң жергілікті тарихында» көрсетілуінше, қаңлы ханының жазғы қонысы Балқаш көлі мен Арал теңізінің аралығында болған». Назар аударар бір мәселе, кейінгі жылдары Қытай жылнамаларын қазақ тіліне аударған Шыңжаң ғылым академиясының ғалымдары қаңлылардың қысқы астанасы Логотңұқ қаласының атын «Алакөк» деп қайта аударды және қытай дерегі бұл астананың Сарбу өзені жағасында орналасқанын атап көрсетеді. Біздің ойымызша мұндағы Сарбу Сарысу өзені болса керек.

Әрине, қаңлыға бағынған оның бес иелігі де қаңлының орталығы бола алмайды. Жоғарыда келтірілген қытай деректерін қайталап оқысақ, бұған көзіміз жете түседі. Қытай деректерінде «Осы бес кіші ханның бәрі қаңлыға бағынады», – деп нақты атап көрсетілген. Мұнда назар аударатын тағы бір нәрсе, қаңлыға бағынатын хандардың ішінде, бесінші Оган хан (Үргеніш ханы) атап көрсетіледі. Бұдан шығатын қорытынды, Үргеніш қаласы қаңлыға бағынышты болған оңтүстіктегі ең шеткергі бесінші аймақтың орталығы болып табылады. Қаңлы мемлекетінің астанасын анықтауға байланысты кезінде Н.Мыңжан мынадай қорытындылар жасаған еді: «Кейінгі кездерде жүргізілген археологиялық зерттеулер жоғарыда келтірілген жазба деректердегі олқылықтарды заттық айғақтармен толықтырып отыр. Қазақстан археологі К.Ақышев бастаған археологиялық экспедициясының анықтауы бойынша, қаңлылардың I ғ. саяси орталығы – Отырар (Фарап). Яғни, Орхон ескерткіштеріндегі қаңғу-тарбан (С.Г. Кляшторный) болып есептеледі. Отырар қаласы тарихи деректерде «Тұрар банд», «Тарбан», «Тарбанд» деп аталып келген. Ал араб тіліндегі деректерде «Фараб» делінеді. Алғашында «Фараб» деп сол қала тұрған аймақ – Отырар көгалы аталып, одан соң осы аймақта қала Отырар да «Фараб» деп аталған екен. Алайда кейбір тарихшылар Қаңлы мемлекетінің саяси орталығын байырғы Отырар өңірінен іздестіру туралы бұл ұсынысты мақұлдай қоймайды. Осы пікірге ашықтан-ашық қарсылық білдірген Б.И. Вайнберг мұндай көзқарастың қытай деректеріндегі мәліметтермен де және ежелгі «Шахнамадағы» мәліметтермен де сәйкес келмейтіндігін, өйткені Отырар Испиджабтан солтүстікке қарай емес, батысқа қарай орналасқандығын, ал аталмыш «Шахнамада»

«Кангх» айдан айқын Испиджабтың солтүстігінде орналасқан деп көрсетілгенін айтқан еді. Мұның өзі Кангхты Отырар аймағында орналастырудың шындыққа сәйкес келмейтінін айқындап береді. Фирдоуси Кангхты қытай деректерінде көрсетілген ауданға орналастырады. Бұл арада көрсетілген «Испиджабтан солтүстікке қарай» деген мәліметтің Қаратау ауданына, Сауран қаласынан солтүстікке қарайғы және қытай дерегінде көрсетілген Сарысу өзені бойындағы өңірлерге сілтеме жасап тұрғанын байқау қиын емес.

Ежелгі қаңлылар кейінгі замандарда да тарих сахнасынан біржолата кете қойған жоқ. Олар өздерінің атақонысы болып есептелінетін Қаратау алқаптары мен Сырдариянын орта шенінен басталатын және Шаш (Ташкент) өлкесіне дейін созылатын үлкен алқаптарда осы аймақта әртүрлі қағанаттар бірін-бірі ауыстырып, жаугершілік соғыстар үздіксіз орын алып отырса да өздерінің тұрмыс-тіршіліктерін жалғастыра берді. Рас, қаңлылардың үлкен бөліктері басқа елдердің қысымымен атақоныстан қол үзіп, алыс аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Сондықтан да, қаңлылар түркі тілдес әртүрлі халықтардың (өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрік) құрамында кездесе береді.

Олар Сырдариянын төменгі бойындағы қыстау ларында қыстап шығып, ал жаз мезгілінде Арыс, Шу, Талас өзендерінің алқаптарына және Сарысу бойындағы шүйгін жайылымдарға көшіп баратын. Негізінен малшаруашылығымен, сонымен қатар егіншілікпен де айналысқан олар шаруашылығын өркендетті. Әрине, этникалық тұрғыдан олар өзгерістерге де ұшырады. Шығыстан ығысып көшіп келген оғыздармен, онан соң Сыр бойына дейінгі Ұлы Далаға орналасқан қыпшақтармен туыстық байланыстарды, қарым-қатынастарды нығайтты.

Олар VI – VIII ғғ. аралығында Батыс Түрік қағанатының қоластына қараса, кейініректе оғыздарға бағынып, онан соң қыпшақтармен араласып кетті. Сондықтан да қаңлылардың бір бөлігі «қаңлы-қыпшақ» атанды. XI ғасырда өмір сүрген атақты Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары – қаңлылар еді» деп көрсетілген. Мұның өзі қаңлылар мекендейтін аймаққа қыпшақтар келген соң да қаңлылардың мемлекет билігінде ықпалды саяси күш болып қала бергенін байқатады. Іле өңіріндегі Алмалық қаласында туып өскен әйгілі тарихшы Жамал Қарши өзінің шығармасында XII ғасырдың басынан XIII ғасырдың аяғына дейін қаңлылардың Жетісудағы ең мықты ұлыс болғандарын, олардың аталған аймақты Алмалық қаласында отырып билегенін, ал Жетісуға қарақытайлар шабуыл жасаған кезде қаңлылардың қарлық елімен бірігіп, сол кездегі елдің сәулетті астанасы – Баласағұн қаласын жаудан қорғағанын жазған болатын. Қаңлылардың Жетісудан Ертіске дейін үстемдік құрғанын белгілі ортағасырлық тарихшы Рашид әд-Дин де жазған болатын. Шыңғыс хан өзінің әскерімен Жетісуға келген кезде қаңлылар оған қарсылық көрсетпей оның әскеріне қосылған. Сондықтан да қаңлының бектері Шыңғыс ханның Жетісуды билеген баласы Шағатайдың ұлысында аса құрметті болған. Қазақ халқын қалыптастыруда қаңлылардың өзіндік орны бар. Кейінгі қазақ қаңлылары бұрынғы қаңлылардың атамекенінде отыр.

Күні бүгінге дейін қазақ халқында «Келелі елде қаңлы бар, қаңлыны хан көтер», «қаңлыдан өзге хан болмас» деген мақалдар сақталып қалған. Зерттеушілер дің пікірінше, қазақ құрамындағы

қаңлылардың тайпалық таңбасының көсеу таңба болуы олардың ерте замандағы бабаларының зороастризм дініне сеніп, Ай мен Күнге және отқа табынуына байланысты болса керек. Бұл тегінде отқа табынған ерте замандағы діни нанымнан туған түсінікті байқататындай. Қазақ шежірелік деректері қаңлыны үйсіндердің атасы болып табылатын Төбей бидің немересі Байтерек деген адамнан таратады. Мұның өзі бұл екі халықтың ежелден көрші-қоңсы болып, бірге көшіп жүргендерінен, бауырластықтарынан хабар береді.

Бұл ұлыстар қазақтың халық болып қалыптасуына негіз қалаған ежелгі халықтардың жұрнағы болып табылады. Көптеген жаугершілікке қарамастан ежелгі қаңлылардың ұрпақтары сандаған ғасырлар бойы «Қаңлы» атауын жоғалтпай бүгінгі күнге дейін жеткізді. Жер бетінен көптеген халықтар өздерінің атауларымен қоса жоғалып кетсе де, қаңлылардың дамуындағы тарихи сабақтастық сақталып қалды. Кейінгі қағанаттар мен хандықтар қаңлылардан көп нәрсе үйреніп, олардың мемлекет құру дәстүрлерін жалғастырды.

## Юэбан (Иобан) хандығы

Ежелгі қазақ жеріндегі мемлекет құру дәстүрі Юэбан мемлекетімен тығыз байланысты. Қытай елінің қысымына шыдамай, батысқа жылжуға мәжбүр болған солтүстік ғұндары Қытайдың армия генералы Душанның құмырсқадай қаптаған арбалы әскерінен аман қалу үшін Алтын таудан (Алтайдан) өтіп бұрынғы қаңлылар орналасқан Сырдария мен Аралдың айналасына барды. Олардың шаршап және әлсіреп көшке ілесе алмай қалғандары қазіргі Тарбағатай тауының етегінде ежелгі үйсіндерге қарайтын аймақта қалып қойды. Олардың саны 200 мың адамнан асып түсетін. Осыншама көп халық мыңдаған шақырымдық аймақты қамтып жатты. Мұның өзі ғұн тайпаларының үйсін тайпаларымен қойындасып, араласып кетуіне алып келді. Бұрыннан жақын туыстас бұл тайпалар бірін-бірі жатсына қойған жоқ. Ғұндардың Тарбағатай тауының айналасында көштен қалып кеткен осы ру-тайпалары үйсіндермен араласып, жаңа мемлекетті – Юэбань ұлысын құрды.

Бұл мемлекетті билейтін басты тұлға ғұндардың дәстүріне сәйкес *шаньюй* деп аталды. V ғасырда бұл мемлекет күшейіп өзіне көрші елдермен және Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынастарды орнықтырды. Ғалымдардың біраз бөлігі бұл мемлекеттің тұрғындарының түркі тілінде сөйлегенін атап көрсетеді. Қытайдың «Солтүстік патшалықтар тарихы, Батыс өңір шежіресі, Иобан тарауында» мынадай деректер бар: «Иобандар – өте таза болады, олар күнделікті үш уақыт тамақтың алды-артында қолдарын жуып, ауыздарын шаюды салтына сіңірген». Ғұндардың осы Юэбан мемлекетінде қалған бөлігі үйсіндердің

жаңа тайпалық бірлестігі- нің қалыптасуына ықпал етті. Түргештердің, қарлықтардың, қарақытайлардың билігін бастан өткізген осы жерлерде кейіннен қазақтың албан, суан тайпалары мекендей бастады. Яғни, географиялық және этникалық тұрғыдан алғанда, қазақ халқын кейіннен құраған кейбір тайпалар осы Юэбан мемлекетінде қоныстанған ғұндар мен жергілікті үйсін тайпаларының араласуынан келіп шықты. Мұны тарихшылардың тарихи зерттеулері де дәлелдейді. Ал, Юэбан мемлекетінде қалмай батысқа ауған ғұндардың бір бөлігі қаңлылармен араласып, онан әрі алан (сармат) еліне барып, осындағы тайпалармен араласып, 200 жылдай бірге өмір сүріп, бірте-бірте осы ұлыстарға сіңіп кетті. Ал, онан әрі батысқа жылжыған ғұндардың көшпелі бөлігі Еділ мен Днепр өзендерінің аралығына барып, осында өздерінің тайпалық бірлестіктерін орнықтырды. Алайда олардың бұл одағы V ғасырда ыдырады, сөйтіп ғұн қауымы бір бөлігі Еділдің төменгі жағына, тағы бір бөлігі Сырдариянын төменгі ағыстарына шашырай қоныстанып, оғыз, қыпшақ, қарлұқ бірлестіктеріне қосылып осылай аталып кетті. Ғұндар тағдырының бұлай аяқталуы көшпелі тұрмысқа байланысты болды. Таза көшпелі шаруашылықпен айналысқан ғұндар тәрізді тайпалардың бір орталыққа бағынған мемлекет құруы оңай емес. Ондай мемлекет оларда уақытша өмір сүреді. Негізінен мемлекетті отырықшы елдермен жақсы қарым-қатынаста болған қаңлы тәрізді тайпалар орнықтыра алады. Сондықтан да көшпелілердің тұрмысының, шаруашылығының отырықшы қалалық мәдениетпен тығыз байланыста болғаны дұрыс. Юэбан мемлекетінің де өмірінің ұзақ болмауы, жоғарыда айтылған себептермен байланысты.

## Көшпелі ғұндардың ұлысы


Халқымыздың ежелгі бабалары туралы айтқанда ғұндарды да ауызға аламыз. Ғұндардың ежелгі отаны – Орталық Азия өңірі болатын. Біздің заманымыздың II ғасырында өздерінен халқының сандары бірнеше ондаған есе көп Қытайдың қысымына төтеп бере алмай батысқа, қазіргі Ұлы даланың батыс аймағына қоныс аударуға мәжбүр болған олар осындағы жергілікті угор және сармат тайпаларымен араласып кетті. Көшпелі халық болған және дәстүрлі малшаруашылығымен айналысқан ғұндар Ұлы дала өңіріндегі көшпелілер өркениетінің қалыптасуына негіз жасады.

Зерттеушілер шығыста *хунну*, батыста *ғұн* деген атпен мәлім болған халықтың біртіндеп, V ғасырдан кейін тарих сахнасында кездеспейтінін, бұл атаудың кейінгі тарихта сақталмай қалғанын айтады. Шын мәнінде ғұндар Орталық Азиядан батысқа жылжыған соң олардың бір бөлігі II – IV ғасырларда Батыс Қазақстанда орнығып, осындағы жергілікті угорлармен және сарматтармен (аландар) араласып, халықтардың жаңа қауымдастығының шығуына негіз болды.

Кейінгі қазақтың алшын одағына кірген ру-тайпалардың біразының бастауы, осы ғұндармен байланысты. Сондай-ақ зерттеушілердің бір бөлігі кейінгі қазақты құраған арғын және қыпшақ тайпаларының арғы бабаларының ғұндармен байланыстылығын айтып жүр. Арғын тайпасының аты шынында да ғұн атауына жақын естіледі және ғұн елінің атын еске түсіреді. Бұдан ежелгі ғұндардың аты арғын тайпасын кейінгі арғын тайпасының атында сақталған деп қорытынды жасайтын ғалымдар да бар. Сонымен бірге зерттеушілер қыпшақ тайпасының

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

жауынгерлік ұраны «ойбас» сөзін ғұн батырының атымен байланыстырады. Осыған байланысты қыпшақ руларының біраз бөлігі ғұндардан тараған деген пікірлер бар.



Археологтер қазған қазба жұмыстары ғұн молаларында кездесетін оюлар мен кестелердің, әртүрлі дөңгелек, үшкіл пішіндес өрнектердің кейінгі қазақ құрамындағы рулардың сырмақтар мен тескеметтердегі ою-өрнектерін еске түсіреді. Мұның бәрі бір сөзбен айтқанда, ежелгі замандағы ғұндардың ежелгі қазақты құраған тайпалармен тығыз байланысты болғанын дәлелдей түседі. Олар о бастан-ақ қазақ халқына тарихи негіз болған үйсін, қаңлы т.б. тайпаларға билік жасап, олармен тығыз қарым-қатынаста болғаны белгілі. Сонымен бірге ғұндардың батысқа қоныс аударғанда үйсін, қаңлы, алан жерлеріне келіп, одан соң Шығыс Еуропаға қарай ауғаны тарихта дәлелденген. *Моңғолия жеріндегі археологтердің ғұн тайпаларына жүргізген қазба жұмыстары ғұндардың қолөнер мұраларының кейінгі қазақты құраған ру-тайпалардың ою-өрнектерімен ұқсастығын және тарихи сабақтастығын көрсетеді. Мұның өзі ғұндар батысқа жылжымай тұрып-ақ қазақтың негізін құраған арғы бабаларымен тығыз рухани қарым-қатынаста болғанын байқатады.* О бастан-ақ ғұндар өздерінен адам саны жағынан әлдеқайда басым және отырықшы мәдениетті өркендеткен қытайлықтарға қарсы күреске төтеп бере алмады. Дегенмен де, «Мәңгілік ел» болуға және мемлекет құруға деген құштарлық ғұндардың бүкіл саясатында көрініс берді, және осы идеядан қуат алған олар, бүкіл Еуроазия кеңістігін көктеп өтіп, Шығыс Еуропаны бағындырып, онда 434 – 453 жылдары өздерінің қаһарман көсемі Аттиланың(Еділдің) жетекшілігімен бір орталыққа бағынған мықты мемлекет құрды. Ғұндар өздерінің жауынгерлік ерлікке толы бүкіл тарихында о бастағы көсемі Мөденің және одан кейінгі басқа да қағандардың:

«жерсіз мемлекет болмайды, мемлекеттің негізі – жер» деген қағидасын ұстанып, сонымен рухтанып, туған жер үшін жан аямай күресті.

Дегенмен де ғұндар батысқа қоныс аударғанда қазіргі Қазақстан аймағында қалып, үйсін, алан ұлыстарымен тоғысып, араласып, оларға сіңісіп кетті. Олардың Орталық Азиядағы байырғы қоныстарын шығыстан келген манчжуртілдес сянбилер басып алып, осында өздерінің жаңа хандығын орнықтырды. Атақоныстан жылжымай қалған көптеген түркітілдестер енді осы хандыққа бағынуға мәжбүр болды. Ал V ғасырда Еділ мен Днепр аралығында ғұндардың одағы ыдырағаннан кейін олардың кейбір тайпалары кейін қайтып, қазіргі қазақ даласына келіп осында оғыздар, қыпшақ және қарлұқ тайпаларын құраған ру-тайпалар құрамына кірді. Мұның бәрі бір сөзбен айтқанда, ежелгі ғұндар кейіннен қалыптасқан қазақ халқын, этникалық тұрғыдан негіздеуге көп үлес қосты деген пікірді айтуға итермелейді.



## Сарматтар ұлысы

Алғаш *сармат*, кейіннен *аорс*, ал қытайлықтар *алан* атаған сармат одағы қазақ тарихынан маңызды орын алады. Өйткені, сарматтардың шығыс бөлігін мекендеген аймақ қазіргі Батыс Қазақстанның аймағы болып есептелінеді.

Сарматтардың кім екендігі олардың тілдік ерекшеліктеріне байланысты. Еуропаның және Ресейдің ғалымдары ұзақ жылдар бойы оларды иран тілдестерге жатқызып келсе, ғалымдардың үлкен бөлігі, оның ішінде қазақ ғалымдары да бар сарматтарды түркітілдестерге жатқызады. Шын мәнінде Қазақстанның батыс аймағындағы қазақты құраған ру-тайпалар сармат, алан, ғұн тайпаларының бірігуінің нәтижесінде және кейіннен оғыз-қыпшақ, қаңлы бірлестігінің ықпалымен алшын деп аталатын тайпалық одақты құрады. Ал, бұл тайпалық одақ Сырдариянының төменгі ағысы мен Арал теңізі атырабынан солтүстікке және батысқа қарайғы аймақтарда халықтардың жаңа этникалық бірлестіктерін қалыптастырды.

Ал, бұл, бірлестіктер кейінгі қазақ халқының негізделуіне шешуші ықпал жасады. Сондықтан да, сармат тарихы – қазақ тарихының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Ежелгі қытай жазбаларында аталған аймақта *аса* тайпасы бастаған мемлекеттік бірлестіктің өмір сүргені атап көрсетіледі. Бұл Аса мемлекеті деген атпен де белгілі. Кейіннен алан тайпасы күшейген кезде аталған екі тайпа бірігіп, *алан бірлестігі* деген одақ құрды. Бұл кезде аландар мемлекеті ретінде де белгілі. Тарихи деректерде бұл ұлыстардың ежелгі қаңлылардың батыс-солтүстігінде

2000 шақырым жерде төңірегінде жары жоқ, жайдақ теңіз жағасында тұратыны айтылады. Және, сонымен қатар ежелгі қытай жазбалары бұл ұлыстың халқының әдет-ғұрыптарының қаңлыларға ұқсас екендігіне назар аударады. Деректер осы Аса мемлекетінің батыста Рим мемлекетімен шектесетінін, бірақ өздерінің шығыс-оңтүстіктегі көршілері Қаңлы мемлекетіне тәуелді екені атап көрсетіледі. Кейіннен бұл ұлыс Қаңлы мемлекетіне бағынбайтын болды. Яғни, деректерде айтылғандай «жары жоқ, жайдақ теңіздің», яғни Арал теңізінің төңірегін мекендеген ежелгі аландар (асалар немесе сарматтар) қазіргі Қазақстанның батыс өңірін мекендеген.

*Қазақстанның батыс өңірін мекендеген тайпалық одақтарды, еуропалық тарихшылар, сарматтар деп атаса да, олар шығыс жазбаларында аса, алан, аорс деген атаулармен белгілі. Бұлардың мәні бәрі шын мәнінде бір халықтың аты болып табылады.* Деректерге қарағанда аландардың қарулы жасақтарының саны 100 000 адамнан асып түскен. Мұның өзі алан елінің біртіндеп күшейіп, кейіннен дербес елге айналғанын тағы да дәлелдей түседі. Қазақ тарихшылары, осы аландар мекендеген аймақта V ғасырдан кейін алшын, адай, кердері, жағалбайлы тәрізді кейінгі қазақты құраған тайпалық бірлестіктердің қалыптаса бастағанын айтып жүр. X ғасырда қазіргі Арал теңізінің Кердері теңізі, ал, Амудария өзенінің Кердері дариясы деп аталғаны да белгілі. IX ғасырдан соң қыпшақтармен бірге Алтайдан ауып, Арал және Каспий теңізі атырабына келіп қоныстанған көптеген түркітілдес тайпалар алшын тайпалық одағына қосылып, үлкен ұлысты Қыпшақ хандығын күшейтті.

## Арғы түріктердің шұғылалы арманы

Тарих тереңіне бойлай түссең, біздің халқымыздың ежелгі дәуірден-ақ тәуелсіздік үшін күрес рухына әбден суарылып, содан рухани бастау алғанын айқын аңғара түсесіз. Ғылымда *прототүріктер* делінетін, *арғы түріктер,* яғни біздердің байырғы бабаларымыз бұл мәселеде де біздерге үлгі бола алар еді. Әсіресе бүкіл Орталық Азиядағы түркітілдес халықтарды бірнеше ғасыр бойы біріктіріп келген хұндардың суперэтностық бірлестігінің біздің заманымыздың II – III ғасырларда күйреуі көктеп өсіп, қалыптасып келе жаткан түркілердің этно-саяси қауымдастығы үшін үлкен соққы болды. Ұзақ уақыт оңтүстіктегі қытайтілдес және шығыстағы тұңғыс-манчжур тілдес тайпалық бірлестіктермен тәуелсіздік жолында жан алысып, жан берісіп, аянбай шайкасқан хұндарды жаулары, дәлірек айтар болсақ, қытайлық әулеттер әртүрлі айла-амалдармен алғаш екіге бөліп бөлшектеп, ақырында оңтүстік хұндарын өздеріне қаратып алып, оларды бауырларына, солтүстік хұндарына қарсы айдап салды. Бұл аз болғандай, қытайлықтардың мұндай арандатуларына, әсіресе, Сәнби бірлестігіне кіретін тұңғыс-манчжуртілдес тайпалар қатты ілесті. Қысымның жойқындығы сондай, б.з. алғашқы ғасырларында-ақ, бүгінгі Моңғолия аймағын жайлаған Солтүстік хұндары батысқа, қазіргі Қазақстан аймағына қарай көптеп ойыса бастады.

Туған жерді қимай, көшпей қалған 200 мыңдай хұнның үстіне шығыстан 300 мыңдай манчжур, яғни көне моңғол тілінде сөйлейтін тайпалар келіп орныкты. Осылайша, еркіндік сүйгіш ежелгі түркілер мекені болған Моңғол үстіртінде әртүрлі этностардың тайпалық бірлестіктері қойындаса, тығыз қоныстана

бастады. Мұның өзі ежелгі түркілердің бабаларын өздерін-өздері қорғау инстинкті негізінде көптеген жаңа тайпалық бірлестіктер құруға итермеледі. Арман болған арайлы тәуелсіздікке енді ең болмаса тайпалық, немесе тайпалық бірлестіктер негізінде қол жеткізуге болады деген шұғылалы үміт байырғы бабаларымызбен әрқашанда бірге жүрді. Ежелгі қазақ даласын көктеп өткен хұндар шын мәнінде осы, ұлан-ғайыр Еуразия аймағында көптеген түркітілдес халықтарға (оның ішінде қазақтың түп-тұқияндағы бабалары да бар) бастау болатын жаңа қауымдастықтардың ірге тасын қалауға үлкен үлес қосты.

Дегенмен де, батысқа өздерінің беделді рулық-тайпалық көсемдеріне жан-тәнімен берілгендер ғана бірге кетті. Негізгі түркітілдес қауым қалың қаймағы бұзылмай, кіндік қаны тамған өз отанында қалып, тәуелсіздік жолындағы жойқын күресті жалғастыра берді. Негізгі қарсыластары – қытайлықтар енді бұларды алғаш *Теле* деп атаса, кейінірек *Тиектер* немесе *Телектер* деп те атайтын болды. Осы атау шығыстағы манчжуртілдес тайпалар өлкесімен табиғи шекара болып есептелетін Үлкен Хинган жоталарыннан батысқа қарай, Каспий теңізіне дейінгі ұлан-ғайыр аймақты мекендеген түркітілдестерге түгелдей таңылды. Зерттеушілер бұл тайпалардың ірілерінің сандарын 15-ке жеткізіп жүр. Алайда тайпалық мүдде үстемдік алған Телелер бір орталыққа бағынған біртұтас мемлекет құра алмады. Саяси жағынан ауызбірлігі болмаса да, осы түркітілдес ортада болашақ қыпшақтардың, оғыздардың, ұйғырлардың этносы біртіндеп бой көтеріп, қалыптаса бастады.

Дегенмен де бұл аймақ хұндардың мемлекеті күшейіп тұрған тұста, яғни б.з.д. III ғасырдан б.з. III ғасырына дейін өзара текетірес өмір кешкен бостандық

сүйгіш түркітілдес мемлекеттер өлкесі ретінде Қытай тарапынан мойындалған еді. Бүкіл Жетісуды, алғаш шығыс Тәңіртаудан (Тянь-Шанда) Дахотаға дейінгі ұлан-ғайыр аймақта билік жасаған, кейіннен Іле бойына ойысқан Үйсіндер мемлекеті жайлап жатса, Сырдариянын орта ағысынан солтүстіктегі Ұлытау аймағына дейінгі кең даланы қуатты Қаңлы мемлекеті бағындырып алған еді. Солтүстік хұндары батысқа қарай жылжығанда, осы мемлекеттер кеңістігі арқылы көктей өтіп, олардың іргесін шайқалтып кетті. Тіптен хұндардан жолай-жолшыбай шашырап қалған рулар мен тайпалар жаңадан Йұрпан (Юеэбань) атты мемлекеттің негізін қалап, байырғы түркі мемлекеттерін бұрынғы саяси жүйеден алыстата түсті.


Ежелгі мемлекеттердегі тайпалық одақтардың іштен ірулері басталды. Шығыстағы тұңғыс-манчжурларымен, оңтүстік-шығыста қытайлық әулеттермен және оңтүстікте ортаазиялық парсытілдес соғдылардың бабаларымен жер үшін, ел үшін алыса жүріп арғы түркілер сыртқы жау аз болғандай, енді өзара, ішкі саяси билікті бөлісе алмай, жанжалдасумен болды. Бұл шырғалаң екі ғасырға жуық уақытты (III ғасырдың ортасынан V ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі мерзімді) алды.

Арғы бабаларымыз осындай ішкі бақталастық еңсерген саяси тартыста тәуелсіздігінен мүлде айырылып, басқаларға жем болып кетер ме еді, егер де тарих сахнасына **Түркілер** деп аталатын қуатты да әлуетті бірлестік белсеніп шықпаса және бытырап жүрген Теле тайпалық одақтарын кейде күшпен, кейде басалқалы ақылмен, көңілге қонымды үгіт-насихатпен жаңа этно-саяси арнаға бағыттап, олардың «бір қазанға сыймай жүрген» басын түйістірмесе. Осындайда жаратқанның әділдігіне еріксіз бас иесің. Жауларына аса

жауынгер, ержүрек тайпалар ретінде мәлім бола тұрса да, дархан даланың кеңдігін, қайырымды да мейірімді пейілін бойларына сіңірген, және азаттықты әрқашан ту етіп көтерген, бөрілі байрақты көшпелілер тағы да толық тәуелсіздікке жеткізетін этно-саяси үрдістер ықпалына түсті. Бұл күллі түркітілдестердің басын біріктіретін, және олардың бүкіл Еуроазия аймағын тітіренткен және дүр сілкіндірген қуатты держава-сын – біртұтас **Түрік қағанатын** өмірге әкелетін ұлы жолдың берік бастауы еді.



# ҰЛЫ ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ



*Бұмын қаған*

Бүгінгі шаңырағы еңселі Тәуелсіз Қазақстанның тереңде жатқан этно-саяси тарихына бойлай бастасаңыз, ел болып еңсе көтеруімізде және қазіргі ұлан-ғайыр аймаққа біржолата қожалық жасауымызға Түркілер қауымдастығы құрған Ұлы Түркі қағанатының берік бастау, мызғымас ірге болғанын ұғына бастайсыз. Әсіресе 552 – 630 жылдар аралығында бұл мемлекет тарихи ұлы держава деңгейіне көтеріліп, төңірегіндегі төрткүл дүниеге өзінің еркін күшпен таңды, «бастыны иіріп, тізеліні бүктірді». Әрине түркі атанған халық және оның алғашқы қағанаты аяқастынан пайда болған жоқ. «түрік» этнонимі тарих сахнасына VI ғасыр ортасында шыққа да, түркітілдес халықтың қалыптасуы біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардан бастау алатын, ұзақта аса күрделі үдеріс. Орхон жазуларындағы жылнаманы оқыған жұрт «түрік» атауы «мықты», «күшті» деген мағынаны білдіреді деп түсінеді. Шындығында бұл Тиграхауда сақтарының атымен байланысты «шошақ бөріктілер» немесе «дулығалылар» дегенді аңғартады. Кезінде Іле өзенінен терістік шығысқа қарайғы

аймақта сақтардың хұндармен қойындасып жатқан өлкесінде осы түріктердің алғашқы мемлекетін ұйыстырушы Нағыт Түріктің 10 әйелінен тараған Ашына (Ашина) әулеті елге танымал бола бастады. Қытайдың ежелгі жылнамасы бұл туралы былай дейді: осы әулет басқарған қауым «өсіп-өрбіп бірнеше жүз отбасы болды. Бірнеше ұрпақтан кейін олар бірінен соң бірі үңгірден шығып нөнелерге (жужандарға –Т.О.) бағынды. Алтынтаудың (Алтайдың –Т.О.) күнгейін мекен етіп, нөнелерге темірші болды. Алтынтаудың пішіні дулығаға келіңкірейді. Олар дулығаны өз тілдерінде «түрік» дейді. Осылайша бұл сөз олардың халық аты болып қалды».

Қытай ежелгі жылнамасы түріктер қайдан шықты деген сауалға да жауап беруге тырысады. «Түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сақ елінен шықты, – дегенді оқимыз одан, – олардың ұлыс абасы Абам бек деп аталады». Иә, азаттық сүйгіш арғы бабалардан бізге белгілісі де – осы Абам бек. Одан жоғарыда аталған Нағыт Түрік шад, одан Ашына, одан Ақын шад. Міне байырғы шежіре бастауы осылай.



*Істемі қаған*

Сондай-ақ, қытай деректері түріктердің алғашқы көсемдері қатарында Апанбо, Еженшидо, Нар тілек шад, Ежен шад, Тай ябғу деген тарихи тұлғаларды атап кетеді. Олардың түркілердің басын қосып, оларды азат елге айналдыруға сіңірген еңбегі әрине айтарлықтай. Алайда тарихи мәліметтердің жұтаңдығы бұл мәселені баяндауымызға қолбайлау болып отыр. Күлтегін жазуында түріктерді билеушілер Ашына әулетінен шыққан ***Бұмын (Тұмын), Істемі қағандардан*** басталады. Өйткені бұлар алғашқы Түрік қағанатының негізін қалаушылар. Дегенмен де айтпауға болмайтын, елдің бәріне белгілі тағы бір мәселе – аңыз бойынша түріктердің арғы тегі көк бөрі, яғни қасқыр болып есептеледі. Тарихи дерекке сүйенсек, түріктерге «түрік» атауын олардың жаулары жужандар (нөнелер) берген. Олар Үйсіндер аймағынан қашып келгендерді ту-кю, яғни түркіттер деп атады. Қалай десек те мұның өзі қашқындардың о баста пішіні дулығаға ұқсайтын Алтай тауын паналауына байланысты болса керек.



*Мұқан қаған*

О бастан азаттық үшін күресіп дағдыланған түркілер кезінде бабалары хұндарды жаулаған өзге, манчжур тілінде сөйлейтін ежелгі сәнбилер ұрпағы, ата жаулары нөнелердің (жужандардың) тепкісіне көп төзе алған жоқ. 545 жылы түркілер орталарынан Ашына Бұмынды хан көтеріп, алғаш оны дипломатиялық жолмен қытайлықтарға мойындатты.

Онан соң олар өздеріне бауырлас 50 мың үйден тұратын түркі тілді Телелерді қосып алды. Дегенмен де нөнелерге (жужандар) тәуелділіктен құтылмай, азаттыққа қол жеткізу мүмкін емес екенін жақсы түсінген түркілер, ақырында, 552 жылы жужандарды талқандады. Бұл қорлыққа шыдамаған олардың патшасы Анағай өзін-өзі өлтірді.

Осылайша қантөгіспен жеңіп алған тәуелсіздікті тек батыстағы түркітілдестерді бөрілі байрақ астына біріктіргенде ғана мүмкін болатынын жақсы түсінген көк түріктер 555 жылы Орта Азияда үстемдік жасаған эфталиттерді, ал 558 жылдарға қарай алғаш Батыс Сібірді, онан соң Огорлар жайлаған Оңтүстік Оралды бағындырып, Еділ бойына билік орната бастады.



*Таспар қаған*

554 жылы Ашына Бұмынның ұлы ***Мұқан қаған*** оңтүстіктегі парсылармен келісім жасап, Темір қақпаны шекара етіп белгіледі. Қырғыз, Қидан, Татабы тәрізді әртүрлі тілдерде сөйлейтін елдердің бәрі енді, көк түріктердің қоластына қарады. 579 жылы қайтыс болған ағасы Мұқан қағанның орнына таққа отырған ***Таспар қаған*** Түрік елін басты қарсыласы қытаймен терезесі тең ұлы мемлекетке айналдырды. Осылайша тәуелсіз елге айналған түркілердің арайлы арманы орындалды.

Бұл тарихты кейініректегі Білге қағанның басындағы кешендегі жылнама былай баяндайды: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаратылғанда, екі арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне атабабам Бұмын қаған, Істемі қаған таққа отырды. [Таққа] отырып түрік халқын, елін (мемлекетін), төрін орнатты, қалыптастырды. Төрт тараптағылар қарсы жау болды.

Қол аттандырып, төрт тараптағы халықты бағындырды. Бағындырып бейбіт қылды. Басы барды жүгіндірді, тізеліні бүктірді. Ілгері Қадырхан жынысына дейін, кері Темір қақпаға дейін иеленіп, қоныстандырды. [Кезінде] екі аралықта иеліксіз жүрген көк түріктер осылай отырар еді.

Білікті қағандар болған, айбынды қағандар болған. Бұйрықтары (қолбасшылары) да білікті болған, айбынды болған. Бектері де халқы да түзу болған екен. Содан елдік құрып, тұтқа болды. Ел болып, төрін орнатты». Иә, алғашқы Түркі қағанаты шындығында да түркітілдестердің тәуелсіздік рухын ту етіп көтерген аса қуатты мемлекеті болды. Ол өзінің сипаты жағынан әскери империя еді. Елді кім көрінген билей алмайтын. Бұл үшін басты әлеуметтік шарт – қаған болатын тарихи тұлға, ең алдымен, Ашына әулетінен шығуы тиіс еді. Ашынадан шыққан қағандар мен

олардың бауырлары «тегіндер» мемлекеттің әскери ұйымын басқарды.

Ең бастысы – халықтың рухани дүниетанымы мен мемлекеттік идеология да бір арнаға тоғысып жатты. Елдің бәрі, тіптен тұңғыс-манчжур тілінде сөйлейтіндер де, бұл тұста Тәңіріге табынды. Көк түріктер тәрізді көшпелі тұрмыс кешкен бұлар, өздерінің тілдерімен қатар түрік тілін де жақсы меңгергендіктен, Түркілер мемлекетін құру идеясына табанды қарсылық көрсете қойған жоқ, және түсіністікпен қарады. Дін мен тілдің рухани жақындығы Түрік қағанатындағы әртүрлі халықтарды ортақ мақсатқа жұмылдырды. Оның үстіне мемлекетті басқарған алғашқы қағандар жергілікті халықпен және олардың өкілдері бектермен тығыз байланыста болып, халыққа аса жақын болды. Осының бәрі бұрынғы бабаларға ғасырлар бойы шұғылалы арман болған тәуелсіздікке қол жеткізген басты факторлар еді.



# Шығыс түріктерінің тәуелсіздік үшін күресі



*Тардуш қаған*

Кеңестік жүйе тұсында ортағасырлардағы Шығыс түрік қағанатының тарихы Қазақстанға қатысы жоқ, басқа елдердің тарихы ретінде қарастырылып келді. Шын мәнінде бұл этно-саяси факторларды ескерместен, тарихты біржақты, тек территориялық тұрғыдан ғана қарастыру еді. Ақиқатына келсек, қазақ деген халықтың бабаларының біразы, дәлірек айтар болсақ, жалайырлардың, наймандардың, алшындардың, арғындардың, меркіттердің, қоңыраттардың, уақтардың, керейлердің және т.б. кейінгі қазақты құраған қуатты тайпалық одақтардың этникалық түп-тамыры дәл осы шығыс түркілерінен бастау алады. Олардың ата-бабаларының алғашқы мекендері де осы аймақта орналасқан еді. Әлі күнге дейін тарих оқулықтарына кірмей қалған осы дөрекі қателікті биылғы тәуелсіздік жылында түзетуге толық мүмкіндік туып отыр.



*Суарішік қаған*
*(Шибирхан)*

Өткендегі әңгімемізде тәуелсіздік үшін күрескен түркілердің 10 Телес тайпаларының 603 жылы ***Тардуш қағанға*** (Л.Гумилев оны Қарачұрынмен шатастырады) қарсы көтеріліс жасап, оны елден қуып жіберуінің кесірінен біртұтас Түркі қағанатының екіге: Шығыс түркі қағанатына және Батыс түркі қағанатына бөлініп кеткенін айтқан едік. Тардуштың екі қағанатты қайта біріктірмек болған әрекетінен түк шықпады. Енді Шығыс түркілерінің ханы бұрынғы Ешбара қағанның ұлы Замған (Л.Гумилевте – Жаңғар) болса, Батыс түркілерінің ханы Таман болды. Замған о бастан-ақ қытайшыл болып, тіптен киімді де қытай үлгісімен киюге қатты құлшынды. Алайда қытайлықтар қолдау білдірген оның өмірі қысқа болып, 608 жылы дүниеден қайтты. Оның орнына таққа ***Суарішік қаған*** (Л.Гумилев оны Шибирхан деп атайды) деген атпен таққа отырды. Қытайдың Суй әулеті өзіне берілген Замғанның өліміне қатты қайғырып, оны үш күн бойы аза тұтты.

Суар қаған да ата-баба салтынан айнымай, қытайдан әйел алды. Алайда ол әкесінің қателіктерінен арылып, қытайлықтардың ықпалына ілеспей, өзіндік тәуелсіз саясат жүргізуге тырысты. Оның отаншыл сезімінің орныктылығын аңғарған және соғыстан шаршаған Батыс түркілерінің көптеген тайпалары оның қоластына өз еріктерімен қарай бастады. Түркілердің басын қоса білген ол, ортақ жауларға қарсы біріккен жортуылдар ұйымдастырды. Шығыс түрік қағанатының аумағын кеңейту жолында аттан түспей қажымай еңбектеніп, Шығыста қидандарға (кейіннен қарақытай атанғандарға), Шибей татарларына (моңгол тілдестерге), және оңтүстіктегі қытайтілдестерге ер жастанып, түн қатып, оқтын-оқтын жойқын жорықтарға аттанумен болды. Оның мұндай белсенділігінен қаймыға бастаған қытайдың Суй патшалығы тағы да арандату жолына түсіп, оған қарсы туған інісі Түркіт шадты айдап салуға әрекеттенді. Алайда ол адалдықтың ала жібінен аттамай, қытайлықтардың зымиян жоспарынан ағасын дер кезінде хабардар етіп үлгерді. Жайсыз ақпараттан қатты ашынған Суар қаған 615 жылы 100 мың салт аттыдан тұратын түріктің жер қайысқан қалың қолымен Яньмин (Яймынь) аймағына басып кіріп, қаланы қоршауға алады. Алайда қытай әйелінің арбауына түсіп, тіліне ілескен ол, табысты шабуылды ақырына жеткізбей, кейін шегініп кетті. Бұған таңдануға бола қоймас. Қытай патшасының ет-жақындарынан әйел алуға құмарту және сол әйелдерінің айтқандарына көніп, халық мүддесін екінші қатарға ысыру – көптеген түркі қағандарының басынан өткен қасірет. Құдалықты мыңжылдық туыстыққа балаған бабаларымыз, бұл мәселеде ата жау болудан айнымаған қытай патшаларының ұстанымы мен дәстүр-салтының мүлде басқа екендігін ескере бермеді. Дегенмен де Шығыс түркі-

лерінің күш-қуатының артуы – қытайлықтардың өздерінің арасына іріткі салды. Олардың билеуші Суй әулетіне наразы көптеген әкімдері Суар қағанның жағына шыға бастады. Түркілер жеріне халқымен қоса қотарыла көшіп барумен шектелмей, өздерінің қандас Суй әулетіне қарсы түркілердің бөрілі байрағын желбірете көтеріп, қанды жорыққа аттанған, тіптен жаңа қожаларына адалдықтарын дәлелдеу үшін, есімдерін түркіше өзгерткен қытай билеушілері де болды. Мұндай қытайлар ақырында Суар қаған бастаған түркілердің күшіне қосылып, 618 жылы ел астанасы Чанаңға баса-көктеп кіріп, қытайды билеуші Суй әулетін тақтан тайдырды. Енді қытайдағы билікке Таң әулеті келді. Ал байырғы Қытай елі осыған сәйкес Таң патшалығы деп жаңаша аталатын болды. Жаңа әулеттің таққа келуіне байланысты Шығыс түркілері аймағына қашып барып паналаған көптеген қытайлықтар елдеріне қайта оралды. О баста, Таң әулеті өзіне жақсылық жасаған Суар қағанды қолдап шықса да, онымен ұзақ уақыт ымыраға келу мүмкін еместігін түсініп, көп кешікпей-ақ одан іргесін аулақ сала бастады.



*Багашұр шад ілік қаған (Ел қаған)*

619 жылы Ордоска шабуыл жасаған Суар қаған қайтыс болды. Оның орнына інісі Ілікбек шад (Қара қаған, оны Л.Гумилев Чуло-хан деп атайды) таққа отырса да, ол 18 ай ғана ел басқарды. 620 жылы ағасының орнына тақты жоғарыда айтылған Замған қағанның үшінші ұлы Бағашұр шад ***Ілік қаған*** (Л.Гумилевте – Кат Иль-хан, ал С.Кляшторныйда – Ел қаған) деген атпен иемденіп, түркілерді қытайға мүлде тәуелсіз елге айналдыруды берік қолға алды. Бұған оның бұрынғы Суй әулетінен шыққан, сондықтан да жаңа Тан әулетіне жау – қытай әйелі де айтарлықтай үлес қосты. Ол күйеуін Суйліктердің жауы болып табылатын Таңдықтарға қарсы арандатып бақты. 626 жылға дейін Ілік қаған қытайдың көптеген аймақтарына қарсы бірнеше жойқын жорықтар ұйымдастырды. Ол Лянчжоуға, Дайчжоуға, Юаньчжоуға, Солтүстік Шығыстағы қытай аймақтарына жортуылдар жасап, оларды аяусыз тонады. Тарихшылар Ілік қағанның қолбасыларының ол елді билеген жылдары қытай аймағына 67 рет қалың қолмен аттанғанын айтып жүр. Қауіптің күштілігі сондай, қытайлықтар астаналарын оңтүстікке көшіру жағын ойластыра бастады. Ілік қағанның қытайға жасаған жорықтарына қатысқан қуатты қалың қолдың ұзын саны 100 және 150 мыңның төңірегіне жетіп жығылды.

Бірақ тоғыз жылға созылған үздіксіз жорықтар көшпелі түріктердің сыртқы саясаттағы тәуелсіздіктерін орнықтырумен қатар, олардың өздерін де этно-психологиялық тұрғыдан қатты қажытып жіберді. Рулық-тайпалық құрылымға негізделген Шығыс түркі қағанаты сандаған ғасырлар бойы қалыптасқан отырықшы өркениет арнасында қалыптасқан Тан патшалығын біржолата күйретуге бәрібір қабілетсіз болып шықты. Сан мыңдаған атты әскер жасағын үздіксіз

жабдықтау ауыртпалығына көшпелі қоғамда жиі болып тұратын жұт пен ашаршылық апаты қосымша болды. Әсіресе 627 – 629 жылдары орын алған жойқын жұт пен ашаршылық түріктердің негізгі байлығы – мал шаруашылығын ауыр күйзеліске душар етті. Жергілікті ру-тайпа басыларына Ілік қағанның ел басқару ісіне қытайлықтар мен соғдылықтарды араластыруы да ұнамады. Дегенмен де барлық мақсаттан елдің тәуелсіздігін жоғары қоятын және осы игі мақсатқа халықты ұйымдастыра алатын және ең басты қауіптің қытайдан төніп тұрғанын жақсы түсінген Ілік қаған тәрізді тарихи тұлғалардың түркі дүниесі тарихында жиі кездесе бермейтіні де ақиқат еді. Алайда түркілер мұндай маңызды мәселеге терең бойлай алмады және осындайда өздерінің орталарынан шыққан Ілік тәрізді мықты қағанның төңірегіне топтаса түсудің орнына, оның харизматикалық тұлға ретіндегі қадір-қасиетін орынды бағалай алмай, танауларының астындағыдан арғыны көрмейтін, ру-тайпа көсемдерінің соңына ілесіп шатасты және осының салдарынан қытайлықтардың іштен іріту саясатының құрбаны болды.

626 жылдан бастап түркітілдес Тоғыз телес (Тоғыз оғыздар) Ілік қағанға қарсы көтерілісті бастаса, екі жылдан соң оларға сір-ендалар (қыпшақтардың бабалары), ұйғырлар, байырқулар (наймандар мен керейлердің бабалары), кидандар (қарақытайлар) қосылды. Ілік қаған оларға қарсы неше рет жорық жасап, көтерілістерді басуға аянбай күш жұмсаса да, бұл әрекеттер сәтсіз аяқталды. Өйткені көтерілісшілерді қытайдың Таң патшалығы үздіксіз қолдап, көтерілісшілерді басқарған Инанға өздерінің елшісі арқылы қаған атағын берді, және осындай құйтырқылықпен оны Ілік қағанға қарсы қойды. Таң патшалығы мұнымен қатар Ілік қағанға қарсы оның ағасынан туған, қаға-

наттың шығыс аймақтарын басқарып келген және бас қаған болуды армандап жүрген Төліс ханды арандатты. Осыдан соң қағанаттың шығыс аймақтары, көптеген түркітілдестер мен қатар манчжұр-тұңғыс тілінде сөйлейтін қидан, татабы тәрізді Ілікке о бастан наразы тайпалар қытайға барып қосылды. Деректер осы тұста 100 мыңға тарта Шығыс Түрік қағанаты тұрғындарының Ілік қағаннан бөлініп, қытай билігін мойындап кеткендерін айтады.

Жағдайды Ілік қағанның Оянлин тауындағы (Шаньсидағы) шайқаста жеңілуі біржолата шешті. Осында төңірегіндегі ханзадалар сатқындық жасаған ол, шегіне қашқанда, аңдаусызда қолға түсіп, Таң патшалығының астанасы Чаньанға жеткізілді. Алайда қытайлықтар оны қатал жазалау – түріктермен қарым-қатынастарды шиленістіре түсетінін түсінді. Сондықтан да оған қытай императоры қытайдың жартысын күйзелткен қасіретті жорықтарына қарамастан кешірім жасап, аң аулайтын қорық беріп, жақындарын түгел өзіне қайтарып, еркіншілік берді. Бұл да – түркі билеушілерін өздерінің жағына тартуды көздеген қытайдың үлкен саясаты еді.

Алайда жат жердегі өзінің бейшара халіне Ілік қаған көндіге алмады. Ылғи да оңаша қалып, туған жердің мұңлы да, зарлы әуендеріне күйзеле бой алдырған ол, ауыр қайғыға берілді. Ақыры ешкімге керексіз болған, бір кездері есімінің өзі ғана бүкіл қытай әлемін тітіренткен қаһарлы қаған көз жасын көл етіп, жат жерде ащы құсадан өлді. Қайсар тұлғадан айрылған түркі халқы да қаңғырып қалды. Олардың біразы қытайды мойындаса, ал оған бағынғылары келмегендер Батыс Түрік қағанатына жөңкіле көшті. Айналасын айбарымен тұншықтырған қуатты Шығыс Түрік қағанаты осылайша тәуелсіздіктен айрылып, бодан елге айналды.

ЖУЖАН ҚАҒАНАТЫ
(IV-VI гг.)
Байқал көлі
Дуболар
Енисей
Ангара
Ертіс
Зайсан көлі
Селенга
Татәбылар
Шибэйлер
Онон
Аргун
Керулен
Алтай жотасы
Теңелердің тайпалары
Алтай түркілері (Дулығалар)
Харсайрылар
Тянь - Шань
Гоби шөлі
(Дешті құм)
Ұлы Хинган жотасы
Кидандар
Кумосилар
Хуанхэ
Батыс Вэй мемлекеті
Бохай шығанағы
Когурелер
Сары теңіз
Жужан қағанатының шекарасы

## Шығыс түркілерінің екінші қағанаты

Қытайлықтардың ықпалына амалсыз түскен түркілер діні де, тілі де бөлек елден қалай да іргені аулақ салып, тәуелсіздікке қол жеткізуді жатса да тұрса да армандаудан бір танбады. Бұл үшін Таң патшасының көзін жою қажет еді. Осыны басты мақсатқа айналдырған Шығыс түркілері 639 жылы Төліс қағанның туыстарының ұйымдастыруымен, қытайдың патша сарайы төңірегіндегілермен байланыстар жасап, Таң Тайцзунға қарсы қастандық ұйымдастыруды қолға алды. Алайда, бұл әрекет патша сарайына белгілі болып қалып, Таң Тайцзун – Хуанхэ өзенінің оңтүстігінде орналасқан түркі тайпаларынан шындап қауіптеніп, оларды өзеннің арғы бетіндегі түркілердің ежелгі мекеніне қайта көшіріп орналастыруды шұғыл түрде қолға алды. Ұлы шөлдің оңтүстігіне көшірілген бұл түркі тайпалары шын мәнінде қытайдың тұтқыны, және үздіксіз бақылауында еді. Олардың көтеріліске шығып, астанаға жорық жасау қаупінен біржолата арылу үшін Таң Тайцзун осы түріктерге билеуші қаған етіп, өзінің ықпалындағы Ашина Сымауды (Л.Гумилевте - Ашина Сымо) қаған етіп бекітті. Енді қытай патшасы түркілердің қуатты атты әскер жасақтарын өздерінің жаулары Батыс түріктеріне, Кореяға, Тибетке, Күсанға қарсы пайдалануға толық мүмкіндік алды. Алайда қытай ықпалына түскен түркілер олардың озбыр саясатының мәнін, өздерінің ешқашанда қытайлық бола алмайтындарын көп кешікпей-ақ түсіне бастады. Бұл тәуелсіздік үшін ашық күреске шығуға алып келді.

679 жылы Асадыр Вэнфу мен Асадыр Фэнчжи басқаратын 24 түркі тайпалары бірігіп, орталарынан Ашына Нүзік бекті (Л.Гумилевте –Ашина Нишу бек)

қаған көтерді. Ол түркілерге әйгілі Төліс қағанның ұлы болатын. Түркі тайпаларын тәуелсіздік үшін күреске дұрыс ұйымдастыра білген ол, қидан, татабы тәрізді тұңғыс-манчжур тілінде сөйлейтін, жалпы алғанда қытайға қарсы тайпалық бірлестіктерді де өзінің жағына шығарып алып, қытайдың бірқатар аудандарына басып кіріп, оларды аяусыз тонады. Алғашқы кезде оларды жазалауға жіберілген қытай әскері түріктерден күйрей жеңіліп, 10 мыңға тартасы өлді және тұтқынға түсті. Тәуелсіздік үшін жаппай күреске көтерілген түріктерден құтылмай болмасын жақсы түсінген Таң патшасы келесі жылы түріктерден үш есе көп, яғни 300 мыңнан астам қол жинап, түрік жасағын Қаратауда (Хэйшань тауында) күйрете жеңді. Бір өкініштісі, Ашына Нүзік бек қаған осындай қиын сәтте опасыздық жасап, қытайдың жағына шығып кеткен қандастарының қолынан қаза тапты. Оның басын кесіп алған саткындар Таң патшасына тапсырды.

Алайда қайсар түріктер күресті жалғастыра берді. Олар Сары өзенді көктеп өтіп, ханзада Ашына Инанды (Л.Гумилевта-Фунянь) қаған жариялады. Ол күші әлдеқайда басым қытай әскерлерін қара үздіріп кету үшін солтүстікке шегінді. Бірақ, солтүстікте ата жауға айналған ұйғырлар түріктерге қылышын қайрап отырған болатын. Оның үстіне қағанның әйелі мен балалары да аңдаусызда жау қолына тұтқын болды. Тұйыққа тірелген және әскері әбден қалжыраған Ашына Инан амалсыздан қытаймен келіссөз жүргізіп, олардың өзіне және серіктеріне тимейміз деген тұрлаусыз уәделеріне сеніп, жауға берілді. Таң патшасы өзінің сөзінде тұрмады. Астана Чананьның Шығыс алаңында қытай жендеттері түріктердің қағанының және оның адал серіктерінің, барлығы 54 адамның бастарын балтамен

шапты. Таң патшалығының тұрақты әскері көтеріліс-ші түріктердің қалдықтарын қанға бояп тұншықтырды. Түркітілдес халықтар ортақ жауға қарсы бірігіп күресудің орнына өзара алауыз болып осылайша басқаға жем болды.



*Тоныкөк дана* *Елтеріс Құтлығ қаған*

***Тұй-ұқұқ (Тоныкөк)*** мәтінінде бұл мәселе былай баяндалады: «Түрік халқының қағаны жоқ еді. Табғачтан бөлініп, қағанды болды. Қағанынан айрылып, Табғачқа және бағынды. Тәңірі былай деген-ді: қаған бердім. Қағанды жойып, [басқаға] бағындың. Бағынғандығың үшін Тәңірі сені өлімші етті. Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды». Дегенмен де тәуелсіз мемлекет құру дәстүрі саналарында берік орнықкан түріктер орталарынан жаңа қағанды шығарды. 682 жылы Ашына Құтлық өзінің аз ғана серіктерімен жаңа көтерілісті бастады. Оның рухани қолдаушысы бұрын қытайлықтардың астанасында тұрып, олардың соғыс өнерін жақсы меңгерген, түріктердің Асадыр тайпасынан шыққан данышпан Тұй-ұқұқ (Тоныкөк) еді.

Небәрі 700 адамнан тұратын көтерілісшілер Қарақұм қаласын басып алып, өздерінің сандарын 5000 адамға дейін көбейтті. Тұй-ұқұқ (Тонықөк) мәтінінде бұл мәселе былай баяндалады: «Бөд (тақ) киесі қалмады. Орман, тау арасында қалғаны жиылып жеті жүз болды. Екі бөлігі атты еді. Бір бөлігі жаяу еді... Біріктірушісі мен едім – білге Тұй-ұқұқ... Одан соң көктегі Тәңірі білік бергендіктен, өзім құдіретті қағанмен ұғыстым». Бұл деректе «құдіретті қаған» аталып отырған Құтлықты көтерілісшілер Қарақұмда ***Елтеріс қаған*** деген атпен таққа отырғызды. Ол данагөй Тұй-ұқұқтың ақылымен жан-жаққа жорыққа аттанды. «Түстікте – табғачты, шығыста – қытайды (қиданды), терістікте – оғызды көп қырды». Осылайша Елтеріс Құтлық қаған таққа отырған 682 жылдан бастап, екінші түрік қағанатының өмірі басталды.

683 жылы Тан патшалығының императоры Гаоцзун өлді. Келер жылы мемлекеттік төңкеріс орын алып, қытайда тақ үшін тартыс басталды. Мұны түріктер де тиімді пайдалана білді. Батыс түрік тайпалары да осы тұста қытай билігіне қарсы бас көтерді. 686 жылы Елтеріс Құтлық қаған Юньчжоу (Синьчжоу) қамалын қоршап, оны қорғаған қытай әскерін күйрете жеңді. Алайда ол онда орнығып қала алмады. Тан патшалығынан құрамында ұйғыр жасағы бар, жаңа жазалаушы күштердің шығуына байланысты, ол өзінің әскерін аман сақтау үшін қулыққа көшіп, Гоби шөліне шегініп және сонда өзінің соңына түскендерді жойып жіберді. Елтеріс Құтлық қаған батыс пен шығысқа бөлініп кеткен түркілердің басын қайтадан біртұтас қағанатқа біріктіру үшін өзінің ордасын түркілердің байырғы отаны Өтікенге (Ханғайға) көшірді. Оның ұлы ***Білге (Мойынчор)*** қағаннын кешеніндегі мәтіннен бұл туралы мынаны оқимыз: «... Тәңірі күш берген үшін Әкем-

қағанның (Елтеріс қағанның –Т.О.) әскері бөрі сияқты еді. Жаулары қой сияқты еді... жеті (мәтінде «жетінің» алдындағы «қырық» деген сөз өшіп қалған –Т.О.) жолы жорыққа аттанды. Жиырма рет соғысты. Тәңірі жарылқағаны үшін елді елсіретпеді, қағандықты қағансыратпады. Жауын баз қылды. Тізеліні бүктірді, бастыны жүтіндірді. Әкем-қаған елін, (төрін) орнатып, ұша барды». Иә, 688 жылдан бастап осылайша, тоғыз оғыздарды бағындырған Елтеріс қаған өзінің қаһарлылығымен айналасындағы жаулардың бәрін үрейлендіріп, 691 жылы дүниеден өтті (Л.Гумилевте – 693 жыл). Балалары Мойынчор мен ***Күлтегін*** жас болғандықтан қағанның інісі Бөгчор (Л.Гумилевте-Мочур немесе Мочжо) Қапаған қаған деген атпен тақта отырды. Мойынчор мәтінінде бұл туралы былай делінген: «Әкем қаған өлгенде өзім сегіз жаста қалдым. Ол төрдің үстіне Ағам-қаған (Қапаған қаған –Т.О.) отырды. Отырып түрік халқын қайта орнатты, қайта игі етті. Шығайды бай қылды, азды көп қылды».



*Білге қаған, Могилян*



*Күлтегін батыр*

Қапаған қағанның 694, 697, 698, 701, 706 жылдары қытайға жасаған жойқын жорықтары ондағы жиырма

үш қаланы жермен-жексен етіп, сан мыңдаған хансулықтарды түрік жеріне тұтқын етіп топтап айдап кетумен аяқталып отырды. Бөгшор алғашқы Шығыс түркі қағанатының құдіретті қағаны Ілік тұсындағы түркілердің айбарлы мемлекеттігін қалпына келтірді. Оның әскерінің саны 400 мың адамға жетті. Мойынчор мәтінінде оның жорықтары былай суреттеледі: «Ағам-қағанмен (Қапаған қағанмен –Т.О.) бірге ілгері Жасыл өзенге, Шаңдуң жазығына дейін жорық жасадық. Кері – Темір қақпаға дейін жорық жасадық. Барлығы жиырма бес рет жорыққа шығып, он үш рет соғыстық. Елдігін елсіреттік, қағандығын қансыраттық. Тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік... Батыстағы Кеңү-Тарбанға (Сарыарқаға) дейін түрік халқын біз анша қондырдық. Анша еттік. Ол заманда құл құлды болған еді. Күң күңді болған еді...».

Шығыста татабылар, қидандар, солтүстікте қырғыздар мен аздар, батыста түргештер, басмылдар мен соғдылар түгелдей Қапаған қаған басқарған қағанатқа бағынды. Алайда рулық-тайпалық бөлініс те өмір сүріп үйренген түріктер, отырықшы қытайға бағынбай тәуелсіз ел болу үшін көшпелілерді күшпен біріктіруге мәжбүр болып отырған Қапаған қағанның көреген саясатын түсіне алмады. 711 жылдан бастап қарлықтар, аздар, және ізгілдер оған қарсы көтерілді. Оларды біртіндеп ұйғырлар, байырқулар және манчжұртұңғыс тілінде сөйлейтін, түріктерге жау қидан және татабы тайпалары қолдады. Осындай дүрбелеңде 716 жылы Қапаған қаған байырқулардың көтерілісін басып, қайтып келе жатқанда аңдаусызда тосқауылға тап болып, қайтыс болды. Қытайлықтар оның басын әкелгендерге сыйақы беруге уәде бергендіктен, оны өлтіргендер қытай елшісі арқылы Қапаған қағанның басын қытай астанасы Чананьға жөнелтті.

Өздерінің ата жауларының көзінің жойылғанына мәз-мәйрам болған олар түркілерге қыр көрсетіп, Қапаған қағанның басын астанаға кіреберіске іліп қойды. Осылайша күллі түркінің басын қоспақ болған Қапаған қағанның басы да жау қолында қалды. Қапағанның тағына оның өзі көзі тірісінде-ақ мұрагер ретінде дайындаған ұлы Инел отырды. Бұл сол тұста өзінің жауынгерлік ерлігімен түркілерді мойындатқан, екінші Шығыс түрік қағанатының негізін қалаған Елтеріс Құтлық қағанның ұлы Күлтегіннің ашу-ызасын тудырыпты. Өйткені түркілердің заңы бойынша тақ мұрагері оның туған ағасы Мойынчор еді. Инелдің жүгенсіздігіне тыйым салмақ болған ол, Ордаға басып кіріп, Инелді де оның бауырларын да қырып салды.

Осылайша Мойынчор Білге қаған деген атпен тақты иеленді. Ол данагөй кеңесші Тұй-ұқұқтың (Тоныкөктің) тілімен қытайға бейбіт келісімшартын ұсынып, әртүрлі көтерілістерден іргесі шайқалған қағанатты қайта нығайтуды көздеді. Білге қағанның осындай игі мақсаты мен өрелі істері оған арналған кешенде төмендегіше баяндалады: «...Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп Тәңірі мені қаған отырғызды. Ең болмаса дәулетті халықты билемедім. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халықты басқардым. Інім Күлтегінмен, екі шад, інім Күүлі-чормен ақылдастым. әкеміз, ағамыз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп, түрік халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім...ебтегі халықты өз-ішінен жауластырмадым (от-су қылмадым). Мен өзім қаған боп отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жаланаш, өліп-жітіп қайта келді. Халықты көтерейін деп терістікте оғыз халқына, ілгері қытай (қидан), татабы халқына, түстікте табғачқа қарсы он екі рет аттандым.

Одан соң Тәңірі жарылқап, құт-бағым бар болғандықтан, өліміші халықты тіріілттім...Аз халықты көп қылдым. Ығыр елдікті, ығыр қағандықты игі (тыныш) еттім. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт еттім, жаусыз қылдым. Көбі маған кірді».



*Ұйғыр қағаны*
*Кутлуг Білге Пэйло*

Иә, Білге қаған зор күш-қайрат жұмсап, байырғы Түркі қағанатын қайта қалпына келтірді. Ол қағанатты ыдыратпақ болған аздарды, ізгілдерді, ұйғырларды алғашқы жылы-ақ күйрете талқандады. Қағанатқа қарсы шыққан басмылдарды жеңіп, осылайша олардың Таң империясының әскерлерімен, қидандармен, хилармен жасаған одағын ыдыратып жіберді. Енді қытайдың түркітілдестерді өзара қарсы қойып, бөлшектеп ұстау саясаты жүзеге аспай қалды. Осыдан соң, келесі, 721 жылы Таң империясы амалсыздан Білге қағанмен бейбіт келісімшарт жасауға мәжбүр болды. Мұның өзі шын мәнінде Қытай тарапынан Түркі қағанатының дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде мойындалуы еді. Бірақ күшті қағанат тағында отыр-

ған Білге қаған бақытсыздыққа ұшырады. Бауыры, түркі дүниесінің әйгілі қолбасысы Күлтегіннің 731 жылы дүниеден қайтуы оған аса ауыр тиді. Ол оның ескерткішінің басына жиі барып, егіліп жылап, шерін тарқататын еді.

Қаһарлы Күлтегіннен қаймығып жүргендер енді біртіндеп бас көтере бастады. 734 жылы Білге қағанды өзінің сенімді уәзірі у беріп өлтірді. Өзі дүниеден өтерде ол, қастандық жасағандарды тұқымын қалдырмай қырып кетті. Оның ұлы Ерен (Л.Гумилевта–Ижанхан) тақта алты жыл ғана отырып, дүниеден қайтты да, билікке Ереннің тым жас інісі Тәңір қаған (Л.Гумилевта – Білге Құтлық хан) келді. Оны баласынған жергілікті шадтар 741 жылы өлтіріп тынды. Енді түркі мемлекетінде таққа отырған қағанды өлтіріп отыру әдетке айналды. Осындай саяси шырғаланды пайдаланған басмыл, қарлық, ұйғыр тайпалары қағанаттан бөлініп шығу әрекетін бастады. Ақыры 745 жылы ұйғырлардың яғлаһар тайпасы өздерінің тайпа басшысы ***Құл-бойланың*** (Л.Гумилевте – Пэйло) бастауымен түріктердің соңғы Болмыш (Л.Гумилевте–Баймэй) қағанын өлтірді. Осылайша опасыздар мен жікшілдердің кесірінен айбынды Екінші түрік қағанаты құлап, тарих сахнасынан біржолата кетті. Онымен бірге о бастан түркі қағанаттарына билік жүргізген Ашына әулеті де тақтан біржолата ығыстырылып, оларды ұйғырлардың яғлаһар әулеті ауыстырды. Сөйтіп, қасиетті тәуелсіздікті қастерлей, айбынды қағандарын сақтай білмеген елдің мемлекеттігінің оп-оңай күйреп кететінін тарих тағы да дәлелдеді.

## Түргеш – Алаш егемен елі

Тарихымызда жиі жазылатын, бірақ елдің бәріне түсініксіз болып келе жатқан этнонимдер аз емес. Солардың бірі және бірегейі – «Түргеш» атауы.

Осындай атпен ортағасырларда біздің бүгінгі тәуелсіз Қазақстан аймағында жеке қағанат өмір сүргенін әлемдегі барлық тарихшылар толық мойындап отырса да, түргештердің өздері кімдер? – деген сауалға жауап беруге келгенде, олардың этникалық жағынан кейінгі қазақтарға тікелей қатысы барлығын айтуға бара бермейтініміз бар. Мұның басты себебі – біздің ойымызша, дәстүрлі тарихи деректерге жеткілікті мән бермеуімізден. Сондықтан да Түргеш қағанаты тарихын жазуға әртүрлі деңгейде атсалысқан ғұламалардың бірі – академик В.Бартольд бұл этнонимнің мән-мазмұнын түсіндіруден қашқақтаса, ал ежелгі түркілер тарихын қалпына келтіруде қыруар еңбек сіңірген Л.Гумилев Сары түргештерді мукрийлерден, ал Қаратүргештерді аварлардан, яғни жужандардан шығарып шатасты. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» десек те, мынаны ескеруіміз керек: XVII ғасырдағы шежірелік деректерде үйсіндердің үшке – сары үйсіндерге (сары түргештерге), қара үйсіндерге және ал (қызыл) үйсіндерге бөлінетіндері белгілі. Кейініректе олардың ықпалымен батыстағы көршілері қаңлылардың бір бөлігі сары қаңлылар аталса, арада екі ғасырдан соң шығыстан көшіп келген солтүстіктегі қыпшақтардың бір бөлігі де сары қыпшақтар аталып кетті.




Егер Сары үйсіндерге, қосымшада көрсеткеніміздей, түргештер жатса, ал соңғы екеуіне – Қара және Қызыл үйсіндерге Бес түрік дулу бірлестігін құраған қалған төрт тайпалық әскери-әкімшілік бірлестік екіге бөлініп қараған. Олардың қытай жылнамасында көрсетілген аттары – Қойлау, Шимуген, Шыти, Шаныш. Бұлар Шу өзенінің батысындағы қаңлылар ықпалындағы аймақтарды әскери-әкімшілік тұрғыдан біріктірген бес Нүшбе одағымен бірге «Он оқ елі» деп те аталатын. Жоғарыда айтылған деректерді талдаған, байырғы тарихымызды қытайда тұрып жазып кеткен, әйгілі зерттеуші Нығмет Мыңжан: «Түркештер – Батыс Түрік қағанатындағы бес арыс ел дулудың белді тайпасы» деген тұжырымға келген еді. Мұның тарихи шындық екенін қытай деректерімен дәлелдеп Ә.Дәулетхан бауырымыз осы мәселеден диссертациялық еңбекте қорғады. Тағы бір назар аударарымыз: VIII ғасырдағы Бес түрік дулу құрамындағы түргештерді Алаш атты тарихи тұлғаның басқарғаны. Дулу бірлестігінде және жалпы Түркі қағанатында қабыл-

данған саяси жүйеге сәйкес, жергілікті тайпа бірлестіктерін басқаратындар «чор» деген лауазымға ие болатын. Сондықтан да бұл этно-саяси бірлестік қытай жылнамаларында «Түргеш-Алаш-чор ұлысы» деп те көрсетілген. Қорыта келгенде айтарымыз, «Алаш» атауы VIII ғасырда «Түргеш» этнонимінің синонимі не айналса, ал XV ғасырдан кейін «Қазақ» этнонимі «Алаш» этнонимінің синонимі не айналды.



*Түргеш Үшелік қаған*

Батыс түрік қағанаты күшті мемлекет ретінде нығайған VII ғасырда Түргештер Тарбағатайдың батысынан Іле мен Шу өзендері аралығына дейінгі аралықта өздеріне туыстас Кергештермен бірге көшіп-қонып жүрді және олардың рубасылары біртіндеп, Батыс Түрік қағанатындағы билікті басып алды. Түргештердің дербес қағанаты 699 жылы негізделді. Оның алғашқы билеушісі ***Үшелік*** (Л.Гумилевте –Учжилэ) қаған еді. Ол туралы, және оның қаған тағына қалай отырғаны туралы қытай жылнамаларында төмендегідей түсініктеме берілген: «Түргеш Үшелік – Батыс түріктің басқа бір бұтағы. Ол бұрын Құжыраның (Н.Мыңжанда-

Ашына Құслы –Т.О.) қоластында Баға тарқан болған еді. Кейінірек Құшыра жазаның рақымсыз түрлерін қолданғандықтан, бұхарасы одан бойын аулақ салды. (Үшелік) өз ұлысына ерекше жанашыр болғандықтан, алыс-жақындағы хулардың(қытайлықтар түркітелдестерді ұнатпай, осылай атаған –Т.О.) бәрі оған берілді. Оның қоластында әркайсысы 7000 сарбазға қолбасшылық ететін 20 тұтықтық құрылды. Бұлар Суябтың солтүстік-батысына ірге теуіп, кейінірек бірте-бірте Суябты басып алып(қытай жылнамалары бұл оқиғаның 691 жылы болғанын айтады –Т.О.), ордасын сол жерге көшірді. Шекарасы солтүстік-шығыста Түркпен, оңтүстік-батыста Ху мемлекеттерімен тұтасып, оңтүстік шығыста Шижоу, Тиңжоу дуандарына дейін созылды. Елі әбден әлсіреген Құшыра патшайым У(Зэтян) билігі тұсында сарайға бағынды да, өз жұртына қайта баруға батылы жетпеді. Үшелік оның жерсуын өзіне қосып алды».

Көріп отырмыз, Ашына әулетінің соңғы тұяқтарының бірі болып табылатын – Құшыра қаған шын мәнінде беделден жұрдай болып, ақырында өзінің еліне сенбей, қашып кетіп, Қытайдың әйел патшайымына барып паналады. Мұның өзі Түргеш Үшеліктің мемлекет билігін өзінің қолына алуына толық жол ашты. Біздің ойымызша, осы Үшеліктің бұрынғы чор лауазымында Түргештерді басқарып жүрген тұстағы аты Алаш болған. Үшелік есімі оған қаған тағына отырған соң қосымша берілген деуге негіз бар. Үшеліктің бұрынғы Алаш екендігіне тағы бір дәлел – Алаш чор Бес түрік дулу құрамындағы Түргеш ұлысын билеп тұрған кезде, осы Бес түрік дулуға кіретін көрші Қойлау ұлысын Күл чор басқаратын. Үшелік Түргеш хандығына қаған болған тұста осы Күл чорды өзіне аламан сардар етіп алды. Бірақ Үшелік қайтыс болып орнына

баласы Саға (кейбір деректерде – Сақал) қаған тағына отырғанда Күл чор опасыздық жасап, оның көзін жою туралы қытаймен келіссөздер жүргізді. Жергілікті жерде, Сары түргештер арасында аса беделді Күл чор Түргештердің Сағадан кейінгі қағаны Сұлуға (Сүлікке) да қолбасшы ретінде қызмет жасап, оның арабтарға қарсы күресін басқарды. Мұның бәрі қытай жылнамаларында нақтырақ жазылған.

Үшелік басқарған жаңа Түргеш қағандығының аумағы оңтүстік-шығыста Шаш (Ташкент) қаласынан Шығыс Түркістандағы Бесбалық, Турфан қалаларына дейін созылып жатты. Үшелік қаған өзінің мемлекетін оң қанаттағы және сол қанаттағы екі ордаға (Бес Түрік Дулуға және Бес Нүшбеге) бөліп, бұрынғы Шу өзені бойындағы Батыс Түрік қағанатының астанасы Суяб қаласын негізгі астана жасаса, екінші кіші астана Қойлықты (Күнгітті) Іле бойына орналастырды. Қаған – мемлекеттегі ең жоғарғы билеуші болды. Жоғарыда көрсетілгендей, 20 әкімшілік аймақтың әрқайсысында сақадай сай болып, соғысқа даяр тұрған 7 мың адамдық әскерлер ұсталды. Соғыс жағдайында түргештер 150 мыңнан астам әскер шығара алатын еді.

Түргештер Түрік түкюлардан шыққандықтан о бастан-ақ дулу рулар бірлестігіне туыстас жақын еді. Сондықтан да олардың билікті иемденулері алғашқы кезде дулу (қара түргештер) рулары тарапынан қарсылыққа кездесе қойған жоқ. Бірақ кезінде Батыс түрік қағанатын өздеріне басыбайлы еткен қытай билеушілері о баста Түргештердің хандығын мойындай қоймады және оны өздерінің ықпалынан шығармауға күш салды. Осы мақсатпен Тан сарайы 702 жылы Бесбалық басқақтығын құрған кезде Түргештердің астанасы – Суябты әкімшілік тұрғыдан соған бағындырды және Үшелікті өздерінің уысынан шығарып алмау үшін оған «Алтын-

қол арда ханы» деген атақ берді. Кейініректе қытайлықтар Үшеліктің баласы Сағаны да қасақана көтермелеп, оны «14 ок (тайпа) қағаны» деп марапаттады. Алайда ата жау Таң империясымен саяси жақындасу – Түргеш хандығын әлсіретпесе, нығайта қойған жоқ.



*Қаған (Бөгішор) қаған*

Ал енді Шығыс түріктеріне келсек, олар өздеріне қандас Түргештердің бөлініп, дербес хандық орнатуларын ашықтан-ашық жаулықпен қабылдады. 708 жылы Үшелік қаған өлгеннен кейін оның баласы Сағаның тұсында Түргештердің Шығыс Түрік қағанатымен қарым-қатынастары ерекше шиеленісіп, ол ақыры ашық қарсы тұруға ұласты. Осының салдарынан Шығыс түріктерінің Түргештерге жасаған екі соғыс жорығы белгілі. Орхон жазуларында ***Бөгі чор (Қапаған)*** қағанның тұсында түріктердің Алтай жотасынан асып түсіп, Қара Ертіс арқылы өтіп, Түргештердің ханымен Болчу өзенінде 711 жылы шайқасқаны және осында түргештердің ханы Сақаның өлтірілгені, ал оның әскерінің талқандалғаны туралы айтылған.

Мұның алдында ғана елдің көпшілігінің, дәлірек айтқанда Сары түргештердің қолдауына сүйенген туған ағасы Сақаның беделін көре алмаған Үшеліктің

кіші ұлы – Жану Бөгічордың жағына шығып кеткен еді. Сатқындықты кешірмейтін Бөгічор оны қолдай қоймай, опасыздығы үшін басын алған болатын. Осы жеңілістен соң Түргештер мен Нүшбелер батысқа қашты. Оларды тоқтату үшін Күлтегін бастаған Шығыс түркілерінің әскері жеделдете аттанып, Қара түргештерді (Аз тайпасы басқарған дулу руларын) өздерінің атамекені Тараз өңіріне қайтарды. Бірақ, Сары түргештер (Сары үйсіндер) мен Нүшбелер (Сары қаңлылар) Шығыс түріктеріне бәрібір бағынбай, батыстағы елдің ішіне терендей еніп кетті.

Осы жерде түсінікті болу үшін айта кетер бір нәрсе, Қытайдың арандатуымен және Түргеш билеушілерінің өзара тартыстарының әсерінен, түргештердің тайпалық одақтары екіге бөлініп кетті. О бастан-ақ билікте отырған Сары түргештердің әскери әкімшілік бірлестігінен Аз тайпасы басқарған дулу рулары бөлініп шықты. Олар биліктен тысқары жергілікті халықты құрағандықтан Қара түргештер деген атау алды. Қытай жылнамаларындағы деректерге қарағанда, түргештердің жоғарыда әңгіме болған ханы Сақаны (708 – 711 жж.) жақтайтындар Сары түргештер деп аталса. Ал Сақадан соң таққа отырған Түргештің Сұлу (қытай деректерінде – Сүлік) қағанына (711 – 738 жж.) ілескендер Қара түргештер делінетін болды. Сұлу билікте болғанда оның мемлекеті Қара түргеш хандығы деп аталды. Дегенмен де ішкі саясатта кешірімпаз Сұлуға Сары түргештер де және жалпы Он оқ елі біртіндеп түгелдей бағынды. Олардағы халық саны 200 мың адамға жетті. Оның сыртқы саясаты негізінен алғанда Қытаймен де, Тибетпен де бейбіт қатынасты нығайтуға бағытталды. Ал Шығыс Түрік қағанатымен жауласу тоқтатылып, туыстық байланыстар жолға қойылды. Рас – мемлекеттің экономикалық жағдайын нығайту үшін ол көршілерге

жорықтар жасаудан бас тарта қойған жоқ. Бірде ол Тибетпен одақтасып, Қытайдың төрт қаласын да тонап қайтты. Алайда ол көп кешікпей қытаймен қайтадан бейбіт қатынастар орнатты. Мұндай саясатты мақұлдаған қытай императоры оған өзінің қызын ұзатты, және оған 715 жылы «Адал қаған» деген құрметті лауазым берді. Қытайдың Сұлуды бұлай қошеметтеуі, дипломатиялық қатынастардың нығая түсуінен туындаған еді. 717 және 734 жылдар аралығында ғана Сұлу Қытайға жеті рет елшілер аттандырып, оларды тарту-таралғыға қарық қылды. Түргештер осылайша өздерінің мемлекетінің Шығыс түріктерімен терезесі тең, егемен ел екендігіне қытайдың көзін жеткізбек болып әрекеттеніп бақты.

Айта кеткен жөн, Жетісу жерінде түргештердің орталығы болған Суябта және тағы басқа елді мекендерде табылған заттық ескерткіштер, әсіресе түргештердің теңгелері бұл мемлекеттің өз кезінде едәуір орнықты, берік болғанын көрсетеді. Түргеш теңгелерінде Он оқ халқына тән – садақ оғының жебесі бейнеленіп және көне түрік (Орхон) жазуымен қатар, соғды жазуы да қолданылған. Бұл тұста Орта Азияны жаулаған арабтардан қашып келген соғдылар осында көптеп қоныс аударды. Мұның өзі түргештердің көрші мемлекеттермен де қарым-қатынасының күшейе түскенін айқын дәлелдейді. Жалпы алғанда Сұлудың бейбітшілікке негізделген саясаты негізгі қарсыластарын қанағаттандырды. Оған қытай императоры тәрізді Тибеттің де, Шығыс түріктің де билеушілері өздерінің қыздарын ұзатты. Сұлу да өз кезегінде оларды алаламай үш елден алған әйелдерін тең ұстап, бәріне бірдей «мәртебелі қатын» лауазымын берді. Алайда Шығыс түркілері Түргеш мемлекетін бәрібір менсіне қойған жоқ. Мұны қытай жылнамаларындағы мынадай деректен де аңғара аламыз: қытайлықтар бір-

де өздерінің астанасы Чанаңьда елшілерге арнап қонақасы берді. Дастарқан төріне кім отырады деген мәселеде шығыс түріктері түргештердің төрлеуіне қарсы болды: «Түрік елшісі: «Түргеш кіші ел, тегінде Түріктің бодаңы болатын, төрге отыратын жөні жоқ», – деді. Сүлік-тің (Сұлудың –Т.О.) елшісі: «Бүгінгі дастарқан мен үшін жайылып отыр, біз босағада отыруға тиіс емеспіз», – деді. Нөкерлік уәзірлік кеңсесі мен барша сарай ұлықтары ақылдаса келіп, олардың араларына шымылдық құрып, екі бөліп отырғызды. Түрік елшілері шығыс жақ төрінен, Түргеш батыс жақ төрінен орын алды. қонақасыдан соң олар мол сыймен қайтарылды». Қандас халықтардың осылайша ата жауларының көзінше екіге жарылып, ашық жауласуы, оларға абырой әпере қоймай, түптің түбінде егемендіктен екеуінің де айырылуына алып келді.



*Сұлу қаған*

***Сұлу қағанның*** өмірінің соңғы жылдары Талас өзеңі бойына баса-көктеп кірген арабтарға қарсы күреске арналды. Мұндайда бірде түргештер жеңіске жетсе, бірде арабтар жеңіп дегендей, өзара текетірес өрши түсті. Осындайда Түргеш мемлекетіне өздерінің үстемдіктерін арттыра түсуді көздеген қытайлықтар Та-

лас бойына әскер кіргізді. Осында олар 751 жылы араб әскерлерімен кездесіп қалып, қырғын соғыс болды. Тараз қаласы маңындағы Атлах қаласы түбінде бес күнге созылған бұл шайқастың тағдырын Жетісу жеріне көптеп қоныстана бастаған қарлықтардың соңғы сәтте арабтар мен Түргештер жағына шығып кетулері шешті. Таң патшалығының әскерлері күйрей жеңіліс тауып, амал жоқ кейін шегінді.

Алайда бұл оқиға Жетісу мен Түркістанда арабтардың күшейе түсуіне ықпал жасай қоймады. Орта Азияда халық наразылықтарының асқына түсулері оларды да кейін шегінуге мәжбүрледі. Осындай қолайлы сәтті де Түргеш рубасылары мемлекетті нығайту ісіне орынды пайдалана алмады. Сарылар ұлысы мен Қаралар ұлысының өзара андысып, үздіксіз таққа таласуы өршіп кетті. Өмірінің соңына қарай халықтан алынатын алым-салықты көбейтіп жіберген және соғыс олжаларына құныққан кеткен Сұлуға ел разы болмай наразылық басталып, жарты денесі салданған, жарымжан Сұлу қаған ақыры өлтірілді. Осыны пайдаланған қытай тағы да арнайы әскер жіберіп, Сұлудың баласын да, оны қолдайтын Сары түргештерді де тақтан аластады. Алайда қытайлықтардың жағдайды пайдаланып, байырғы Ашына әулетінен қуыршақ қаған тағайындамақ болған қулығы да жүзеге аспай қалды. Билікке Сұлуды өлтірген, Сары түргештердің Бай баға қағаны келді. Алайда Қара түргештер де Сарылармен текетіресіп, өздерінен қаған көтеруді тоқтатпады. Мұның өзі Түргеш қағанатын шын мәнінде әлсіретті және сарылар мен қаралардың қайта-қайта хан болуы кесірінен, VIII ғ. орта шенінде Түргештер әртүрлі ұлыстарға бөлшектеніп, егемендіктен қалай айырылғандарын да байқамай қалды. Саяси билігі қожыраған мемлекеттің тағын шығыстан Суяб (Шу) өзі-

нінің бойына қоныс аударып келген қарлық тайпалық бірлестігі 766 жылы иемденді.

Түргеш мемлекетінің күйреу қасіреті үлкен күрес-пен қол жеткен егемендікті бағалай білмеудің, саяси тұлғалардың биік лауазым үшін күресті ел мүддесі-нен жоғары санауларының апатты салдары болып та-былады. Бұл тарих тәуелсіздіктен қымбат ештеңе жоқ екендігін тағы да дәлелдеп берді. Десек те, одан та-ғылым алу – қателікке ұрынған бұрынғыларға емес, бүгінгі бізге аса қажет.



## Азаттықты аңсаған Қарлықтар

Қазақстан аймағының байырғы ортағасырлардағы тәуелсіздікке ұмтылу тарихы қарлықтардың азаттық жолындағы жанпида күрестерімен тығыз байланысты. Біздің елімізде бір орталыққа бағынған мықты мемлекет құру дәстүрлерін қалыптастыруда қарлықтардың дербес хандық орнату жолындағы этно-саяси шараларының маңызы үлкен. Олардың мәнін түсіну үшін қарлықтардың өздері кімдер? – деген сауалға жауап іздестіруге тура келеді. Ежелгі қытай жазбаларына қарағанда, қарлұқтар – таулы да қарлы аймақтарда өмір сүрген байырғы ғұндардың ұрпақтары. Орыстың В.Бартольд, Г.Грумм-Гржимайло, Н.Аристов тәрізді үлкен зерттеушілері «қарлық» этнонимі «қарлы аймақта тұратындар» деген мағынаны білдіретінін айтып келді. Алайда бұл атау арғу, басмыл тайпаларының аттары тәрізді «аралас» деген мағынаны аңғартады деп ойлайтындар да бар. Қалай десек те осы аталған екі үлкен тайпалардың тарихы қарлықтармен тығыз байланысты және бұлардың бәрінің кейінгі қазақтың арғын тайпалық бірлестігінің қалыптасуына өзіндік үлестері бар.

Қытай жылнамалары бойынша қарлұқ – түріктің бір жұрты. О бастан-ақ олар Бесбалықтың солтүстігінде Алтын таудың (Алтайдың) батысында қоныстанған. Олардың алғашқы үш тайпалық бірлестіктерден – жікілдерден, бұлақтардан, басқылдардан тұрғандары белгілі. VI ғасырда бұл тайпалық бірлестік шығыстағы Тоғыз оғыздарға жақын жүргенде Үш оғыз бірлестігі деп аталса, кейінірек Үш қарлық атанды. Зерттеушілердің біразы қарлықтардың бұлақ тайпасын кейінгі қазақ арғындарының арғы бабаларын(болат тайпасын) құраған этно-саяси бірлестіктердің бірі ре-

тінде сипаттап жүргендерін білген де артық болмас. Сонымен қатар кейіннен Жетісудағы Қарлық хандығы ыдыраған кезде қарлықтардың үлкен бөлігі түрікмендер құрамына сіңісіп кетсе, Ферғана аймағындағы бір бөлігі болашақ өзбек халқының қалыптасуының этно-әлеуметтік негіздерін құрауға атсалысты. Этникалық топ ретінде қарлықтар қырғыздарда да кездеседі. VIII ғасырда олар Енесай қырғыздарымен көрші болған болса, X – XI ғасырларда қырғыздардың қарлықтар мекендейтін Ыстықкөл аймағына келіп қоныстанғандары белгілі. Дегенмен де қарлықтардың негізінен қазіргі Қазақстан аумағында көшіп-қонып жүрген көшпелі тайпалар бірлестігі екендігін естен шығаруға болмайды. Бұдан туындайтын қорытынды – қарлықтар біздің қазақ халқының қалыптасуының этникалық үдерістерінде өзіндік із қалдырған этно-саяси бірлестік. Кезінде олар Ұлы Түрік қағанаты құрамында көшіп жүрсе, кейіннен Батыс Түрік қағанатының қарауына көшті.

Алайда қарлықтардың бүкіл тарихы – дербестікке және азаттыққа қол жеткізу жолындағы күрестер тарихы. Осындай өрелі мақсатпен және өрлікпен рухтанған оларды, басқаларды айтпағанда, тіптен өздерімен қандас түркітілдес тайпалармен бір мемлекет құрамында бағынышты болып жүрудің өзі де қанағаттандырған емес. Мұның себебін олардың геосаяси тұрғыдан қолайсыз аймақта орналасуларынан іздестірген жөн. Терістікте қырғыздар, шығыста ұйғырлар, оңтүстік шығыста қытайлар мен тибеттіктер оларға ылғи да қауіп төндірумен болды.

654 жылы қарлықтарды және олардың көршілері чумугендерді (шөмекейлердің бабаларын) Таң империясының әскерлері басып алды. Біраз уақыт қытайлықтар тепкісінде болған оларды 682 жылы қайта

құрылған Шығыс Түрік қағанаты өзіне қосып алды. Бірақ өздерінің күш-қуатына аса сенімді азаттық сүйгіш қарлықтар қағанатқа қарсы 711 жылдан бастап бірнеше ірі көтерілістер ұйымдастырды. Ақырында олардың 742 жылы ұйғырлармен және басмылдармен қатар көтерілуі Шығыс Түрік қағанатының түбіне жетті. Қарлықтарға туыстас басмылдар қаһарлы көк-түріктердің соңғы ханы Озмыштың басын кесіп алып, қытайдың астанасы Чананьға жеткізді. Алайда саяси билікке басмылдар мен қарлықтар емес, ынтымағы әлдеқайда күшті ұйғырлар келді. Осылайша 745 жылы көк түріктердің қуатты қағанаты келмеске кетіп, енді ұйғырлар билейтін түркілердің біріккен қағанаты орнықты. Қарлұқтар басмылдармен бірге амалсыздан өздері ұнатпайтын ұйғырларға бағыныштылыққа түсті. Дегенмен де олар жаңа саяси билікке толық мойынсұна қойған жоқ. Қарлықтардың үлкен бөлігі батысқа қаша көшті.

Қалыптасқан саяси ахуалға байланысты VIII ғ. ортасына қарай олар осылайша екі үлкен бөлімге бөлінді. Олардың біраз рулары – шығыста Қанғай тауларында қалып ұйғырларға бағынса, ал екінші, батысқа жылжыған тобы – Алтай мен Шығыс Тянь-Шянь аралығында өмір сүріп жатты. Алайда 755 жылы ұйғырлар батысқа жылжып, қарлықтар мен басмылдарды қайта бағындырды. Арада төрт жылдан кейін ғана, ұйғырлардың қағаны Мойынчор өлген соң ғана қарлықтар ұйғыр езгісінен ығысып шығып, оңтүстік аймақтарды жаулау жорықтарын бастады. Олар алғаш Ыстықкөл және Талас аймағынан оғыздарды ығыстырып шығарды. Оғыздар амалсыздан Сыр бойындағы ежелгі қаңлылар мекеніне қоныстануға мәжбүр болды. Қарлықтардың өздеріне дейін Жетісуда билікте болған Түргештермен (сары үйсіндермен) текетірестері де бейбіт

бола қойған жоқ. Алайда бұл кезде түргештердің өздері екіге бөлініп алып, өзара соғысып жатқандықтан қарлықтарға елеулі қарсылықтар көрсете алмады. Осының бәрі қарлықтарды күшейте түсті.

Тарихи мағлұматтар 766 ж. Жетісудағы билікті қарлықтардың тартып алғанын және Түргештердің ежелгі астанасы Суябтың енді қарлықтардың астанасына айналғанын нақты жазады. Осылайша, Іледен Шу аңғарына дейінгі аймақты қамтыған Қарлық хандығы(қағанаты) дүниеге келді. 775 – 776 жылдар аралығында қарлықтар билігі Қашқар және Ферғана өңірлерінде де орнықты. Негізінен қарлықтардың территориясы бұрынғы Он оқ елінің, яғни Түргеш қағанатының жер аумағын қамтыды. Айта кетер бір маңызды мәселе, 751 ж. болған қытайлар мен арабтар арасындағы Талас шайқасында қарлықтар алғаш Қытайдың жағында болса, кейінірек арабтар жағына шығып, өздеріне туыстас жергілікті тайпалардың жеңіске жетуіне ықпал жасады.

VIII – IX ғғ. өн бойында өздерінің тәуелсіздігін қорғап қалу жолындағы қарлықтардың күресі ақыры ұйғырлар билігін мойындаумен аяқталды. 812 жылы ұйғырлар қарлықтардың әскерін талқандап, Шығыс Түркістанды олардан біржолата тартып алды. Бірақ ұйғыр қағанының билігі 840 жылға дейін ғана созылды. Қырғыздардың ұйғырларды талқандаулары Жетісудағы қарлықтарды қайта күшейтті. IX ғ. орта шеніне қарай, қарлықтардың билік жасаған аймағы айтарлықтай кеңейе түсті. Оларға енді Жетісу жері ғана емес, Сырдария аймағының шығыс бөлігі де бағынатын болды.

Алайда олардың батысқа жылжуына 715 жылы Мауереннахрдың үлкен бөлігін жаулап алған арабтар кедергі жасады. 772 жылы арабтар қарлық әскерін

Ферғанада талқандап жіберді. Осыдан соң, 777 жылы қарлықтар, ұйғырлар, Тибет және т.б. тәрізді өздерінің халифатты мойындайтындарын амал жоқ мәлімдеді. Дегенмен де қарлықтар араб ықпалынан құтылу жолында тағы бір әрекет жасап, оларға қарсы жорыққа аттанды. Бірақ 792 жылы оларды арабтар Ферғанада тағы да талқандады. 840 жылы арабтар қарлық жерінде тіптен тереңдеп еніп, Испиджаб қаласын да бағындырды. Араб халифатының құлауы – саяси ахуалды едәуір өзгертті. Енді Орта Азиядағы билік арабтардан мұсылмандықты қабылдаған саманидтер әулеті қолына көшті. Бірақ Саманидтер арабтардың басқыншылық саясатын жалғастырды. Оларға ең алдымен қарлықтарды ислам дініне енгізу аса қажет болды. Осы мақсатпен 893 – 94 жж. Исмаил Саманид қарлықтар билігіндегі Таразды басып алды және мұндағы бас шіркеуді мешітке айналдырды. Орта Азияда саманидтер мемлекетінің тұрақты түрде күшейе түсуі қарлықтардың біртіндеп исламды мойындауларына алып келді.

Иә, қарлықтардың Жетісудағы билігі айтарлықтай ұзақ болды. Қарахандықтар билікке келген соң да қарлықтар осында маңызды саяси рөл атқара берді. Қарахан мемлекетінің құрылуына байланысты қарлықтар ішінара Мауереннахрға қоныстануға мәжбүр болғандарымен, өздерінің байырғы қоныстарын қолдан шығара қойған жоқ. Зерттеуші Ю.Зуевтің айтуынша «Алтайда және Жетісуда олардың ықпалының күшті болғаны сондай, Қарахан билеушісі оларды жеңу үшін 1125 ж. Жетісуда Батыс қидандардың династиясын негіздеген қарақытайлық Елюй Дашидан көмек сұрауға мәжбүр болды. Алайда қарақытайлардың кезінде де қарлықтар Іле аңғарында және Алтайда айтарлықтай күшті болды. Осында олар Қаялықта және

Алмалықта шағын ұлыстар орталықтарын құрды». Бұл этно-саяси бірлестіктер болашақ Алаш қауымдастығын құрайтын азаттық аңсаған тайпаларды қалыптастыруда едәуір ықпалды рөл атқарды.

## Түркітілдестердің Біріккен (Ұйғыр) қағанаты

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның кадір-қасиетіне жету үшін бірнеше ғасырлар бойы әртүрлі атпен өмір сүрген ежелгі түркілер қағанаттарының күйреу себептерін түсініп алуымыз керек. Түркі мемлекеттігінде мызғымас дәстүрге айналған Ашына әулетінен хан сайлау жүйесін ұйғырлардың Яғлақар тайпасының көсемі Құл бойла(Л.Гумилевта – Пейло) келмеске жіберді. Ол 745 жылы тақта отырған басмыл тайпасының ханының басын кесіп алып, Тан императорының астанасы Чананьға жіберді және өзін Құтлық Білге деген лауазыммен хан ретінде мойындауды ұсынды. Тақтан қуылған Ашына әулетіне ілескен түріктердің қалдығы қытайға қашып, ақыры сонда табғачтарға араласып, ассимиляцияға ұшырап, жойылып кетті. Яғлақар тайпасы бастаған он ұйғыр рулары тарихи сананы мүлде жойып жіберу үшін Ашына әулетінен қалған тарихи ескерткіштерді талқандауға кірісті. Осы зобалаңның барысында атақты Күлтегіннің де мүсіні талқандалып, оның басы денесінен бөлініп қалды. Осындай бүліншілікке басқа түрік ақсүйектерінің мүсіндері де ұшырады. Адамзат үшін аса құнды асыл мұралар осылайша надандықтың құрбандығына айналды. Яғлақар ақсүйектері кезінде өздері бағынышты болып бас иген және өздеріне бауырлас түркітілдес халықтар соңына шам алып түсті. Енді мемлекет атауы болып келген «түрік» этнонимін «ұйғыр» этнонимі ауыстырды.


Ұйғыр атанғандар о бастан-ақ түркітілдес оғыздардың тайпалық бірлестіктері аясында өсіп-өнген рулар мен тайпалардан құралды. Сондықтан да белгілі түркітанушы ғалым М.Жолдасбеков олар құрған мемлекетті Біріккен Түркі қағанаты деп атауды ұсынды. «Ұйғыр»этнонимі төңірегінде әртүрлі пікірлер бар. Олардың ішінде біздің ойымызша Әбілғазының түсіндіруі шындыққа әлдеқайда жақын. Ол «ұйғыр» этнонимінен «сүттей ұйыған»(біріккен) деген мағынаны қабылдап, мұндай атауды ру-тайпалар бірлестігіне атақты Оғыз ханның бергенін атап көрсеткен еді. Шындығында да ұйғырлардың Тоғыз оғыздар одағынан бөлініп шыққандарын ескерер болсақ, бұл айтылғандардың тіптен де негізсіз еместігін байқар едік.

О баста ұйғыр руларының бабалары ежелгі Чиди, Динлин тайпалық бірлестіктері құрамында көшіп-қонып жүрді. Бұлардың байырғы ғұндардың да аталары екендіктерін ескерер болсақ, ұйғырлардың кім екендігі әйгілене түседі. Ғұндардың билігі ыдыраған соң, Орхон аймағында Теле тайпалар одағы ұйымдасты. Енді ұйғырлардың бабалары осы конфедерация құрамында көшіп-қонып жүрді. V ғасыр ортасында ашына бастаған Алтынтаудағы (Алтайдағы) түркілер осы Телелердің 40 мың үйлік бірлестіктерін бағындырып, солардың күшімен өздерінің ата жаулары жужандарды (аварлардың бабаларын) жеңіп, Түрік қағанатын құрған болатын. Қағанат екіге бөлінгенде Телелер Шығыс түріктеріне қарады. Алғашқы Шығыс Түрік қағанаты ыдыраған соң Телелер одағын қыпшақтардың байырғы бабалары сір-ендалар (Л.Гумилевте – Сеянто) биледі. Бұл ұлыс аса куатты болып, қытайды жиі мазалады. Осы VI ғасырда-ақ бірде Телес, бірде Гаогүй атанған төрт ру (юаньхе, бугу, тоңра, баегу) топтасып, хүйхе (хұйғыр) деген атпен атала бастады.

Сір-Енда ұлысы ыдырап Сегіз оғыздар (наймандардың бабалары) мен Тоғыз оғыздардың (керейлердің бабалары) Байырқу конфедерациясы құрылғанда хұйхелер (хұйғырлар) Тоғыз оғыздар құрамында болды. Сондықтан да кейбір зерттеушілер Тоғыз оғыздарды ұйғырларға жатқызып шатаса береді. Шын мәнінде Байырқу конфедерациясы ыдыраған соң Тоғыз оғыздардың кейінгі қазақ арғындарының арғы бабаларын құраған басмылдарды және қарлықтарды басып алып, Он бір оғыз атанған кездері де болды. Яғни, Тоғыз оғыздарға хұйғырлардан басқа да түркі тайпалары кіргенін ұмытуға болмайды. Бұл жерде тағы бір ескерте кететін мәселе, «құйғыр» атауы «жауынгер» деген мағынаны білдіріп, яғлақар тайпасының атына балама ретінде қолданылса, ал «ұйғыр» атауы жоғарыда атап кеткеніміздей, «біріккен» деген мағынада яғлақар тайпасы төңірегіне топтасқан Он ұйғыр руларының тайпалық бірлестігінің аты ретінде айтылып келді. Мұны ежелгі қытай тілін жетік меңгерген Тұрсынхан Қайыркен бауырымыз, өзінің докторлық диссертациясында айқындап берген еді.

Әңгіме басында айтып кеттік, құйғырлардың яғни Яғлақар әулетінің Екінші Шығыс түрік қағанатының тағын басып алуын осы тайпа көсемі Құл бойла ұйымдастырды. Ол бұл істе, Шығыс қарлықтарының, басмылдардың және өзіне бағынатын ұйғырлардың Қағанатқа қарсы бас көтерулерін тиімді пайдалана білді және өзін қолдап, Телелер бірлестігінен бөлінe көшкен алты тайпаға (бугу, хұн, байырқу, тоңра, сыға, киби) сүйеніп байырғы түркілер астанасы орныққан Ханғай тауы мен Орхон өзені аралығында хан ордасын тікті. Жаңа қағанаттың аумағы шығыста Батыс Манчжуриясын қамтыса, оңтүстікте Гоби шөлінің солтүстігінен басталып, батыста Қара Ертіске

дейін барды. Әртүрлі соғыс жанжалдарынан шаршаған қағанатты басқарған Құл бойла қытаймен бейбіт қарым-қатынасты жолға қойды. Осы саясатты оның орнына 747 жылы таққа отырған баласы Мойыншор (Л.Гумилевта –Моянчур Гэлэ-хан) онан әрі жалғастырды.





Өздері талқандаған көк түріктерге әрқашан елігетін ұйғырлар төңірегіндегілерді жаулау арқылы мемлекетті нығайтпақ болды. 756 жылы олар чиктерді (шектілердің бабаларын), 758 жылы қидандарды (қарақытайлардың бабаларын) күшпен бағындырды. Мойыншордың белсенді жорықтары ұйғырларды күшейте түсті. Ол қайтыс болған соң таққа отырған Идиган хан (759 –780) бұрынғы түріктер тәрізді қытайдың солтүстік аймақтарына басып кіріп, тонаушылықпен айналысты. Азамат соғысы жүріп жатқандықтан бұл тұста қытай ұйғырларға тойтарыс бере алмады. Осыны пайдаланып Идиган қытайға

ауқымды жорық жасамақ болды. Алайда Тоғыз оғыз одағына кіретін және ұйғырлардың негізгі күшін құрайтын тайпалар қытаймен соғысты қаламады. Нәтижесінде ақсүйектер көтеріліс ұйымдастырып, соғысқұмар Идиганды өлтірді. Енді қағанат тағына кездейсоқ адамдар отыратын кезең басталып, ұйғырлар билеген қағанат сайланбалы монархияға айналды. Осылайша саяси тұрғыдан әлсірей бастаған қағанат 783 жылдан бастап қытайдың вассалына қалай айналғанын да білмей қалды.

Ұйғырларды өздерінің жағына шығару атты әскерлері аз, және іргедегі Тибетпен ылғи да қырғи-қабақ жағдайда отырған қытайға аса тиімді болды. Тибеттіктер ұйғырларға амалсыз құл болған шығыс қарлұқтарын, Енесай қырғыздарын қолдайтындықтан және т.б. түркітілдес тайпалар жағында болғандықтан, ұйғырлар қытайлықтармен бірігіп, ал қытайлықтар арабтардың халифы Харун-ар-Рашидпен келісіп, ортақ жаумен соғысқа аттанды. Бұл соғыс ұзаққа созылып, ақыры 821 жылы Тибет пен Қытайдың келісімімен аяқталды. Алайда бұдан ұйғырлар ештеңе ұтқан жоқ. Қағанатқа бағынған тайпалар, ұйғыр ақсүйектерінің өзара айтысты әдетке айналдырған мансапқорлық іс-әрекеттерінен жери бастады. Осылайша, 794 жылы олардан Гоби шөлінің оңтүстік шығысындағы Шато түріктері (уақтардың бабалары) бөлінсе, ал 835 жылы шығыстағы татабылар кетті. Тибеттіктердің қолдауымен қырғыздар қағанатқа қарсы екі рет көтерілді. Әсіресе олардың 818 жылғы көтерілісі ұйғырлардың үстемдігін шайқалтып жіберді. Шешесі – Түргеш, ал қызы Тибеттің белгілі қолбасшысына тұрмысқа шыққан қырғыз Ажо өзін тәуелсіз хан жариялаумен шектелмей, ұйғыр қағанының өзіне бағынуын да ашық талап етті.

Тақ үшін тартыстан қалжырап, билікке заңсыздықпен, күштілер ғана қол жеткізетін келеңсіз заманға тап болған, аштықтан әлсіреп қыстан зорға шыққан ұйғырларға қырғыздар 840 жылы кенеттен бас салды. Ұйғыр ханы Күлүгбек өлтіріліп, ұйғырлар бас сауғалап жан-жаққа қашты. Олардың бір бөлігі Жоңғариядағы қарлұқтарға қосылса, ал екінші бөлігі тибеттіктерді барып сағалады. Ал ұйғыр ханының төңірегін құраған 13 рудың қалдықтары Манчжуриядағы татарлардан пана іздеді. Алайда оң мың әскермен мұнда жеделдете келіп жеткен қырғыз ханы Ажо оларды қуалап жүріп, біртіндеп қырды. Ал енді Жоңғарияға қашып барып қарлұқтарды паналаған ұйғырлар екіге бөлініп, олардың бір бөлігі Күче төңірегіне орнықса, ал екіншісі – Бесбалықтың айналасын паналады. 866 жылы Тибетті қытайлықтардың біржолата талқандауы осы ұйғырларды мүлде жойылып кетуден құтқарып қалды. Осы аймақта, Лобнор көлінің солтүстігінде Бугу Цзун қашып-пысқан ұйғырлардың қалдықтарын біріктірді. Мұның өзі хандық деп айтуға келмейтін шағын ғана ұлыс еді. Оны билеуші сондықтан да «идықұт» лауазымын иемденді. Дегенмен де дәл осы шағын ұлыс «ұйғыр» этнонимін сақтап қалып, болашаққа жеткізді. Бүгінгі ұйғырлардың арғы бабалары осы ұлыстан бастау алады. Осылайша, кезінде бүкіл Орта Азияны тітіреткен көк түріктерді жойып жіберген ұйғырлар да тарих сахнасынан кетті. Түркітілдестердің ауызбірлігі орнықпай, олардың бір орталыққа біріккен мемлекетінің де орныға қоймайтынын тарих тағы дәлелдеді.


БІРІККЕН ТҮРКІЛЕР (ҰЙҒЫР)
ҚАҒАНАТЫ (VIII-IX ғғ.)
Қимақтар
Ертіс
Батыс Саян
Шығыс Саян
Енесай
Тану-ола
Зайсан көлі
Алтай таулары
Қарлұқтар
Түрфан
Тянь-Шань
Найман
Оғыздар
Қашқар шаһары
Байырғулар
Селенга
Ангара
Байқал көлі
Шибей моңғолдары (татарлары)
Онон
Керулен
Аргун
Шылқы
Әмір (Амур)
Есүн татарлары
Үлкен Хинган жоталары
Гоби шөлі
(Дешті құм)
Хуанхэ
Таң империясы
Бохай шығанағы
Сары теңіз

## Егемендікке ұмтылған Ежелгі Оғыз (Өгіз) ұлыстары

VIII ғасырдан бері тарихымызға берік орныққан, алайда әлі де оқулықтарымызға ене қоймаған бабалар – оғыздар(өгіздер) болып табылады. Ортағасырлардағы тарихының көмескі болуына байланысты: «Оғыздар кімдер?» деген сауалға зерттеушілер әртүрлі жауап беріп келді.

Олар, ең алдымен оғыздардың замана ағымына қарай әртүрлі этно-саяси бірлестіктерге кіруге мәжбүр болғандарын және дамудың түрлі кезеңдерінде оғыздар құрамынан түркітілдес әртүрлі халықтарға негіз болған тайпалық бірлестіктердің бөлініп шыққандарын ескере бермейтін тәрізді. Сондықтан да тек лингивистикалық тұрғыдан алғанда, оғызтілділерге Түркия түріктерін, әзірбайжандарды, түрікмендерді, гагауздарды, саларларды, Қырым татарларын және т.б. бірқатар елдердегі этникалық топтарды жатқызумен шектелеміз. Мұнда бір ескерер мәселе, Орхонда ежелгі оғыздар бірлестіктері батысқа жылжырдан бұрын оларға алғашқы кездері мүше болып, онан соң бөлініп кеткен тайпалық бірлестіктер оғызтілдестерге жатпайды. Олардың қатарында мысалы, кейініректе қазақты құраған найман, керей, меркіт, қаңлы, қарлұқ тәрізді тайпалар да бар. Мұның өзі оғыздар тарихы – қазақтың да тарихы деп айтуға толық мүмкіндік береді. Оның үстіне оғыздардың VII ғасырдан бастап, қазіргі Қазақстанның Жетісу аймағына қоныстана бастағандары, ал IX ғасыр соңында, X ғасыр басында Сырдариянының төменгі ағыстарында оғыздардың конфедерациялық негіздегі күшті мемлекетін ұйымдастырғандары белгілі.

Осының бәрі қазақ тарихын зерттеумен айналысатындарды «Оғыздар кімдер?» деген сауалға жауап

іздестіруге итермелейді. Айта кеткен жөн, «оғыз» генонимінің пайда болу себептерін зерттеушілер әртүрлі түсіндіріп, бұл мәселені барынша шатастыра түсті. Оны «ойрат» (оджират) этнонимінің түрікше айтылатыны түрі (рамстед), «өзен тайпалары» деген сөз (Толстов), «оқ-адам» деген сөз (Маркварт), «тайпалар бірлестігі» (Кононов) деген сөз, «ақылдасу» деген сөз (Баскаков) деп түсіндіретін еуропалық зерттеушілер бар. Бұлардың бәріне ортақ қателік: лингивистикалық немесе тарихи-филологиялық тұрғыдан ежелгі түркі тайпаларының этнонимдерін шығу себептерін толық айқындай алмайсыз. Тайпалар атауларының шығуы – нақты этно-әлеуметтік жағдайға тікелей тәуелді. Сондықтан да ру-тайпаларға қойылған генонимдер, немесе этнонимдер олардың күнделікті тыныс-тіршіліктерін, олардың қандай тарихи тұлғадан тарағандарын, және сандық құрылымдарын нақты ескеру негізінде пайда болған.

Осы тұрғыдан келгенде «оғыз» этнонимінің «өгіз» атауынан шыққаны күдік тудырмауы тиіс. Мұны зерттеушілердің көпшілігінің мақұлдайтынын да айта кеткен жөн. Кейбір еуропалық зерттеушілер өгіз бен бұқаны ажырата алмай, «оғыз» атауын өгізбен емес, бұқамен байланыстырып қателеседі (Базен; Синор). Жалпы «оғыз» этнонимі түркілердің өздерінің және арғы бабаларының сиыр малын негізгі шаруашылық кәсібіне, күнделікті тіршілік көзіне айналдыруларынан туындаған. Мұны қытай жылнамаларын шұқшия зерттеген Баеддин Өгелдің (қазақша аудармасын Ә.Дәулетхан жасаған) ежелгі хұндар тарихына қатысты зерттеулерін оқыған адам айқын аңғара алады. Онда түркітілдестер сиыр малын өсіруге баса көңіл бөлсе, ал олардың шығыстағы көршілері – тұңғыс-манчжұр (моңғол) тілдестердің негізінен, шошқа

шаруашылығын өркендеткендері анық айтылған. VIII ғасырдағы атақты Тұй-ұқұқ (Тоныкөк) ескерткішінің мәтінінде «Сиыр көлікті Тоғлыдан оғыздар келді» деп жазылған. Сондықтан да түркілердің бір бөлігі «өгіздер» (оғыздар) атанған.



*Оғұз хан (Өгіз хан)*

Айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе, кейбір түркі халықтары (түрікмендер, қарақалпақтар және т.б.) әлі күнге дейін өздерінің шежірелерін Оғыз ханнан (***Өгіз ханнан***) таратады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, тарихи аңыздар қазақтың кейбір тайпаларының шығу тарихын Оғыз ханмен байланыстырады. Н.Бернштам ол туралы аңыздарда айтылатын мәліметтердің ежелгі хуннулардың қағаны Метенің (Модэнің) қызметіне қатысты деректерге сәйкес келетінін байқаған болатын. Мұндай пікірге келісуге кедергі жасайтын бір ғана мәселе – «оғыз» этнонимінің ежелгі хуннулар дәуірінен емес, VI ғасырдан бастап ғана белгілі болуы болып отыр. Қалай десекте Оғыз хан есімі оғыз тайпалық бірлестігінің атынан кейін «өгіз мінгендер» ханы ретінде VII ғасырда

өмір сүрген нақты да аса ықпалды тұлғаның қосымша аты. Біздің ойымызша, бұл Күлтегін мен оның ағасы Білге қағанның әкесі, 693 жылы қайтыс болған Елтеріс Құтлық қағанның замандасы және бақталасы, Тоғыз оғыздардың қаһарлы көсемі Баз қағанның қосалқы аты. Оның есімі Тұй ұқұқтың (Тонықөктің), Күлтегіннің және Білге қағанның ескерткіштерінде қайталанып кездесіп отырады. Білге қаған ескерткішінің мәтінінде Елтеріс Құтлық қаған өлген соң оның басына одан бұрын қайтыс болған оғыздардың Баз қағанының балбалы қойылғандығы айтылған. Осының бәрі – Оғыз ханның шын аты Баз қаған екенін дәлелдей түсетіндей. «Оғыз заманындағы» тайпалардың тамаша өмірі «Огузнаме» дастанында жырланады. Бұл аңыздар «Қорқыт ата» кітабына еніп, бүгінгі ұрпаққа келіп жетті. «Оғызнаменің» үлкен географиялық аймақтарға таралып кетуі, бұл дастанның тым ертеректе, оғыздар батысқа жылжи бастаған алғашқы кезеңде шыққанын дәлелдей түседі.

Ежелгі қытай жылнамаларында оғыздар «угу» деген атпен VI ғасырдан бастап кездесе бастайды. Бұл «өгіз» атауының қытайша бұрмаланған түрі. Тарихи деректерге назар аударсақ, ежелгі оғыздардың атамекені Орхоннан батысқа қарай Ыстықкөлдің шығысына дейін созылып жатқанын байқаймыз. Арғы ата-бабалары батыс хұндары болып табылатын олар V ғасырда аталған өңірде өмір сүрген Теле (кейінірек Телек) тайпалар одағы қойнауында қалыптасты. Осында Сіренда (қыпшақтардың бабалары) билікке келгенде оларға бағынды. Бұл ұлыста олар оғыздар атанды. Тоғыз оғыздар алғашқы Түрік қағанаты құлаған соң ғана күшейе бастады. Ал Сегіз оғыздар бірлестігі болса ұйғырларға қарсы күрес барысында қалыптасты. VIII

ғасырда Сегіз оғыздар (наймандардың бабалары) және Тоғыз оғыздар (керейлердің бабалары) бірлестіктері кейде Сегіз байырку, Тоғыз байырку деп те аталды. Осы тұста құрамындағы рулар сандарына байланысты бұрынғы Телек одағындағы түркітілдес тайпалар Үш оғыз (Үш қарлұқ), Отыз оғыз деген атаулармен де белгілі болды. Оғыздардың бір бөлігінің ұйғырлардан ығысып батысқа көшулері және ұйғырлар билеген қағанаттың күйреуі, бұл бірлестіктерді ыдыратты. Тоғыз оғыз (Тоғыз ғұз) атауы батыста олардың 820 – 21 жылдары Усрушана еліне жасаған шабуылы кезінде соңғы рет кездеседі (Бартольд). Ал шығыстан келген қидандар Сегіз оғыздарды наймандар (моңғол тілінде Сегіздер) деп атай бастады.

В.Бартольд батысқа жылжығандардың сандық көрсеткіштерсіз, тек оғыздар деп аталғанына назар аударды. Оғыздар IX ғасырда Жетісу арқылы Сырдариянын төменгі ағысына қоныстана бастағанда, олардың сандық және сапалық тұрғыдан құрамдары өзгеріп кетті. X ғасырдан бастап оларды араб географтары «ғұздар» деп атай бастады. Махмұд Қашқаридың еңбегінде көрсетілген 22 Оғыздар тайпалары осы бірлестікке кіргендердің бір бөлігі ғана екендерін ұмытпаған жөн. Тарихи деректер оғыз тайпаларының Учук және Бузук деп аталатын екі топқа бөлінгендерінен хабардар етеді. Каспий мен Арал теңіздерінен солтүстікке қарайғы аймақта оғыздар күшті мемлекет құрды. Алайда солтүстік шығыстан келген қыпшақтар X ғасырда оларды ығыстыра бастады. Оғыздардың біраз тайпалары Еділ өзеніне дейін барып, осында печенегтермен қақтығыса, ал екінші үлкен бөлігі Орта Азиядағы мұсылман иеліктеріне басып кіріп, Жерорта теңізіне дейін барды. Олардың 1065 жылы Дунайдан өтіп, Балкан түбегіндегі халықтарды тонап, Элладаға дейін барғандары белгі-

лі. Қазіргі Осман түріктерінің біразы солардың ұрпақтары. Бірақ олар қазір «түрік» атанып кеткен.

Ал енді түрікмендер мен оғыздардың арақатынасына келер болсақ, Бирунидің айтуынша, исламды қабылдаған оғыздардың бір бөлігі түрікмендер деп аталды. Шындығында да зерттеуші Притцак «түрікмен» атауын парсы тілінен «иманды түрік» деп аударады. Зерттеуші Агаджановтың пікірінше Орта Азияға енген оғыздар осында байырғы тұрғындармен, негізінен алғанда ірантілдес халықпен ассимилияцияға түсіп, ақырында, XI ғасырдың екінші жартысында ескі «оғыз» атауын «түрікмен» атауы біржолата ығыстырып шығарды. Әйгілі Селжүктер әулеті де осы оғыздардан тарады, және Қытайдан Египетке дейінгі ұлан-ғайыр аймақты өздеріне қаратты. Алайда «оғыз» ешбір елде сақталмай тарих қойнауына кетті. Қалай десек те оғыздардың қайшылықты тарихы ауызбірлікті сақтай алмайтын, ынтымағы жараспаған елдің бір орталыққа бағынған мемлекетке біріге алмайтынын тағы да нақты көрсетті.



## Қимақтар мемлекеті

IX – XI ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген үш мемлекеттің бірі – Қимақ қағанаты. Қимақтар туралы біраз зерттеу еңбектер (Бартольд, Көмеков, Ақынжанов, Кляшторный) жазылса да бұл мемлекет Қазақстан тарихынан нақты орын ала алмай келеді. Мұның басты себебі – мемлекетке атын берген қимақтардың өздері кімдер? – дегенге тарихнамамызда әлі де толыққанды жауап берілген жоқ. Олардың түркітілдестер екеніне күдіктеніп, бұл тайпаны моңголтілділерге жатқызуға бейім тұратын зерттеушілер де баршылық. Олардың бір бөлігі VII ғасырдан белгілі яньмо тайпасын Қимақ мемлекетінің этно-саяси негізін салушы ретінде қарастырады. Қытай жылнамалары мұндай тайпаның елеулі рөлі туралы ештеңе де айтпайды. Біздің ойымызша, бұл жерде әңгіме Сір тайпасы(қыпшақтардың бабалары) бағындырған енда тайпасы туралы болып отыр. Бұлар Телелердің жалғасы болып табылатын гаугүйлердің, онан соң олардың тайпалық одағын жалғастырған Телектердің одағында Сір-Енда (Сеяньто) деген атпен әйгілі болған еді. Бұл ұлыс сондықтан да **Сір-Енда қағанаты** деп те аталды.

Енда тайпасы сірлерге көрші және туыстас тайпа бола тұрса да 647 жылы Сір-Енда ұлысын ұйғырлар мен Таң әскерлері бірігіп талқандаған соң, сірлерден қайтадан бөлініп, батысқа Ертіс бойына көшіп кеткен деуге негіз бар. Сондықтан да деректерде енда (иенда), енді яньмо (иенмо) деп дербес көрсетіле бастады деген ойдамыз. Өйткені осы кезден бастап, шығыс түріктері қоластында қалған сірлер де ендадан бөлек жеке-дара айтылатын болды.

Тағы бір назар аударар маңызды мәселе, Ертіс бойына көшіп келген енда тайпасының осында құрыла-

тын болашақ жаңа қағанатқа атын берген имек (яньмо) тайпасымен арақатынастарына байланысты дер едік. Біздің ойымызша, енда (иенда) деп жүргеніміз, осы имек (яньмо) тайпасының өзі. В.Бартольд осы имектерді қыпшақ тайпасының бір бөлігі ретінде сипаттаған болатын. Сір-Енда ұлысы күйрегеннен кейінгі Екінші Түрік қағанатының құрылуына байланысты үдерістер, сірлердің ендалықтардан бөлініп қалулары және ендалықтардың осы тұста батысқа кетулері, сондай-ақ батыстағы ұлыстар арасында «имек» деген жаңа этнонимнің пайда болуы, ал екінші Шығыс Түрік қағанатында билеуші тайпаға айналған сірлердің бұрынғы есімдерінің ұмытылып, жаңаша қыпшақ аталулары бізді осылай айтуға итермелейді. Мұндай тұжырымды Қимақ қағанатын ұйымдастырған «жеті татарлар» туралы аңызбен екінші Түрік қағанатының ұйымдастырушысы Елтеріс Құтлық қағанның алғашқы «жеті серігі» туралы Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі деректер мазмұндарындағы ұқсастықтар да дәлелдей түседі. Қосымша айтарымыз, жаңа қағанатта өздеріне тағы да билік жасай бастаған байырғы сірлерді ұнатпағандықтан, ұйғыр оғыздары қыпшақтар («шіріген ағаштың қабығы») деп атай бастады.

Ал енді біз әңгімелеп отырған Сір-Енда ұлысының (қағанатының) өткендегі жағдайына келер болсақ, деректерде 631 жылы Сір-Ендалықтардың 70 мың түтіннен тұратындары атап көрсетіледі. Сол кездегі мемлекеттік өлшеммен қарағанда, бұл тіптен де аз емес. Алайда адам саны ауызбірлігі осал мемлекетте оны нығайтудың шешуші шарты емес. Сондықтан да 647 жылы Таң әскерлері тақ үшін тартыстардан және ашаршылықтан күйзелген бұл қағанатқа баса-көктеп кіріп, оны күйретіп жіберді. Енді бұл ұлысты Таң им-

периясы тағайындаған тұтықтар басқаратын болды. Дегенмен де қытайлықтар ықпалына түскен бұл ұлыс тайпалары Телектер одағы ретінде түріктердің тайпалық бірлестіктерімен қатар өмір сүре берді. Айта кетер бір нәрсе, осы Телектер одағы негізінде «сиыр мінген» оғыз (өгіз) тайпаларының бірлестіктерінің (Сегіз оғыздар, Тоғыз оғыздар, Үш оғыздар) құрылуларына алғашқы бастаулар қаланды.

Сонымен қатар Телек бірлестігіндегі ұйғырлар VII ғасыр басында-ақ шығыс Телек тайпаларының басын қосып, туыстас, көрші түріктердің тайпалық бірлестіктеріне қарсы әрекеттер жасай бастады. Алайда 688 жылы Шығыс Түрік қағаны Елтеріс Құтлық ұйғырларды талқандап, қағанатқа қосып алды. Ал келесі Бөгішор (Қапаған) қаған таққа отырған кезде биліктегі қыпшақтар (бұрынғы сірлер) басқалармен бірге ұйғырларды да тәуелділікте ұстады. Ұйғырлардың шығыс түріктеріне, дәлірек айтар болсақ, қыпшақтарға бағыныштылығы Бөгішордан (Қапағаннан) кейін таққа отырған Білге қағанның тұсында да жалғасты.

Бірақ Он ұйғыр руының басын құраған Яғлақар әулетінің Тоғыз оғыздарды өздеріне қаратып, 745 жылы тақты басып алуы көк түріктердің қағанатын біржолата күйретіп, оларды билеп келген Ашына әулетін тақтан тайдырып, Оғыз түркітілдестерінің біріккен Ұйғыр қағанатын құруға алып келді. Енді ұйғырларға жау бұрынғы Телектер ұлысындағы тайпалық құрылымдардың кейбірі Он ұйғыр билеген жаңа мемлекеттен қашып, бөлініп шығып, Ертіс бойына тағы да қоныс аударды.

Мұнда имек (иенда) рулары бірігіп, жалпылама қимақтар атанып, жаңа тайпалық одақты ұйыстыруға негіз қалады. Оған алғаш жеті тайпа кірді. Гардизи деген араб саяхатшысы, олардың кейбіреулерінің

түрікше атауларын адам танымастай бұрмалап жіберген. Бұлардың бәрі, бұрын түркітілдес Телек тайпалар одағында болғандар еді. О баста, түркітілдес Телек тайпалар одағына монғолтілдес Шибэйлер емес, түркітілдес Есуй татарлары (Тоғыз татарлар), яғни Ақ татарлар енгендерін ұмытпағанымыз жөн. XI ғасырда татарларды М.Қашғари сондықтан да түркі тайпаларына жатқызған болатын.

Қимақтарды тарихта елеусіз рөл атқарған, жеке ұлыстарды басқаруға ешбір мүмкіндіктері жоқ, моңғолтілдес каи, кумоси, тіптен уранкаи тайпаларымен шатастыратындар да бар. Мұның себебі – қимақтардың бабаларының о баста Орхонның төменгі ағысынан шығысқа қарайғы, яғни моңғолтілділерге жақын аймақта көшіп-қонып жүрулерінен. Кейіннен олардың монғолтілділер орналасқан шығыс Моңғолия аймақтарына емес, батысқа жылжып, Ертістің орта ағысындағы түркі тайпаларының қалың қойнауына тереңдеп енулері, олардың түркітілділер болғандарын тағы да дәлелдей түседі. 840 жылы қырғыздардың ұйғыр қағанатын талқандап жіберуі, Ертіс бойына жылжыған Сір-Ендалықтардың байырғы атамекенде Қимақ қағанатын құруларына мүмкіндік берді деп ойлаймыз. Жағдайды жеңілдете түскен басты нәрсе, ұйғырлар билігінен құтылған кейбір түркітілдес тайпалардың, әсіресе қыпшақтардың үлкен толқынының Ертіс бойына тағы да қоныс аударулары еді. Бұрын Телектердің ортасында Сір-Енда ұлысын ұйымдастырған екі тайпа – имектер (иендалар) және қыпшақтар (сірлер) жаңа қағанатты дәстүрлі түрде ұйымдастыруды қолға алды. Көрші қырғыздардың жеріне, Тоғыз оғыздар аймақтарына жасалған жорықтар өзінің жемісін берді, жаңа қағанаттың аумағы кеңи түсті. Қимақ мемлекетіне бағынатын тайпалар сандары біртіндеп 12-ге

жетті. Алайда Солтүстік Манчжурияда қидандардың Ляо атты мемлекетінің бой көтеруі және күшеюі (907–1125 жж.) Кимек мемлекетінің түбіне жетті. Көшпелілердің рулық-тайпалық қоғамы әлі де бір орталыққа бағынған, сыртқы жауға тойтарыс бере алатын, күшті мемлекет құруға дайын емес екендіктерін тағы да байқатты.



## Қыпшақтардың мемлекеттік бірлестіктері

Бүтінгі Қазақстандағы мемлекеттілік тарихын қозғағанда Қыпшақ хандығының тарихын айналып өту мүмкін емес. Қыпшақтардың бабалары V –VI ғасырлардағы теле, гаугүй, телек тайпалар бірлестіктерінде жүргенде-ақ билікке ұмтылғанын аңғаруға болады. Сір-Енда (Се-Яньто) қағанаты (ұлысы) құрылғанда, VI – VII ғасырларда қыпшақ атауы әлі де тарихқа белгісіз еді. Дегенмен де осы сір (се) тайпасын қыпшақтардың бабалары ретінде мойындайтын тарихшылар соңғы кезде көбейіп келеді (Кляшторный, Зуев, Ондасынов). Біз де осы пікірді қолдаймыз. Екі тайпаның сір және Енда тайпаларының бірігулері негізінде құрылған бұл ұлыс айтарлықтай күшті еді. Дегенмен де дәл осы Тан империясының үздіксіз қысымы Сір-Енда ұлысының түбіне жетті. Алайда бұл үдерістерге Елтеріс Құтлық қағанның (682 – 691 жж.) бастамасымен Екінші Шығыс Түрік қағанатының құрылуы кедергі жасады.

Дегенмен де Сір-Енда ұлысында бабалары билікте болған қыпшақтар саяси дәстүрді жалғастырып, бұл жаңа қағанатта да билікке қайта қол жеткізіп, жарты ғасыр бойы басқарушы тайпа ретінде мойындалды. Бұл Екінші Шығыс Түрік қағанатын алғашқы Елтеріс қағанның туған інісі Қапаған (Мочжо), және одан соң Білге қаған басқарған жылдарға сәйкес келеді және осы кезеңде қағанат аса күшті мемлекетке айналған болатын.

Алайда Телектердің тайпалық одағынан бөлініп шығып, Он ұйғыр бірлестігін біріктірген яғлақар әулетін Түркі қағанаты тағына күшпен отырғызған Тоғыз оғыздар қыпшақтарды басқарып, олардың күшімен қағанат құрған Ашына әулетін биліктен біржолата аластады. Енді ұйғырлар ең алдымен қыпшақ-

тарды қуғындай бастады. Мұның өзі оларды батысқа қашып, Ертістің орта ағысындағы бұрынғы қандастарына барып қосылуға мәжбүрледі. Мұнда қыпшақтарғана емес, ұйғырлардан қашқан басқа да тайпалардың топтаса түсуі жаңа мемлекеттік құрылымның өмірге келуіне алғышарттар жасады. О баста, күш-қуаты шамалас,жеті тайпадан құралған бұл қағанат ата-бабадан қалыптасқан саяси дәстүрді сақтап, бұрын өздерін билеген сір-ендалықтардың үлгісімен екі тайпаның – ими мен имектің төңірегіне топтасып, «Кимек» деген жалпылама атаумен аталды. Айта кеткен жөн, осы қағанатқа енген жеті тайпаның бірі – қыпшақтар бола тұрса да олар, Орхон бойындағы қыпшақтардың алғашқы кездері қоныстанған бір бөлігі ғана болғандықтан және бұл бірлестікке кірме ретінде қосылғандықтан, мемлекетке билік етуге әлі дәрменсіз еді. Ұйғыр қағанатының билікке келуі ғана емес, 840 жылы оларды қырғыздардың талқандап жіберуі де мемлекет билігінен мүлде айырылған қыпшақтардың әлі шығыста қалған негізгі бөлігінің, Орхон бойынан Ертіске қоныстануының жаңа толқындарын туғызды.

Біздің ойымызша, шығыстан қыпшақтардың үлкен бөлігінің көшіп келулері және олардан бұрын Сір-Ендаға бағынған түркітілдес татарлардың өздерін басқарған шадтың (әскери қолбасшының) соңынан ілесіп осында қоныстануы, бұған дейін Тан империясына бағынып келген тұтықтар басқаратын бұл аймақта жаңа егеменді мемлекеттік құрылымды негіздеуге жағдайлар жасады. Жаңа саяси жүйе бұрынғы Сір-Енда қағанатының және одан кейін қыпшақтар билеген Екінші Шығыс Түрік қағанатының мемлекеттік құрылымын басшылыққа алды. Мұны Кимек мемлекетінің қалай құрылғанын баяндайтын аңызды Екінші Шығыс Түрік қағанатын құрған Елтеріс Құтлық қағанға қатысты

деректермен салыстыра қарастырсақ, айқын байқаймыз. Аңызда татар билеушісі өлген соң оның екі ұлының билікке таласқандары, Шад есімді кішісінің осы жолда ағасына қастандық жасап, бірақ оны өлтіре алмаған соң өзімен бірге күнін алып, басқа жақтағы орман-тоғайды жарып ағатын үлкен өзен бойына қашып кеткені айтылады. Аң аулап, күн көріп жүрген оларға бірде бұрынғы туыстарынан жеті жігіттер (Ими, Имек, Татар, Қыпшақ, Ланиказ, Аджлад) келіп жолығып, осында қыстап, ақыры жау шауып, қансыратып кеткен өздерінің бұрынғы туыстарының қалдықтарын осында көшіріп алады. (Бұл аңыздың толығырақ нұсқалары В. Бартольдта және Ю.Зуевте келтірілген).

Ал енді Елтеріс Құтлықтың қыпшақтар билеген Екінші Шығыс Түрік қағанатын қалай құрғаны Түйұқұқтың (Тонықөктің) кешеніндегі мәтінде былай баяндалады: «». Келтірілген екі деректің өзара сәйкестігі, көзге ұрып тұрған жоқ па? Бұл әрине тіптен де кездейсоқ емес. Деректердің бірін-бірі қайталайтын себептері осы үш қағанатта да, (Сір-Енда қағанатын қосып есептегенде) татарлар мен қыпшақтардың шешуші рөл атқаруларынан деп ойлаймыз. Рас, қолда бар деректер Кимек қағанатын ими және имек атты екі туыстас тайпалар ұйымдастырғанын айтады. Көріп отырмыз, тіптен мемлекет құру мәселесінде де кимектік қос тайпа бұрынғы Сір-Енда қағанатын құрған екі тайпаның және Екінші Шығыс Түрік қағанатында үстемдік жасаған оғыздар мен қыпшақтардың біріккен тәжірбиелерін басшылыққа алған. Осы айтылғандар Кимек қағанатын ешкімге қатысы жоқ, дербес саяси құрылым ретінде қарастыруға болмайтындығын, шын мәнінде бұл қағанаттың өзінің бабалары басқарған бұрынғы Сір-Енда және Екінші Шығыс Түрік қағанатының жаңа жағдайдағы саяси жалғасы болып табылатынын айқын аңғартады.

Мұны осы Кимек қағанатын құрған тайпалардың аталған бұрынғы екі қағанат құрамында да жетекші орын алулары дәлелдей түседі. Рас, алғашқы Сір-Енда қағанатында жоғарыда атап кеткеніміздей, қыпшақтар, сірлер деген атпен әйгілі болды. Ал, енді Екінші Шығыс Түрік қағанатында олардың ұнатпай, қыпшақ (ағаштың қабығы) атандырған олардың жауы ұйғыр-оғыздар еді. Алайда қыпшақтар кимектердің одағына сіңісіп кете алған жоқ. Бұрынғы қағанаттар тұсында айтарлықтай ықпалды болып, билік жасаған тайпалық бірлестіктің басқаға бас ие қоюы екіталай еді. Сондықтан да Сір-Ендаңы билеп-төстеген және одан амалсыз бөліне көшкен қыпшақтардың алғашқы легінің өзі арада жүзжылдан соң, VIII ғасырдың соңына қарай кимектерден бөлініп, батысқа қарай жылжи бастады. Алайда олар әлі де екі жүз жылдай Кимек конфедерациясына тәуелді болып қала берді. Мұның басты себебі – қыпшақтардың өздерінің құрамының этно-саяси тұрғыдан ала-құла болуынан еді. Саяси тұрғыдан бұл бірлестіктің осындай осалдықтары қыпшақтардың бір орталыққа бағынған мықты мемлекет құруларына кедергі келтірді. Сондықтанда, тарих – қыпшақ хандығын басқарған мықты мемлекеттік қайраткерлер есімдерін атап бере алмай отыр. Десек те, XI ғасыр басында Кимек конфедерациясындағы әскери-саяси билік қыпшақ рубасыларының қолдарына көшті. Мұның өзі негізінен алғанда, қазіргі Қазақстан аумағында қыпшақ этникалық қауымдастығын қалыптастырды. Олар орналасқан өңір бұрын «Оғыздар даласы» аталған болса, енді «Қыпшақтар даласы» аталды. Қыпшақтардың өздерімен бірге түркітілдес әртүрлі тайпаларды ілестіріп келуі және олардың жергілікті автохтонды тайпалармен ассимиляцияға түсулері Орталық және Батыс Қазақстан аймағындағы этноәлеуметтік жағдайды адам танымастай өзгертіп жібер-

ді. Осындағы аорстар ұрпақтары, аландардың негізгі бөліктері енді батысқа қарай ығысып, олардың кейбір руларының үстіне қыпшақтармен бірге келген бұрын шығыста байырқу, байси, беріш тәрізді тайпалық одақтар құрамында болған тайпалар орналасып, болашақ Алаш қауымдастығының негізін қалауға атсалысқан Алшын тайпалық бірлестігінің этно-әлеуметтік негізderінің бірі «Бай» тармағының жаңа тұрпатта бірігуіне ықпал жасады. Осыған дейін оғыздардың жетекші тайпаларының бірі қыныктармен ассимиляцияға түскен дайлар (адайлардың бабалары) енді қыпшақтана бастады. Қыпшақтардың Каспий және Арал аймағынан байырғы қаңлылардың(нүшбелердің) үстіне қоныстанған оғыздарды тықсырып шығарулары осында қара түргеш руларының (төртқара, қарасақал, қаракесек тайпаларының бабаларының), және байырғы чумугендердің (шөмекейлер бабаларының) қыпшақтану үдерістерін күшейте түсті. Осылайша қыпшақ тайпалары болашақ Алаш қауымдастығын қалыптастыру ісінде шешуші рөл атқарды. Осы бағыттағы түркітілдестердің қыпшақ конфедерациясы төңірегіне этникалық топтасу әрекеттерін XIII ғасырда жаңадан құрылған мемлекеттік бірлестік – Жошы ұлысы жалғастырды.

## Қарахан мемлекеті

Ортағасырларда қазіргі Қазақстан аумағының үлкен бөлігі Қарахан мемлекетінің шығыс аймақтары құрамына енген болатын. Алғашқы кезде бұл мемлекетке Шығыс Түрікстанның бір бөлігі, Испиджаб (Сайрам) өңіріне дейінгі Жетісу жерлері қарады. Шын мәнінде бұл бұрынғы Қарлық мемлекетінің аймағы еді. Мемлекеттің этникалық құрамы да бұрынғыша қалып, мұнда яғма, қарлық, шігіл, дулат, қаңлы тәрізді түркітілдес

тайпалар шешуші рөл атқарды. М.Қашқари XI ғасырда яғма, тұхси және шігіл тайпаларын Іле өзені аңғарына орналастырады. Яғни бұлар қарлықтардан билікті басып алу үшін батысқа қарай жылжыған.



*Сатұқ Боғра хан*

В.Бартольд Қарахандардың билікке келулерін 940 жылдан бастайды. Алайда Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы ***Сатұқ Боғра (Бура) хан*** Абд ал-Керім (943 – 955 жж.) шын мәнінде Қарлұқтар тұсында, IX ғасырда Қарахандар әулетінің басында тұрған Білге-Күл-Қадырханның ұрпағы еді. Мұның өзі Қарахан мемлекетінің Қарлық қағанатына этно-саяси тұрғыдан мұрагер болып табылатынын аңғартады. Дей тұрсақ та төңкерістің аты – төңкеріс. Енді мемлекеттегі үкіметті билеушілер негізінен алғанда қарлұқтардан емес, яғма мен шығыл тайпаларынан шыққандардан тағайындалатын болды. Алғашқысынан хан болғандар, Яғманың тотемі Бураны өздерінің есімдеріне тіркеп көрсетсе, ал Шығылдың ықпалындағы билеушілер тайпа тотемі Арыстанның атымен «Арыслан хан» атанды. Со-

нымен бірге Шығылдар ханы (Арыслан хандар) «Ұлы хан» мәртебесінде болып, ал Ягма билеушілері «Кіші хан» лауазымын пайдаланды. Осының өзі нушебилерден (қаңлылардан) бөлініп, шығылдарға (дулулардың бір бөлігіне) көрші қоныстанған ягмалардың алғашқыларға бағынышты жағдайда болғанын аңғартады.

Мәселені осы тұрғыдан қарастырар болсақ, Қарахан әулетінің басындағы жоғарыда аталған Білге-Күл Қадырхан (IX ғ.) және одан кейінгі Базыр-Арыслан хан (X ғ.), Оғұлшақ-Қадыр хан (X ғ.) тәрізді билеушілердің Қарлұқтар билігі тұсында да билікке ықпалы зор болған шығыл тайпасының өкілдері екендерін байқар едік. Мұның себебі Шығылдар бірлестігі шын мәнінде бұрыннан жергілікті дулу (X ғасырдан бастап дулат) одағына кіретін Шу руларын, яғни бұрынғы қара түргештерді біріктірген болатын. Бұлар кезінде сары түргештерден (сары үйсіндерден) тақты тартып алып, билікке келді. Алайда 766 жылдан бастап, қарлұқтардың күшеюі жағдайды қиындатты. Қуғындаудан қашқан шығылдардың бір бөлігі Турфанға қоныс аударып, осындағы қарлықтардың ата жаулары – ұйғырларға бағынды. Олар жаңа жерде «дулулар» немесе «қара түргештер» атауларынан айрылып, *шығыл* атанды. Оларға «шығыл», «шығу» атауы Қарлық қағанатынан қашып шыққандықтан таңылды деп ойлаймыз. Осы аймақта шығылдар үлкен және кіші шығылдарға бөлініп, ягмалармен, шумугендермен (шөмекейлердің баларымен), байырғы йоабан тайпаларының қалдықтарымен (албандар мен суандардың бабаларымен), қырғыздармен қатар көшіп-қонып жүрді. Олардың солтүстіктегі көршілері қыпшақтардың бір бұтағына жататын кимектер еді.

Ежелден аңдысқан қарлықтардың өзара алауыздықтан әлсіреген сәтін пайдаланған шығылдар олардың

байырғы қарсыластары яғмалардың қолдауларымен атамекенге, Жетісу өңіріне қайта оралды. Жолшы-бай оларға кезінде Қарлық одағына күшпен біріккен тоқсылар қосылды. Осылайша Жетісуда шын мәнінде шығылдардың ұйымдастыруларымен, қара түргештер (дулулар) билігі қайта орнады. Дегенмен де тақ шығыл және яғма тайпалары қолдаған қаралар әулетінің қолында болды. Бұрын қарлұқтарға бағынған тайпалардың бәрі енді осылардың аузына қарады, айтқандарымен жүрді. Нәтижесінде биліктен біртіндеп ығыстырылған қарлықтардың үлкен бөлігі Жетісудың солтүстік аймақтарына қарай ығыса бастады. Қойлық деген астанасын төңіректеген олар, осында болашақ арғын тайпалық бірлестігінің негізін қалады.

Ал енді мемлекетті алғаш билеуші Сатұқ-Боғра (Бура) хан неге Қарахан деп аталды, және оның ізбасарлары неге Қарахандар әулетіне жатты? – дегенге тоқталар болсақ, түркі қағандарының Ашына әулетіне жатпайтындар билікке аса ықпалды жергілікті тайпалар одағы қара түргештердің ізбасарлары Жетісуда болуға күш салды. Сондықтан кейіннен билікке келген қидандар да бірде қара қидандар аталса, бірде қарақытайлар аталып кетті. Қарахан мемлекетін нығайта түскен рухани фактор – басқарушы әулеттің 955 жылы ислам дінін қабылдауы болды. Көп кешікпейақ олардың ізін ала арада бес жылдан соң ислам дінін осындағы 200 000 киіз үй (түтін) қабылдады. Осылайша ислам бұл мемлекетте шын мәнінде ресми дінге және мемлекеттік идеологияға айналды. Алайда біртұтас Қарахан мемлекеті 1032 жылға дейін ғана өмір сүре алды. Оның Сатұқ-Боғра ханнан кейінгі алты билеушілерінің есімдері тарихи деректерден жақсы белгілі. Атап айтар болсақ, олар Байтас–Мұса-Боғра хан, Әли абу-Хасан, Ахмед (Тоған), Мансұр, Тоған

хан, Жүсіп Қадыр хан. Мемлекеттік мәселені шешуге келгенде өзара текетірестерге ұрынған билеушілер қырғи-қабақ қатынастарға ұрынып, ақыры 1042 жылы екіге – Шығыс Қарахан және Батыс Қарахан мемлекеттеріне бөлініп тынды.



*Хасан Богра хан*

Шу өзенінен шығысқа қарайғы Жетісу аймақтары, және Такламақан көліне дейінгі кең өлке, оңтүстікте Ферғана аймағын қоса алғанда, Шығыс Қарахан мемлекетінің жерлерін құрады. Алайда түркілердегі қалыптасқан мемлекет басқару жүйесіне сәйкес, Шығыс Қарахан мемлекетінің өзі іштей екі бөлікті құрады. Оның шығыс бөлігін, бұрынғы біртұтас Қарахан мемлекетінің соңғы билеушісі Жүсіп Қадырханның ұлы Сүлеймен ибн Жүсіп Арыслан хан басқарды (1032 –1056 жж.). «Арыслан хан» лауазымын иемденгеніне қарағанда ол, шығылдар тайпасының өкілі болса керек. Бұл бөліктің астанасы – Баласағұн болды. Ал Шығыс қарахандарының батыс бөлігін Жүсіп Қадыр

ханның келесі ұлы Мұхаммед ибн Жүсіп Боғра хан биледі. Оның осында «Боғра хан» лауазымын пайдалануы, бұл аймақта яғма тайпасының аса ықпалды болғанынан болса керек. Ол алғаш Таразды астана еткен болса, кейінірек бұл өңірде шығылдардың ықпалының арта түсуіне байланысты астананы Қашқарға көшіруге мәжбүр болды.

Сырдан (Сейхуннан) Әмудариядан (Жейхуннан) дейінгі байырғы Мауереннахрдың үлкен бөлігі Батыс Қарахан мемлекетінің аймағын құрады. Бұл мемлекетте іштей екі бөлікке бөлініп, оның шығысында Ибрагим ибн Наср Арыслан хан билік жасаса, ал батысында Мұхаммед ибн Наср Боғра хан хандық құрды. Алғашқысының орталығы Самарханд болса, ал екіншісінің бас қаласы Бұқара болды. Бұл екі ханның екеуі де ағайынды, X ғасыр соңында Мауереннахрды бағындыруға басшылық жасаған Наср ибн Әлидің ұлдары болатын. Әкеден қалған үстемдікті пайдаланған олар, Мауереннахр өңірін Шығыс Қарахан мемлекетінен оқшаулай түсті. Шығыс Қарахан мемлекетін билеушілер де екі мемлекетті біріктіру жолында шешуші әрекеттерге бара қойған жоқ. XI ғасыр ортасынан бастап, тақ үшін күрестің өршіп кетуі шығыстықтардың бұл мәселемен айналысуларына қатты қол байлау болды. Тек 1074 жылы ***Хасан Табғаш Боғра*** хан (кейбір деректерде-Харун Боғра хан) таққа отырған соң ғана Шығыс Қарахан мемлекетіндегі алауыздық тоқтатылды. Бұл ханның тұсында мемлекетте мәдениетті, рухани өмірді жандандыруға байланысты ірі жұмыстар жасалды. Ғалымдар мен ақындар ханның тікелей қамқорлығын айқын сезінді. Басқасын былай қойғанда, Жүсіп Баласағұнның қазір дүниежүзіне белгілі «Құтадғу білік» поэмасының Хасан Табғаш Боғра ханға арналуының өзі біраз нәрсені аңғартады. 1102 жылы қайтыс болған оның орнына баласы Ахмед


ибн Хасан қосымша Ахмед Арыслан хан деген атпен таққа отырып, 1128 жылға дейін ел биледі. Оның әкесі мемлекетте яғма тайпасының ықпалы күшейген тұста хандыққа қол жеткізіп, «Боғра» титулын ұстанса, ал енді Ахмед Арыслан ханның тұсында шығыл тайпасы қолдағандар мемлекет саясатын белгілейтін күшке айналды және Ахмед «Арыслан хан» деген лауазыммен ел басқарды. Алайда оның билігі 1125 жылы тұйыққа тірелді. Осы жылы Шығыс Қарахан мемлекеті аймағына шығыстан қарақытайлар (қара қидандар) баса-көктеп кірді. Бұлар Маньчжурия өңірінен шығып Елюй Даши деген ханзаданың басшылығымен шығыста манчжуртілдестердің Ляо мемлекеті деп аталатын қуатты империясын құрған тайпалар бірлестіктері еді. Алғаш 1128 жылы Ахмед Арыслан Қара хан оларды жеңіліске ұшыратты. Алайда жергілікті қаңлылар мен қыпшақтардан әскер жасақтаған қарақытайлар 1130 жылы Жетісудың көп бөлігін және Баласағұнды басып алып, шын мәнінде Шығыс Қарахан мемлекетінің дербес өмір сүруіне нүкте қойды. Қарақытайлар мұнымен де шектеле қойған жоқ, олар Батыс қарахандарына да қайта-қайта жорықтар ұйымдастырып, ақыры 1141 жылы Батыс Қарахан мемлекетін де жаулап алды. Алайда мұнда ескеретін бір нәрсе, өздері түркітілдестерге жатпайтын аз санды моңғол тайпалары болғандықтан қарақытайлар Қарахан мемлекеттерінің үлкен аймақтарына биліктер жүргізе алмады. Сондықтан да олар билеушілерді бұрынғыша, Қарахандар әулетінен қойды. Дегенмен де бұл әулет енді жатжерліктер қолындағы қуыршақ хандардың рөлін атқарды. Осылайша, ежелгі қазақ тарихы елде ауызбірлік болмаған жерде, саяси биліктен айрылып, жатжерліктерге жем болуға жол ашылатынын тағы да дәлелдеп берді.

## Жалайыр Ордалары

Тарихи деректерге үңіле түссек, бүгінде егеменді мемлекет құрып отырған қазақ халқын құраған көп тайпаның бірі болып табылатын жалайырлардың X ғасырда-ақ дербес ұлыс құрап, ел болуға талпынғандарын аңғарар едік. Ол тұста олар қазіргі Байкөлдің оңтүстік шығысында, әйгілі Керулен өзенінің бойын жайлап жатты. Олардың осындағы алғашқы ұлысы әр қайсысы мың үйді құрайтын 70 күреннен (аймақтан), яғни 70 мың түтіннен тұрды. Оңтүстікте қытайлықтар жақын болғандықтан, жалайырлар олармен ылғи да текетірес өмір сүрді. Солтүстік шығыстағы олардың көршілері моңғолтілдестердің бабалары Шибей татарлары (Отыз татарлар) еді. Өздерінің негіздерін дәрлікен (төрелекүн) тайпасы құрағандықтан және моңғол тілдестермен көрші болғандықтан да жалайырлар ол заманда моғол-дәрлікендер деген атпен мәлім болды. Рашид-ад Дин келтірген, Әбілғазы нақтылай түскен көне шежіре бойынша әйгілі Оғыз хан – Дәрлікеннің сегізінші атасы болса, ал Түрік он алтыншы атасы болып табылады. Сонымен бірге осы Дәрлікен – Нүкіздің (Нүкістің) баласы. Ал Нүкіз болса, темір қорытып күн көрген және Ергенеконнан бірге шыққан, моңғолдардың атасы Қиятпен туыс болып келеді. Қият атақты Елханның кіші баласы болса, ал, Нүкіз Елханның інісінің баласы. О бастан, түркітілдес жалайырларды моңғолдарға жақындатып келген міне, осы шежіре.

Сонымен қатар байырғы қазақ шежіресінде жалайырдың меркі деген атпен әйгілі екендігін де ұмытуға болмайды. Мұның өзі олардың оңтүстік батысында керейттермен көршілес болуларынан. Ежелгі меркіттердің алғаш Керейт ұлысында болғандары белгілі. X ғасырда қытайлар қуып шыққан жалайырлар солтүс-

тік-шығысқа қарай ойысып, Онон өзені аңғарына қоныстанып, моңғолдарға жақындай түсті. Ал XI ғасыр соңында олар, моңғол тарихының білгірі З.Қинаятұлы атап көрсеткендей, тіптен моңғолдарға кіріптар болды. Тегінде, бұл – жалайырлардың меркіт оғыздарынан шығысқа қарай біржолата бөліне көшіп, жалайыр атанатын тұсы.



XI – XIII ғасырлар аралығында Жалайыр ұлысына он мықты тайпа бірікті. Атап айтар болсақ бұлар – жат, тоқырауын, оят, төленгіт, торы, санғұт, құрықан, қанқауыт, нілқан, құмсауыт. Аталғандар, бабалары бұрын Теле тайпалық одағы негізінде құрылған қыпшақтар мен қимақтардың арғы бабалары негіздеген Сір-Енда қағанатында (VI – VII ғғ.), Тоғыз оғыздардың Ұйғыр қағанатында (VIII – IX ғғ.), қидандардың Ляо мемлекетінде (X – XII ғғ.) мемлекеттік жүйені қалыптастыруға атсалысқандар, яғни мемлекет құру тәжірбиесінен хабарлары бар тайпалар еді. Осы орайда қазақстандық зерттеуші Ю.Зуевтің Ұйғыр қағанатын құрған басты әулеттік тайпа "*йаглақарды*" "*йалайыр*" атауынан шығаратыны да назар аудартады. Егер мұны зерттеушілер жеріне жеткізіп дәлелдей алса, Ұйғыр мемлекетін билеген әулеттің жалайырлардан шыққаны айқындалар еді. Сонымен қатар жоғарыда аталғандар араларында төленгіттердің де *доланге* деген атпен Ұйғыр қағанатында елеулі рөл атқарғаны белгілі. Ал, төленгітіміз – алғаш ежелгі жалайырлардың мықты он тайпасының бірі болғандығын айтып кеттік.



*Шыңғыс хан*



*Шағатай хан*

Алайда алғашқы Жалайыр Ордасы моңғолдардан бәрібір дербестік ала алмады. Бұған басты себеп – жалайырлардың моңғолдарға тәуелді «Ұнаған бол» тобындағы тайпалар бірлестігін құрауы ғана емес, сонымен бірге олардың өзара құдандалы жегжаттық қатынастарының да өрістеп кетулері еді. Рас, ***Шыңғыс хан*** жалайырларға ерекше құрметпен қарады. ***Шағатайға*** Шыңғыс хан бөлген 4 мың әскердің 2 мыңын жалайырлар құрады. Оларды кейіннен Шағатай ханға кеңесші болған Мүке жалайыр ноян басқарды. Шыңғыс ханның «төрт бөрісінің» бірі атанған Мұқали болса, қытайдың 72 қамалын бағындырды және өмірінің соңына дейін сонда билеуші болып қалды.

Алайда, дәл осы Шыңғыс ханның мемлекеттік жүйесінде жалайырларды қасақана бөлшектеу де өзінің қайшылықты жемісін берді: және ежелгі жалайырларды құраған тайпалар енді дербес тайпаларға айналды немесе моңғолдарға қосылып кетті. Шыңғыс хан әдетте, өзіне жау тайпаларды моңғол жанұяларына құл ретінде таратып, үлкен руларды осылайша бір күнде-ақ із-түзсіз жоқ қылып жіберсе, ал өзіне адал түркі тайпаларын әртүрлі бағытта жорыққа аттанған әскерлерге қосып, бөлшектеп жіберетін еді. Бұл билікті қолда ұстаған моңғол тайпаларынан басқалардың күшейіп кетулеріне жол бермеу үшін жасалатын саясат еді. Бұдан жалайырлар да құтыла алған жоқ.

Осы кезең тарихын алғаш зерттеген М.Тыныш-баев Шыңғыс ханның билігі тұсында жалайырлардың төртке бөлініп кеткендерін атап көрсеткен еді. Олардың бір бөлігі Моңғолия мен Қытайда қалған болса, екіншілері – Жошының балаларына ілесіп, Шу өзенінің орта ағысына қоныстанып, Шуманақ аталды. Ал жалайырлардың үшінші тобы Шыршық және Ангрен аңғарларына қоныстанып, Жалайыр Ордасын құрды.

Бұл жалайырлардың дербес ұлыс құру жолындағы екінші талпыныстары еді және бұл жалайырлар тарихта Сырманақ деген қосалқы атпен де белгілі. Жалайырларға «манақ» (бақылаушы) лауазымын Кебек ханның реформасын жүзеге асыру барысында моңғол билеушілері беріп, оларды өздерінің мемлекеттік жүйелерінде Шуды бақылаушы (Шуманақ) және Сырды бақылаушы (Сырманақ) ретінде пайдаланды. Жалайырлардың келесі төртінші тобы Хулағу ханға ілесіп, Персияға өтіп кетті.

Парсы жеріне жорықпен барған жалайырлар осында, Иран мен Ирак аймағында 1336 – 1411 жылдар аралығында Жалайыр елхандары мемлекетін биледі. Жалайырлар алғаш өздерін осында бастап келген Хулағу ханның әулетіне бағынып, олардың тағын қорғады. Хулағулық моңғол әулеті – билікте жалайырлардың қолдауларына сүйенгендіктен де кезінде Моңғол үстіртінде монғолтілдестер мен түркітілдестерді бір ұлысқа біріктіріп, билік жасаған Елханның (ол туралы жоғарыда айтып кеттік) есімін пір тұтып, Иран мен Ирактың тағында отырғандарды «елхандар» деп атады. Алайда осындағы Шыңғыс әулетінің билікке таласқан бітіспес жанжалдары жалайырларды шаршатты. Сондықтан да жалайырлар өздерінің көсемі Хасан Бұзырық жалайырдың (ұлы шейх Хасан Жалайридың) бастауымен 1336 жылы Жалайырлар мемлекетін құрды. Хулағулар әулетіне күйеу болуы оның билікке келуін едәуір жеңілдете түсті. Өзі басып алған Бағдадта таққа отырған ол, жалайырларды билікке жаппай тартты. Ол 1356 жылы қайтыс болып, Наджаф қаласында жерленген соң таққа оның баласы Сұлтан Уәйіс отырды. Әкесінің саясатын ұстанған ол, Жалайырлар мемлекетін гүлдендіріп, оған Әзірбайжанды қосып алып, астанасын Тебриз қаласына көшірді. Осы тұста Орта

Азиядан 200 мыңдай түркілер жанұялары Әзірбайжанға көшірілді. Олардың арасында жалайырлар да аз емес еді. 1375 жылы Сұлтан Уәйіс белгісіз аурудан небәрі 38 жасында қайтыс болды. Тебриз маңындағы оның қабірі күні бүгінге дейін сақталған. Иран-Ирак елхандығының тағына, енді оның екінші ұлы Сұлтан Құсайын отырды (1375 – 1382 жж.). Ол – мемлекет басқаруда бейбіт саясат жүргізіп, елді тыныштандырумен көзге түсті. Ол тіптен өзіне жаулықпен қарсы көтерілген аймақтар мен қалалардағы бүлікшілерге де кешіріммен қарады. Шығыстан басып кірген түрікмендермен де бейбіт келісімге келе алды. өкінішке орай 1382 жылы дұшпандарының сөзіне ілескен өзінің бауыры Сұлтан Ахмет Жалайырдың қолынан қаза тапты.

Мұндай көргенсіздікті бұрынғы Сұлтан Құсайынның серіктері қолдай қойған жоқ. Ол билікте болған жылдары (1382 –1411) оның өміріне үздіксіз қауіп төнумен болды. Ақыры, Сұлтан Құсайыннның ұзақ жылдар бойы сенімді серігі болған жалайыр әскерлерінің бас қолбасшысы Әділ Аға Сұлтан Ахметке қарсы оның ағасы Сұлтан Баязидті елхан етіп таққа отырғызды. Алайда түрікмендердің көмегімен Сұлтан Құсайын жалайыр өзінің бауырын жақтаушыларды қанға бояп қырып салды. Иран мен Иракта жалайыр елхандары билік жүргізген заман аса қайшылықты дүрбелеңдерге толы болды. Сондықтанда бұл кезеңде прогресс пен регресс құбылыстары қатар бой көтерді. Бір өкініштісі тарихи оқиғалардың ізін ала жазылған шығармаларда (Рашид ад-Дин, Жувейни және т.б.) Иран мен Ирактағы жалайырлар моңғолдар ретінде сипатталса, ал Р.Клавиходан бастап, парсы тарихшылары оларды парсыларға жатқызып жіберді. Қазақстан тарихын қайта жазуда, мұндай қателіктер түзетілуі тиіс.



*Әмір Темір*

Ал енді Мауереннахрда тұрақтап қалған жалайырлардың кейінгі тағдырларына тоқталар болсақ, Жалайыр Ордасы (Сырманақтар) Ақсақ Темір өрлеген жылдары оны қолдауға мәжбүр болды. Бұл тұстағы олардың көсемі Ел Бахрам Жалайыр атты тарихи тұлға еді. Алайда ол ***Әмір Темірдің*** бұйрықтарын мүлтіксіз орындауға аса құлықты бола қойған жоқ. Бұған себеп жалайырлардың өз ішінде жүзбасы Тезекіші Жалайыр бастаған күштердің Әмір Темірдің басқыншы саясатына наразы болулары еді. Сондықтан да 1370 жылы, жалайырлар Әмір Темірдің Моғолстанға қарсы жорығы кезінде өздеріне туыстас осындағы жалайырлар мен дулаттардың жағына шығып кетті. Осы үшін Әмір Темір оларды аяусыз жазалап, ыдыратып жіберді. Осындай зобаланда Әмір Баязит бастаған Ходженд аймағындағы жалайырлардың бір бөлігі Хорасанға қоныс аударды. Дегенмен де күштің тең еместігін байқаған Мауереннахр жалайырының билеушісі Ел Бахрам Жалайыр – Әмір Темірге ашық қарсы шыға қойған жоқ. Ол өлген соң, Әмір Темір Жалайыр елін басқаруды сондықтан да оның ұлы Әділ Шахқа тапсырды.

Алайда жалайыр Әділ Шах та әкесі тәрізді Моғолстандағы өздерінің қандастарының қанын төгуге іштей қарсы болды. Мұны ескере қоймаған Әмір Темір Жалайыр Ордасының және оларды қолдайтын қыпшақтардың күшімен Моғолстанға жаңа жорық жасамақ болды. 1376 жылы оның талап етуімен жалайыр Әділ Шах пен қыпшақ Сары Бұғы басқа әмірлермен бірге 30 мың қолды бастап, Моғолстандағы дулаттардың әмірі Камар-ад-Динге қарсы аттануға мәжбүр болды. Олардың жасағына Әмір Темірдің баласы Жиһангер басшылық жасады. Алайда Әмір Темірдің өзі Хорезмге жорыққа аттанып кеткендіктен, Әділ Шах пен Сары Бұғы өздеріне бауырлас дулаттармен және осындағы қандас жалайырлармен соғысудан бас тартып, керісінше Әмір Темірдің астанасы – Самарқандқа шабуыл жасады. Алайда онда тойтарыс алған олар, амалсыздан Камар-ад-Дин дулатқа барып қосылды. Бұл жағымсыз хабарды естіп жорықтан жедел оралған Әмір Темір енді жалайыр Әділ Шах пен қыпшақ Сары Бұғының соңына түсті. Алғаш Камар-ад-Динді талқандаған ол, Әділ Шах жалайырды Қаратау бауырайында қолға түсіріп, өлтірді. Ол енді жалайырларды аяусыз қудалап, Жалайырлар Ордасының шаңырағын біржолата ортасына түсірді. Соңдарына түскен Әмір Темірдің жазалаушы жасақтарынан бас сауғалаған жалайырлар жан-жаққа бытырай қашып, тоз-тоз болып, тарап кетті.

Дегенмен де талай зобаланды бастан кешірген Мауереннахр жалайырлары өздерінің орныққан қоныстарынан алысқа ұзай қойған жоқ. Әйгілі «Бабырнамада» Сейіт Қасым жалайыр мен Хасан Әли Құсайын жалайыр бастаған жалайырлардың 1504 жылы Бабыр ханның иеліктерін Шайбани ханның әскерлерінен қорғағандары айтылады. Бабырға соңына дейін

адал болып қалған олар, арада үш жылдан соң Үндістанда, Ұлы Моғол мемлекетін құруға атсалысты.

Алайда, сандаған ғасырлар бойы дербес, әлеуметтік теңдікке негізделген тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылған жалайырлардың армандары олар даңқты жорықтармен шиырлап, қарудың күшімен даңқын асырған басқа елдерде емес, бүтінгі тәуелсіз Қазақстанда ғана жүзеге асты. Қазір олар қазақ деген – ұлы халықтың ажырамас этникалық бөлігі.

## Жетісудағы қарақытайлар (Батыс Ляо) хандығы

Қазақ жеріндегі мемлекет тарихын әңгімелегенде, Жетісудағы қарақытайлар мемлекетін назардан тыс қалдыруға болмайды. Кезінде бабаларымыздың жатжұртқа тәуелділікті бастан кешіргенін ешкімнен жасыра алмаймыз. Алайда мәселенің байыбына бару үшін қарақытайлардың (қарақидандардың) кім екендігіне тоқтала кетуге тура келеді. «Қарақытай» атауы тарихи деректерде VIII ғасырдан бастап кездесе бастады. Бұрын қидан атанған бұл халық батысқа жылжып, түркілер аймағын жаулай бастағанда қарақытай атанды.

В.Бартольд зерттеушілердің бір тобының бұларды тұңғыстардан шыққан халық деп көрсетсе, екіншілерінің оларды моңғолдарға жатқызатынын айтқан еді. Ал Л.Гумилев қарақытайларды моңғолтілдес тайпалардың оңтүстік шығыстағы *сәнби* тармағының ұрпақтары ретінде көрсеткен болатын. Қалай десек те, о баста, Манчжуриянын оңтүстігін мекендеген және X ғасырдың басында Солтүстік қытайды жаулап алып, осында өздерінің көсемдері Елюй Амбағанның бастауымен 916 жылы билік басындағылардың Ляо әуле-

тін негіздеген бұл халық түркітілдестердің ата жауларының бірі болатын. Бұл туралы түркілердің Орхон бойындағы ескерткіштерінде де айтылады.




960 жылдан бастап Қытайдың оңтүстігінде билікке келген Сун әулетінің билеушілері қидандарды (бұл кезде олар әлі қарақидандар немесе қарақытайлар атана қойған жоқ еді) солтүстіктен ығыстырып шығара алған жоқ. XI ғасырдың алғашқы ширегінде олар мұсылман елдері аймақтарына да жорықтар ұйымдастырып, Баласағұнға бағыт ұстады. Бірақ оларға қарсы қорғанысты ұйымдастыра білген Қарахан мемлекетінің Илек ханы оларға қатты тойтарыс беріп, кейін қуып тастады. Алайда 1125 жылдан бастап күшейе түскен тұңғыстілдес чжурчжендер (шүршіттердің бабалары) оларды Қытайдан ғана емес, бүкіл Шығыс Азия аймағынан аластап батысқа ығыстырды. Дегенмен де олардың үлкен бөлігі бәрібір қытайда қалып қойды. Бұлар кейіннен Шыңғыс хан келген кезде

қайта күшейіп, осында орныға түсті. Осылайша Солтүстік Қытайдағы қидандар (қытайлар) осы этнонимді бүкіл Қытай аймағына таратып жіберді. Батысқа бағыт ұстаған қидандар өздерінің мемлекеттерін Батыс Ляо мемлекеті деп атады. 1128 жылы олар Қашғар қаласын басып алуға әрекет жасады. Бірақ Арыслан хан Ахмед Хасанның әскерлері оларды күйрете жеңді. Қидандардың екінші бір үлкен бөлігі Солтүстіктегі өздері Моңғолиядан ығыстырып шығарған Енесай қырғыздарына жорықтар жасады. Алайда бұл бағытта да олар айтарлықтай табыстарға жете алмай, оңтүстік батыс бағытына бұрылып, қазіргі Чугучактың аймағында Эміл қаласын негіздеді. Осы маңнан олар Жетісу аймағына оқтын-оқтын жорықтар ұйымдастырып, алғаш Баласағұнды басып алды, онан соң біртіндеп Қашғар мен Хотанды жаулады.



*Елюй Даши*

Ендігі кезекте қарақытайлар өздерінің көсемдері ***Елюй Дашидің*** бастауымен Батыс Қарахан мемлекетіне бағынатын Мауереннахр аймағына басып кірді. Өзіне төнген қаһарлы қауіптен қорғана алмаған Хорезм мемлекетінің билеушісі, Атсыз басқыншылармен амалсыз келіссөз жүргізіп, оларға жыл сайын

көлемді салық төлеп тұратын болды. Шығыс Қарахан мемлекеті аймағындағы түркі тайпаларынан аса қуатты әскер жасақтаған қидандарды жергілікті халық қарақытайлар деп атады. 1137 жылы олар Мауереннахрда, Ходженд қаласы түбінде болған шайқаста Самарқандтың ханы қарахандық билеуші Махмұдты, ал 1141 жылы қыркүйекте осы аймақты тітіренткен атақты қолбасы, Селжұқ мемлекетінің билеушісі, Санжар сұлтанның және оған барып қосылған Махмұд ханның әскерлерін Катван даласында (Самарқандтың солтүстігінде) күйретіп жіберді. Басқа амалдары қалмаған Санжар мен Махмұд ұрыс даласын тастап, қашуға мәжбүр болды. Мауереннахрдағы билікке қол жеткізген қарақытайлар осындағы оғыз тайпаларын қуғындап, оларды Балх аймағына түре қуды. Алайда бұл аймақты билейтін Санжар сұлтан қашып келгендерді қолдаудың орнына жаулықпен қарсы алды. Ол 1153 жылы қалың қолмен оғұз-түрікмендеріне жорыққа аттанып, оңбай жеңіледі. Орта Азия түріктері арасындағы осындай ішкі алауыздықтар қарақытайлықтарға батыстан төнетін қауіпті мүлде сейілтіп, олардың Жетісу аймағында орныға түсуіне жағдайлар туғызды. XI ғасырда М.Қашқари олардың «өз алдына тілі, жазуы бар ел» екендігін және түркі тілін толық меңгере қоймағандарын атап көрсеткен еді. Дегенмен де олардың түркітілдестерге айтарлықтай ұзақ уақыт билік жасауы қарақытайлардың шығыста, Солтүстік Қытайды жаулаған кездерінде-ақ түркі тілдестермен тығыз қарам-қатынаста болғандарын байқатады. Бұл заманда олардың батыстағы көршілері кейінгі уақ тайпаларының бабалары Шато түріктері еді. Солай бола тұрса да қарақытайлар этникалық тұрғыдан мүлде басқа халық болғандықтан, жергілікті түркі халықтарының саяси, әлеуметтік және рухани өмірлеріне

елеулі өзгерістер енгізе алған жоқ. Олардың тілін де, дінін де, салт-дәстүрлерін де, тіптен киім-кешектерін де жергілікті халық қабылдай қоймады. Керісінше, Жетісуға орныққан қарақытайлардың өздері қысқа мерзімде түркілене бастады.

Әскери монархияға негізделген қарақытайлардың мемлекеттік тұрғыдағы шешімдерінің орындалуы жергілікті тайпа көсемдерінің ұстанымдарына тікелей тәуелді болды және оларды жатжерліктерге қарсы топтастыра түсті. Мұның өзі Жетісуда бұрыннан қалыптасқан діни сенімдердің, әсіресе ислам дінінің кеңінен тарала түсуіне мүмкіндіктер аша түсті. Мәселені байыбына барып зерттеген В.Бартольд осы тұста қарақытайлар мемлекетінің солтүстіктегі Енесай қырғыздары аймағынан оңтүстіктегі Балхқа дейін, ал батыста Хорезмнен шығыстағы ұйғырлар еліне дейін созылып жатқандығын атап көрсеткен еді. Бұл мемлекеттің билеушісі *гурхан* (хандардың ханы) лауазымымен ел басқарды. Шу бойындағы Баласағұнда орныққан гурхан билікті вассалдық жүйе бойынша жергілікті рубасылар қолдарында қалдырды. Бұрынғы қарахандық билеушілер тақтарынан түсе қойған жоқ, алайда енді бұл әулеттен хан болғандар, гурханның қолындағы «қуыршақ» хандар рөлін атқарды. Осы айтылғандарды түсініктірек ете түсетін Л.Гумилевтің мынадай айқын пікірі: «ең алдымен Қидан мемлекеті қағанаттар дәстүрін жалғастыра берді немесе жалғастыра түсуге тырысты деген ойдан бастарту керек. Тұрпайы тайпалық одақтан Қидан әскери-демократиялық мемлекет болмай, феодалдық империя болған». Қарахандардан билікті тартып алған қидандар осы ұстанымдарынан көп айни қойған жоқ. Сандаған ғасырлар бойы түркі қағанаттарының ел басқару принциптері рухында тәрбиеленген халық қидандардың мемлекетті басқа-

ру жүйесін қабылдай қойған жоқ. Сондықтан да бұл мемлекеттің билігі өздерінің саясатын қарахандық билеушілер арқылы жүргізуге мәжбүр болды. Алайда Санжар сұлтанның өлуіне байланысты Селжұқ мемлекетінің біржолата күйреуі, осы аймақта Хорезм мемлекетінің күшеюіне жол ашты. Оның билеушісі Хорезм Мұхаммед шах 1210 жылы қарақытайларды жеңіліске ұшыратып, Мауереннахрға толық үстемдік жасай бастады. Енді қарақытайлықтардың жергілікті түркілерге ықпалдары айтарлықтай әлсірей түсті.



*Найман ханзадасы Күшлік*

Қарақытайлардың Жетісудағы билігі осында ханзада ***Күшлік*** бастаған Шыңғыс ханнан жеңілген наймандар келген соң тіптен тарыла түсті. Енді олар түркілердің салт-дәстүрлерін және киім-кешектерін қабылдай бастады. Күшлік – қарақытай гурханы әулетінен билікті 1211 жылы тартып алды. Тарихи деректер оның о баста, христиан дінін ұстанғанын, онан соң будда сеніміне кіргендігін және алғашқы кезде гурханға қарсы мұсылмандарды қолдағанымен, кейіннен исламға қарсы болып, ашықтан-ашық діндарларды қудалау саясатын жүргізгенін айтады. Бұл тұрғыдан алғанда өзі түркітілдес бола тұрса да оның Жетісу жә-

не Қашғар мұсылмандары арасындағы ұнамсыз әрекеті халықтың наразылығын туғызды.

Тарихи деректер Қарақытайлар мемлекетін билеген гурхандар туралы жұпыны болса да мәліметтер сақтап қалған. Оларды В.Бартольд өзінің зерттеулерінде келтірген болатын. Ол бойынша Гурхан өлген соң билікті қолында ұстап қалған оның жесірі 1150 жылға дейін, оның баласы 1163 жылға дейін, оның қызы 1178 жылға дейін, оның немересі 1211 жылға дейін, яғни билік Күшлік ханзаданың қолына көшкенге дейін, ел басқарғанын байқаймыз. Қалай десек те қарақытайлар мемлекетін Елюйлар әулетінен шыққандар негіздеді және биледі. Зерттеуші Р.Н.Безертинов осы әулеттен шығып ел басқарған қарақытай гурхандарының есімдерін және ел басқарған жылдарын нақты көрсетеді. Ол бойынша Батыс Ляо мемлекетін негіздеуші, Елюй Даши 1125 – 1143 жылдары қарақытайларға билік жасаған болса, Табуян 1143 – 1150 жылдары, Елюй Иле 1150 – 1163 жылдары, Бусуған 1163–1169 жылдары, ал Елюй Чжилугу 1169 – 1213 жылдары билікте болды. Өкінішке орай, бұлардың алғашқысынан басқалары туралы жазбаша деректер жоқтың қасы. Қорыта келгенде мынаны ескергеніміз жөн: жатжұрттық қидандардың Жетісудағы билігі түркі халқының өзара ішкі алауыздығының тікелей салдары. Бұдан біз әрқашан тағылым алуға тиіспіз.

## Керейт (керейлер) хандығы

Қазақ мемлекеттілігі туралы айтқанда Керейт хандығы туралы үндемей кету – тарихымызды жартыкеш баяндауға алып келеді. Батыс Моңғолия аймағында құрылған бұл мемлекетті әлі күнге дейін қазақ тарихына кіргізбей жүрген тарихшылар

бар. Әдетте, Керейлер мен керейттердің қазақ халқын құраған тайпалар екендігін мойындаймыз да, ал олардың байырғы Батыс Моңғолия аймағында өмірге келген алғашқы мемлекетін мойындамаймыз. Нағыз парадокс осы емес пе? Бұл мәселе, қытай деректерімен белсенді жұмыс жасаған Нығмет Мыңжанның зерттеулерінде біраз қарастырылған. Ол бойынша Керей мемлекеттігінің бастауын Жоңғария аймағындағы бұрынғы Теле тайпалар одағына жатқан шеп, сеп, байлау, қойлау тәрізді түркітілдес тайпалар негіздеген. Бұлар негізінен Түргештер (Сары үйсіндер) ұлысымен бірге Батыс Түрік қағанаты тұсында-ақ Бес Түрік дулу бірлестігі құрамына кірген, Шу өзенінен шығысқа қарайғы аймақтарды мекендейтін түркілер еді. Сары керейден тарайтын Абақ керейдің рулық таңбасының Сары үйсіндермен (түргештермен) бірдей болып келетіні осындай туыстыққа байланысты.

Әбілғазыда Қара деген кісінің балаларынан тарағандар ретінде көрсетілетін керейлердің бабалары кезінде Жетісудағы Он ок ұлысын билеген Ашына қара ябғудың қарауындағы шеп-шад тайпалық одағынан бастау алған. Бұл тайпалық бірлестік көрші Түргештермен бірге Бес Түрік дулу одағына мүше еді. Осы шеп тайпасынан кейінгі керейлерді билейтін хандар әулеті шықты. Ал, Ашына Қара кім еді? – дегенге тоқталар болсақ, ол Істеми Қағанның жүрежаты еді. Сондықтан да Түрік қаған оны Талас өңіріндегі тайпаларға яғбу етіп тағайындады. Осы тұста оны шеп, шад, шөмекен, баб, қарлық, нүшбе тәрізді арыстар белсенді қолдады. Қытай патшасы Қара басқаратын аймақты ықпалынан шығармау үшін осында 649 жылы бірнеше тұтықтарға бағынатын дуандар құрды. Енді бұрынғы Қара ұлысы – Қара дуаны деп аталатын болды. Деген-

мен де қытай патшасы Қараға сенімсіздікпен қарап, оның көзін біржолата жоймақ болды. Қытайлықтар мен ұйғырлардың біріккен жорықтарына төтеп бере алмаған қарақытай патшасына бас иіп, сонда, жатжерде 659 жылы қайтыс болды да, ол билеген Он оқ елі қожырап кетті.

Қытайлықтар Қарадан қалған аймақта тағы да әкімшілік реформа жүргізіп, онда 2 басқақтыққа бағынатын 8 тұтықтық құрды. Осы тұста шеп, шимойын және қойлау тәрізді үлкен рулар Жетісудан шығысқа ойысты. Мұнда олар Телектердің Сір-Ендағанатының қиранды орнындағы тайпаларды біріктірген Тоғыз оғыздарға қосылды. IX ғасырда Ұйғыр қағанаты күйреген соң бұрынғы Қара ұлысының ру-тайпалары керейт (қаралар) ұлысына бірікті. Грумм-Гржимайло IX ғасыр басында Халха өңірінде Монғол, Керейт, Тайджут және Татар атауларымен аталатын жаңа ұлыстардың пайда болғандарын атап көрсетеді. Рашид ад-Динде керейттердің жайлау-қыстаулары нақты айтылады. Белгілі қазақстандық зерттеуші З.Қинаятұлы XI ғасырда керейттердің батысында наймандар, солтүстігінде меркіттер, оңтүстігінде ежелгі моңғолдар, шығысында Танғұттың Ся мемлекеті көрші орналасқанын жазған болатын. Өкінішке орай Керейт ұлысын нығайтуға ат салыскан тарихи тұлғалар есімдері бізге жете қойған жоқ. Ал енді тарихи деректерде Керейт хандығының алғашқы қайраткері ретінде XI ғасыр соңында және XII ғасыр басында ел билеген Маркұз Бұйрық хан аталады. Оның билігі тұсында керейттер мен моңғол тайпалары арасында жақындасу орын алды. Алайда керейттер бұл заманда шығыстағы түркітілдес татарлармен жаулық қатынаста болып, олармен жиі қақтығыстарға барды.

Дербестікке ұмтылған керейттер оңтүстіктегі қауіпті көршісі Алтын патшалығымен (Қытаймен) де тату тұра алмады. Рухани тұрғыдан алғанда Маркұз Бұйрықтың керейттерді христиан дінінің неохристиандық сеніміне кіргізгені белгілі. Деректер мұны былай түсіндіреді: ауыр жорықтардың бірінен қалжырай қайтып келе жатқан Маркұз басқарған керейттер қолы шөл далада адасып кетеді. Осындайда оның көзіне бір бейне елес беріп, оны дұрыс бағытқа бағдарлап жібереді. Осылайша керейттер шөл даланың ортасындағы шұрайлы суатқа кез болады. Осыны пайдаланған Мервтегі (кейінгі Түркменстандағы) христиан дінін уағыздаушылар осы әңгімені естіген бетте Маркұзға жаушы аттандырып, шөл далада оның көзіне елестеп, оған дұрыс бағыт сілтеген Сергий әулие екендігін, сондықтан да Маркұздың христиандықты қабылдауы қажеттігін ескертеді. Бұған сенген Маркұз халқын неосториандық сенімге кіргізіп, өзі жаңа Марк есімін қабылдайды. Керейттердің жаңа христиандық діни ұстанымы көршілері татарларға да, қытайлықтарға да ұнамады. 1147 жылы керейттер Цзинь әулеті басқаратын империямен келісім жасаса да, екі арада тығыз ынтымақтастық орныға қойған жоқ.

Осындайда аз ғана жасақпен аң аулауға шыққан Маркұз Бұйрық ханды татарлар тірідей қолға түсіріп, Цзинь императорына жөнелтті. Император өзінің жауын, Керейт ханын Иса пайғамбар тәрізді кергі ағашқа шегелеп өлтірді. Керейттердің келесі ханы – Маркұз Бұйрықтың ұлы Құржақұр туралы мандымды тарихи деректер жоқтың қасы. Тегінде бұл заман Шығыстағы манчжур (моңғол) тілдес Қидандар империясының қоластына бағынуға мәжбүр болған кезеңдерге сәйкес келеді. Олардың Моңғолия аймағын ғана бағындырып қоймай, Жетісуға дейін барып, осында-

ғы Қарахан мемлекетін күйреткендері, тарихтан жақсы белгілі. Сондықтан да керейттер бұл тұста еңсе көтеріп, іргелі елге айнала алған жоқ. Құржақұр қайтыс болған соң артында қалған бес ұл Керейт ұлысын бөліске алмай, өзара араздасты. Билік үшін жанжал үлкен ұл Тұғырыл мен екінші ұл Еркекараның арасында өрбіді. Соғыста алғашқысы жеңіске жетті. Еркекара болса көрші наймандарға қашып кетіп, олардан қолдау тапты. Билікке қол жеткізу арманы көкейін тескен Еркекара ақыры көрші наймандардың көмегімен ағасынан тақты тартып алды. Барар жер, басар тауы қалмаған Тұғырыл солтүстіктегі көршісі моңғол Өтеке Құршы Бұйрықты паналады, және соның көмегімен керейттер тағына қайта отырды. Осыдан бастап керейттер мен моңғолдар анда (айырылмас достар) болуға серттеседі.

Алайда, Керейт хандығының тағына талас тоқтамай қойды. Енді Тұғрылдың әкесінің туған інісі Гүрхан өзіне қашып келген Еркекараны қолдап, Тұғрылға қарсы өзін жақтайтын рулардан (тегінде қидандардан) әскер жинап, Харун Қыпшал деген жерде қанды шайқас болды. Мұнда жеңіліске ұшыраған Тұғырұл тағы да амалсыздан моңғолдарды паналады. Бұл кезде моңғолдарда болашақ Шыңғыс ханның әкесі Есугей баһадұр аса ықпалды еді. Ол Тұғырылды қолдап, Тула орманында ақсарыбас атап, онымен анда (айнымас дос) болды. Оның қолдауымен Тұғырыл тағы да жеңіске жетіп, осы шайқас кезінде Еркекара өлді. Тұғырыл тағыда Керейттерге хан болды. Тұғырыл ханның билігі тұсында керейттер әскери тәртіпке негізделген хандық құрылыстың алғашқы сатысына аяқ басып, тәуелсіз ел болуға аршынды талпыныстар жасады. Қытайды билеген Цзинь әулетімен бейбіт қатынасты орнықтырып, алым-салықты оларға уақтылы төлеп

тұрғандықтан Тұғырылға олар «Ван хан» («Ұлыс ханы») лауазымын да берген еді.

Тұғырылды Есугей баһадүрдың баласы Темучин де қолдап, оны өзінің әкесіндей құрметтеді. Мұның өзі Тұғырылды асқақтата түсті. Алайда манчжурлық Цзинь патшасы билеген қытайлықтарды керейттердің моңғолдармен жақындасулары қанағаттандыра қойған жоқ. Олар осы аймақта мекендейтін көшпелілерді өзара қағыстыру саясатын жүргізді. Осындай текетірестерде көшпелілер арасында Темучин үстем түсті. Әртүрлі себептермен онымен қарым-қатынастарын шиленістіріп алған Ван-хан – Наймандар еліне қашып, сонда өлтірілді. Ал оның елінің бір бөлігі 1203 жылы Темучин талқандаған соң, моңғолдардан батысқа қашқан меркіттерге ілесіп, Ертіс арқылы Қыпшақ даласына кетті. Олар керейт атауын бірнеше ғасырлар бойы сақтап, ақыры Кіші жүздің жетіруы құрамына кірген кейінгі керейт тайпасының негізін қалады. Ал моңғолдарға бас иген керейттер болса Шыңғысхан атанған Темучиннің батысты жаулау жорықтарына белсенді қатысып, аман қалғандары кейіннен қайта топтасып, моңғолдар таңған байырғы «керейт» атауынан арылып, «керей» деген жаңа этниммен қазақтың Орта жүзіне енген арыстар қатарынан орын алды. Айта кетер бір нәрсе, моңғолдарға бағыныштылыққа түсу – керейлердің тайпалық құрылымына адам танымастай өзгерістер алып келді. Шыңғыс хан өзіне ашық қарсыласқан керейт руларын моңғолдардың жанұяларына құл және күң ретінде бөлшектеп, таратып жіберді. Оның осылайша үлкен тайпалардың өзін бір күнде жойып жіберетіні бар еді. Кейінгі қазақ керейлері мен керейттері сондықтанда жаңа рулық құрылымдар негізінде Алаш қауымдастығы аясында қалыптаса бастады.

## Жошы ұлысы – Алшын және Қыпшақ қауымдастығын ұйыстырушы

Алшындардың қазіргі Батыс Қазақстан өңірінде ежелгі сармат, дай, аорс, алан, қаңлы, оғыз бірлестіктерінде ежелден орныққан автохтонды рулық қауымдастықтарының үстіне шығыстағы Байырқу конфедерациясынан шыққан оғыз-түріктердің бір бөлігінің, және қыпшақтармен ілесіп келген рулар мен тайпалардың қоныстанулары жаңа этно-әлеуметтік ынтымақтасуларға жол ашты. Олардың бір аймаққа тоғысып, бір қауымдастыққа ұмтылған этно-саяси әрекеттерін Жошы ұлысының құрылуы біршама жеделдетіп жіберді. Сондықтан да мемлекетіміздің тарихын әңгімелегенде Жошы ұлысын айналып кете алмаймыз. Бұл тақырыпта зерттеулер жүргізгендер баршылық, Алайда қазақ тарихшыларынан мәселені саяси тұрғыдан нақтылауда Т.Сұлтанов пен З.Қинаятұлының монографиялары ғана ерекшелене алады. Бұл зерттеушілер, әсіресе Шыңғыс хан мен Жошының қазақ мемлекеттілігі тарихындағы орнын айқындауда қыруар жұмыстар тындырды.



*Жошы хан*

Жошы есімінін «жолшы, жолаушы» деген мағынаны аңғартатынын зерттеушілер бірауыздан мойындайды. Шығу тегі моңғол емес, меркіт деген дерекке сенетіндер, шын мәнінде Жошының өзінің ғана емес, балаларының да Моңғол мемлекетін (Түрік қағанатын емес) нығайту үшін күрескендерін ұмыта береді. Қалай болғанда да ол осы империяның басында тұрған Шыңғыс ханға өле-өлгенше адал ұл болып қалды. Ол әкесінің барлық тапсырмаларын белсенді орындап, оның барлық жорықтарына қатысты. Қазіргі қазақ жеріне моңғол әскерлері тұңғыш рет Жошы ханзаданың бастауымен 1216 жылы басып кірді. Олар өздерінің ата жауларына айналған түркітілдес меркіттерді Ырғыз өзеніне дейін қуып келіп, түгін қалдырмай жамсатып қырып салды. Осыдан соң болашақ Алаш қауымдастығына белсенді мүше болуға әбден лайықты атақты Меркіт ұлысы тарих сахнасынан мүлде кетіп, ақырында кейінгі қазақ керейлері құрамында шағын ру түрінде жан бағып қалды. Өзге діндегілермен жәбірлеуді ұнататын Мұхаммед Хорезм шах Жошыны осында қуып жетіп, соғысуға мәжбүрледі. Қырғын соғыста Жошының өзі асқан ерліктің үлгісін көрсетті. Ол жаудың ту көтерушісіне бұза-жарып өтіп, талайдың басын алған қайқы қылышымен Мұхаммедтің өзінің қорғана көтерген қалқанына үш қайтара қуатты соққылар берді. Осы үрейлі көрініс, шахтың мәңгі есінде қалып, оны өмір бойы қалтыратты және ақыры қатардағы сұрқия қашқынға айналдырды. Шыңғысхан болса баласының ерлігіне аса сүйсініп, оны марапатай қолпаштады. Осылайша Жошы «Қыпшақ даласын» билеуге өзінің әбден лайық екендігін әкесіне алғаш рет іс жүзінде аңғартты.

Жошының басқыншылық келбеті оның Сыр бойындағы қалаларды бағындыру жорықтарында айқын кө-

рініс берді. 1218 жылы бағындырылған Отырар жері арқылы ол, қаңлылар мен қыпшақтар аралас қоныстанған Сығанақ қаласына келіп жетті. Өзінің нөкерлері арасынан мұсылман Хасан қажыны «маған келіп бағынсын» деген тапсырмамен қала тұрғындарына жіберді. Ерлікпен қорғансақ, жан қалады деп ойлаған тұрғындар Хасан қажының берілу туралы ақылын тыңдамай, оның өзін өлтіріп тастады. Мұны естіп қаһарына мінген Жошы қалаға шабуылды бастады. Тәжірбиелі моңғолдар қалаға бір сағатта-ақ басып кірді. Елшісінің кегін алған Жошы он мың мұсылманды баудай түсіріп, қырып салды, және қалаға билеуші етіп, Хасан қажының баласын қойды. Келесі қала Үзкентте жағдай басқаша болды. Қала тұрғындары Жошы ханзаданы үлкен құрметпен, мол сый-сияпатпен қошеметтеп қарсы алды. Бұл Жошыға өте ұнады. Ол тұрғындарға да, олардың меншіктеріне де мүлде тиген жоқ. Аснаш қамалында да жағдай қайғылы аяқталды. Тұрғындар Жошымен соғысу үшін сыртқа белсеніп шықты. Алайда моңғол әскерлері оларды тамтығын қалдырмай қырып салды, ал қаланы жермен-жексен етіп тонады. Мұны естіп көрші Жент қаласының билеушісі бас сауғалап, Хорезмге қашып кетті. Жошы болса, тағы да өзінің Жантемір деген нөкерін қалаға елші етіп жіберді. Женттіктер де оны өлтірмек болды. Алайда елші ебін тауып, құтылып кетті. Жошы осыдан соң қамалды қоршап, күшпен басып алды. Осыдан соң ол өзінің елшісін өлтірмек болғандарды қырып салды. Жошының қаталдығы басқа бауырларымен бірге Хорезм мемлекетінің бас қаласы Үргенішті алғанда тағы да көрініс берді. Олар оны бағындырған соң, сан мыңдаған тұрғындарды аяусыз жер жастандырды. Ал қаланы түгін қалдырмай тонауға бұйрық берді.

Осыдан соң Жошы әскерлерімен әкесінің тапсырмасымен Қыпшақ даласына кетті. Мұнда ол жаңа ұлысты негіздеуді қолға алды. Жошы ұлысы «Бағынбағанның басы алынады, бағынғанның арманы орындалады» деген ұстанымды басшылыққа алды. Бұл жаңа ұлыста да бұрынғы Қыпшақ конфедерациясы тұсында шағын қауымдастықтарға біріккен ру-тайпалар этно-саяси дербестіктерін сақтап қала берді. Дін, тіл, әдет-ғұрып бостандығы салтанат құрды. Шыңғыс ханның «Жасағын» (Яссасын) және «Білігін» мойындаған, қажет кезде даруғаларға бағынып, Жошыға әскер жинап беретін және белгіленген салықты уақтылы төлейтін кез келген рубасысы өзінің тайпалық аймағында еркін үстемдік жасады. Мұның өзі бұрынғы автохтонды тайпалар мен моңғолдар қуалап әкелген шығыстағы түркілер қауымдастығын Қыпшақ даласына тығыз топтастыра түсті. Географиялық тұрғыдан бұл ұлысқа Батыс Сібірдің оңтүстігі, Төменгі Еділ аймағы, бүкіл шығыс Дешті Қыпшақ жері қарады. Мұнда қыпшақтар, алтындар, жаппастар, байбақтылар, алашалар, кердерілер, табындар мен тамалар, адайлар, беріштер, хазарлар мен бұлғарлар, саксиндар мен аландар, астар мен аорыстар қатар мекендеп жатты. Бұлардың біразы Батыс Қазақстан аймағында біржолата орнықты және болашақ Алаш қауымдастығының қалыптасуына этно-әлеуметтік негіздер жасады. Осы Ұлы далада жоғарыда атап көрсеткеніміздей, моңғолдардың еркінен тыс, әсіресе, болашақ алты алаш бірлестігінің бір бөлігін құрайтын тайпалардың Алшын бірлестігі мен Қыпшақ қауымдастығын біріктіретін тайпалар одағы этно-саяси тұрғыдан жақындаса түсті және өздерінің түпкі тамырлары тереңнен бастау алатын қандас туыстар екендіктерін саналы түрде түйсіне бастады. Әрине алты алаштың біржолата біртұтас этноқауым ретінде

қалыптасуы Жошы ұлысының шығыс бөлігінде оның үлкен ұлы Еженнің Ақ Орданы этно-саяси тұрғыдан нығайта түсуі барысында кейінірек, XIV – XV ғасырларда орын алды. Алты Алашта құрауға атсалысқан жалайыр, найман, қаракесек (арғын), қоңырат алғаш шағатай ұлысы құрамында болып, кейінірек Батуханның батысқа жорығы барысында Түркістаннан Қыпшақ даласына қарай жылжыды. Қазақ тарихы үшін Жошы ұлысының біріктіруші құдіретінің және оның жапандағы Қыпшақ даласында өмір сүруінің басты тарихи маңызы осында. Оны негіздеуші тарихи тұлға қанішер немесе қатыгез басқыншы болған болар? Онда біздің жұмысымыз жоқ. Мәселенің құндылығы осы тарихи тұлға ұйымдастырған мемлекеттің болашақ қазақ деген халықтың тағдырында жағымды рөл атқарғанында болып отыр.

В.Бартольд Жошыға әкесінің «моңғол атының тұяғы жеткенге дейінгі» шалғай жерлерді ұсынуын моңғолдарда қалыптасқан дәстүрмен түсіндіреді. Ол бойынша әке үлкен ұлдарына қамқорлықты көзі тірі кезінде жасауы тиіс болды. Үлкен ұлға неғұрлым алысырақ, «үлкен үйден» қашықтау аймақ бөлініп берілді. Әдетте әке шаңырағы кіші ұлға тиесілі еді. Десек те, Шыңғыс ханның өзінің тұңғыш баласының иелігіне «Қыпшақ даласын» қашан бергені туралы зерттеушілер әртүрлі әңгімелейді. Оларды сараптай келгенде мынаны айтуға болады: Жошыны әкесі 1221 жылы-ақ осы аймақты билеуге жіберді. Алайда оның еншісі (ұлысы) 1223 жылдың басында біржолата нақтыланды. Сонымен бірге Жошыны Шыңғыс ханға қарсы қоюға әрекеттеніп жүргендердің «зерттеулерінің» де негізсіз екенін айтпауға болмас. Қамшының сабындай қысқа өмірінде Жошы әке құзырына мүлтіксіз бас иіп ғана қоймай, өзінің Ежен, Бату, Шайбан тәріз-

ді даңқты ұлдарын да Шыңғыс аманатын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеп кетті. «Чингизнамеде» жазылғандай, өзінен жарты жылдай бұрын дүниеден өткен Жошының бәйбішеден туған екі ұлының (Ежен мен Батудың) өзінің көз алдында әкеден қалған тақ-қа таласудың орнына, оны бір-біріне итеріп ұсынған адамгершілік қасиеттеріне босаған Шыңғыс ханның өзі Жошыны алғыс сезіммен есіне алып, егілген еді. Әке рухына адал олар, аталары Шыңғыс ханның көш-пелілердің бір орталыққа бағынатын мемлекет құру идеясына да беріле қызмет жасады.

Негізінен өзінің нағашылары болып есептелетін көшпелі түркілерге арқа сүйеген Жошы өзінің орда-сын да солардың қалың ортасына, Ұлытау маңына ор-наластырды. Оның Ежен мен Батудың күшімен тұр-ғызылған қабірі де осы аймақта орналасқан. Арқа тө-сін сүйікті атамекенге айналдырған Жошы осы өңірде өсіп-өнді, бұрын жауласқан тайпалар арасында бейбіт те, мамыражай өмірді орнықтырды. Ал оның қатал-дығы сол замандағы көшпелілердің жауды аямайтын жауынгерлігінен туындады. Қалай десек те, Жошы ұлысы қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы үлкен бетбұрыс болғанын есте ұстауға тиіспіз. Осындай мемлекеттік құрылымдар бүгінгі тәуелсіз де айшықты Қазақстанға берік саяси бастау, алғашқы арайлы ал-тын сокпақ болды.

## Найман хандығы

Тарихқа Найман хандығы деген атпен X ғасырда мәлім болған мемлекеттік бірлестік бабаларымыздың дербес ел болу жолындағы жанқиярлық күрестерінің елеулі белесі. Бұл хандық құрылардан бұрын оны құ-раған ру-тайпалар әртүрлі кезеңдерден өтті. Найман-

дардың арғы бабалары IV – V ғасырларда байырғы хұндардың ұрпақтары болып табылатын Теле тайпалық одақтары құрамында көшіп-қонып жүрді. Ал VII ғасырда олар, қыпшақтардың байырғы бабалары үстемдік жасаған Сір-Енда (Сеянто) хандығына бағынды. Бұл хандық күйреген соң, VIII ғасыр басында 17 тайпаны біріктірген Байырқу конфедерациясына кіріп, осында Сегіз оғыздар бірлестігін түзеді. Байырқу конфедерациясы тарихымызда айтылмай келе жатқан маңызды мәселенің бірі. Бұл мемлекеттік құрылым туралы алғаш рет түркітанушы ғалымдар М.Жолдасбекұлы мен С.Қаржаубайұлы нақты жазған болатын.

Түркітілдестердің біріккен (Ұйғыр) қағанаты негізделген соң Турайын қаған мемлекет құрылымын жасақтағанда 749 – 750 жылдары Аз-байырқуларды екіге бөліп, түркі дәстүрі бойынша екі қанатқа орналастырды. Керейттердің бабалары Тоғыз оғыздар төлес-қанатқа, ал Наймандардың бабалары Сегіз оғыздар тардұш-қанатқа жатты. Сегіз оғыздар одағының өзі, о баста, ұйғырлардың ықпалымен күшейе түскен Тоғыз оғыздар бірлестігінен қорғану үшін пайда болған еді. Ұйғырлардан бұрын түркітілдестерді бір мемлекетке біріктірген және бұрын Сірлер атанған Түрік-Қыпшақтар билеген Екінші Түркі қағанаты байырқулардың қарауындағы аталған оғыздар бірлестіктерін өзіне күшпен қосып алды. Дегенмен де Екінші Түрік қағанатының қиранды орнында жоғарыда айтылған түркітілдестердің жаңа біріккен (Ұйғыр) қағанатының орнауы Сегіз оғыздарды тағы да, осы мемлекетке тәуелділікке түсірді.

Сегіз оғыздар VIII ғасырдың орта шенінде Ханғайдан батысқа қарай Тарбағатай тау сілемдеріне дейінгі кең-байтақ аймақты мекендеп жатты. Тибеттіктер олардың атауларына тілдері келмей, оларды керейт-

термен бірге «Цзу-бу» тайпалары деп те атады. 947 жылы шығыстағы монғолтілдес қидандар кезінде Ұйғыр қағанатын күйреткен қырғыздарды Моңғолия аймағынан ығыстырып, Тарбағатайға дейін қуып, осында өздерінің Ляо деп аталатын қуатты жаңа мемлекетін құрды. Міне дәл осы кезде құнды тарихи дерек «Ляо-шидің» беттерінде «Найман» атауы тұңғыш рет пайда болды. Қидандар осы атауды осындағы Сегіз оғыз тайпаларына таратып жіберді. Тарихи деректерде «Найман» моңғолдың «сегіз» деген сан есімді сөзі екендігін алғаш рет араб ғалымы Жувейнидің жазғаны белгілі. Ал, Жамал Қаршы болса, кейініректе Түркістанды билеген Найман ханзадасын Әл-Күшлік ас-Сегіз деп атаған еді. Ортағасырлардағы тарихшы Шарафаддин наймандарды «сегіздер», «сегізман» деп жазған болатын. Мұның өзі X – XIV ғасырлар аралығында «сегіз» атауының «найман» этнонимінің синонимі ретінде қатарласа қолданылып келгендігін дәлелдей түседі.

Рашид ад-Дин бұларда о бастан-ақ күшті мемлекеттің құрылғанын атап көрсеткен еді. Шындығында да Найман конфедерациясы VIII ғ. орта кезінен бастап Ертістің жоғарғы ағысы мен Орхон өзенінің аралығын мекендеген түркі тілдес «сегіз оғыз» тайпалары мекендейтін аймакта құрылды. Кейіннен бұл одаққа қосылған тайпалар сандары көбейіп, он екіге жетті. Атауы моңғолша болғанымен зерттеушілердің көпшілігі наймандарды түркітілдес тайпалар ретінде сипаттайды. Расында да, наймандардың бабалары о бастан-ақ, түркітілдестер ортасында қалыптасты. «Сегіз оғыздардың» батыс жағында Ертістің орта және төменгі ағыстарын қаңлылар мен қыпшақтар мекендесе, солтүстігіндегі көршілері Енисей қырғыздары болды. «Сегіз оғыздардың» шығысында керейлер көшіп-қо-

нып жүрді, ал оңтүстікте олар Орта Азияның көптеген түркітілдес тайпаларымен көрші болды.

X ғ. бастап қидандарға бағынған наймандардың мемлекеттік бірлестігі екі үлкен тайпалар бірлестігінен құралды. Найман хандығын белгілі бір рудың өкілі болып табылатын хан басқарды. Әрбір тайпаны біріктірген ұлыстық бірлестіктер ондық негізде әскери жүйемен сарбаздар жасағын жасақтады. Мемлекеттегі іс ұйғыр жазуымен жүргізілді. Тарихи деректер олардың VIII – IX ғасырларда-ақ айтарлықтай сауатты болғандарынан хабардар етеді. Олар алғаш барлық түркітілдестер тәрізді Орхон жазуын пайдаланса, ал кейіннен Оғыз бірлестіктеріне ұйғырлар үстемдігі орнаған тұста көне ұйғыр жазуын қолданатын болды. Осы жазу мәселесіне байланысты моңғолдардың әйгілі дерегі «Алтан-тобчида» және көне қытай дерегі «Юан-шиде» мынадай әңгіме айтылады: Шыңғыс хан наймандарды талқандаған тұста, олардың ханы Таянның бас уәзірі, қазынашысы және хатшысы Тататонға амалсыздан моңғолдар қолына тұтқынға түсіп қалады. Шыңғыс ханның төңірегі одан екі маңызды нәрсені үйренеді. Олар: мемлекеттік маңызды құжаттарды мөрмен бекітіп отыру және ұйғыр жазуын оқып-білу.

Рухани жағынан алғанда наймандар XI ғ. бас кезіне дейін христиан дінінің несториандық бағытын ұстанды. Тарихи деректерді талдай түссек, олар бұл дінді көршілері керейттерден қабылдағанын аңғарар едік. Бұл діннің сол тұста шамандыққа қарағанда халықты топтастырушы идеологиялық ықпалының үстем болғандығы байқалады. Нақтырақ айтар болсақ, мұның өзі шын мәнінде болашақ Найман хандығының ұйысуына рухани алғышарттар әзірледі. Наймандардың біраз уақыт Қидан империясы қоластында болулары саяси жағынан оларды топтастыра түсті. Олар

манчжуртілдес қидандарға карсы үздіксіз бас көтеру барысында бірігіп ғана қоймай, сонымен қатар жаулаарынан мемлекеттік жүйені қалай қалыптастырып, қалай басқару керектігін де үйренді. Қидандар болса, өз кезегінде мұндай тәжірбиені өздері билеп отырған қытайлықтардан қабылдаған еді. 1125 жылы Қидандар мемлекетін чжурчжендердің (шүршіттердің бабаларының) талқандауы наймандардың тәуелсіздік алуларына жол ашты.

Зерттеушілер тәуелсіз Найман мемлекетінің құрылуын 1143 жылдан, яғни Инанш Білге ханның билік жасаған жылдарынан бастайды. Әсіресе, күшті Қидан мемлекетін құрған тарихи тұлға Елюй Дашидің өлімі наймандардың тәуелсіз хандық құруларына жол ашты. Басқа да бұрын Цзубу тайпалық одағында болған меркіт, онқұт тайпалары тәрізді Қидан империясының қиранды орнында жаңа хандықтар, солардың қатарында найман және керейт хандықтары енсе көтерді. Бұл екі туыстас хандықтарды географиялық бекет Ханғай (Өтікен) таулары бөліп жатты. Жаңа қалыптаса бастаған Найман хандығының шығыстағы көршілері керейттер болса, ал оңтүстік батыста олар қарақытайлармен шектесті. Солтүстіктегі Найман мемлекетінің шекарасы Балқаш көліне дейін созылып, Шу өзенін бойлай жалғасты.

Наймандар Инанш-Білге ханның тұсында едәуір күшейді. Одан бұрын наймандарды кім билегені тарихқа белгісіз. Әбілғазы осыған байланысты мынадай дерек береді: «Найман тайпасы. Бұл – көне тайпа; малшылық бұларда кең ауқымды. Олардың бұрынғы өткенін біз білмейміз, тек естігеніміз, олардың Қар-Қыш деген патшасы болған. Ол өлген соң інісі Инат (Инаншты айтып отыр –Т.О.) биледі. Шыңғыс кезінде олардың патшасы Таяң хан (кейбір деректерде Даян

хан –Т.О.) еді; оның баласы Күшлік. Олардың тұрағы Моңғолияның Қарақорым деп аталатын бөлігінде». Бізге белгілісі, X ғ. аяғында және XIII ғ. басында Найман хандығы екі бөлікке бөлініп, оларды Инанш ханның екі ұлы Даян хан мен Бұйрық хан басқарды. 1204 ж. моңғолдар алғаш Даян ханды, арада екі жылдан кейін Бұйрық ханның әскерлерін талқандады. Даян ханның ұлы Күшлік хан наймандардың қалған әскерін жинап, Жетісудағы Қидан (қарақытайлар) мемлекетіне барып, бас сауғалады. Олардың билеушісімен тіл табысқан Күшлік күшейе түсті. Ол 1211 ж. қидандарды бағындырып, өзінің ордасын Жетісуға көшірді. Алайда бұл Жетісу өңірінде Найман хандығы қайта орнады дегенді білдірмейді. Күшлік билікті осындағы қарақытай гурханының атынан жүргізді. Осылайша едәуір күшейген ол, 1213 ж. Алмалықтағы мұсылмандар иеліктерін басып алды. 1218 ж. қарай шығыста әбден күшейген моңғолдар наймандарды ойсырата жеңіп, олардың ханы Күшілікті Бадахшан өңірінде ұстап алып, өлтірді. Сөйтіп, XIII ғ. басында бүкіл Шығыс Түркістан мен Жетісу жері моңғолдардың қоластында қалды.

Моңғолдарға бағынған наймандардың бұдан кейінгі тағдыры Шағатай ұлысымен байланысты болды. 1223 жылдың басында Шыңғыс хан төрт ұлына енші бөлгенде әлі де айтарлықтай қуатты найман тайпалық бірлігі Шағатайға берілген аймақта қалып қойды. Алайда Жошының ұлы Батудың батысқа бағытталған жорығына қатысуға мәжбүр болған олар, біртіндеп Жошы ұлысының шығысын біріктіретін, Жошының үлкен ұлы Ежен негіздеген Ақ Орда аймағына ойысты. Осында наймандар болашақ алты алаш (жалайыр, алшын, қоңырат, қаракесек (арғын), найман, қыпшақ) қауымдастығын ұйыстырушы белді тайпалардың бі-


ріне айналды. Яғни тарихи деректерді баяндағанда бұрынғы наймандар мен кейінгі Алаш қауымдастығына қосылған найман рулары арасындағы тарихи этникалық сабақтастықты теріске шығару негізсіз. Кейінгі наймандар алғашқы наймандардың тікелей жалғасы. Оларда жаңа рулардың, жаңа қауымдастықтардың пайда болуы, өсіп-өнуі табиғи нәрсе. Мұндағы айтпағымыз, қазақ халқының үлкен арыстарының бірі болып табылатын бүгінгі наймандардың тарихи тамырларының терең жатқандығын ұмытпауымыз керек.


НАЙМАН ХАНДЫҒЫ
(XII-XIII ғғ.)
НАЙМАН ХАНДЫҒЫ
Керейттер
(1203-1204)
Қарақорым
Керей қаласы
(Дешті Құм)
Гобн шөлі
Қонырат
Оңғыттар
Қыпшақтар
(Қыпшақ)
Сарыөзен
Сарыөзен
Сарыөзен

# ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫ



*Тоғыз оғыздармен қарлұқтар қағаны – Тон Йабғу*



*керейт Тоғырыл хан*



*Түргеш Сақал (Саға) қаған*



*Үйғыр қағаны Мойын-чор*



*Түрік қағаны Қара-Еске*



*Бағашұр шад Ідік қаған (Ел қаған)*



*Қарлұқ қағаны Білге Күл Қадыр-хан*



*Сарытүгеш Байбаға қаған*



*Әли Арыслан-хан*

## Шыңғыс хан империясын негіздеуші түркілер

Дүниеге әйгілі моңғолдар империясын негіздеуші Шыңғыс хан 1155 жылы Онон өзенінің оңтүстігіндегі Дюлюн-Болдак деген жерде уысына қан шеңгелдеген күйінде дүниеге келді. Есугей баһадүр ұлына өзінің ата жауы татарлардың атақты батыры Темучиннің (Теміршінің) есімін берді. Қазақ тарихында күні бүгінге дейін Шыңғыс ханның шығу тегі туралы қарама-қарсы көзқарастар өршіп тұр. Кәсіби емес зерттеушілердің бір тобы оны моңғолдан емес, түркіден шығару үшін күресуде.

Мәселенің басын ашып алуға үлкен кедергі VIII ғасырдың орта шеніне дейін Моңғол үстіртін негізінен түркі тайпаларының мекендегені болып отыр. Егер Ертіс өзенінің бастауында бұл тұста байырғы қаңғайлар (қаңлылардың бабалары), ал олардан оңтүстікте құйғырлар (ұйғырлардың бабалары) мекендеген болса, шығысқа қарай Керуленді бойлап, Тоғыз ғулар (Тоғыз оғыздар бабалары), белерлер, тыбалар, қанаштар, сір-ендалар (қыпшақтардың бабалары), қоқсыр-

лар, сегеттер, янғырлар, ғидар, септер (керейттердің бабалары), сепсіндер, ғұндар (байырғы ғұндардың ұрпақтары) мекендесе, осы түркітілдестерге оңтүстік шығыста манчжуртілдес қытандар (қидандар) теңізге дейінгі аймақта көрші болды. Ал солтүстікте Онон өзенінің бастауларынан шығысқа қарай агни, қыбыт, телен немесе төленгіт (жалайырлардың бабаларының бір бөлігі), бүркіт (арғындардың бабаларының бір бөлігі), тоңра, байырқы (алшындардың бабаларының бір бөлігі), едіз, тоңра, ғи, ақсеп (керейлердің бабаларының бір бөлігі), үшет, ағуан, арағұн(арғындардың бабалары), киік, күтукиік, тайған, құтшы, мүркет (меркіттердің бабалары) мекендеп, бұлар қиыр солтүстік шығыстағы шығайларға (шибей татарлары – кейінгі моңғолдардың бабаларының бір бөлігі) барып тірелді.

Ал енді Байкөлден терістік батысқа қарай алақшындар (алшындардың бабаларының бір бөлігі) орналасқан болса, олардың оңтүстік батысында кенгундар (қырғыздардың бабалары) көшіп-қонып жүрді. Аттарынан байқалып тұрғанындай, Моңғол үстіртіндегі құнарлы өзендер аймағы негізінен түркі тайпаларының атамекендері еді. Бұлар, о баста, IV – Vғасырларда түркітілдестердің Теле тайпалар одағына кірген болса, кейінірек Сір-Енда қағанатына еніп, ақырында төрт бөлікке Түркілерге, Телектерге, Сегіз оғыздарға, Тоғыз оғыздарға бөлініп кетті. Осындай бөлшектенуді пайдаланып, Шығыстан моңғолтілдес шығай (шибей) татарлары, және манчжуртілдес қытандар (қидандар) батысқа жылжып, түркітілдестер арасына сыналап ене бастады. Оларды басқа да «орман тайпалары» аталған тұңғыстар қолдап, болашақ моңғолтілдестер тобырын көбейте түсті. Арада 300 жылдай уақыт өткенде Онон және Керулен өзенінің айналасындағы түркі тайпаларын ығыстырған олар, осында шын мәнінде қожайын-

ға айналды. Мұның өзі түркітілдестер мен моңғолтілдестер шежірелерін шатастыруға алып келді.

Рашид ад-Дин келтірген Ергенехоннан шыққан тайпалар шежіресінде олардың түп аталары бір болатыны да сондықтан. Онда жалайырлар шыққан нүкіздәрлікендер мен Шыңғыс ханның бабалары шыққан қиянның (қият) жетінші аталары Оғыз хан болса, арғы тоғызыншы атасы Моңғол, ал он бесінші атасы Түрік екендігін көреміз. Бұдан әрине, моңғолдар мен түріктер бір халық еді деген қорытынды тумауы керек. Көрісінше, бірнеше ғасыр бойы дәрлікен(төрелекүн), яғни «туыстар» одағына біріккен бұлардың қатарында(Рашид ад-Дин олардың он сегізінің аттарын атап көрсеткен) жалайыр, татар, меркіт, төленгіт тәрізді түркітілдестер торғауыт, ойрат, бұлақшын, урянхай тәрізді моңғолтілдестермен бірге көшіп-қонып жүрді. Әсіресе X ғасырдан бастап бұл аймақта арғы моңғолдарға(протомоңғолдарға) жататын қидандардың 200 жылға созылған үстемдігінің орнауы моңғолтілдестердің даңқын арттыра түсті. Енді осындағы түркілер өздерін моңғолдар деп атаса масаттанатын болды.

Міне, Шыңғыс хан осындай екі этнос қойындасып жатқан қойыртпақ ортада моңғолтілдес Боржиған тайпасының қият руына жататын отбасында дүниеге келіп, өсіп жетілді. Алайда ол, жоғарыда айтылған себептерге байланысты түркітіліне де жетік болып, осы тұрғыда тілмаштың көмегіне ешқашанда мұқтаж бола қойған жоқ. Ал енді ол өзінің шығу тегі жағынан кім еді? – деген сауалға жауап іздер болсақ, Шыңғыс хан өзін әрқашан да мақтанышпен моңғолдарға жатқызды. Бұған нақты дәлел: жараткаңа сиынып, ешқашан да өтірік жазуды білмеген, 1220 – 1222 жылдары Шыңғыс ханды емдеу үшін ұлы әміршінің өзінің шақыртуымен Хорасанда болып қайтқан, будда дінінің данагөйі Чань-Чунға

ол өзінің моңғол екенін екі рет ескертуі. Оның алғашқысы, аңға шығып, қолын сындырып алған ұлы қағанға емші мұндай әдеттен жас келгенде бас тартуға кеңес бергенде, екіншісі, ол моңғолдардың суға түсіп жуынбайтын ұнамсыз дағдыларын әңгімелегенде айтылады. Өзін осылайша, әрқашан да моңғолға жатқызған тарихи тұлғаға енді келіп: «сіз моңғол емессіз, шатаспаңыз» деген іміз қисынды болып шыға қояр ма екен?

Оның үстіне зерттеулер Шыңғыстың өзін ешқашан да Түркі қағанаттарының мұрагері ретінде қарастырмағанын және оның есесіне ол «өзін Ляо атты қидандар империясының саяси және этно-мәдени мұраларының заңды ізбасары ретінде қарастырғанын» (Л.Л.Викторованың «Монголы. Происхождение народа и истоки культуры» атты монографиясын қараңыз) көрсетіп берді. Сондықтан да Шыңғыс хан бұрынғы қуатты Түркілер қағанатын қалпына келтіруді мақсат етпей, олардың қиранды орнында жаңадан Моңғолдар империясын орнықтырды. Мұндағы Шыңғыстың хан болуына, күшті мемлекет құруына белсенді атсалысқан көптеген түркі тайпалары саяси тәуелсіздіктен біржолата айрылып, моңғолдарға бағынышты күй кешті.

Моңғолдарға ең алғаш бағынғандар олардың атажаулары татарлар еді. Алайда ол заманда «татар» атауы әлі де этноним деңгейіне көтеріле қойған жоқ. Бұл қауымдастық аясында түркітілдестер де, моңғолтілдестер де өмір сүріп жатты. Алайда Л.Гумилев «татар» атауын «моңғол» атауының синонимі ретінде қарастырады. Ол татарларды ақ, қара, тағы татарлар деп үшке бөледі. Сонымен қатар, татарлардың Тоғыз татарлар, Отыз татарлар деген атпен қауымдастықтар құрғандары белгілі. Зерттеулер қара татарлар (керейттер және т.б.) мен ақ татарлардың (уақтардың бабалары Шато түрік-

тері, қоңыраттардың бабалары олқұноуттар) негізінен түркітілдестерден құралғандарын байқатады. Шибей татарлары болса моңғолтілділерді біріктірді. Шыңғыс-хан өзінің ата жаулары болып табылатын татарларды ең қауіпті жорықтарға пайдаланды және 1203 жылы керейттерді, ал 1206 жылы наймандарды бағындырып, хан атанды. Алғашқысын жеңген соң ол, бүкіл Шығыс Моңғолия билеушісіне айналса, ал соңғылардың қуатты хандығын талқандаған соң Онон өзені бойында бүкіл Моңғол үстіртіне билік жүргізетін дара ханға айналды. Оны осында Шыңғыс хан атандырып, ақ киізге отырғызып, көтерген 94 тайпабасылар арасында түркілер де аз емес. Л.Гумилов бұл Шыңғыс ханның екінші рет хан сайлануы еді деп атап көрсетеді. Дәстүрлі деректерге жүгінер болсақ, түркілер оны үшінші рет, Наймантауда (қазіргі аты Шыңғыстау) тағы да хан көтерген.

XIV ғасырдағы «Чингизнама дафтари» дерегінде (М.Ахметьзянов татарлардың «Идель журналында» 1991 жылы жариялаған) осы бірнеше рет хан сайлану рәсіміне қатысушы 15 бектер мен билердің есімдері аталады. Бұл деректің нұсқаларының бірін В.А.Панов «Богатырские сказания о Чингис-хане» деген атпен шағатай тілінен аударып, 1934 жылы Мәскеуде жариялаған болатын. Атап айтар болсақ, олар: Буданджарұлы қият, Тамьян(тама) би, Қыпшак би, Джурматы би, Гираят(керейт) би, Конгырат(қоңырат) би углы Сенгелай, Уйшан Майки би, Урдадж би, Муйтан би, Берджан би, Боркыт би, Темянджаруглы Катай(Қытай), Калдар би, Салжут би, Тимеркотлы (Темір – Құтлық) би. Аттарынан-ақ көріп отырмыз, бұлардың көбісі түркі тайпаларының белгілі билері мен бектері. Шыңғыс хан болып сайланған соң бұларға тайпалық таңбалар мен ұрандар, ағаш және құс үлестірген. Айта кеткен жөн, бұл деректе жауларынан жасырынып жүрген Шыңғысты іздеп

табуды ұйымдастырған үйсін Майқы бидің орны мен рөлі ерекше. Рашид ад-Дин де, ол хушин руынан шыққан және Жошының әскерінің оң қанатын басқаратын нақты тұлға ретінде «Байқу» есімімен көрсетіледі. Оны 2 мың әскерімен аса сенімді қайраткер ретінде ұлы Жошыға берген Шыңғыстың өзі.

Майқы (Байку) бидің түркі халықтарының біразының(татарлардың, башқұрттардың, қазақтардың, өзбектердің, қарақалпақтардың, ноғайлардың) рулық шежірелерінің бастауында тұрғаны, яғни олардың түп атасы ретінде көрсетілетіні және белгілі. Башқұрт халқының шығу тегі туралы іргелі монография жазған Р.Кузеев: Майқы би басқыншы моңғолдарға түркі халқының «бұрынғы артықшылықтарын мойындатқан дала билеушілерінің бірі еді» деген еді. Қысқасы өзі моңғолтілділер ортасынан шықса да Шыңғыс ханның ұлы империяны түркітілділердің қуатты көмегімен ғана құра алғанын әрқашан есте ұстауға тиіспіз. Мұнда түркі қауымдастығында қалыптаса бастаған арғы қазақ (протоқазақ) тайпаларының да үлестері зор.



Осындай тұжырымды нақтылай түсу үшін көшпелілердің ұлы мемлекетін құрған Шыңғыс ханның шығу тегіне бәрібір талдау жасауға тура келеді деп ойлаймыз. Өйткені, ғасырлар қатпарында қалса да бүгінгілер басты тарихи тұлға ретінде сипаттайтын кісілер бар. Солардың бірі және бірегейі – Шыңғыс хан. Сондықтан да оның өмір-тарихын зерттеуге деген құлшыныс та аса зор. Кейбір мәліметтер бойынша дүниежүзінде ол туралы 2000-нан аса әдебиеттер, зерттеулер жарық көріпті. Дегенмен де әлі күнге дейін оның ғұмырнамашылары әртүрлі халықтарда таралған оның ататек шежірелеріне және оларды салыстыра қарастыруға жете мән бермей келеді. Мұның басты себебі: отырықшылардың көшпелілер тарихы болып табылатын шежіре деректерін менсінбеуінен және оларға сондықтан да мән бермеулерінен екендігі құпия емес. Осындай біржақты ұстаным Шыңғыс ханның ататегін анықтаудағы басты кедергі де болып табылады. Енді осыған қатысты негізгі мәселелерге тоқталалық.

Ал енді Шыңғыс хан тұсында «моңғол» атанғандардың бәрін тұңғыс-манчжұр тайпаларынан шыққандар деп қабылдау үлкен қателік. Алғаш «моңғол» атанғандар X ғасырдан бастап қана көрінe бастады. Бұлар осыдан соң да біразға дейін азғана түтінді құрады. Тіптен 1175 жылы, яғни XII ғасырдың соңғы ширегіне қарай қайтыс болған Шыңғыстың әкесі Есугейдің өзіне бар болғаны 40 000 шаңырақтан тұратын өздерін моңғол әулетіне жатқызатындар бағынышты болды. Бұлар, тегінде, кезінде Мұсылман әулеттері тарихын жан-жақты зерттеген Лэн-Пуль Стенли айтқандай, тайпалық одақта жоғары мәртебеге ие Моңғол деген кісіні құрметтеп, өздерін соның

әулетіне жатқызып, соңының есімін малданғандар еді (қараңыз: Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Иоакинф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Лэнь-Пуль Стенли Мусульманские династии. М.-Т.-Б., 1996. 435 б.).Моңғол деген кісі түрік немесе қазақтың Алыншасы (алашасы) және т.б. тәрізді есімі шежіреден берік орын алған тарихи тұлға.

Рашид ад-дин келтірген әйгілі шежіре бойынша Алынша (Құрбанғали Халидта – Алаша хан осылай аталады) Түрік деген кісінің төртінші ұрпағы. Аланшыдан екі ұл – Моңғол және Татар туған. (Рашид ад-Дин.Сборник летописей. М., 1956. 73–98 бб.). Бұлардан тарағандар кейін өздерін моңғолдың және татардың әулеттеріне жатқызатын болған. Құрбанғали Халид мұны төмендегіше нақтылап түсіндіреді: «...Алынша хан кезінде «мен пәленнің нәсілімін» деп, – айтуға тыйым салынып, кім хан болса, оның қауымы «мен пәленше ханның әулетімін» деуге бұйрық шығарылған, себебі бір ханға ерген халық «мен пәлен нәсілденмін» деп, – бөлектеніп, араларынан түрліше келіспеушілік туады деген. Бұл оларға біраз заман өтіп бабаларын, нәсілін ұмыттырып, тек хан аты есте қалатын. «Алынша хан әулетіміз», «Татар хан әулетіміз» деп. Оғұз ханға дейін аталып келіп, енді өзгертіліп сахаралық халықты «моңғол», шаһар халқын «ұйғыр» деп атауға келісілген, басқаша атауға тыйым салынған. Ұйғыр аты қалай шықса шықсын, бір белгілі руға айтылмай, бір жерде жиналып, ұйымдасып тұрғандарға «ұйғыр» атауын берген...». Құрбанғали Халид сонымен қатар моңғолдың 18-ші ұрпағы Қараханнан туған Оғұз ханның кезінде халықтардың үш топқа бөлініп,

«моңғол», «ұйғыр», «татар» атанғандарын, және Оғыз ханның 8 ұрпағы Желханның (Елханның) тұсында моңғол мен татар екі хандыққа бөлініп, Желхан тек моңғолға ғана хан болып қалғанын жазған (қараңыз: Халид Құрбанғали Тауарих хамса: (Бес тарих). Алматы, 2006.-222-223 бб.).). Желханды (Елханды) ұрпақтан ұрпаққа құрметтеген моңғолдар кейініректе Персия аймағындағы жалайырлармен бірігіп құрған өздерінің мемлекетін Елхандар мемлекеті деп, – атады. Сонымен Моңғол дегеніміз – ең алдымен жеке адам есімі. Ол тұрақты мемлекетке қол жеткізе алмаған көшпелілер арманы – «Мәңгі ел» деген мағынаны аңғартады.

Жоғарыда айтқанымыздай, о баста, Моңғол – халықтық шежіреде тарихи тұлға ретінде танылғандықтан және ол Түрік деген кісінің ұрпағы болғандықтан, оның ұлдарымыз дейтіндер түркітілдестер арасында да көп болды. И.Н.Березин аударған Рашид ад-диннің еңбегінде мынадай жолдар бар: «**Племена, которыхъ ныне называютъ монгольскими, но которыхъ имя въ сущности не было Монголъ, такъ какъ это названіе они предъявили после эпохи ихъ (Монголовъ). Каждая ветвъ изъ этихъ ветвей произвела много ветвей, и у всякой явилось определенное имя** (Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-Дина. Пер. с перс. Н.И.Березина //Труды вост. отд. императорск. Археологич. общ. - Ч. У. - СПб., - 1858, - 7 б..) Алайда аз ғана моңғол рулары нирун (ақсүйек) атанып, билікті қолдарында ұстаса да, ауызбірліктері жоқ, және «түрік» атауын XI ғасырдан соң мүлде ұмытып, бұл этнонимді ұйғыр, қырғыз, жалайыр, найман, керей, меркіт, ақ татар, қоңырат, қиян тәрізді

жеке тайпалар мен ұлыстар атына ауыстырып, өзара бөлшектенген түркітілдестер Моңғол үстіртінде көпшілік болды және сондықтан да Шыңғыс хан әскерінің негізгі бөлігін де, әскербасыларын да негізінен осылар құрады.

Шыңғыс батысқа, қазіргі қазақ жеріне аяқ басқанда оның соғыс қолы жергілікті арғындардың, наймандардың, керейттердің, үйсіндердің есебінен мүлде түріктене түсті. «...Рас, Шыңғыс қолында моңғолдар да болды, олар бары-жоғы төрт жарым мың ғана адам еді. Одан басқа отыз екі мың татарлар бар-ды. Татарлар да түрікше сөйлейтін жұрт болатын. Шыңғыстың жарты миллион соғыс қолы тегіс түрікше сөйлейтін...» (шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. «Түп тұқияаннан өзіме шейін». Шежіре, естелік. - 2008.-824 б.). Алайда түркітілдестердің Шыңғыс жорықтары салдарынан батысқа ығысулары Тынық мұхиттан соғатын муссондардың бағыты өзгеруінен қолайсыз климаттық ахуалға тап болған шығыстағы тұңғыс-манчжұртілдестердің Моңғол үстіртіне көптеп қоныстануларына еркін жол ашты.

Ал енді әскерлерінің негізін түркітілдестер құрай тұрса да, өзі де түрік тілінде сөйлейтін Шыңғыс «моңғол» атауын неге көтермеледі, және өзін неге осы әулетке жатқызды және бұрынғы түркітілдестер неліктен моңғол атанды? – дегенге жауап іздер болсақ, мұндайда мынаны ескерген жөн: Шыңғыстан әлдеқайда бұрын, манчжұртілдес Қидандар империясы тұсында өздерін моңғол әулетіне жатқызатын *нирундар* (ақсүйектер) аталған тұңғыс-манчжұрлар тобы біртіндеп Гоби шөлінен терістіктегі және терістік-шығыстағы ел билігінде үстем күшке айналды. Енді олардың ықпалына түскен түркітілдес

тайпалар да өздерінің «моңғол» әулетіне жатқызып, онысын мақтаныш ететін болып алды. Түркітілдес тайпалардың атауларының өзгеріске түсуінің айқын көрінісі ежелгі жалайырларды құраған 10 рулар аттарының басым көпшілігінің моңғолша көптік жалғаумен көрсетілуі дер едік (Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-Дина. Пер. с перс. Н.И.Березина //Труды вост. отд. императорск. Археологич. общ. – Ч. Y. – СПб., – 1858, – 227 б.).

Алайда бұл айтылғандардан Шыңғыс ханның арғы тегіне қатысты асығыс қорытынды тумауы керек. Өйткені оның шығу тегі туралы мәселе сол заманның күрделі этно-әлеуметтік және дәстүрлі діни таным мәселелерімен тығыз байланысты. Қанша ұлы болса да Шыңғыста өз дәуірінің адамы. Бұрын түріктер үстемдік жасаған аймақта – Орталық Азияда X–XI ғасырларға қарай тұңғыс-манчжұр тілдестердің билікке келулеріне байланысты түркітілдестер енді керісінше, «моңғол» атана бастағандықтан да Шыңғыс құрған мемлекет Түріктің емес, оның ұрпағы болып саналатын моңғолдың атын таңдады.

Күні бүгінге дейін Шыңғыс ханның ататегін зерттеушілер Қиян тайпаларын қияттардың рулық бірлестігімен бірге қарастырып келеді. Тарихи деректер шын мәнінде бұлардың екі түрлі тайпалық одақтарды құрайтындарын көрсетіп отыр. Ежелгі ғұндардың ұрпақтары болып саналатын қияндарды алғаш көне манчжұртілдес *сәнбелер*, онан соң түркітілдес *телектер* мен *түріктер* жаулап алды. Қияндар VI ғасырда сәнбе тайпалық бірлестігінің мұрагерлері тұйғындарға ата жау болды. Бұл кезде қиян руының көсемі Қиянсон деген кісі болған және ол Тұйғын әулеті көсемін қанжармен жарып өлтірді. Осы

қияндар алғаш телектерге, кейіннен түріктерге, ал онан соң татарларға бағынуға мәжбүр болды. Әбілғазының «Түрік шежіресінде» қияннан Шыңғыстың руы емес, оның әйелі Бөртенің руы қоңырат таратылады. Одан осы айтылғандарды дәлелдей түсетін мынадай жолдарды оқимыз: «у одного человека из поколения **Кыян** (бөліп көрсеткен біз-Т.О.) было три сына. Старший сын назывался Чурлык-Меркан. У Чурлык-Меркана был сын по имени Конкират: от его рода произошло все поколение конкиратов». Ал, қоңырат ежелден түркітілдес тайпа.

Қияннан тарайтын қоңыраттың монғолдарға қатысы жоғын қазақ шежіресінен де байқай аламыз. Мұнда қоңыраттың шежіресі Сеңке биден басталады. XIV ғасырдың шағатай тіліндегі дерегінде бұл кісі Конграт би углы Сенгелай деп көрсетілген. Бұған қарағанда Сеңке немесе Сеңгелай Қоңырат деген кісінің ұлы болып шығады. Яғни деректер бойынша: Ел хан одан Қиян. Қияннның үш ұлы болды. Олар Жорлық мерген, Құбай шыра, Тұсбұдай. Осы шежіреден көріп отырғанымыз: Қияннан моңғолдардың бабалары тарамайды, түркітілдестер тарайды.

Ал енді қоңыраттардың бұрынғы атаулары жоғарыда аталып кеткен қиянға тағы да қайта оралар болсақ, қытай жылнамаларына қарағанда қиян мен қият екі басқа рулар екеніне көзіміз жете түседі. Қияндар біздің заманымыздың басында-ақ ежелгі этнос ретінде мәлім болды және олар негізінен мал шаруашылығымен айналысып, көп тайпаларға бөлінді. Кейініректе қияндардың бір бөлігі түркітілдес телек тайпалар одағына жатса, ал қият моңғолтілдес шибей (шығай) татарлары одағына жатты. Шындығында байырғы ғұндар заманынан бастау алатын, беріде түркітілдес телек тайпалар одағына жатқан және

айтарлықтай өсіп-өнген қияндардан VIII ғасырдың өзінде-ақ көптеген тайпалар бөлініп, тіптен олар дербес елдерге айналып кеткен болатын. Оларды қытай жылнамаларында **қиян, қиянқа, нақиян, Қызылсу қияндары, Салар қиян, Батыс қиян елдері** деп жеке-жеке атайды. Жоғарыда аталғандар арасындағы нақиян ежелгі ғұндар заманындағы қияндардың бір бұтағы болып есептеледі. Олар кезінде ғұндармен көрші болған. Алғаш Келентау маңын мекендеп, ал кейінірек Лобнор көлінің маңында, Алтыншоқы деген жерде **Нақиян** деген мемлекет құрған. (қараңыз: «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» (б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары. I кітап, А.,2006.- 233-234, 274 бб.).) Осы деректерден қиян атанғандарға негізінен түркітілдестер жатқанын аңғару қиын емес, және кезінде Қытайдан батыстағы түркілер «Батыс қиян елдері» деп жалпылама аталған. Осыны аңғармаған кейбір зерттеушілер қателесіп, осы екі руды (қият пен қиянды) бір деп білген және жоғарыда айтқанымыздай, «т» жалғауының моңғолша көптік жалғауды аңғартатынын ескеріп және Рашид ад-диннің және оны қайталаған Әбіғазының: «қият» «қиянның» көпше айтылғаны» деген қате ескертпесіне тереңірек сын көзбен бойламаған. Бұл жердегі жаңсақтық: егерде «қиянға» «т» жалғанар болса ол «қият» емес, **«қиянут»** болып кетер еді. Оның үстіне бұл екі атау тайпалар түсінігінде екі түрлі мағына береді.

Мұндайда, «ал онда қият деп аталатындар кімдер?» – деген сауалдың туындауы да заңды. Қияттар да байырғы тайпалар. Қытай жылнамасына берілген түсініктемеге қарасақ, ғұндар арасындағы әртүрлі рулардан құралғандардың **Нұм-қияттар** деп аталғанын аңғарамыз. (қараңыз: «Қытай

жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» (б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары. I кітап, А., 2006.- 291 б.). Яғни, қияттар деп өздерінің тайпаларынан бөлініп шығып, тәуелсіз, жаңа рулық бірлестікке біріккен рубасылар емес, жеке батырлар бастаған алуан түрлі тобырларды атады. Қалай десек те қияттар кеңінен тарала қоймаған құрама шағын тайпалық бірлестіктерді құрады. Біздің ойымызша, Шыңғыстың үлкен атасы Қабұлхан тұсында оның төңірегіне біріккен алуан тайпалы батыр-нөкерлер жалпылама қияттар деп аталды. Мәселе байыбына бару үшін Әбілғазының өзін оқиық: «Шыңғыс ханның арғы атасы Қабұл ханның алты ұлы болған: олардың бәрі өжет, батыл, жылдым еді. Халық осы батырларды қият деп атады...». Бұдан шығатын қорытынды, Қабұлханнан бұрын моңғолдарда «қият» деген ру болмаған. Бұл шежіре былай таратылады: Қабұлхан – Бөртанхан – Есугай баһадұр – Темучин (Шыңғыс хан). Қабұлханның алты баласынан таралғандар «қияттар» деп аталса, көздері қой көз (бурджигин) болғандықтан Есугей баһадұрдың руындағы кісілер бурджигин-қият аталған. Бұлардың бәрі Есугейдің туыстары емес, өз руларынан жырынды болып, бөлініп келіп қосылған жеке батырлар бастаған топтар бірлестігі еді. Арғы аталары осындай әртекті болғандықтан қият атанғандар ешқашанда үлкен тайпалы елге айнала алған жоқ. Олар тіптен Есугей өлген соң оның қара шаңырағын тастап, аулақ көшіп кетті.

Қияттың бөржығын руының Шыңғыстың руы болып табылатыны деректердің бәрінде ауызға алынады. Шыңғысты қазаққа жақындатқысы келетіндер де қият руының қазақ құрамында бар екендігіне назар аударады. Бірақ мұндайда, осы шағын рудың қазаққа кірме екендігі, оның ешбір қазақ жүздеріне

жатпайтындығы ескерілген емес. Оның үстіне бұл қият жауынгерлік ұран ретінде Шыңғыс тұқымына жатпайтын «арухан» атын иемденген. Қияттың «қолтаңба» аталатын рулық таңбасы да Шыңғыс тұқымы болып табылатын төрелер таңбасынан мүлде бөлек. (қараңыз: Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: Зертеу. – Астана, 2008.-672 б.). Бұл енді бөлек әңгіменің арқауы.

Қазіргі татар ғалымдары өздерінің жорналдарында жариялаған шежірелік деректен де қият руының қияннан тараған қоңыраттан бөлек екендігін аңғаруға болады. Онда Шыңғыс ханның қолынан тайпалық таңбалар алған 15 билер аталған. Бұл деректе қияттың Боданшар(Бөгдеден) ұрпағы болып табылатыны көрсетілген, және билердің бұл тізімін Боданшарұлы қият бастайды да, ал қоңыраттан туған Сенгелай (Сеңке) би Гираят (керейт) биден соң алтыншы болып аталады. Яғни, аталмыш деректе алғашқы болып Қият бидің (қиянның емес) аталатын себебі, ол, Шыңғыстың руы. Демек, бұл дерек бойынша да Қият пен Қиян екі түрлі адам. Өйткені, Сеңке би – Қиянның ұрпағы қоңыраттан тараса, ал Қият би – Боданшардан тарайды. Олар Шыңғыс ханды хан көтеру рәсіміне екі түрлі ру-тайпаның атынан қатысқан. Тарихи деректерге қарағанда бұл хан көтеру рәсімін үйсін Майқы би (Қазыбек бек Тауасарұлында – Уран-Майқы би) басқарған. Ол шынында да тізімде бар. Бірақ ол, қоңырат бидің ұлы Сеңгелайдан (Сеңкеден) кейін жетінші болып тұр (қараңыз:Ахмедзянов М.Ногайская Орда и ее роль в этнической истории татар.// «Идел.1991. -33-34 бб.»).

Жоғарыда біз келтірген татардың белгілі тарихшысы жариялап отырған осы құнды дерекпен өзіміздің Қазыбек бек Тауасарұлы жазып кеткен деректе

ұқсастық бары назар аудартады. Соңғыда алғашқы деректе аталатын Боданшарұлы Қият би, Қыпшақ би, Жұмарты (Джумарты) би, Кереит (Гираят) би, Қоңырат би ұлы Сенгелай, Мұйтан (Мұтан) би, Борқыт би, Темянджарұлы Катай, Салжұт би, яғни барлығы тоғыз бидің аты аталмайды. Ал бірақ Түмен (Тамьян би, ), Ұран-Майқы би(Уйшан Майки би), Оркаш (Урдадж) би, Бөрібек шешен (Берджан би), Қалдар би, Теміркұт (Тимеркотлы) би алтауы екі деректе де кездеседі. Сонымен қатар соңғы деректе Тулақ би, арғын Қуандық Тоқым би беделді де белгілі тұлғалар ретінде қосымша аталады.

Тарихымызға қосылып отырған осы, тың деректер Шыңғыс ханға қатысты бұрынғы көзқарастарды қайта қарауды қажет етеді. Тегінде, аталған билер Шыңғысты хан көтеруге жиналғандар. Бұл Шыңғыстың барлығы үшінші рет және Ұлы Далада алғаш рет хан көтерілуі. Бұдан бұрынғы оның Орхон-Онон бойындағы екі рет хан көтерілу рәсімдері тарихқа жақсы белгілі. Сондықтан да оларға тоқталып жатпаймыз. Ал енді Шыңғысты үшінші рет хан көтеру рәсімі қай жерде орын алды дегенге келсек, оны Дегелең төңірегінде Наймантауда (Шыңғыстауда) жалайыр, арғын, найман және т.б. рулар жақсыларының «ақ киізге орап хан көтеруі» хижра бойынша 605 жылы(яғни 1227 жылы) болғаны туралы дерек бар.(қараңыз: «шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін. Шежіре,естелік.Алматы: «Жалын» баспасы,2008, 823 б.»).) Бұл Шыңғыстың өзі қайтыс болар қарсаңында, яғни оның таңғұттарға бағытталған соңғы жорығы алдында орын алған оқиға. Мұның өзі батыста Еділге дейін, оңтүстікте Гиндекуш тауларына дейінгі аймақты бағындырған ұлы ханның жеңіс салтанаты еді. Бұдан бұрынғы жылдары ол, найман мен керейді

қанға бояп, қуып таратқандықтан, қыпшақтарды күшпен бағындырып, олардың ұлыстарының тозтозын шығарғандықтан, найман ханзадасы Күшлікті Бадақшанға дейін қуалап, ақыры оның да басын алғандықтан Наймантауда (Шыңғыстауда) оны хан көтеру – Шыңғыстың өшпес даңққа бөленген сәтіне, өмірінің соңғы айларына сәйкес келді.

Бұл сөзді айтуға бізді мәжбүрлеп отырған Шыңғыс ханның ататек шежіресі. Ол моңғолдарда Бөртешино деген адамнан басталады. Бұл ежелгі түркілер аңызындағы тұлға -- Бөрі Ашина болуы да мүмкін. Шежіре дерегі бойынша бұл адам теңіздер мен таулардан асып, Моңғол үстіртіне сырттан және алыстан келген. Белгілі моңғолтанушы ғалым Зардыхан Қинаятұлының есептеуінше Шыңғыс бұл кісінің 22-ші ұрпағы. Алайда осы Бөртешинодан Добу мергенге дейінгі қияттан тарады деп көрсетілетін 12 ұрпақтың Шыңғыс ханға тектік тұрғыдан қатысы шамалы. Өйткені Добу мергеннің ұлы деп айтылатын және Шыңғыс ханның 10-шы атасы болып табылатын Боданшардың тегі белгісіз. Себебі ол, некесіз қатынастан туған адам. Тек дерекке ғана сүйеніп жазатын З.Қиянатұлы оның әкесінің Мәлік баяут руынан шыққан ер адам екендігін атап кетеді. (Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу. Алматы,2010.-66,69,72 бб.). Деректерден белгілісі бұл, кезінде Добу мергеннің үйінде қызметші болып жүрген кісі.

Елге белгілі Рашид ад-дин де, әйгілі этнограф Р.Г.Күзеев те баяут тайпасын моңғолдарға жатқызады (қараңыз: Рашид ад-дин. Сб.летописей.Т.1.Кн.1.-М-Л-,1960-78,150 бб.; Кузеев Р.Г.Происхождение башкирского народа.Этнический состав.История расселения.-М.,1974.-328 б.). Дорджи Банзаровтың

Сайшиялдың мәліметі бойынша көрсеткен түпкі моңғол тайпасына жатқызылатындар тізімінде бұл тайпа «баягут» деген атпен 13 болып тұр (қараңыз: Дорджи Банзаров. Собрание сочинений. М., 1955. -179 б.). Мұндайда ескертетініміз: оғыз-түрікмендері құрамындағы М.Қашғари XI ғасырда атап көрсететін баят тайпасын баяут тайпасымен шатастырмаған жөн. (М.Қашғари.Түрік тілінің сөздігі:(Диуани лұғат-ит-түрік). Алматы:Хант.–1997. -86 б.). Алайда мынаны да ескермеуге болмайды: Баяуттар Оғыз баяттардың моңғолданған және шығыста бөлініп қалған бір бөлігі болулары да әбден мүмкін. Өйткені баяттың да аты баяут тәрізді моңғолдың көптік жалғауымен көрсетілген. Қалай десек те шығыстағы Л.Гумилев санап шыққан 15 түркітілдес баегу-байырқу, байси тәрізді бай тайпалары арасында баяут кездеспейді. Бұл енді Шыңғыстың бабасына қатысты әңгіме ғой.

Ал енді Шыңғыстың өзіне оралсақ, жоғарыда айтқанымыздай, оның шығу тегін баяндағанда зерттеушілер ол шыққан қият боржығын руын қиян руымен шатастырады. Осыған қатысты кейінгі қазақтар Шыңғыс ханның тектік шежіресін қалай таратады дегенге келсек, бұл бойынша Шыңғыс меркенің (яғни жалайырдың) 26-шы ұрпағы. Бұл шежіре жалайырдың баласы Манақ, одан Орақты, одан Андас болып кете барады (қараңыз: «шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін. Шежіре,естелік.Алматы: «Жалын баспасы,2008.»). Бір қызығы бұл есімдер жалайырдың қазіргі елге таралған шежіресінде де кездеседі. Алайда мұнда олардың орындары ауысып кеткен. Яғни, жалайырдан жалғыз Манақ емес, үш бірдей Манақ (Шуманақ,Сырманақ, Бірманақ) қатар тарайды. Ал андас жоғарыда айтылғандай Орақтының емес,

Шуманақтың баласы Маңғытайдың үшінші ұрпағы. Ал енді Орақтыға келер болсақ, ол жоғарыда аталған Манақтың емес, Шуманақтан туған Тұрлықожаның шөбересі. Бұл шежірелерден Орақты деген кісінің екеу екенін байқау қиын емес. Екінші Орақты батыр кейінгі Қазақ хандығы тұсында өмір сүрген, жалайырдың атақты батыры. Ал енді Манақтан туған Шыңғыс ханға 23 ата болып келетін Орақтыға келсек, VI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тұлға. Алайда аталған кісілердің ешқайсысы Шыңғыс ханның моңғолдық шежіресінде жоқ. Дегенмен де моңғолдық шежіредегі Шыңғыс ханның 11-ші атасы болып табылатын тегі белгісіз Боданшармен Қазыбек бек Тауасарұлы келтірген шежіредегі Шыңғыс ханның 15-ші атасы Бөгденің аттары «бөтен» деген бір мағынаны білдіреді, өмір сүрген кезеңдері де жақын.. 3.Қинаятұлы некесіз туған ер баланы моңғолдардың «боданшар» деп айтатынын өзінің монографиялық еңбегінде арнайы сілтеме жасап көрсеткен (қараңыз: аталған еңбек, 66-беті). Мұның өзі Шыңғыс ханның байырғы, үлкен әжесі Алангуаның (Өленің) оның бабасын, яғни Боданшарды немесе Бөгдені некесіз тапқанын растай түседі. Міне, шежіренің моңғолдық және қазақтық үлгілерін біріктіретін де осы жер. Ал енді екі шежіредегі жақындық Шыңғыстың әкесі Есугейдің ататегін қуалап қарастырғанда да байқалып қалады. Мысалы, моңғолдық шежіреде Есугейдің әкесі **Бардам батыр**, ал қазақы шежіреде ол **Баян** немесе **Баян батыр**. Моңғолдық шежіреде оның әкесі –Хабулхан, оның әкесі – **Домбанай шешен.** Қазақы шежіреде бұл басқашалау: Баянның әкесі – Дін, оның әкесі –Тұмағұл, оның әкесі – **Тұрымтай шешен.** Мұнда назар аударар нәрсе: Дін деген атау – моңғол тілінде қолданыста болмағандықтан шежіреден

шығып қалған. Ал **Хабулымыз –Тұмағұл, Домбанай шешеніміз –Тұрымтай шешеннің** өзі.

Біздіңше, арғы тегіндегі елге белгілі осындай жұмбақ бөгделік (моңғолша айтқанда боданшарлық) кейінгі Шыңғысты өзінің шығу тегін сүйегі әлдеқашан құрап кеткен байырғы Моңғол атты бабасынан іздестіруге итермеледі. Солай бола тұрса да ол, түркітілдес ел арасында «жалайырдың жетімі» аталып кетті. Мұндайда әрине, «неге?» деген сауал туындайды. Бұған мына жолдар жауап береді: «...Темірдің (Шыңғыстың) әкесі Есугей ерте өліп, оның шешесі Өлең қоңыраттың белгілі биі Меңлекеге тиген-ді. Өленнің Меңлекеден туған он ұлы Темірді бөлектеп шыдатпаған. Сонан соң ол олардан безіп, қайта жалайыр ішіне қашып кетті. Міне Шыңғыстың, жалпы төрелердің тарақ таңбалы болуы да осыдан еді...» («шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. Алматы: Жалын баспасы,2008. – 823 б.). Жалпы бұрын да ата-бабасына алғаш құл, соңынан туыс болып кеткен жалайырлар Шыңғысқа жақын еді. Сондықтан да басына іс түскенде Шыңғыстың оларды паналағаны рас. Алайда бұдан жалайырлар түгелдей Шыңғысты қолдады десек, жалған сөйлер едік. Кезінде Шыңғыстың жан досы хандыққа таласқан тұста жалайырлардың үлкен бөлігі Шыңғысты емес, Жамұханы хан көтерді. Бұл Шыңғыстың жалайыр арасында өссе де, толыққанды жалайыр бола алмағандығының айқын көрінісі.

Шыңғыс ханның шығу тегі туралы әртүрлі дау-дамайлар айтылып жүргені белгілі. Негізінен алғанда мұның өзі ұлы тұлғаны әркімнің өз ұлтына тартуынан туындап отырғаны да құпия емес. Әрине, сенсация іздеп, жаңалық ашқысы келетіндер де бар. Алайда олар мынаны ескермейді. Шыңғыс хан

өзінің кім екенін тарихқа нақты айтып кеткен адам. Енді соған тоқталайық. Самарқанд асып, Ауған жеріндегі Гиндекүш тауының терістік жағына жеткенде наукастанған ұлы қаған әйгілі қытайлық емші, сол замандағы даосизм дінінің көрнекті тұлғасы Чанчунь Чженьжэнді өзіне шақыртады. Осы сапардағы әңгімелер тарихи дерек ретінде сақталған. Моңғолдар «қазірет» деп атаған емшінің жазбаларында екі жерде Шыңғыстың моңғол екендігі анық аңғарылады. Енді соларға тоқталалық. Біріншіден, Қазіретпен Шыңғыс моңғол тілінде сөйлеседі. Сондықтан да қазіреттің сөзін Шыңғысқа моңғол және қытай тілдерін білетін Ақай Тайши деген кісі аударып отырады. Ол деректе сөзбе сөз былай көрсетілген: «...Қазіреттің айтқан уағыздарын Ақай Тайши қағанға(Шыңғыс ханға – Т.О.) **моңғол тіліне** тәржімелеп отырды» (қараңыз: «Чанчунь Чженьжэнь си ю цзи» («*Чанчунь Чженьжэннің батысқа саяхат естеліктері*») // Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар.–Алматы: Дайк-Прес, 2005. – 116 б.). Екіншіден, Шыңғыс хан әулие Қазіретке өзінің моңғолдарға жататынын ашық мойындаған. Бұл әңгіме былай басталады: аң аулап жүрген Шыңғыс хан қабанға кездесіп, оны атып алмақ болғанда астындағы аты сүрініп жығылады. Осыған байланысты Қазірет ханға жасы ұлғайып қалғанда аң қуып, саят құрғанды азайтуды ұсынады. Оған қаған төмендегіше жауап береді: « – Иә, бұл істі мен өзім де солай жорыған едім, әулие Қазірет мені жақсылыққа баулап отыр, ол жағы да түсінікті. Бірақ, саят құру, аң қуу – **біздің моңғолдардың** ат жалын тартып мінгеннен кейін үйренетін бірінші кәсібі, оны қою біз үшін сәл қиындау ғой...» (көрсетілген

әдебиет. –121 б.). Бұл жерде Шыңғыс өзін мойындаған киіз туырлықты манчжұртілдес және түркітілдес ру-тайпалардың жаңа бірлестігін **моңғолдар** деп отырғанын байқау қиын емес. Бұл жаңа атаумен тілдері бөлек болғанмен, тұрмыс-салты ұқсас, біртұтас халықты және оның мемлекетін қалыптастыру саясатын ұстанған қайраткердің өзіндік ұстанымы еді. Сондықтанда ол өзін көшпелілерге ортақ шежіредегі «Моңғол» атты бабаға жүгініп, осылайша әлі халық болып қалыптаспаған ру-тайпаларды өздерінің арғы бабаларының бірі ретінде мойындайтын тарихи тұлға төңірегіне топтастырмақ болды. Мұндайда көшпелілерді ғасырлар бойы тарихи санада жатталып қалған ататек шежіресіндегі ұлы тұлғалар ғана ұйыстыра алатынын түсінген Шыңғыс түркітілдестер мен манчжұр тілдестерге ортақ шежіредегі Түрік деген кісіден тарайтын Моңғол есімін ту етіп көтерді. Осы есімдерді шынында да барлық киізтуырлықты халық құрметтейтін еді.

Мұндайда Шыңғыс неге Моңғолдың бабасы – Түріктің есіміне құлдық ұрмады? – деген сауал туындары сөзсіз. Оған айтарымыз: Түрік атанғандар (яғни, оғыздар) VIII ғасырдың соңында-ақ ұйғырлардан ығысып, батысқа кетіп, онда олар алғаш Селжұқ-Түрікмен, кейінірек Түрікмен атанған еді. Түркілердің батысқа ойысуларына саяси-әлеуметтік ақуалмен қатар климаттық өзгерістер де шешуші ықпал жасады. IX ғасырға қарай Орхон аймағында, Гоби шөлінен солтүстікке қарай Тынық мұхит муссондарының оңтүстікке қарай бағытын өзгертуінен туындаған құрғақшылық пен жұт қазіргі Моңғол үстіртінен түркілерді ығыстырды. Алайда бұл дала ешқашанда бос қалған емес. IX ғасыр соңында және X ғасыр басында Орхон – Селеңгі аймағына шығыстан

тұңғыс-манчжұртілдес тайпалар тереңдеп ене бастады. Әсіресе, мұндайда рулық қарсыласуларды талқандап, күшті топтасқан мемлекет құрып үлгерген манчжұртілдес қидандардың батысты жаулау әрекеттері шешуші рөл атқарды. Нәтижесінде қазіргі Моңғолияның Орталық және шығыс аймақтарын жаңа, болашақта моңғол атанатын тайпалар басып қалды. Батысқа ығысқан Түріктер өздеріне бауырлас жергілікті (автохтонды) түркітілдестер ортасына түсіп, жаңа рулық-тайпалық құрылымдарға қосылып, ыдырай бастады. Мұндайда бұрынғы «Түрік» атауы елді біріктіруші сипаты мен мәнінен айрылып қалды.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ, оқырманға төмендегідей негізгі тұжырымдарды ұсынар едік: 1. Шыңғыс хан өмір сүрген заман ел билеген түркітілдес қағандардың Орталық Азия аймағында біртұтас түрік халқын және оның мемлекеттілігін құру саясатының сәтсіздікке ұшыраған дәуіріне сәйкес келді. Өздерін бұрын Түрік әулетіне жатқызатындар бұл тұста біржолата әртүрлі тайпалық ұлыстар мен тайпалық одақтарға (ұйғыр, қырғыз, татар, жалайыр, найман, керейт, қимақ, қыпшақ, оғыз, қарлық, қоңырат, меркіт, татар және т.б.) бөлініп кеткен еді. Сонымен қатар бұл заманда өздерін «байырғы Моңғол» әулетіне жатқызатындар да (бэлгутундар, букунуттар, дурбэндер, урянхайлар, осбагуттар, элжигэндер, харонуттар, икирэттер, угужиндар, сулдустар, илдуркендер, баягуттар, кункулигуттар және т.б.) және өздерін «жоталы моңғолдарға» жатқызатындар (борджигиндар, тайчигуттар, басуттар, хонхотандар, ноэгелер, барлустар, адархиндар, батагатовтар, орогутовтар, шижигутовтар, тохоргутовтар, багариндар, зедерендер, салжигуттар және т.б.) әлі бастары

біртұтас халыққа бірікпеген, яғни моңғол деген халықтың негізі әлі қалана қоймаған еді. Осы өздерін Моңғол әулетіне жатқызатындардың өздері де әртекті болғандықтан және моңғол атты жеке тайпа жоқ болғандықтан бұларды Қытай тәрізді көрші жұрттар кезінде жалпылама Менгу-Шибейлер деп атады. Бұл шын мәнінде байырғы қара татарлардың (Шибей татарларының) жаңа атауы еді.

Ал енді осындайда, ел халық болып емес, тайпалық ұлыс түрінде өмір сүрген өтпелі кезеңде Шыңғысты және оның беделді бабаларын кімдер қолдады? Бұларды алғаш еркіндік іздеп, ен далада жортып жүрген батырлар тобы қолдады. Осы көшпелілерден жырынды болып шығып, тайпа басшысы – нояндардан бөлініп кеткен рулық тармақтардың жекелеген бөліктерін өздерінің соңдарынан ерткен жаужүрек батырлар тобы(нөкерлер) алғаш Қабулханға, онан соң оның ұлы Бардам батырға (қазақ шежіресінде – Баян батырға), немересі Есугей батырға, шөбересі Темучинге (Темірге) адамдарды ататегіне, руына, тіліне, дініне қарамай, ерлігі мен адалдығы үшін ғана бағалайтын ортақ қасиеттері үшін ілесті. Рулық тайпалық қақтығыстардан мезі болған жұрт аталған тұлғаларды сондықтан да ерекше қастерледі. Осындай ата салтын ұстанған Шыңғыс хан да өзін белгілі бір халыққа жатқызбай, жартылай түркітілдес, жартылай монғолтілдес кісі кейпінде екіжақты ғұмыр кешті. Мұндай тұлғаға айналу ататегі Түріктен бастау алатын, бірақ өзін оның ұрпағы Моңғол әулетіне жатқызған осылайша әртүрлі тілде сөйлейтіндердің бәрін аузына қаратқан, айлакер де сұңғыла Шыңғыска қиынға түскен жоқ.

2. Шыңғыстың он бірінші атасы Боданшардың (моңғолша-Бөтеннің,қазақ шежіресінде - он бесінші

атасы Бөгденің) анадан некесіз тууы, атасының белгісіздігі, және Шыңғыстың өзінің руы саналатын қият-бөржығындардың осы арғы тегі дүдәмал Боданшардан яғни Бөгдеден басталуы да Ұлы ханның ататек және ру-тайпалық мәселелерге немкетті қарауын туғызды. Сондықтан да күні бүгінге дейін қазақтың ешбір жүзіне жатпайтын төрелерден басқалар, тіптен бүгінде оны қасиет тұтатын моңғол рулары да Шыңғысты тұлға ретінде өздерінің рулық ататек шежірелеріне кіргізе алған жоқ. Шығу тегі күмәнді Шыңғыс есімі, даңқты да кеменгер қолбасы, тіптен өз дәуірінің аса ұлы тұлғасы бола тұрса да, аталған себепке байланысты жауға шапқан қазақ ру-тайпаларының бірде-біреуіне ұран болуға жарамады. Тіптен Үш жүзден тыс тұрған қазақтың төре бастаған 5 тайпасы мен еш жүзге жатпайтын 14 руы да Шыңғысты ешқашанда өздеріне жақын тартып, немесе пір тұтып, оның есімін жауынгерлік ұранға айналдырған емес. Бұлардың ішінде Шыңғысқа ең жақын төре «Аркар» деп ұрандаса, қият руы «Арухан» деп ұрандайды.

3. Бір қызығы өзінің шежірелік ататегі осындай Шыңғыс өзінің әскери-ұйымдастырушылық қызметінде әртүрлі ұлыстар мен тайпалық одақтарды біріктірудің рухани және идеялық негізі ретінде осы тайпалардың бәріне ортақ шежірелік дүниетанымды, яғни моңғол, татар, оғыз, қарахан тәрізді ғасырлар бойы ел мойындаған тарихи тұлғалардың туыстық және мұрагерлік ататек жүйесін басшылыққа алды. Мемлекетті басқару тетігіне айналған бұл шежірелік ұстаным сол заманда өзін-өзі толық ақтап, Шыңғыс төңірегіне әртүрлі тілде сөйлейтіндерді біріктіріп ғана қоймай, Ұлы ханның ұрпақтарының да бірнеше ғасыр бойы билік тізгінін басқа әулетке бермей,

өздерінің қолдарында ұстауларына жол ашып, оған мүмкіндіктер қалдырды.

Ол құрған, және осындай шежірелік жүйеге негізделген, бір орталыққа бағынған алғашқы көшпелілер империясының күшеюі Шыңғыстың белгілі бір тайпалық одақтарды емес, билікті қолда ұстайтын әулетті (әсіресе өздерін Моңғол деген кісінің (халықтың емес) әулетіне жатқызатындарды) белсенді көтермелеуінің арқасында мүмкін болды. Өздерін Түрік әулетіне жатқызатындардың билікке ұйғырлардың яғлаһар әулетінің келуінен кейін, яғни VIII ғасырдан соң Орхон-Алтай аймағынан батысқа ауып кетулері Шыңғысты арада бірнеше ғасыр өткен соң жаңа әулетті – Түрікке туыс Моңғол әулетін қолдауға итермеледі. Халықтық шежіреге сүйенген бұл саясат әртүрлі тілде сөйлейтін әртүрлі тайпаларды біріктірудің таптырмас саяси-рухани және идеялық құралына айналды.

Әрине, бұл айтылғандардың бәрі әлемге әйгілі ұлы тұлғаға көлеңке түсіре де, оның асқақ абырой-беделін төмендете де алмайды. Керісінше, оның өміріндегі мұндай жұмбақ тұстарды айқындау сол замандағы тарихи тұлғалардың көшпелілер қоғамында қалыптасу ерекшеліктерін біле түсуге жол ашып, қайраткер атын асқақтата түседі. Өйткені тәңір құдіретімен пайда болатын тосын тұлғаға сенетін көшпелілер өздерін осындай бейтарап әулеттерден шыққан билеушілердің басқарғанын қалап, әдетте олардың шатасқан ататек шежіресін қолдан толықтырып, олардың кереметтігін дәлелдеу үшін оларды көк тәңірісінен, қасқырдан, еліктен немесе аққудан туғызып алатын. Сол тәрізді Шыңғыстың руын бастайтын арғы бабасы боданшарды(бөгдені) қазақ шежіресі, оның шешесі Алангуаның (Өленнің) оны «көк тәңірісінің нұрынан

жаралған» деп түсіндіруіне сәйкес, Көк деген кісіден туғызып алды. Бұл дегеніңіз – Шыңғыс «Көк тәңірісінің ұрпағы» дегенді білдіреді.

Иә, тап солай, ол, Түріктің ғана, Моңғолдың ғана, тіптен шежіреде айтылатын олар туған пайғамбарлардың ғана емес, Көк тәңірісінің өзінің ұрпағы. Көшпелілер арасында Шыңғыс ханның ата-бабаларына байланысты осындай көзқарастың қалыптасуы оның өзін белгілі бір халыққа жатқызуға мүмкіндік бермей келді. Ал бүгінгі моңғолдардың оны мемлекеттің ұлы қайраткері ретінде иемденуіне келер болсақ, Шыңғыстың өзінің осы халық әлі қалыптаспаған дәуірде өмір сүргеніне қарамастан, оның қазіргі Моңғол мемлекетінің негізін қалағаны, ал мұның өзі оның кейінгі ұрпақтары тұсында моңғол деген халықтың қалыптасуына алып келгені рас.

Сонымен қатар Шыңғыс ұрпақтары – қазақ хандары Шыңғыстың өзі қайтыс болған соң, үш ғасырдан соң, тарих сахнасына қазақ деген халықтың және оның ұлттық мемлекетінің шығуына тікелей атсалысты. Мұның өзі халықтар әлі қалыптаспаған заманда Орталық Азияның киізтуырлықты әртүрлі тілде сөйлейтін көшпелілер тайпалары туғызған және тәрбиелеген Шыңғыстың Ұлы Дала мен Моңғол үстіртіндегі ұлыстарға ортақ тұлға екендігін көрсетеді. Оны арғы бабаларымыз міне осылай қабылдап(түрікке де, моңғолға да, қазаққа да жатқызбай), бытыраңқы, тіптен өзара жауласқан ру-тайпаларды біріктіруші, ұлыстарды бір мемлекетке ұйыстырушы, тайпалық дүниетанымнан жоғары тұрған, бірден-бір озық тұлға ретінде хан көтерген еді. Бүгінде тарихымызға обьективті қарауға ұмтылып отырғанда, біздің де осы ұстанымнан бас тартпауымыз керек.

# Жетісудағы Шағатай ұлысы



*Шағатай хан*

Қазақ мемлекеттігінің тарихын әңгімелегенде, Шағатай ұлысын назардан тыс қалдыру тарихымызды толыққанды баяндауға мүмкіндік бере қоймайтынын ескеруіміз керек. Өкінішке орай, бұл мәселенің маңыздылығына жете мән бере бермейміз. Бұл мемлекеттің географиясы да аса ауқымды. Шағатай ұлысы – батысында Мауереннахрды түгел қамтып, терістігінде Арал теңізіне, Балқаш көліне, шығысында Алакөлге дейінгі, түстігінде Үндістанға дейінгі Синд өзенімен шектесетін аймақтарды қамтып жатты. Ханның жазғы ордасы Іле өзені бойындағы Көк тауы маңында, Алмалықтың батысындағы Куняшта (Куяшта) орналасты. Бүгінде бұл маң Құлжа қаласынан қашық емес. Оның қыстауы да Іле бойында Мераурик (Мераузик) деген жерде болды. Осында Шағатай Құтылығ (бақытты) деген қыстау да салды. Кейіннен Шағатай ұрпақтарының ел басқарушы ордасы Улуг-Иф (Үлкен үй) осында орналасты. Ал Шағатай ұлысының алтын теңгелері Алмалық қаласында соғылды.



*Үкітай (Угедей) хан*

Алайда Шағатайдың өзі ұлы ***хан Угедейдің*** жанында болуды ұнаткандықтан, оның ұлысындағы шаруашылықты Ялауыштың Масхуд деген ұлы жүргізді. Ал ұлыстағы барлық саяси және әскери басшылық Қарағар ноянның қолында болды. Ол бұл биліктен Шағатайдан кейін таққа отырған Есу-Мөңкенің және Қара-Құлағу хандардың тұсында да айрыла қойған жоқ. Мұның өзі о бастан-ақ Шағатай ұлысындағы жергілікті дулат әмірлерінің үстемдігінің күшейе түсуле-ріне алып келді. ***Шағатай*** жасы жағынан Үгедейден үлкен, Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөртеден 1183 жылы туған екінші ұл болатын. Рашид ад-Дин мен Әбілғазының айтуынша, ол қатыгез де қатал, бірақ ақылды да байсалды адам еді, және әркашанда ержүректігімен көзге түсе отырып, кейде өрескел де дөрекі мінездер көрсетіп жүретін. Шыңғыс хан – Алтын әулетін бағындыруға аттанғанда Шағатай ағасы Жошымен және інісі Үгедеймен бірге әскердің оң қолын басқарды. Ал Шыңғыс хан қалың қолмен батысты бағындыруға аттанғанда, оған Отырар мен Үргеніштi бағындыруды жүктеген болатын. Алайда Шағатай өзінің тете ағасы

Жошыға бағынуды ұнатпады. Осындай текетіресте Шағатайдың тарапынан басталып отыратын жанжал өрши түсті. Бұл әсіресе, 1221 жылы Үргеніштi алу кезінде айқын байқалды. Сондықтан да Шыңғыс хан мұндағы жалпы қолбасшылықты Үгедейге жүктеді. Шағатаймен шиленістi жағдайды асқындырғысы келмеген Жошы өзіне тиістi қолын бастап, Қыпшақ даласына қайтып кетті.

Шағатай әке бұйрығын әркашанда қалтқысыз орындаушы, әсіресе Шыңғыс ханның «Яссасын» бұлжытпай жүзеге асырушы ретінде ерекшеленді. 1235 жылы моңғол хандары Батыс елдеріне жорықты жалғастырмақ болғанда, осы жорыққа «Үлкен ұлдарды» аттандыру туралы ұсынысты да Шағатай жасаған еді. Батысқа аттанған Шағатай ұлысының сарбаздарын Шағатайдың Бөрі деген немересі бастап жүрді. Шағатайдың әкесіне берілген адал ұстанымы Шыңғыс хан өлген соң да өзгеріссіз қалды. Алайда бұл тұста халқының едәуір бөлігі мұсылмандықты қабылдап үлгерген Шағатай ұлысында өзі шалғайда Үгедейдің қасында отырған және өзінің ұлысындағы мұсылмандықтың не екендігін түсіне қоймаған Шағатайдың кейбір шешімдері халықтың тарапынан түсінбеушілік туғызып, наразылықтарға да алып келіп отырды. Жергілікті мұсылмандарға шағатайлықтардың ағын суға түсуге қарсы болулары, сойылатын малды алғаш бауыздауға тыйым салулары тіптен де ұнаған жоқ. Оның үстіне Шағатайдың өзі де мұсылмандық ұстанымдарға қарсы әрекеттерге барып, әрбір мұсылманды өлтіріп келген адамға бір бәліш алтын(500 динар) сыйлық беріп, осылайша мұсылмандарды қыруды материалдық тұрғыдан ынталандырып отырды. Дегенмен де ол өзі басқаратын ұлыста әкесі Шыңғыс ханның рухани ұстанымына сәйкес дін бостандығына еркіндік беріп қойды.

Осындай ақуал және Шағатайдың ұлы хан Үгедейге берілген адалдығы әртүрлі рулар мен тайпалардан құралған Шағатай ұлысында айтарлықтай мамыражай тыныштықты қалыптастырды. Жувейнидің айтуынша Шағатай ұлысында «басына алтын күбі көтерген жалғыз әйел ешнәрседен қорықпай, қайда болса сонда жүре беретін». Шағатай әмірлерінің оның бұйрықтарын бұлжытпай орындап отырулары және Шағатайдың өз басының Шыңғыстың «Ясса» заңын бұзушыларды қатал жазалауы міне осындай тәртіпке қол жеткізді.

Мұның өзі Қашқар және Жетісу аймағындағы түркітілдес тайпалардың ынтымағының күшейе түсуіне, ал мемлекет басқару ісінде жергілікті үйсін тайпаларының дулат тайпалық одағы төңірегіне ұйыса түсуіне алып келді. Айта кетер бір мәселе, кезінде, VI – VII ғасырлардан бері түркі тайпалары арасына аса беделді болып, Түргеш қағанатында біраз уақыт билікті қолда ұстаған Сары үйсіндер дулулар одағының(қара түргештердің) күшеюіне байланысты едәуір әлсіреп, айтарлықтай аз санды тайпаға айнала бастаған болатын. Біздің заманымызға дейінгі дәуірде-ақ Сыр бойында қуатты мемлекет құрып, хұндармен және шығыстағы үйсіндермен талай рет текетірестерге барып әбден күшейген, кейініректе, Батыс Түрік және Түргеш қағанаттары заманларында «Он оқ еліндегі» Шу өзенінің батысынан Сыр бойына дейін созылып жатқан бес нүшбе тайпалық одағына аса ықпалды болған, және алапат Шыңғыс жорығы қарсаңында Сыр бойындағы қалаларды жайлаған қыпшақтарға билік жасаған қаңлылар да бұл тұста әлсірей бастаған еді. Осы тайпаның басшылығымен Сыр бойындағы қалалардың бағына қоймай қатты қарсылық көрсетулері, сондай-ақ қаңлылардың Шыңғыстың ата жауына айналған Хорезм шахқа нағашы, жекгжаттық туыстық

байланыстары да ұлы қағанға ұнай қойған жоқ. Шу – Сыр аймақтарында жергілікті халықтың қаңлыларды «Қаңлыдан хан сайла» деп көтермелеуі де моңғолдардың ызасын келтірді. Сондықтан да болар, тарихтағы деректерде Шыңғыс ханның қаңлыларды жаппай қырғынға ұшыратқаны айтылып қалады. Осындай саяси кикілжің жағдайында Жетісудағы ең көп санды дулаттардың билікке тағы да ие болуы ешкімді таңдандырмаса керек еді. Шындығында да солай болды. Шыңғыстың өзі де, оның осы өлкедегі мұрагері Шағатай да өздерінің ұлыс басқару саясатында көпсанды дулаттарға сүйенуге тырысты. Сол кезде қалыптасқан этно-саяси ақуалда бұл бірден-бір дұрыс шешім еді. Шағатайлық төрелер сондықтан да дулат әмірлерімен құда-жегжаттық қарым-қатынастарды өрбітіп, оларды өздеріне кеңесші және уәзір ретінде пайдаланды. Бұл туралы ұлы тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулаттың атақты «Тарих и Рашидиінде» біршама нақты баяндалған.



*Моғолстанның негізін салушы*
*Тоғлық Темір хан*

Шағатай дүниеден 1242 жылы өтті. Ол өзіне мұрагерлікке кезінде Шыңғыстың көз алдында Бамианда қаза тапқан баласы Мутуганның кәмелетке толмаған ұлы Қара Құлағуды таңдады. Әбілғазының мәліметтерінен Шағатай ұлысын жүз отыз жыл билеген жиырма бір сұлтанның есімдері тарихқа белгілі. Бұлардың бәрі Шағатай ханның үрім-бұтағы болып табылады, және олар қарудың күшімен бірін-бірі ығыстырып, өзара үздіксіз қырқысып, елді қалауларынша еркін билеп-төстеді. Алайда Қазан Сұлтан ханнан бастап, билікке келген шағатайлық хандар шын мәнінде жергілікті әмірлердің жетегінде кетті. Қазан Сұлтан ханға қарсы халықтың наразылығын пайдаланған Әмір Құзғын оны соғыста жеңіп, өлтірді де орнына Үгедей ханның ұрпағын тақка отырғызды. Алайда екі жылдан соң Шағатай ұрпақтары тақты қайтадан қайтарып алды. Бұлар шын мәнінде қолдарында ешбір билік жоқ, «қуыршақ» хандар еді. Мысалы, жергілікті әмір Хұсейін Шағатай ұрпағы Әділ Сұлтанды тақка отырғызса, ал барлас руынан шыққан әйгілі қарақшы Әмір Темір (Ақсақ Темір) өзінің күштілігін пайдаланып, алғаш Үгедей ұрпағы Сүргетмыш ханды, ал ол өлген соң оның баласы Махмұд сұлтанды тақка отырғызып, өзі солардың атынан ел басқарды.

Бұл Мауереннахрда Шағатай мен Үгедей ұрпақтарының емес, жергілікті түркіленген барлас руынның ықпалының күшеюінің нәтижесі еді. Барластықтар төңірегіндегі рулар мен тайпаларға Жетісу мен Қашқарда билік жүргізіп отырған дулат тайпасын билейтін ықпалды әмір Болатшы Шағатай ұрпағы ***Тоғлық Темірді*** хан тағына отырғызып, қарсы қойды. Мауереннахрдағы шырғалаң жағдайды естіген Тоғылық Темір, қалың қолмен осында басып кірді. Осылайша екіге бөліне бастаған Шағатай ұлысы

қайта біріктірілді. Алайда орнына баласы Илияс қожаны қалдырған хан, Моғолстанға қайтып кетіп, көп кешікпей сонда қайтыс болды. Осыны пайдаланып, жергілікті жерде көтеріліс ұйымдастырған Әмір Темір мен Әмір Хұсейін Илияс қожаны Мауереннахрдан қуып шықты. Енді билікке осы екі әмір таласты. Қырғын соғыс Әмір Темірдің пайдасына шешіліп, Әмір Хұсейін өлтірілді. Енді Мауереннахрдағы билік шын мәнінде Әмір Темірдің қолына көшті. Ол бұл аймақты Үгедей тұқымынан шыққан «қуыршақ» хандар атынан билеуге көшті. Осылайша Шағатай ұлысының шын мәнінде екі ұлысқа бөлініп кетулері Шағатай ұлысын біржолата ыдыратуға негіз қалап ғана қоймай, Орта Азия түркілерінің болашақта «қазақ» және «өзбек» деп аталатын халықтарға бөлініп кетулеріне де тарихи-географиялық және этно-саяси алғышарттар әзірледі.

# Сайын (Бату) хан билеген Жошы ұлысы



*Бату хан*

Шыңғыс ханның немересі, Жошының сүйікті ұлы Сайын (әкесі өлген соң ресми түрде таққа отырды. Оның шын аты моңғолша Баты екендігін моңғол тарихының білгірі Зардыхан Қинаятұлы атап көрсетеді. Тегінде Сайын атауы оған жеке басының адами және құлықтық қасиеттеріне байланысты кейінірек, Қыпшақ даласында таңылған. Тарихымызда Сайын ханның Жошы ұлысы тағына отыруы да едәуір шатастырылған. Өтеміс қажының «Чингизнаме» дерегінде аяқастынан қайтыс болған, соңына өсиет қалдырып үлгермеген Жошыдан қалған тақты бәйбішеден туған екі ұл Ежен мен Бату біріне-бірі ұсынып, мәмілеге келе алмай, інілерін ертіп, Моңғолиядағы Шыңғыс ханға барады. Ол болса Сайынға алтын босағалы жібек Ақ орда тіккізіп, құрметтеп, әкесінің орнына таққа отырғызады. Әбілғазыда мәселе басқашалау: Жошы қазасына байланысты қайғылы күндер аяқталған соң Шыңғыс хан Ұтшықынды Қыпшақ даласына жіберіп,

Батуды әкесінің орнына таққа отырғызады. Екі дерек-тің де тарих үшін құндылығын ескерер болсақ, бұл айтылғандарды бір оқиғаның екі кезеңі ретінде қарас-тырған жөн тәрізді.

Әрине, Сайын (Бату) таққа ресми отырғанға дейін қабылданған дәстүр бойынша Жошы ұлысында үл-кен ұл Ежен билеуші болып есептелді. Қалай десек те ұлы атасының өзінің құзырымен Сайын – Қыпшақ даласының дара билеушісі болды. Алайда Сайын таққа отырғанын тойлап жатқанда Шыңғыс ханның қайтыс болғаны туралы қайғылы хабар келді. Сайын хан енді орнына інісі Тоқай Темірді қалдырып, бес інісін ертіп, Ұтшықынмен бірге мемлекет астанасы Қарақорымға келді және осында, 1229 жылы шақы-рылған құрылтайда Үгедейді Шыңғыстың орнына таққа отырғызу рәсіміне қатысты. Үгедей оны бұ-рынғысынша қыпшақ даласының билеушісі ретінде билікте қалдырды.

1236 жылы болған келесі жалпымоңғолдық құрыл-тай батыс аймақтарға жорықты жалғастыру туралы шешім қабылдады. Жорықты басқару – Сайын ханға тапсырылды және оған Шағатайдың, Үгедейдің, Ту-луйдың үлкен ұлдары басқарған әскери жасақтар қа-тысты. 1237 жылдың күзінде моңғолдар мұз басқан Еділден өтіп, 1240 жылға дейін орыс княздіктерінің жерлерін ту-талақай етіп тонады. Бұл бағыттағы ал-ғашқы жау – Еділ бұлғарлары болды. Кезінде, 1223 жылғы Калкадағы жеңістен кейін Жошы ханның жо-лын бөгеген де осы түркітілдес бұлғарлар еді. Татар-дың белгілі түркітанушысы Закиев осында моңғол әскерлерінің сандарының 250 – 300 мың адамға жет-кенін атап көрсетеді. Бұлар негізінен алғанда жергі-лікті Қыпшақ-Қимақ бірлестігін құраған тайпалардан, сонымен қатар Жошы ұлысының оң қанатын басқар-

ған Байқу(бұрмаланған аты – Майқы) басқарған және кейінірек оның есімімен Байұлы бірлестігін құрған, кезінде башқұрт зертеушілері А.Халиков пен Р.Кузеевтің еңбектерінде айтылатын Табын хандығының қоластындағы тайпалар еді. Олардың қатарында кейінірек башқұрт халқын құраған: дурбан, теле, баарин, кесе-табын, теляу (телеу), қыпшақ, таз, бурзян, яғалмай (жағалбай), қатай, үйшин (үйсін), ай, күдей тәрізді тайпалар бар еді. Сондай-ақ, бұл хандық аймағында ол кезде байырғы қара түргештер қағанатынан бөлініп шығып, батысқа жылжыған қаракесек бірлестігіне кіретін: каралар (қаракесек, қарасақал, төртқара), шекті. чумуген (шөмекей), және кезінде Жошының оң қолы байқуға тікелей тәуелді болған Бай бірлестігінің тайпалары (беріш, алаша, алтын, байбақты, есентемір, жаппас, ыссық, таз), сондай-ақ, моңғолдар жаулардан бұрын Хорезм (Арал) теңізінің шығысына, солтүстік шығысына қоныстанған кердері, керейт, тама, рамадан, табын, жағал тайпалары мекендеп жатқан болатын. Сайын ханның негізгі әскерлерін осылар және байырғы Хорезм аймағынан жиналған Оғұз-селжұқ тайпалары, байырғы дайлар ұрпақтары Оғұз-адайлар, терістік аймақтардағы Ұғыр-Фин тайпалары құрады. Шағатайдың үлкен ұлы бұрынғы Қарахандар мен Қарақытайлар билеген аймақтан да көп әскер жинап келді. Бұлардың ішінде наймандар, қарлықтар (аргулар), дулаттар, жалайырлар, керейлер тайпаларына қарайтын рулар да бар еді.

Әрине, Сайын басқарған қалың қолды құраған Шағатайдың, Үгедейдің, Тулуйдың ұлдары өз аймақтарындағы тұңғыс-манчжұр және моңғолтілдес тайпалардан да жасақ жинады. Олардың біразы моңғол жаулауының алғашқы кезеңінде-ақ Хорезм жерін және қыпшақ даласын қоныска айналдырып үлгергендер

болатын. Атап айтар болсақ, бұлар: минг, сарай, юз, маңғыт, қият, муитан, бахрин, оймауыт, митан, татар, қалмақ, тубай, курлаут тәрізді тайпалар еді. Әртүрлі тілде сөйлейтін басқыншылардың осынау қалың қолы татарлар (тартарлар) деген ортақ атауға ие болды. Бұл атауды Еуропаға алып барған Қыпшақ даласындағы түркітілдестер еді. Моңғолдардың бұрынғы бабалары Шибей (шығай) татарлары болып табылатынын олардың батыстағы түркітілдес көршілері жақсы білетін. Оның үстіне Моңғолия үстіртіндегі тайпалық бірлестіктердің жабайы татарлар, қара татарлар, оңтүстіктегілердің ақ татарлар ретінде белгілі болғаны бар. Осы далада отыз татарлар, тоғыз татарлар деп әртүрлі сандық көрсеткішпен аталғандар тағы бар. Бұл бірлестіктерге кіргендердің біразы түркітілдестер болса да, татар атанып кетті.

Татарлардың негізін әрі манчжур-тұңғыс, әрі түркі тілінде сөйлей алатын байырғы хұндарды талқандаған сәнбилер ұрпақтары құрағандықтан, түркітілдестердің үлкен бөлігі өздеріне таңылған бұл атауды жатсына қойған жоқ. Сондықтан да XI ғасырда-ақ, М.Қашқари татарларды түркітілдестерге жатқызған болатын. Оның үстіне Шыңғыс хан ұсынған «моңғол» атауы бұл тұста Еуропа тұрмақ, Қыпшақ даласына да тарала қойған жоқ еді.

1237 жылы Сайын басқарған қалың қол Қара теңіз, Дон аймағындағы жерлерді басып алды да, Дунай бойына шықты. Мұнда ол ешқандай елеулі қарсылыққа кездесе қойған жоқ. Тарихта моңғолдарға қарсы Киев Русі деген мемлекеттің оларға тойтарыс бергені туралы қисынсыз әңгіме, кеңестік кезеңдегі тарих оқулықтарын жайлап алған болатын. Басып алған жер кеңейген сайын оны басқару ісі үлкен, түйіні шешілмес мәселеге айнала бастады. Мұның өзі Үгедейдің

мансапқұмар ұлы Күйік пен Шағатайдың немересі Бөрінің дара басшы Сайын ханға қарсылықтарын күшейте түсті. Жағдай 1241 жылдың соңында ұлы хан Үгедейдің қайтыс болуына байланысты тіптен шиеленісе түсті. Сайын ханның Үгедей және Шағатай ұрпақтарымен текетірестері әкесінің орнына Күйік ұлы хан болып таққа отырған тұста әбден асқынды. Деректерге назар аударсақ Күйіктің тіптен, Сайын хан басқаратын Қыпшақ даласына арнайы жорық жасауға әрекеттенгенін де байқаймыз. Алайда бұл ахуал ұзаққа созыла қойған жоқ. 1248 жылы ол қайтыс болған соң жағдай өзгерді. Енді Сайынның тікелей қолдауымен таққа отырған Тулидің ұлы Мөңке таққа таласушылардың көздерін жойды. Осылайша Шыңғыс хан империясында шын мәнінде екі адамның ғана, Ұлы хан Мөңкенің және оның сенімді қолдаушысы, Шыңғыс ұрпақтарының ең үлкені болып табылатын Сайын ханның мерейі үстемдік алды.

Сайын хан билеген бұрынғы Жошы ұлысын еуропалықтар Алтын орда деп атады. Бұл тегінде Сайын ханның Еділге құятын Ахтуба бойында тұрғызылған, мұнаралары алтынмен апталған ордасына байланысты шыққан атау болса керек. Бытыранқы, бірін-бірі мойындамайтын майда орыс княздіктерінің бастарын Сайын хан тоғыстырды. Осыған байланысты татардың белгілі зерттеушісі Р.Фахредин былай деп жазған еді: «На самом же деле деяния Бату хана принесли русским много пользы, из-за них они перестали враждавать между собой. Они осознали, что причина междоусобиц была не в избыточности князей, а в их глупости. Осознав это, они стали собираться вместе. От монголов русские переняли приемы управления войсками, искусство ведения войны, научились также управлять государством. Приезжая ставку каганов и

ханов, русские князья узнавали много нового, в том числе и новые законы, и набирались опыта. Словом, такое общение было для них настоящей школой, которая научила их порядкам организации общественной жизни. В сущности, именно уроки Чингис хана и Бату хана, а также огромное влияние Золотой Орды и превратили Русь в ту Россию, которой она позже стала. Поэтому русские должны не проклинать монголов, а благодарить их за науку.». Шындығында да орыс халқын топтастыруда, олардың бір орталыққа бірігетін мемлекетін қалыптастыруда, Сайын хан негіздеген Алтын орданың рөлі зор.

Сайын хан 1238 жылдың ақпанына дейін бұрын біріне-бірі бағынбайтын 14 орыс қалаларын (ішінде Мәскеу де бар) басып алғаннан кейін орыс княздері оны еріксіз мойындады. Алғаш, 1243 жылы Ярославль князі келіп бас иді. 1247 жылы Новгородтың атақты князі Александр Невский өзінің бауырымен және көптеген боярларымен бірге Алтын Ордаға келіп, бас иді. Орыс княздері 1249 жылдан бастап, Сайынға адалдықтарын білдіріп, оның ұлы Сартаққа жаппай ант беруге көшті. Бір сөзбен айтқанда, Алтын Орданың қоластына түскен халықтардың этно-саяси өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Байырғы түркітілдес Еділ бойының булғарлары енді «татар» атанып кетті, Қыпшақ даласында жаңа тайпалық бірлестіктер құрыла бастады. Бұл этникалық өзгерістер болашақ ноғай, қазақ, өзбек, башқұрт, қарақалпақ тәрізді көптеген түркітілдес халықтардың қалыптасу үдерістерін жеделдете түсті.

# Береке (Берке) хан билеген Қыпшақ мемлекеті



*Берке хан*

Сайын хан (Бату) негіздеген мемлекеттік жүйені рухани тұрғыдан нығайта түсуде Алтын Орданың төртінші ханы болып табылатын Берекенің рөлі ерекше. 1256 жылы Сайын хан қайтыс болған соң моңғол империясындағы маңызы жөнінен екінші орында тұрған Қыпшақ даласындағы хандықты оның ұлы Сартақ билеуі керек еді. Алайда ол таққа отырмай жатып-ақ дүниеден өтті. Онан кейін 1257 жылы таққа отырған Сайын ханның екінші ұлы Ұлақшының да өмірі қысқа болды. Осыдан соң ұлы хан Мөңке – Қыпшақ даласындағы мемлекет тағына 1257 жылы Шыңғысханның немересі, Сайын ханның үшінші ұлы Береке-ні отырғызды. Ол жас кезінде Ходженттегі ғұламалардың бірінен діни білім алып, Құранды меңгеріп шықты. Таққа отырған оның діни ықпалына түскен көптеген рубасылары, және өзінің әйелі Чечек, сондай-ақ інісі Тоқай Темір исламды қабылдады. Дегенмен де Береке, басқа діндерге де кеңшілік жасады. Сондықтанда, ол негіздеген астана – Сарайда христиан епископына да орын табылды. Сонымен қатар

Береке таққа отырған соң Ғаббас халифтың рухани билігін мойындап, онымен хат жазысты.

Ол тіптен таққа отырмай тұрып-ақ, өзінің туысы, Төленің баласы Қулағудың араб халифатын басып алуға тырысқан әрекетін ағасы Сайын ханның (Батудың) ықпалымен тоқтатып тастады. Алайда Сайын хан қайтыс болған соң Қулағу ұлы хан Мөңкенің рұқсатымен бәрібір, Бағдадқа басып кіріп, Мұстасим халифтың өзін өлтіріп тастады. Мұның өзі Берекені Қулағуға қарсы өшіктіріп, ақырында қантөгіс қырғындарға алып келді. Дегенмен де В.Бартольд тәрізді тарихшылар, Берекенің Қулағуға соғысқа баруының басты себебін соңғысының бұрыннан Жошы ұлысының аймағы болып есептелетін Кавказдағы Арран және Әзірбайжан аймақтарына басып кіруінен іздестіреді. Немере туыстардың екі шайқасы тарихқа белгілі. 1261 жылы Кавказда Темір қақпада(Дербент асуында) басталған бұл текетірес түптің түбінде Берекенің жеңісімен аяқталды. Терек өзініне дейін барған Қулағудың әскерлері жеңіліске ұшырап, кейін қашқанда ат тұяғынан ойылып кеткен өзен мұзының астына кетіп, алапат қырғынға ұшырады. Айта кетер тағы бір мәселе, аты «татар» болғанмен заты түркітілдестерден құралған, шайқаска қатысқан Берекенің әскерлері негізінен алғанда Қыпшақ даласының рутайпаларынан (оғыз, үйсін, қаңлы, қарлық, қаракесек, найман, қоңырат, керейт, жалайыр, қыпшақ, алшын, беріш, шеркеш, шекті, тама, табын, телеу) құралған, сондай-ақ бұлғарлардан, башқұрттардан, фин-угр тайпаларынан жасақталған сарбаздардан тұрды. Сонымен қатар әрине, осы тұста түркілене бастаған моңғолдар да (Бұйрақ, Ойрат, Құсшы, Минг, Барлас, Сарай, Тұрмаут, Оймауыт, Онғұт, Татар, Шырын,

Арат) әскери жорықтарда ерекше белсенділіктер көрсетті. Бұл айтылғандар сонымен қатар Береке басқарған Қыпшақ мемлекетінің этникалық құрамының қандай болғанын да байқата алады.

Татар тарихшысы, Р.Фахреддин Береке туы астында соғыскан алғашқы мұсылман түркілерінің әрекетін «Бағдадты, қасиетті Құранды және хадистерді қорлағаны, ондаған мың күнәсіз мұсылмандарды қырғынға ұшыратқаны, өзен боп аққан қантөгіске және адам айтқысыз тағылыққа барғаны үшін жәбірленген күллі ислам дүниесінің Қулағу ханнан қаталдықпен өш алуы» ретінде атап көрсетеді. Осыдан кейін өзінің ақылға сыймайтын және қисынсыз әрекетіне құса болған Қулағудың өмірі де ұзаққа созыла қойған жоқ. Бүкіл рухын қайғы мендеген ол, 1264 жылы дүниеден өтті. Әкесінің кегін қайтармақ болған оның баласы Абақаның Берекеге қарсы мағынасыз жорықтары да сәтсіз аяқталды.

Берекенің мұсылман дүниесіне деген үлкен құрметі оның Мысыр билеушісі Мамлүк-қыпшақтарының сұлтаны Аз-Заһир Бейбарысқа да белгілі болды. Ортақ мүдде – кәпір Құлағуға қарсы «Джиһад» соғысын жүргізуге мүдделілік екі жақты да тығыз қарым-қатынастарға итермеледі. Бұл маңызды мәселені арабтанушы бауырымыз Бақытты Батырша біршама нақты зерттеп, қазақ тарихына қажетті мәліметтерді Мысырдан алып келді. Алғаш Бейбарыс Берекеге 1261 жылы Қырымнан шыққан Алан саудагерлері арқылы хат жолдады және онан соң көп кешікпейақ, 1262 жылдың 15 қарашасы мен 14 желтоқсаны арасында тағы да елшілік жөнелтті. Онда ол, Исламның киелі жерлері – Мекке, Мединеде және Құдыста(Иерусалимде) Сұлтан Бейбарыстың есімінен

кейін Береке ханның есіміне бағышталып дұға оқылатынын мәлімдеді. Өз кезегінде осы жылы Береке де Қайырға(Каирге) екі рет елшілер жөнелтті. Онда Құлағу ханның мұсылмандарға қарсы соғысы айыпталып, оның Шыңғыс ханның «Ұлы Йасасын» бұзғаны атап көрсетілді. Елшілер Қайырда сұлтан Бейбарыстың баласы Саид Берекені сүндетке отырғызу тойына қатысты. Тегінде, баланың есімі Береке ханның құрметіне қойылса керек. Енді сұлтан Бейбарыс қарым-қатынасты нығайта түсу мақсатында 1262 және 1264 жылдары Берекеге екі елшілік аттандырды. Осы елшілікке қатысушылар тарих үшін аса құнды мәліметтер қалдырды. Оларда хан сарайы және Берекенің кескін-келбеті біршама толық сипатталады. Елшілердің айтуынша Береке сирек сақалды, өңі сары кісі, шаштары құлақтарының үстіне түйілген. Бір құлағында қымбат тас бекітілген алтын сырға жарқылдайды. Басына биік тымақ киген, белін алтынмен және қымбат тастармен айшықталған тері белбеумен шарт буынған, аяғына қызыл теріден жасалған саптама етік киген, жасы 56-дағы адам. Ағасы Сайын (Бату) тәрізді оның да аяғы ауырады екен. Бейбарыс елшілері өздерімен бірге Құранның Осман нұсқасын, кілемдер мен жайнамаздар, сыйлыққа көптеген жануарлар, негр құлдарын, Омра (кіші қажылық) жасауда пайдаланылған сәлделерді, қасиетті Меккедегі зәмзәм суын және т.б. алып жетті.

Өзінің бүкіл қызметінде қасиетті Құран қағидаларын басшылыққа алған Береке мұсылман дүниесінде Насретдин (дінді қорғаушы деген) құрметті лауазымға ие болды. Ол 1265 жылы Кіші Азиядан қуылып, Эгей теңізіндегі Энос қамалының қапасына қамалған селжұқ сұлтаны Иззад-дин Қайқабұсты құтқару үшін

әскер аттандырды. Қарулы ауыр қол бүкіл Балқан түбегін көктеп өтіп, Эгей теңізіне дейін барып, азат етілген сұлтанды Берекенің бұйрығымен Қырымға жеткізді. Береке өзінің ұлысында жастардың Құранды оқып үйренулерін қадағалап, мектептер ұйымдастырды. Оның өзі де, әйелдері мен бағынышты әмірлері де өздерінің жандарында қожалардан шыққан имамдарды ұстады. Қожаларды тақтағы төрелер жанына отырғызып, оларды уәзір ретінде пайдалануды бастап берген де осы Береке хан. Осы тұрғыдан алғанда В.Бартольдтың Берекенің мұсылмандық ұстанымына күдікпен қарауын қолдай алмаймыз. Ғалым хан сарайында исламдық шарттармен қатар тәңіршілдік қағидалардың да қатал сақталғанына назар аудара келе, Берекенің рухани сауаттылығын төмендете түспек болады. Осы мәселені зерттеуде көп еңбектенген В.Бартольдтың басқаны айтпағанда, қазақтардың өздерінің де мұндаға дейін ислам ұстанымдарымен қатар, тәңіршілік дағдыларды қатар ұстанып келгенін «байқамауы» өкінішті-ақ. Осындайда Өтеміс қажының мынадай пікірін де назардан тыс қалдыруға болмас: «Берке туысынан мұсылман болған. Әкесі – Жошы хан өлген соң, ол дінсіздер арасында тұра алмай, Сығанаққа келді.Сол жерде атақты қазірет Сайф-ад-дин Бахарзиден тәлім-тәрбие алды». Осында Береке Иассауи жолын халық арасында насихаттаушы қожалардың ықпалына түсті. Бұл тұста Жошы ұлысының оңтүстік шығысында және Шағатай ұлысында халықтың рухани сұраныстарын қанағаттандыруда қожалар рөлі үстем бола бастаған еді. Олардың түркілер ортасындағы белсенді рухани қызметі Берекенің діни көзқарасына айтарлықтай үлкен ықпал жасады.

Сонымен қатар, Береке – Жошы ұлысымен ғана шектеліп қалмай, сол заманда ислам дінінің орталығына айналып үлгерген Мауереннахрға да үстемдік жүргізуге тырысты. Ханның өзі Бұқараға келіп, ондағы діндарлар мен ғалымдарға үлкен құрмет көрсетті. Сондай-ақ, Самарқанд христиандарының ондағы мұсылмандарға жүгенсіздік жасаған әрекеттерінен хабардар болған бетте онда басып кіріп, қаладағы христиан шіркеуін қиратты. Дегенмен де, ол өзі билеген мемлекетте дін бостандығын қорғады.

Береке Персияны билеген Қулағудың мұрагері Абақаға қарсы жорыққа аттанып, Кура өзені бойында өзеннен өтетін өткел іздеп жүргенде, 1266 жылы дүниеден өтті. Өзінен тікелей ұрпақ жоқ болғандықтан, оның орнына таққа Сайын ханның (Батудың) немересі Мөңке-Темір отырды. Мәмлүк қыпшақтары сұлтаны Аз-заһир Бейбарыс бұған қатты қайғырып, 1267 жылы Сарайға арнайы елшілік жөнелтіп, Мөңке-Темірге көңіл айтты. Қалай десек те Берекенің тарихи тұлға ретінде Қыпшақ даласында мемлекеттік жүйені нығайтуға үлкен үлес қосқан айтулы тарихи тұлға екенін ұмытуға тиіс емеспіз. Біздің еліміздің тарихында Ислам идеологиясының ұстанымдарының мемлекеттік жүйеге нақты ене бастаулары да тап осы Берекенің тұсында көрініс тапты. Әрине, исламды өзі де алғаш қабылдаған Қыпшақ мемлекетінің қайраткері мемлекеттік құрылыста оны берік орнықтыра алған жоқ. Бұл оның мұрагерлері тұсында ғана біртіндеп жүзеге асырылған күрделі мәселе. Алайда Береке мемлекетті мұсылмандық ұстанымдарға бағыттаған рухани өзгерістердің бастауында тұрды. Сондықтан да оның есімі бүгінгі қазақ тарихынан көрнекті орын алуға толық құқылы.

## Ежелгі ноғайлы

«Ноғай ұлысы», «Ноғайлы жұрты», «Ноғай ордасы» тәрізді атаулар тарихымызға жақсы белгілі. Бұлар шын мәнінде бір халықтың өркендеуіндегі жалғасқан этно-тарихи кезеңдерді сипаттайды. Қазақ эпосына кіретін біркатар жырлар «Ноғайлы жырлары» деген атпен де белгілі. Қыпшақ даласындағы, әсіресе, қазіргі батыс Қазақстан аймағындағы қазақ ру-тайпаларының біразының Ноғайлар құрамында болғандарын да білеміз. Осылай бола тұрса да Ноғайлы тарихының қазіргі Қазақстан тарихынан өзінің лайықты орнын иемдене алмай келе жатқан жайы бар. Мұның басты себебі – Ноғай ұлысының қазіргі Қазақстан аймағынан тысқары жатуынан. Десек те, Ноғайлы тарихы да қазақ тарихының құрамдас бөлігі. Бұл елдің жеке тарихи тұлға бектердің бегі (*беклербек)* болған Ноғай есімінен бастау алатыны белгілі жай. Рас, Ноғай ордасын кейінгі XIV ғасырдың ортасында өмір сүрген және шағын хандықты басқарған Жошының ұлы Тоқа темірдің тұқымы Қара Ноғай атты тарихи тұлғадан бастауды ұсынатындар да бар. Алайда оған қараған жұрттың «ноғайлар» емес, «қара ноғайлар» деп аталғанын ұмытуға болмас. Мұның өзі Еуразия кеңістігінде «ноғай» атауының дегенмен де Ноғай төреден бастау алатынын байқатады. Ол әйгілі Жошы ханның шөбересі.

Ноғай – Қыпшақ елінің (Алтын Орданың) Береке (1257 – 1266), Мөңке Темір (1266 –1282), Туда Мөңке (1282 – 1285), Тула Бұға (1285 – 1290), Тоқта (1290 –1312) тәрізді хандарымен үзеңгілес және замандас болған, оларға бірде беклербек лауазымында белсенді қызмет жасаса, бірде қарсы тұрып жауласқан

күрделі тарихи тұлға. Осыған байланысты, Еуразия тарихын жазғанда, Ноғайды ескермей, айналып өту қиын. Сондықтан да ол туралы басы Н.Карамзин мен В.Бартольдтан бастап, бүгінгі В.Трепавлов, З.Қинаятұлы, А. Исин, А.Күзембайұлы тәрізді зерттеушілер елеулі еңбектер жазды. Ескеретініміз, Ноғай және Ноғайлы жұрты туралы әркімнің көзқарасы әртүрлі. Білетініміз, Ноғай Татарұлы дүниеге 1230 жылы келген. Ол әрине Моңғолияда емес, Қыпшақ даласында дүниеге келді.

Ат жалын тартып мінген кезінен бастап ержүректігімен ерекше көзге түскен ол, жиырма алты жасында Береке ханның Парсы жерін билеген Құлағуға қарсы ұрысында қол бастап, даңққа бөленді. Осы ұрыста көзінен айырылған оны жұрт «жалғыз көзді батыр» атандырды. Оның ерлігін құрметтеген хан Еділ мен Жайықтың жағалауын мекендеген халыққа басшы етті. Алшын тайпалық бірлестігіне қарайтын тайпалардың біразы, Қыпшақ руларының кейбірі осы тұста-ақ Ноғайға бағыныштылыққа түсті. Қыпшақ елінің (Алтын Орданың) келесі ханы Мөңке Темір де Ноғайды әспеттеумен, көтермелеумен болды. Енді ол басқарған аймақ бірде «Ноғай ұлысы» атанса, бірде «Маңғыттар елі» аталатын болды.

Соңғы атау туралы әртүрлі пікірлер білдірген тарихшылар арасында көңілге қонымдысы Зардыхан Қинаятұлының жазғандары. Оның «Маңғыт» атауы о баста, Ноғайдың мыңдықтарын сипаттағаны(мингмың дегенді білдіреді) туралы пікірі дәлелді естіледі. Кезінде, XII ғасырда Онон өзені бойында мекендеген моңғолдың маңғұт тайпасының қыпшақ даласына қоныс аударғаны туралы деректер жоқ. Бәлкім, бұл рудан шыққандар Сайынның (Батудың) Батыс

жорығына қатысып, Терістік Қырым аймағында қалып қойған болар. Маңғыттардың кейініректе, Едіге заманында мингтерден бөлініп бешұлы-маңғыт, исабий-маңғыт, қара-маңғыт, шиғасан-маңғыт атанып кеткендері белгілі. XIV ғасырдың алғашқы жартысына дейін маңғыт жұрты Әмудария жағалауын қоныс еткен. Біздің ойымызша, бұлар моңғолтілдестер емес, кезінде Ноғай мырзаның қайтыс болуынан кейінгі кезеңде Тоқта ханның зорлықпен Ноғай ұлысын өзіне қосуынан қашқан және кезінде беклербек Ноғайды белсенді қолдаған оның «мингтары (маңғыттары)». XIV ғасырдың екінші жартысында бұлардың Еділ-Жайық аймағына қайта қоныс аударулары да осыны дәлелдейді. О баста, азғана моңғол рулары басқарған бұлар кейіннен қыпшақ және алшын тайпалық бірлестіктеріне сіңісіп, біржолата қыпшақтанып кетті. Осылайша Ноғай «мингтары (маңғыттары)» XV ғасырға қарай, Едігенің тұсында дүйім де, қуатты елге айналды.

Дегенмен де мынаны да айтпауға болмас, маңғыт атанғандардан таралғандар мұндаға дейін сақталып келді. XIX ғасырда Кундров татарларында маңғыттар бірнеше руға бөлінсе, өзбек-маңғыттар ақ-маңғыт, түк-маңғыт және қара-маңғыт ру тармақтарына, ал Қарақалпақ-маңғыттары: ақ-маңғыт. қара-маңғыт, үштай, шуйит, яманча тәрізді рулар тармақтарына бөлініп кетті. Маңғыттардың осылайша әртүрлі түркітілдес халықтар құрамына ыдырап кеткендеріне қарап, ежелгі Ноғайлының (маңғыт жұртының) біртіндеп қалай бөлшектенгенін де байқауға болады.

Ноғай мырзаның ұлысын күшейткен байұлы, бадай (адай), керейт, кибчак (қыпшақ), минг (алан-минг, алшин-минг, арган (аргын)-минг, буйрабас-минг, джур-

жут-минг, евлан-минг, казаяклы (славян казактары)-минг, канглы-минг, карпода-минг, коянсы-минг, куланчи-минг, сарай-минг, сарас-минг, сары-минг, телеу-минг, тогай-минг, шахманчи-минг, ябы-минг), тама тәрізді рулық бірлестіктер мен тайпалар еді.

Өзі билеген аймақты жеке этно-саяси бірлестікке айналдырып алған Ноғай, алғаш Мөңке – Темір ханның Қыпшақ еліндегі билігі кезінде, онан соң Тула Бұға ханның тұсында Мысыр билеушісі Әл-Заһир Бейбарысқа өзінің атынан елшіліктер аттандырғаны туралы деректер бар. Мұның өзі осы заманда Ноғайдың Алтын Орда хандарымен тайталасып, олардың қолындағы билікке қол жеткізуге талпына бастағанын айқын дәлелдей түседі. Шындығында да Ноғай Қыпшақ елінде аса беделді тұлға еді. Сонау әйгілі Сайыннан (Бату ханнан) бастап Өзбек ханға дейінгі Алтын Орда хандарының ешқайсысы халық арасында Ноғайдай ықпалды бола алған жоқ десек, артық айта қоймаспыз. Ол – хан тағына отырмаса да өзінің есімін ұлысқа ғана емес, тұтас халыққа этноним ретінде қалдырып кеткен тарихи тұлға. Ел билеген хандарға Ноғайдың бұл «биігі» арман болып қалды. Өйткені барлық хандардың ішінен мұндай әспеттеуге ***Өзбек хан*** ғана ие бола алды.



*Өзбек хан*

Ноғай – Тула Бұғаның тұсында өзінің Алтын Ордаға тәуелсіз дербестікке ұмтылып отырғанын ашықтан-ашық аңғарта бастады. Бұл 1287 жылы Алтын Орда әскерлерінің батысқа жорығы кезінде айқын көрініс берді. Өзінің әскерімен бұл жорыққа қатысқан Ноғай Краков қаласын басып алған соң қайтар жолда Тула Бұға хан басқарған Алтын Орда әскерлерінен рұқсатсыз бөлініп, өзінің иелігіне қайтып кетті. Ал жолдан адасқан хан әскерлері қарлы боранға кездесіп, олардың сан мыңдағанын үсік шалып, қырғынға ұшырады.



*Тоқта хан*

Тула Бұға – бұл апаттың басты себебін, Ноғайдың іс-әрекетінен іздестірді. Мұндай жаулық пиғыл Ноғайға тіптен де ұнаған жоқ. Екі арадағы осындай текетірес ақыры Ноғайдың пайдасына шешілді. Оның арандатуымен Тоқта – Тула Бұғаны және оның бес бауырын қырып салды. Осылайша 1291 жылы таққа Тоқта отырды. Ноғайдың ықпалына түскен ***Тоқта хан*** көп кешікпей-ақ кезінде Тула Бұғаны белсенді қолдаған 18 ноянды әдейі өлтірді және Ноғайға өзінің құрметін білдіріп, Қырымды сыйға тартты.

**XV ғасырдағы Ноғай ордасы**

## Жошы ұлысындағы Ежен ордасы (Ақ Орда)

Жошы ханның үлкен ұлы – Ежен хан билеген Ақ Орда тарихының қазақ тарихшылары үшін «жұмбақ» тұстары мол. Оны Қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретінде дәлелдеуге деген құштарлық әсіресе, тәуелсіздігімізге қол жеткізген соң арта түсті. Оның басты себебі, қазақ хандарының осы Еженнің сегізінші ұрпағы саналатын Ұрыс ханның тікелей үрім-бұтақтарына жататындарында болып отыр. Алайда осындай қисынды шешімді қабылдауға зерттеушілер арасындағы пікір қайшылықтары ең басты кедергі болып отырғанын да айтпасқа болмас. Мұны Өтеміс қажы жазғандай, әкелері Жошы қайтыс болған соң, «енді кім хан болады?» – деген сауалға жауап іздеп Моңғолияға келген үш немересіне Шыңғыс ханның: Сайын ханға (Батуға) – алтын босағалы Ақ Орда, Еженге – күміс босағалы Көк Орда, ал Шайбанға – болат босағалы Боз Орда тіктіргені туралы мәлімет те күрделендіре түсті. Осыған және басқа да қосымша деректерге сүйенген зерттеушілердің кейбірі Ежен басқарған ұлысты Ақ Орда емес Көк Орда деп атауды ұсынса, тағы басқалар Ақ Орданы Алтын Орданың өзі деп те ойлайды.

Әрине, Шыңғыс ханның өзінің немерелеріне арнап тіккен Ордаларының түсі олардың болашақ ұлыстарының атауын белгілеп бере алмайтын еді. Тегінде, ұлы қаған өзінің көптеген немерелері (оған, Моңғолияда қайтыс болған Жошының бәйбішесінен туған, жоғарыда аталған Ежен мен Батудан басқа тоқалдардан туған 17 немерелер де ілесіп келді ғой. ) арасынан аталған үшеуіне ерекше назар аударып, оларды болашақ, жаңа ұлыстар билеушілері ретінде таныса керек. Оқиғаның мұнан әрі қалай өрбігенін «Чингизнамені»

оқығанда айқын аңғара аламыз. Онда мынадай деректер бар: Шыңғыс хан немерелері орналасқан соң кешкісін салтанатты қонақасы береді. Оған шақырылған бектер мынадай әңгіменің куәсі болады: «Тамақ салтанатты түрде желініп болған соң, Сайын хан тағы да тізерлеп отырып былай деді: «Біздің әкеміз өлген кезде, мен Еженге былай дедім: «Оның орнындағы менің әкем бәрібір, сен болып табыласың. Хан болуға тиістісің, өйткені біз басқа жұртқа бара жатырмыз». Ол келісімін бермеді. Оның не себептен келіспегенін түсіне алмай отырмын. Міне, мен сондықтан да сізге өзімнің өтінішімді мәлімдеуге келдім». Шыңғыс хан айтты: «Сайын йасаққа сәйкес келетін сөзді айтып отыр. Сен неге келіспейсің? ». Сонда Ежен де тізесін бүгіп, мынаны айтты: «Иә, менің ханым! Мен жас жағынан расында да үлкенмін. Алайда біздің әкеміз оны өте сүйетін және еркелетіп өсірді. Осыған дейін мен оған бағынып келдім. Ол болса маған бағынышты болған емес. Егер мен хан болсам, оған бұрынғыдай бағынышты бола алмаймын ғой, біздің арамызда өшігу мен жек көру пайда болады. Мен осы себептен де хан болуға келісім бермеймін, мұның өзі сізге ақылсыздық болып көрінер. Енді сол ғана хан болсыншы. Мен оның хандық құруын көтере аламын», – Шыңғыс ханды бұл сөздер қатты толқытты, ол өзінің ұлы Жошыханды еске түсіріп, егіліп жылады, олардың екеуіне де аса ризалығын білдірді және былай деді: «Ертең біз бектермен ақылдасамыз, және сендерге жауабымызды береміз». Таңертең, бектермен кеңескен Шыңғыс хан ханның ясасына сәйкес, Сайын ханға оң қанаттағы Еділ өзеніне дейінгі аймақтарды, Еженге сол жақ қанаттағы Сырға дейінгі аймақтарды берді».

Осы айтылғандардан көріп отырғанымыз, қайтыс болған Жошының орнына Сайын (Бату) хан болды.

Ол билейтін ұлыс о бастан-ақ, «Алтын босағалы Ақ Орда» атанды. Алтын Орда немесе Көк Орда деп аталатын ұлыстар бұл кезде әлі өмірге келген жоқ еді. Ал, Жошы ұлысының синонимі болып табылатын Ақ Орда қалыптасқан дәстүр бойынша екі қанатқа бөлінді. Жоғарыда «Чингизнамеде» атап көрсетілгендей, оның сол қанатын Жошы ханның үлкен ұлы Ежен билегендіктен және оның ұлысын Сайын ханға бөлінген Ақ Орданың оң қанатындағы ұлысынан ажырату үшін «Орда Ежен» деген атау тарих сахнасына шықты. Сонымен «Орда» сөзі Еженнің есімі емес, ол басқаратын ұлыстың атауы. Сондықтан да «Чингизнамеде» Орда атауы Еженнің есіміне қосақталып айтылмайды. Ал кейінгі деректерде (Плано Карпиниде) Ежен есімі Ордана деген атпен белгілі. Сайынның (Батудың) есіміне «Орда» атауының тіркелмеуі әкенің қара шаңырағына оның емес, ағасы Еженнің ие болғанын көрсетеді. Мұны жоғарыдағы «Чингизнамеде» Шыңғыс ханның көз алдында Еженге бағышталып айтылған Сайынның: «менің әкем бәрібір, сен болып табыласың» деген сөзі. Иә, әке орнына әке болған Ежен тұрғанда Сайынның Жошы хан шаңырағына ие болуы екі талай еді. Бұл Шыңғыс ханның Йасса заңына да қайшы болатын. Оның үстіне әлі жас, қайратты да ақылды Сайын ханнан адам таңдауда сирек қателесетін Шыңғыстың өзі үлкен үміт күтіп, батыс елдерін жаулау жорығын соған тапсырды. Алайда, мұндай жойқын жорықты басқару үшін Сайынға хан мәртебесі берілуі керек еді.

Осы айтылғандарға байланысты, Жошының ордасы Ертіс бойында болғанын, сондықтан да Еженнің ордасының да осында орналасқанын айтуға тиістіміз. Жошы бұл маңды өзі таңдап алған жоқ, бұл бұрын, 1218 жылы Шыңғыс хан Хорезмге қарсы жорыққа аттанар алдында өзінің екінші ордасын орналастырған

өлке болатын. Осында, қарлықтардың Қаялық (Қойлық) қаласынан онша қашық емес аймақта, Найман-таудың биігінде жаңадан қалыптасып келе жатқан Алаш қауымдастығына мұрындық болған жалайыр, қыпшақ, қаңлы, қоңырат, қаракесек (қарлық), найман, керей, үйсін тәрізді тайпалар – Майқы (Байқы) бидің бастауымен Шыңғысты тағы да хан көтеріп, Наймантауды осыдан бастап Шыңғыстау атандырған еді. Кейінірек, Гиндекушқа дейінгі аймақты жаулап, Моңғолияға қайтар жолында да, Шыңғыс осы Ертіс бойындағы ставкасында аялдап, өзінің ұлдарына берілетін аймақтарды нақтылай түсті. Жошының да осында, өзінің ордасына жақын аймақта қайтыс болғаны сөзсіз. Ақ Ордадағы ықпалды қожалардың әсерімен кейініректе орнатылған Жошының қазіргі кесенесінде оның өзі емес, едәуір карт кісінің жатқанын академик Ә. Марғұлан жүргізген қазба көрсетіп кетті.

Ал, енді, Шайбан басқарған Көк Орда туралы айта кетер болсақ, бұл ұлыстың кейініректе, Сайын (Бату) батыс елдерін бағындырған (1243 ж.) соң құрылғаны «Чингизнамеде» айтылған, деректерге қарар болсақ, Көк Орда – Аралдың солтүстік аймақтарынан Төмен өлкесіне дейін, Сайын билеген Алтын Орда мен Ежен басқарған Ақ Орда арасында созылып жатқан. Оның тарихы арнайы әңгімеге арқау болуға лайық.

Ал енді Ақ Орданың алғашқы ханы Еженге келер болсақ, оны көтеріліс жасаған өзінің нөкерлері төңірегіндегі оғландарымен бірге өлтірді. Батысты бағындырып қайта оралған Сайынның Шығыс қыпшақтары жерінен аулаққа, Еділ бойына орнығуы және Моңғолиядағы ұлы хан Үгедейдің қайтыс болуынан кейінгі саяси шырғалаң, 1242 жылы Шыңғыс ұрпақтарының «Йасса» заңын орындауын қатал қадағалап отырған қаһарлы Шағатайдың да дүниеден өтуі, Еженнің

жауларын ашық бас көтеруге итермеледі. Сайынға (Батуға) батыс жорығынан наразы болып келген Үгедей ұлы Күйік өзі ұлы хан болу үшін Сайыннан да Еженнен де қолдау табарына сенімді болмағандықтан, осы тұста Еженнің ордасына таяу маңда Емілде қоныстанып, оған карсы әрекеттерді жандандырды.

Еженнің қайғысы Сайынның қабырғасын қайыстырып кетті. Ол Еженге ас берген соң, қалың қолмен оны өлтіргендерге аттанды. Қарсыласуға шамалары келмеген жаулар қашып құтылды. Осыдан соң Сайын Еженнің ордасындағы рулар мен тайпаларды өзінің ұлысына қаратты және бұл аймақтарды өзінің бектеріне бөліп берді. Осылайша, Ақ Орда – Алтын Ордаға қосылды. Алайда әкесіндей болған Еженнің орнын Сайын иесіз қалдыра алмады, оның үстіне екі ұлыстың арасын інісі Шайбанның иеліктері (Көк Орда) бөліп жатқандықтан, шалғайдағы Ақ Орда тағын иесіз қалдыру қауіпті бола бастады. Осылайша, тақка Еженнің төртінші ұлы Қоңқыран отырды (1250 – 1280 ж.). Одан ұрпақ болмағандықтан, тақты Еженнің үлкен ұлынан туған Қоныш, онан соң оның ұлы Баян иемденді. Соңғысының тұсында Үгедейдің және Шағатайдың ұрпақтары Ақ Орданы өздеріне бағындыру жолында соғыстар бастады. Алайда, Алтын Орда ханы Тоқтаның әскери көмегінің арқасында Баян жеңіске жетіп, ұлыстың астанасын Сыр бойындағы Сығанақ қаласына ауыстырды. XIV ғасырдың басынан бастап Ақ Орда тағын Баянның ұлы Сасы-Бұқа (1309 – 1315), оның ұлы Ерзен (1316 –1345) биледі. Ерзеннің билігі Алтын Орда тағына Өзбек ханның билік жасаған кезеңіне тұспа-тұс келіп, елде сопылар мен қожалардың ислам дінін мемлекеттік деңгейге көтеру саясаты жаппай қолдау тапты. Сондықтан да Ерзен өзінің орнына таққа отырған ұлын Мұбарак қожа деп атады.

Алайда, Өзбек хан – Ақ Орданы Алтын Орданың бағынышты бөлігі деп білді, сондықтан да оның тағына өзінің ұлы Тыныбекті 1342 жылы отырғызды. Алтын Орда хандары Жәнібекте (1342 – 1357), онан кейінгі Бердібекте (1357 – 1361) Ежен ұрпақтарының дербестікке ұмтылысын шектеумен болды. Тіптен соңғысы оларды біртіндеп өлтірумен айналысты. Мұндай былық Ақ Орда тағына 1362 жылы Шымтай ханның баласы Ұрыс хан келгенге дейін орын алды. Ол Ақ Орданы күшейтіп ғана қоймай, Жәнібектен соң берекесі кеткен Алтын Орда тағын да басып алуға ұмтылды. Мұның өзі Алаш қауымдастығына топтаса бастаған ру-тайпаларды өздерінің дербес мемлекетін құруға ынталандыра түсті.




**XIV ғасырдағы Ақ орда мемлекеті**

## Шайбанның (Сыбанның) Көк Ордасы

Тарихи әдебиетте Алтын Орда, Ақ Орда атауымен қатар Көк Орда деген ұлыс туралы да жиі айтылады. Мұндайда қазақ тарихшылары территориялық тұрғыдан қазіргі Қазақстанның көп жерлерін алып жатқан Ақ Ордаға баса мән береді де, Алтын Орда мен Көк Орданың тарихын басқалардың тарихы ретінде назардан тыс қалдыра береді. Мәселеге, әрине бұлай қарау әділетті бола қоймайды. Өйткені, біріншіден, бұл Ордалардың бәрінің тарихи бастауы, қайнар бұлағы, орталығы, қазіргі Қазақстан аймағындағы – Жошы ұлысы болып табылады; екіншіден, бұлардың бәрінің этникалық құрамында Алаш қауымдастығын құраған рулар мен тайпалардың тарихи іздері сайрап жатыр.

Тарихымызды нақтылай түсуге тағы бір кедергі – бұл үшеуінің пайда болған кезеңін де, орналасқан аймақтарын да еуроцентристік көзқарастар жетегіне ілесіп, шатастыратын зерттеушілер әлі де кездеседі. Алайда бір нәрсенің басы ашық: Көк Орда ұлысын алғаш негіздеген Жошының тоқалдан туған бесінші ұлы Шайбан болып табылады. Саяхатшы Плано Карпинидің оны Сыбан деп атағанына қарағанда жергілікті қыпшақтар оның моңғолша есімін өздерінің тілдеріне икемдеп, түріктендіріп алса керек. Тарихи деректер Шайбан ұлысы атауының шығуын Шыңғыс хан дәуірінен бастайды. Мысалы, «Шыңғыснамада» әкелері Жошы қайтыс болған соң бәйбішеден туған екі ұл (Ежен мен Бату) және тоқалдардан туған он жеті ұл енді әкенің орнын кім басатынын айқындап алу үшін аталары Шыңғыс ханның өзіне барады. Осындайда елдің назарын аудартар бір жайт орын алады. Бәйбішеден туғандарды (Еженге – алтын босағалы **Ақ Орда**, ал Батуға – күміс босағалы **Көк Орда** тіктірсе,)

арнайы ордаларға орналастырса, тоқалдан туғандар арасынан тек Шайбан немересіне ғана Шыңғыс хан жеке орда тіктіреді. Бұл болат босағалы **Боз орда** еді.

Бұл жерде мән беретін мәселе – тігілген ордалардың түсінде емес, Ұлы қағанның көп немерелері ішінен кімдерді ерекшелеуінде, және кімдерге арнайы көңіл бөліп, оларды жеке ордаларға орналастыруында болса керек. Нақтылай түсер болсақ, Жошының орнына оның ұлысына хан болған Сайын (Бату) жолы жағынан үлкен, әкенің отауын (Жошының Ақ Отауында немесе Ордасында) иемденген ағасы Еженнен басқаларға, яғни кіші інілеріне жаңадан басып алған жерлер есебінен аймақтар үлестіргенде, Шайбанға (кейбір деректер оның 1207 жылы туғанын, яғни Сайыннан екі жас кішілігін айтады) басқа інілерінен бөлекше, тіптен ерекше жағдайлар жасауы керек болды. Десек те, 1241 жылға дейін, яғни Батыс жорығы аяқталғанша Ақ немесе **Алтын Орда**, Көк Орда, Боз орда деген жеке ұлыстар пайда бола қойған жоқ. Олардың бәрі бір ғана атаумен, Жошы ұлысы ретінде белгілі болды. Осы айтқанымызды дәлелдейтін тарихи деректерден Сайынның (Батының) өзінің інілеріне шағын ұлыстар бөліп беру ісін батыс жорығынан соң ғана қолға алғанын байқай аламыз. Шайбан басқарған Көк Орда да осылайша кейіннен пайда болды.

Тарихты нақтыласақ, Шайбан ұлысының қалыптасуы оның өзі жаулап алған жаңа жерлер есебінен кеңейтілгенін аңғарамыз. Бұл жерде Шайбанның қолбасшылық таланты ғана емес, жоғарыда айтып кеткеніміздей, Шыңғыс ханның өзінің, көзі тірі кезінде Шайбанға ерекше назар аударуы да оның әкесі Жошының иелігіне жататын аймақтардан бастау алатын жеке ұлысты иемденуіне негіз болды. Моңғол тарихының қазаққа қатысты тұстарын анықтай түсуде көп

еңбектеніп жүрген Зардыхан Қинаятұлының зерттеулеріне қарасақ, ұлы Қаған өзінің немересі Шайбанға алғаш рет 1224 жылы күзде Ертіс бойындағы өзінің ордасы орналасқан «Бұқа шошыған» деген жерде болған үлкен жиында кездескен. Бұл жиынға қатты науқас болғандықтан Жошы қатыса алмай, балалары Еженді, Сайынды, және 15 –16 жастағы Шайбанды аттандырған. Шыңғыс ханның осында балаларына өзі бағындырған жерлерді ұлыс ретінде бөліп бергені белгілі. Мұнда әрине, немерелер ұлыстық үлестер ала қойған жоқ. Бірақ науқастанып жатқан Жошыдан туған немерелеріне осы жиында Шыңғыс ерекше назар аударуға мәжбүр болды. Өйткені ұлы қағанаттың аймағын болашақта батысқа қарай кеңейту – осы Жошы ұлысынан бастау алатын еді. Сондықтан да Жошыға үлес бөлгенде оның ізбасарлары кімдер екендігі ұлы қағанды қызықтырды. Бұл айтқандарымыздың дұрыстығын Жошы қайтыс болған соң, жоғарыда айтып өткеніміздей, Шыңғыс ханның, өзіне жүгінген Жошының көптеген ұлдарынан аталған үшеуін ерекшелеп, оларға арнайы ордалар тігуінен де байқауға болады.

Атасы Шыңғыс ханның Сайынға (Батуға) берілген Батыс елдерін жаулау туралы тапсырмасын орындау мәселесі 1235 жылғы жалпымоңғолдық құрылтайда қайта көтерілді. Ұлы қағанның өсиетін орындауды басты мақсатқа айналдырған бұл жорыққа Сайынның (Батудың) тікелей басқаруымен Жошының ұлдары Орда (Ежен), Шибан (Шайбан), Шонхор (Шингкур); Үгедейдің (Өгедейдің) тұңғыш ұлы Күйік (Гуюг); Шағатайдың үлкен немерелері Бури, Байдир; Тулуйдың тұңғышы Мөңке өздеріне бағынышты аймақтан қол жинап аттанды. Шайбанның қолбасшылық талантының танылуы туралы «Шыңғыснамада» мынадай жолдар бар: «... Сайын хан Еділ өзенінің жағасына келген

соң, әскерді жабдықтады және Орыс уәлаятындағы қала Маскавқа (Мәскеуге –Т.О.) жорыққа аттанды. Былай деп айтады. Сол жорықта Сайын хан Шайбан-ханға отыз мың адам беріп, алдыңғы шолғыншы отряд ретінде аттандырды, ал өзі оның соңынан жүріп отырды. Шайбан хан алда, үш күндік қашықтықта бара жатты. Мәскеу патшасы жаудың келе жатқаны туралы хабардар болды. Ол жүз елу мың адамды бастап қарсы шықты... Шайбан хан оған қарсы жедел қарқынмен жылжу туралы шешімге келді. Бектері қанша үгіттесе де ол көне қоймады... Ол қамсыз жатқан орыс патшасының әскеріне күтпеген жерден бас салды... Оның әскерінен (орыстардан –Т.О.) кімдер өлуге тиісті болса, өлді, қалғандарының бәрін тұтқын етті. Олардан қалған мүлікке, және жабдықтарға, сауыттар мен қаптамаларға санасаң сан жетпейді... Екі күннен соң Сайын хан келіп, бұл жеңісті көрді. Осы олжаның бәрін алып келіп, Сайын ханға сыйлады. Ол аса қатты қуанды, және Шайбан ханды әбден мақтады... Қолға түскен олжаның бәрін ол, Шайбан ханның өзіне берді, ал ол болса оның бәрін өзінің әскерлеріне сыйлады. Таң алдында олар жолға шықты, онан соң Маскав (Мәскеу – Т.О.) уәлаятына келді».

Шайбанның осындай ерлігінен кейін, Сайынның (Батудың) төңірегіндегілер оны жоғары бағалап, оған тиесілі рулар мен тайпаларды, жаңа уәлаятты бөліп беру туралы Сайынға (Батуға) ұсыныстар жасады. Сайын осыдан соң Шайбанға бұрынғы отыз мыңдық әскеріне тағы да он мың қият пен жұралдайлардан құралған жасақтарды қосып беріп, оны Қырым мен Кафа аймақтарын жаулап алуға аттандырды. «Шыңғыснамада» Шайбанның Қырымдағы Қырықер қаласын қандай тапқырлықпен жаулап алғаны айтылады. Бұл өзіміздің әйгілі Мұрын жырау жырлайтын «Қырым-

ның қырық батыры» дастанымен тығыз байланысты тарихи орын. Онда тарихта болған тұлғалар тағдыры, дәлірек айтар болсақ, Жетірудың тама тайпасына атын берген Тама батырдың Алтын Орда дәуірінен бастау алатын бабаларының шежірелері мен ерліктері баяндалады.

Қырық ердің орнын (казір – Чуфут-Кала деп аталады) алғаш рет археолог В.Егоров зерттеп, өзінің «Историческая география Золотой Орды» атты монографиясында картаға түсірген еді. Оларды бағындырған соң Шайбан Улақ аймағын, онан соң аса үлкен Корал аймағын басып алды. Еуропадағы жорықтарды аяқтаған соң, Сайын (Бату) туыстарына еншілер бөлгенде Шайбанның осында, Корал жерінде Орда тігіп, тұрақтап қалуына рұқсатын берді. Ол осында өмір сүріп, қайтыс болды. Сібірден Арал теңізінің солтүстік аймақтарына дейін созылып жаткан бұл иелік енді, Шайбан ұлысы немесе Көк Орда атауына ие болды. Ортағасырлардағы тарихшы Муин ад-Дин Натанзидің айтуына қарағанда Көк Орда және Ақ Орда ұлыстары атақты беклербек Ноғай қайтыс болғаннан соң (1300 ж.) Жошы ұлысының екіге бөлінуіне байланысты пайда болған. Шайбан ұрпақтары билеген Көк Ордаға бұрын Шайбан басып алған аймақтар, дәлірек айтар болсақ – Урус, Черкес, Ас, Мхши, Булар, Мажжар, Авкек, Башгырд, Либкай, Хаджи-Тархан, Ак-Сарай тәрізді елдер мен аймақтар қараған. Жолы да, жасы да кіші болғандықтан Шайбан ағалары Ежен мен Сайынға текетірес бола алмайтын еді. Ол негіздеген Көк Орда қай жағынан болсын, алғаш Ақ Ордаға (яғни Жошы ұлысына), кейінірек Алтын Ордаға қарайтын аймақ болды. Көк Орданың осындай саяси тұрақсыз жағдайы зерттеушілерді шатастырып, оның мемлекеттік маңызын асыра көтермелеуге және тарихын бұрмалап жазуға алып келді.

Қалай десек те, Шайбанның Көк Ордасының тарихы кейінгі қазақ тарихының этно-саяси бастауларының бірі. Өйткені, XV ғасырдың алғашқы жартысында Батыс және Орталық Қазақстан аймағындағы Өзбек ұлысына билік жасаған және алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Кереймен билікке таласқан Әбілқайыр хан осы Шайбанның ұрпағы. Жалпы қазақ хандарының Шайбан әулетімен жер үшін, ел үшін жанқияр-лық күрестері – біздің мемлекеттілік жолындағы тарихымыздың аса күрделі беттері болып табылатынын ұмыта алмаймыз.

## Жошы ұлысының әлсіреуі

1342 жылы Өзбек хан өлген соң-ақ Жошы ұлысының (Алтын Орданың) басынан бағы тая бастады. Өзінің көрегендігімен және даналығымен зор беделге ие болған және мемлекетке есімін берген оның орнына келген ұрпақтары данқты Ұлыстың ұлы дәстүрлерін жалғастыра алмады. Сондықтан да тек 1360 –1379 жылдар аралығында ғана Жошы ұлысында 24 хан ауысты. Оның үстіне осы кезеңде зерттеуші Зардыхан Қинаятұлының деректері бойынша таққа таласқан дүрбелеңдерде 14 немесе 18 хан өлтірілген. Олардың да, оларға дейін хан болғандардың да есімдері тарихқа белгілі. Дегенмен де қысқа мерзімде хандық құрып, соңына ешқандай із қалдырмаған тұлғалардың тарихта елеусіз қалатыны бесенеден белгілі. Сондықтан оларды тізіп атап жатуға айтарлықтай қажеттілік жоқ.

Алайда аталған қанды қасапқа дейін билік жасағандар тарихшылар назарын аударып жүр. Олар Өзбек ханның баласы Тыныбек (1342 ж.), Жәнібек (1342 – 1357 жж.), Бердібек (1357 – 1361 жж.).



*Жәнібек (бірінші) хан*

Бұлардың алғашқысы, Өзбек ханның үлкен ұлы, иман жүзді Тыныбек о бастан-ақ, өзінің ел басқаруға қабілеті жете бермейтіндігін босаң мінезінен байқатып қойды. Сондықтан да басынған бақталастар оны өлтіріп тынды. Оның орнына таққа отырған Жәнібекті діндарлығы үшін мұсылман деректері хазірет деп те атайды.

***Жәнібек*** өзі хандық құрған тұста шетелдермен байланыстар орнатуға баса мән берді. Тарихи деректерден оның 1342 және 1356 жылдары Мысыр сұлтандарына көптеген сый-сияпаттармен екі рет елшіліктер аттандырғаны белгілі. Жәнібектің көп уақыты өзара жауласқан, қантөгіске барған орыс княздерін татуластыруға кетті. Ол орыстардың православия метрополитін жыл сайын Алтын Ордаға 600 сом салық төлеп тұруға еріксіз мәжбүрледі. Оның сондай-ақ Әзірбайжан билеушісі Ашрафқа қарсы жорыққа аттанғаны да белгілі. Кейбір деректер бұл соғыстың басты себебін, Ашрафтың қарауындағы халыққа шектен шыққан қаталдығынан іздестіреді. Қалай десек те Жәнібектің жорық жасауына Ашрафтан қашып келген діндарлар себеп болды. 1357 жылы атақты кадий Мухиддин әл-Бардюгидің осылайша Жәнібекке арызданғаны тарихи деректерден белгілі. «Шайтан азғырған ол өзінің қызын өзі әйелдікке алды» деп айыптады Ашрафты діндарлар. Хан бұл кезде мешітте намазға жығылып жатыр еді. Келгендер Тебриз билеушісінің арам пиғылын жүзеге асыруға төңірегіндегілерден рұқсат алу үшін әңгімені мынадай сауалдан бастағанын айтты: «Егер де біреу ағаш отырғызса, оның жемісі пісіп жетілгенде, оның дәмін өзі татуы керек пе, жоқ әлде оларды басқаларға беруге тиіс пе?». Төңірегі оның қандай пиғылда отырғанын аңғармастан: «Оның өзі де дәмін тата алады, басқаларға да бере алады» десті.

Осындай жауапты күткен арсыз Ашраф өзінің туған қызына үйленуге рұқсат алып алды. Мұндай сұмдықтан жандары түршіккен оның нөкерлері Жәнібекке жүгіне келе: «Ол енді кәпірге айналды , ал біз болсақ осы кәпірдің құлымыз. Исламның падишахы бүгінде сіз болғандықтан, енді одан мұсылмандарды құтқару сіздің парызыңыз» десті. Осы кезде мешітте ақшам намазын оқып жатқан Жәнібек өзінің нөкерлерін жинап ақылдасты. Олар оны Ашрафқа қарсы жорыққа аттануға шақырды. Соғыс Дербент пен Ширваннан қашық емес манда болып, оның нәтижесінде Ашраф жеңіліп, тұтқынға түсіп, ақыры өлтірілді. Осылайша, Жәнібек Тебризге басып кіріп, Ирак аймағын бағындырды. Жәнібек Ашрафтың қазынасын Сарайға тиеп жөнелткенде, ол 400 түйеге жүк болды.



*Бердібек хан*

Тебризде баласы Бердібекті 50 мың әскермен қалдырған Жәнібек хан елге қатты науқастанып оралды. Ол Сарайда өзінің мұрагері ретінде Бердібекті атап, өзін қоршағандармен қоштасып, дүниеден өтті. Орыс тарихшылары, Алтын Орда хандары туралы жағым-

сыз пікірлер қалыптастыру үшін Жәнібек ханды оның ұлы Бердібек өлтірді деген қисынсыз әңгімені ғылыми айналымға қосып жіберді. Олар мынаны ескермейді: Бердібек әкесінен тақты тартып алуды ойлаған болса алыстағы Тебризде қалуға келісім бермеген болар еді. Алайда тарихи деректер оның аса қатал билеуші болғанын әңгімелейді. Әкеден мұра болып қалған тақтан айырылып қаламын деп қауіптенген ол өзінің жақын туыстарын өлтіре бастады. Нәтижесінде олар оның өзін де өлтіріп тынды.

Осы жерде оқырманға ескерте кетеріміз, ортағасырлардағы тарихымызда үш Жәнібек хан белгілі. Олар біз әңгімелеп отырған атақты Өзбек ханның ұлы алғашқы Жәнібек (1342 – 1357 жж.), онан соң алғашқы ноғайларды (маңғыттарды) олардың тарихи отаны Мауереннахрдан Еділ бойына көшіріп, Сарайшықты резиденцияға айналдырған Теміркожа ұлы II Жәнібек хан (1365 – 1366 жж.). Ал енді Әбілқайырдың Көшпелі өзбектер ұлысынан бөліне көшіп, Моғолстанда бауыры Кереймен бірге Қазақ хандығын негіздеген III Жәнібек болса бәрімізге белгілі. Жоғарыда біз алғашқы Жәнібектің тағдыры туралы әңгімеледік. Ауыз әдебиетінде Әз немесе Әзиз Жәнібек туралы жырланады. А.П.Григорьевтің ойынша «Әз» атауы алғашқы Жәнібекке таңылған. Зерттеуші И.Л. Щеглов «Әз (Әзиз)», яғни «Ұлы» атауының екінші Жәнібекке тіркелгенін айтады. Мұны В.В.Трепавлов та қолдайды. Біз де осы соңғы пікірді қолдауға бейімбіз.

Зерттеуші Зардыхан Қинаятұлы деректер негізінде осындай дағдарысты ақуалда Алтын Орда тағын уақытша иемденген хандардың есімдерін тарихи жылдар ретімен атап көрсеткен еді. 1361 – 1362 жылдары ғана Сарайдағы мәртебелі таққа Қули, Наурыз, Құзыр, Орда шейх тәрізді төрт адам отырып кеткен бола-

тын. Бұлардың арасында Құзыр хан (Өтеміс қажының еңбегінде – Қызыр хан) деректерге қарағанда Жошы тұқымы және Сарайдағы билікті басып алуға шығыстағы Қыпшақ даласынан келген. Сонымен қатар оның бауыры Қара Ноғай – Жайық өзенінен шығысқа қарайғы аймақта хан тағына отырды. Оның астанасы Сыр бойында болды. Айта кетер бір нәрсе, дәл осы кезде-ақ осы шығыстағы Жошы ұлысындағы бұрынғы Еженнің ордасы дербестеніп қайта күшейе бастады. Осындай шырғаланды пайдаланған қайтыс болып кеткен Бердібектің күйеубаласы, 10 000 әскердің қолбасысы қият руынан шыққан ***Мамай*** маңғыттардың қолдауына сүйеніп, өзінің қолына алды. Ол Бердібектің билігі кезінде-ақ Алтын Орданы ыдыратуды бастап беріп, халықтың біразын өзімен бірге Қырым аймағына көшіріп әкеткен еді.



*Мамай*

Алайда, о бастан-ақ Мамаймен орыс княздерінің арақатынасы шиленісіп кетті. Алғашында, 1374 жылы новгородтықтар Мамайдың елшілерін өлтіріп, 1,5 мың адамнан тұратын күзет отрядын қырып сал-

ды. Арада біраз уақыттан соң, 1377 жылы Мамайдың Арабшах есімді қолбасысы Мәскеуге жорыққа аттанды. Алайда мәскеуліктер қолға түспей қашып кетті. Құр қол қайтуды жөн көрмеген Арабшах Нижний Новгородты тонап, өртеп қайтып оралды. Алайда Мәскеу князі Дмитрий кек қайтару мақсатымен мордвалар жеріне басып кіріп, оларды қанға бөктірді. Осыдан соң Мамай қайта қол жинап, Рязань жеріндегі Вожа өзенінің бойында 1379 жылы 11 тамызда Дмитрийдің қалың қолымен шайқасты. Соғыс нәтижесі Мамайдың пайдасына шешілмей, оның көп әскері осында қырылып қалды. Ыдырай бастаған, өзін мойындай қоймайтын Жошы ұлысының бектерінен әскер жинап алу қиынға айналғандықтан да Мамай өзінің жасағын Солтүстік Кавказ және Қырым даласындағы халықтардан жалдамалы әскерлер жинау жолымен толықтырды және Литва кнәязі Ягайломен келісім жасауға тырысты. Алайда екі әскердің бірігіп кстулеріне Мәскеу князі бастаған орыс жасақтары кедергі келтірді. Оларды алда болатын Мамайдың жорығы қатты састырды. Орыстар Дон өзенінің тармағы болып саналатын Непрядвы өзені бойына орналасты. Осында, 1380 жылы 8 қыркүйекте Күлік даласында Мамай мен Мәскеу князі Дмитрий басқарған орыс әскерлері арасында шайқас болып, Мамай жеңіліп қалды. Мамайдың жеңілуінің басты себебі - Алтын Орданың әртүрлі этникалық аймақтарының Сарайдағы билікке таласқан зобаланның кесірінен ауызбірліктен айырыла бастауы болатын.

Мәскеуге дегенмен де жаңа жорыққа аттанып, кек қайтармақ болған Мамайдың жоспарын Сарайды Қыпшақ даласынан келген Жошы тұқымы Тоқтамыстың басып алуы бұзды. Ол алғаш Тоқтамыстың

бағынуды талап еткен ұсынысынан бас тартты. Осыдан соң қалың қолмен Мамайға аттанған Тоқтамыс хан оны Азов теңізіне жақын манда күйрете жеңді. Енді бұрын Мамайға ілесіп Қырымға келген маңғыттар сорлады. Олар тоз-тоз болып бытырап, жан-жаққа бас сауғалап босып кетті. Тарихи деректер «Кіші Татария» деп аталатын Қырым аймағынан он жеті мың түтіннің шығысқа қарай жөнкіліп, Жайыққа жақын маңға қоныстанғандарын, онда осы ноғай рулары ханының Ақтөбе деген жерде өзінің ставкасын орнықтырғанын атап көрсетеді. Осылайша, о баста, атажұрт Мауереннахрдан Еділ бойына қоныс аударған ноғайлар көп уақыт Алтын Орда билеушілеріне адал қызмет жасап, олардың орыстарды билеулеріне белсенді ат салысып, ақырында атамекен Жайық бойына оралды. Олардың бірлестіктерінде көшіп жүрген рулар мен тайпалар төре тұқымдарының таққа таласқан және нәтижесінде бір кездегі аса қуатты Жошы ұлысын ыдыратқан ыландарының салдарынан этникалық тұтастықты сақтай алмай, бөлшектену жолына түсті. Мұның өзі көп кешікпей-ақ ұлы держава аясында жаңа мемлекеттердің өмірге келулеріне жол ашты.

## Ақ Орда ұлысының күшеюі

Кезінде Жошының үлкен ұлы Еженге мұрагерлік үлес ретінде берілген Жошы ұлысының сол қанатының Ақ Орда аталғанын бүгінгі күні зерттеушілердің басым бөлігі мойындады. Бұл ұлыстың орналасқан аймағы бүгінгі Орталық және Шығыс Қазақстан аймағымен толық сәйкес келетіндіктен, тарихи әдебиетте соңғы жылдары қазақ мемлекеттігін осы Ақ Орда тарихынан бастау туралы ұсыныстар жиі айтылуда. Мұның өзі негізсіз емес екендігін Ақ Орда тарихына қысқаша шолулар жасағанда аңғаруға толық болады. Алдын ала айтарымыз, Жошы ұлысын біртұтас мемлекет ретінде ұзақ жылдар билеген Өзбек хан 1342 жылға дейін Ақ Орданың тәуелсіз ұлыс болуына мүмкіндік бере қойған жоқ. Ол бұл тұста шын мәнінде автономиялық құрылым ретінде өмір сүрді.



*Ұрыс хан*

Алайда Өзбек қайтыс болған соң Алтын Орданы (Жошы ұлысын) билеген Бату тұқымы өзара таққа таласып қырқысып, ақырында олардан білікті Жошының Еженнен тараған тұқымы тартып алды. Империяның шығысындағы Ақ Ордадан келген олар, Бату тұқымын қырып салды. Олардың арасында Шымтай ұлы ***Ұрыс хан*** аса беделді тарихи тұлға ретінде көзге түсті. Әкесі – Шымтайға қарағанда ол әлде қайда орнықты да батыл шешім қабылдайтын билеуші еді. Ол 1361 жылы Ақ Орданың тағына отырды. Батыстағы Алтын Ордада осы тұста Бердібек ханның қайтыс болуы оның саяси жағдайын күшейте түсті. Тарихта оның білікті қолға алған бетте сегіз жылға жуық уақыт Сыр бойындағы мемлекет үшін зор маңызы бар қалаларды және кезінде Ақ Ордаға астана болған Сығанақ қаласын өзіне қайта бағындырғаны белгілі.

1372 жылға дейін оған Арал теңізі аймағындағы және Маңғыстау өңіріндегі рулар мен тайпалар да бас иді. Бұл аймақта байырғы қаратүргештер одағынан бөлінген қаралардың (қаракесектердің, қарасақалдардың, төртқаралардың) және кезінде Қытайға қарсы күресте үлкен бенсенділік танытып, қанды қырғынға ұшыраған Түргеш қағанаты құрамында өмір сүрген жауынгер тайпа шөмекендердің (шөмекейлердің) бас июі Ұрыс ханды күшейте түсті. Енді алда кейінгі қаратабындар мен тамаларды, сондай-ақ Маңғыстау өңіріндегі ежелгі дайлардың, және кейініректе, VIII-IX ғасырларда шығыстан келіп, Арал маңын жайлаған оғыздардың басты тайпалары қынықтардың, кайылардың, және баяттардың біріккен этникалық одақтастығы негізінде қалыптасқан қаһарман адай руларының бағындыру мәселесі Ұрыс ханның негізгі жоспарына айналды. Егер осылар, және кезінде шығыстағы манчжұртілдес қидандардың қысымымен Орхон бойында-

ғы байшы (байси) тайпалық бірлестігінен бөліне көшіп, Жайық өңіріне қоныстанған Алшын одағының бай рулары және Қытайдың іргесінде тұрғанда-ақ ынтымақтары мен жауынгерлігі басқаларды таңыркатқан беріш тайпалық бірлестігіне кіретін рулар қолдар болса Ұрыс ханның түпкі мақсаты – Алтын Орда тағын иемдену әбден мүмкін нәрсеге айналатын еді. Сұңғыла стратег Ұрыс хан мұны жақсы түсінді. Алайда оның мұндай үлкен амбициясына Маңғыстау билеушісі, адайлар мен табындардың көсеміне айналған, Жошының тоқалынан туған Тоқай темірдің ұрпағы Тойқожа оғлан(болашақ Алтын Орда ханы Тоқтамыс ханның әкесі) ашықтан-ашық қарсы шықты. Үлкен мақсатты орындауда ымыраға келе қоймайтын Ұрыс хан оны көп ойланбастан өлім жазасына кесті, және осы қатал шешім оның батысқа бағытталған жорығына да жол ашты. 1374 жылға дейін Жайық өңірін түгелдей өзіне бағындырған Ұрыс хан алғаш Сарайшықты, онан соң көп кешікпей Сарайдың өзін басып алып, Алтын Орда тағына отырды. Сарай бұл тұста Батый тұқымдарының таққа таласқан өзара ішкі қырқыстарынан әбден діңкелап отыр еді. Сондықтан да мұндағылар Ұрыс ханға тегеурінді қарсылық көрсете алмады. Осында жаңа хан көп кешікпей-ақ өзінің атынан теңге соқтырды.

Алайда Ұрыс ханның Алтын Орда мен Ақ Орданы біріктіруді көздеген әрекеті Мауереннахрда билікті қолға алып, күшейген Әмір Темірге ұнай қоймады. Моғолстан өңірін өзіне қосып, байырғы Шағатай ұлысын емін-еркін билеп төстеу – Әмір Темірдің басты мақсаттарының бірі еді. Көршілер әлсіз болғанда ғана өзі құрған мемлекеттің қуатты да берік болатынын ол жақсы түсінді. Сондықтан да ол, Ақ Орданы күйрету жолын іздестіре бастады.



*Тоқтамыс хан*

Осындайда «іздегенге сұраған» дегендей, әкесі өлген соң Ұрыс ханның Ордасында амалсыз тұрып жатқан Тойқожа оғланның баласы ***Тоқтамыс*** – Әмір Темірге қашып келді. Низам-ад-дин Шамидің айтуынша Әмір Темір оны Жошы ханның тұқымы ретінде аса қошеметтеп, үлкен сый-сияпатпен қарсы алды. Құйтұрқы саясатта көреген Темір – Тоқтамысты Ұрысханға қарсы қоюға бірден-бір лайық және таптырмас тұлға ретінде тани білді. Сондықтан да Тоқтамысты өзімен бірге Самарқандқа ертіп барған ол, оны көтермелеп, той жасап, басқа тартулармен бірге оған Отырар және Сауран аймақтарын бөліп беріп, көп әскермен жарақтандырып, ақыры Ақ Ордаға қарсы аттандырды. Тоқтамысқа сыйға тартылған аймақтар шын мәнінде Ақ Ордаға қарайтын еді. Сондықтан да Ақ Орданың ұлысбегілері мен тайпа басшылары Ұрыс хан бұл кезде Алтын Орданы бағындыру жорығында жүрсе де, бұған бейжай қарап, әрекетсіз отыра алмады. Олар

сондықтан да Ұрыс ханның Ақ Ордадағы орнында қалған баласы Құтлық Бұғаға қалың әскер жинап берді.

Тоқтамысқа қарсы ұрыс 1374 жылы жаз айында болды. Бұған Ақ Орда жағынан негізінен наймандардан, дулаттардан, албандардан, аракесектер мен шөмекейлерден, қоңыраттардан және түркіленген моңғол руларынан құралған әскерлер аттанды. Қантөгіс кезінде әскерді бастап шыққан Құтлық Бұға садақ оғынан ауыр жараланып, қайтыс болды. Мұның өзі Ақ Орда әскерлерінің жауынгерлік рухын төмендетудің орнына, керісінше көтеріп, олар Тоқтамыспен жанқияр-лыққа шайқасқа барып, ақырында оны қуып шықты. Сағы сынып, өзін паналап қашып келген Тоқтамысты Әмір Темір қайта көтерді. Оны бұрынғыдан да қошаметтеп, оған тағы да қалың қол жасақтап беріп, жауға қайта аттандырып салды. Бұл жолы Тоқтамысқа қарсы Ұрыс ханның келесі ұлы Тоқтақия қол бастап шықты. Алайда Тоқтамыс тағы да күйрей жеңіліп, оның соңынан ілескен әскерлердің көбісі Ақ Орда жағына шығып кетті. Жалғыз қалған Тоқтамыс ағысы қатты Сырдарияға қойып кетіп, әрең дегенде қашып құтылды. Соңынан қуып келген Қараншы баһадүр садақпен атып, оны қолынан жаралады. Өзіне аса керек тарихи тұлға болғандықтан Әмір Темір Тоқтамысты іздеуге туысы Едіге барласты аттандырып, ол жараланған Тоқтамысты қопа қамысты жағалаудан тауып әкелді.

Жанталаса шапқан жаушы арқылы күрделі жағдайдан құлақтанған Ұрыс хан – Ақ Ордаға қайта оралып, өзінің екі елшісін – Кепек маңғытты және Тұтылжанды Әмір Темірге аттандырып, өзінің ұлын өлтірген Тоқтамысты қайтаруды және бұлай болмаған жағдайда соғысатын жерді белгілеуді талап етті. Соғыскұмар Темір көп ойланып жатпай, өзінің соғысуға әзір

екендігін мәлімдеді. Осылайша, 1376 жылдың қысында Әмір Темір қалың әскермен Отырарға келген кезде, бүкіл Жошы ұлысынан әскер жинаған Ұрыс хан Сығанаққа келіп тұрды. Алайда қарама-қарсы тұрған әскерлердің ұрысты бастауларына ауа райының күрт өзгеруі кедергі жасады. Күн бұзылып, қар аралас жаңбыр жауып, адамдар қатты тоңды. Осыған байланысты Әмір Темір Ұрыс хан әскерлерін айналып өтіп, оның тылындағы халықты тонап, қайтып кетті. Әрине, ол өзінің бұл әрекетіне қанағатана қойған жоқ.

Сондықтан да 1377 жылы көктемде Әмір Темір Ұрыс ханға қарсы жаңа жорыққа аттанды. Алайда Ұрыс ханның кенеттен қайтыс болуы, бұл жорықты тоқтатып тастады. Муин-ад-дин Натанзидің айтуынша, Ұрыс хан табиғи өлімнен қайтыс болған. Ал енді Өтеміс қажының «Чингизнамесінде» Ұрыс хан Тоқтамысты қуғындаған жорық үстінде қайтыс болады. Біздіңше алғашқысы шындыққа жақын. Екінші деректе, Ұрыс ханның балаларына қатысты мәлімет шатастырылып берілген тәрізді. Ұрыс ханның орнына тақ-қа отырған үлкен ұлы Тоқтақия да көп кешікпей дүниеден өтті. Енді Ақ Орда тағына Мұхаммедханның баласы Темір бек отырды. Ол ішкілікке салынған маскүнем адам болғандықтан, Ақ Орданың басты тайпалары одан безіп, жергілікті арғын, қыпшақ, қоңырат, жалайыр тайпаларының бектері хан тағына Жошы тұқымы Тоқтамысты шақырды.

1378 жылы Әмір Темірдің арнайы аттандырған бірнеше бектері Тоқтамысты – Ақ Орданың астанасы Сығанақта таққа отырғызды. Бұл кезде Қарақалда қыстап жатқан Темір-мәліктің шұғыл түрде әскер жинап, асығыс аттанған жорығы сәтсіздікке ұшырады. Билікке келген Тоқтамыс Ақ Орда тағын иемденумен шектелмей, енді Алтын Орда тағын басып алуды ой-

ластыра бастады. Өйткені бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша Алтын Орданы иемденбей, оның шын мәнінде шығыс бөлігі ғана болып есептелетін Ақ Орда тағында орнықты отыру да мүмкін емес еді. Осылайша, Жошы ұлысы тарихында жаңа кезең – мемлекеттің дербестене бастаған екі қанатын қайта біріктіру, және осы негізде біртұтас мемлекетті қалпына келтіру әрекеті басталды. Мұндай саясаттың бастауында енді, қуатты Әмір Темір мен жергілікті бектердің қолдауына сүйенген Тоқтамыс хан тұрды.

## Алтын Орданың соңғы өрлеуі және ыдырауы

Алтын Орданы сақтап қалу дегеніміз – шын мәнінде байырғы Жошы ұлысының тұтастығын қалпына келтіру еді. Мұны Ақ Ордаға хан болған Ұрыс хан да, оның қарсыласы Тоқтамыс та жақсы түсінді. Сондықтан да олардың екеуі де Ақ Орда тағымен қанағаттанбай, Алтын Орда тағына отыруға күш салды. Ұрыс хан өлген соң көп кешікпей-ақ Тоқтамыс таққа отырды. Алтын Орда тағын күшпен иемденбек болған Мамайды жеңіп, оны өлтірген соң, ол Алтын Ордадан бөлінуге әрекет жасаған Астрахан хандығына тойтарыс беріп, оны Алтын Ордаға қайта қосып алды. Алайда Мамаймен Күлік (Куликово) даласында 1380 жылы болған ұрыста қол жеткізген жеңіске масаттанған Мәскеу князі Димитрий Донской бастаған орыс княздіктері Тоқтамысты да Мамай тәрізді таққа кез-дейсоқ келген тұлға ретінде қабылдап, оған бағынудан бас тартты.

Қыпшақ даласынан әскер жинап әкелген өзінің сенімді серігі арғын руларының көсемі Қарақожаны Тоқтамыс орыстармен бейбіт келісім жүргізуге аттандырды. Мұндай әрекет табысқа жеткізе қойған жоқ. Өйткені Мәскеу князі Алтын Орданың бейбіт келіссөздерді бастауының өзін бұл мемлекеттің әлсіздігі деп түсінді. Ал, Тоқтамыс болса, осыдан соң ашықтан-ашық Мәскеуге қарсы жорыққа дайындалды. Бұл кезде Қыпшақ даласында оның беделі арта түскен еді. Енді халық арасында «біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас иіп тоңқайғанын да қоймайды» деген мақал кең таралып кеткен еді. Ықпалды Тоқтамыстың Мәскеуге жорығына: алшын, ноғай, қыпшақ, арғын, қоңырат, жалайыр, үйсін, кердері, қият, сарай, найман, бақрин, бұржоғлы, бұлғар,

мордва тайпаларынан жиналған көп қол қатысты. Басты мақсат – Күлік (Куликов) шайқасынан кейін даңқы орыс даласының басын айналдырған Мәскеудің сағын сындырып, оны Алтын Ордаға қайта тәуелділікке мәжбүрлеу еді. Жағдайды шиленістіре түскен Мәскеудің Алтын Ордаға қарсы Литвамен одақ құруды көздеп жатқандығы туралы өсек-аяңның өрбіп кетуі болды.


Орыс тарихшысы Н.М.Карамзин Тоқтамыстың келе жатқаны туралы хабардан қатты абыржыған орыс батыры Дмитрий Донскойдың алды-артына қарауға шамасы да келместен Костромаға қашып кеткенін жазады. Сарбаздары Күлік даласында қырылып қалған оның, бұл тұста Тоқтамысқа қарсы тұрар қауқары да жоқ еді. Алтын Орданың қалың қолы Мәскеу іргесіне 1382 жылдың 23 тамызында келіп тоқтады. Мәскеуліктердің жанталаса қорғанулары үш күнге созылды. Екі жақтан да көп адам шығын болды. Түбі жеңілетіндерін түсінген мәскеуліктер подвалдағы шарап бөшкелерін таласа ішіп, мастықпен үрейлерін баспақ болды. Мастар қамалдың биігіне шығып алып, Тоқтамысқа шалбарларын шешіп, жаланаш құйрықтарын көрсетіп, ханның намысына тиді. Сондықтан да ашу буған ол, 26 тамызда Мәскеуге басып кірген бетте халықты көшеге айдап шығып, шетінен бауыздады. Осылайша, 24 000 адам бір сәтте қырылып қалды. Никон жылнамасы «көшелермен адам қаны Мәскеу өзені құсап аққанын» жазады. Мәскеудің өртенген қаңқасына қайтып келген Дмитрий Донской қалада тек Кремль мен мұнаралардың ғана аман қалғанын көріп тіл-ауыздан айрылды. Тоқтамыс Мәскеуді жермен-жексен етумен шектелмей, орыстың басқа да қалаларын қайта жаулады. Дмитрий Донской осыдан соң, Алтын Ордаға өзінің бағынатынын толық мойындап, баласы Василийді

көптеген қымбат сыйлықтармен Сарайға жіберді және оны өзінің орнына Владимирге және Новгородқа ұлы князь стіп тағайындауды өтінді. Әмір Темірден қатты қауіптеніп отырған Тоқтамыс өзінің тылындағы орыстарды жауға айналдырмау үшін амалсыздан бұл талапты қанағаттандыруға мәжбүр болды.

Мұндай жеңістер Тоқтамысты жігерлендіре түсті. Енді ол Алтын Орданың Өзбек хан билеген тұстағы аймақтарын қалпына келтіруді көздеді. Осы мақсатпен ол, Әмір Темір ұлысымен шекаралас аймақ Хорезмге екі рет, алғаш 1383 жылы онан соң 1388 жылы басып кірді. Ол сонымен қатар Кавказда да Темір жаулаған көрші аймақтарға баса-көктеп кірді және мұнда да Әзербайжанға екі рет жорық жасап, Әмір Темірдің баласы Мираншахтан жеңілген соң ғана кейін шегінді. Қалай болғанда да, ол өзіне дейін орын алған Шыңғыс тұқымдары арасындағы 25 жылға созылған таққа таласқан күрестерді тоқтатып, біраз уақыт Көк Орданың, Хорезмнің, Қажы Шеркестің, Астраханның және Мамай ордасының Алтын Ордадан қол үзуді көздеген бөлшектену пиғылдарын іске асыртпай тастады.

Тоқтамыс сонымен қатар сыртқы байланыстарға да көңіл бөліп, Мысыр елімен арадағы дәстүрлі байланыстарды қалпына келтірді. Осылайша, 1393 жылы ол Египет сұлтаны Баркұққа елшілік аттандырып, оны Әмір Темірге қарсы бірігіп күресуге көндірді. Алайда 1391 жылы Еділге құятын Қондырша аймағында екі жақтан бір миллионға жуық адам қатысқан ұлы шайқаста Тоқтамыстың Әмір Темірден жеңіліс табуы, мұндай байланыстың өрби түсуіне кедергі болды. Әмір Темір Тоқтамыстың өзінің ықпалынан шығып кетіп, Алтын Орданы және оның шығыс бөлігі болып табылатын Ақ Орданы тұтастай тәуелсіз билеушіге

айналғанын кешіре алмады. Оның үстіне Тоқтамыс Қыпшақ даласында да үлкен беделді тұлғаға айналып, болашақ Алаш қауымдастығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарған алшындардың, наймандардың, арғындардың, қоңыраттардың сеніміне ие болды. Оны Хорезмге қарсы жорықта Камар-ад-дин әмір басқарған дулат рулары ашықтан-ашық қолдай бастады. Алғаш Әмір Темірдің жағында болған жалайырлар да, жалпы Хорезм аймағы енді Тоқтамыстың жағына шығуды жөн көрді.



*Шәдібек хан* *Темір Құтлық хан*

Тоқтамыстың Қыпшақ даласындағы ықпалын әлсірету үшін Әмір Темірдің әскерлері алғаш Алтын Орданың шығыстағы ұлысы Ақ Орданың аймағын кектсп өтіп, Көк Ордаға ентелей басып кірді. Бұл ноғайлардың, аландардың, шеркестердің, бұлғарлардың және орыстардың отаны еді. Осы халықтардан құралған жасақтар, Тоқтамысты қолдап, Әмір Темірге қарсы күреске шықты. Алайда этникалық тұрғыдан әртүрлі және Алтын Орда хандарының тақ

таласқан үздіксіз соғыстарынан әбден зәрезап болған, оның үстіне территориялық тұрғыдан өзара бақастықтары өршіген бұл қалың қол, Әмір Темірдің тығыз топтасқан, және соғысты тұрақты күнкөріс көзіне айналдырған үйретілген әскерінен әлдеқайда әлсіз еді. Сондықтан да саны жағынан басым Тоқтамыстың қалың қолы жақсы үйретілген, Әмір Темір жасағынан алғаш жоғарыда атап кеткеніміздей, Еділге жақын Қондырша аймағында 1391 жылы маусымда жеңілсе, онан соң 1395 жылы сәуірде Кавказдағы Терек өзені бойында тағы да оңбай жеңілді. Енді Әмір Темір – Алтын Ордаға ойына келгенін істеді. Сарайды өртеп, Қыпшақ даласын талан-таражға салды. Зорлық-зомбылықтан әбден мезі болған Алтын Орда енді Құйыршық хан, ***Темір Құтлық*** басқаратын ордаларға бөлініп, одан маңғыт жұрты бөлініп шықты. Көп кешікпей-ақ, Қырым хандығы да Алтын Ордадан дербестеніп, жеке отау тікті. 1399 жылдан бастап, Әмір маңғыт Едігеден қолдау тапқан және Құйыршық ханның орнына Алтын Орда тағына отырған Темір Құтлық – Әмір Темірдің қолдауымен Тоқтамысты біржолата күйретуге кірісті.

1398 жылы 12 тамызда Ворскла өзенінің жағасында Тоқтамыс өзінің одақтасы Литваның ұлы князі Витовпен бірге Әмір Темірден көмек алған Алтын Орда ханы Темір Құтлықтан және оның әмірі Едігеден қирай, қайтып бас көтере алмастай жеңілді. Оның Сібірге қашып, онда өзінің жеке хандығын құрмақ болған әрекетін, соңына шам алып түскен Едіге болдырмай тастады және ол кудалауды тоқтатпай, ақыры Тоқтамысты өлтіріп тынды. Енді таққа Ұрыс ханның ұлы Құйыршық (1395 – 1399) отырып, онан соң Темір Құтлық (1399 – 1400), ***Шәдібек (1400–1408),*** Болат сұлтан (1408 –1410), Темір хан (1410 – 1412)

тақты иемденді. Бұлардың бәрі Тоқтамыстың ата жауына айналған әйгілі Ұрыс ханның ұрпақтары мен мұрагерлері еді.



*Ахмет хан*

Алайда Тоқтамыстың балалары мен немерелері ыдырауға бет алған Алтын Орданың тағын өздеріне тағы да қайтарып ала алды. Тоқтамыстың сегіз ұлының арасында Жәлел ад-Дин, Керімберді, Кебек хан, Жапарберді, Кәдірберді тәрізді ұлдары қысқа мерзімге болса да Сарайдағы таққа отырып, хан атанды. Бірақ олардан Ұрыс ханның Құйыршықтан туған немересі Барақ 1423 жылы Алтын Орда тағын қайта тартып алды. Ал 1430 жылы Ұрыс хан тұқымынан Алтын Орда тағы Тоқтамыстың Кәрімбердіден туған немересі Сейіт Ахмедтің қолына көшті. Осылайша екі әулет арасындағы тақ тартысы Алтын Орданы онан әрі әлсіретете түсті.

Ақырында,1431 жылы Алтын Орда ханы Кіші Мұхаммед өлген соң, оның балалары Алтын Орданы әртүрлі ұлыстарға бөлшектеп, иемденуге көшті. Енді атақты Алтын Орданың орнында Үлкен Орда, Қазан

хандығы, Қырым хандығы деп аталатын жаңа мемлекеттер пайда болды. Мұндай бөлініс, этникалық тұрғыдан жаңа жіктелулерге жол ашты. Енді өздерін «өзбектерміз» деп атайтындар татарларға, маңғыттарға және көшпелі өзбектерге жіктеле бастады. XV ғасырдың соңына қарай мұндай жіктеліс тереңдей түсіп, татарлардың өзі Қырым, Астрахан және Қазан татарларына бөлшектенсе, ал көшпелі өзбектер ноғайларға (маңғыттарға) және қазақтарға бөлініп кетті. Алтын Орданың мұрагері болып есептелген Еділдің жоғарғы жағындағы Үлкен Орда 1481 жылы Кіші Мұхаммедтің ұлы ***Ахмет хан*** қайтыс болған соң, Астрахан хандығы деп аталды. Осылайша, аты аңызға айналған Алтын Орда адамзат тарихының мансапқорлықты аңсаған тойымсыз пиғылының кезекті құрбандығына айналды.

# Моғолстандағы Дулат әмірліктері



*Есенбұға хан*

Қазіргі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс аймақтарын Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай иемденгені белгілі. Алайда ол өзінің ұлысына келмей, уақытының бәрін ұлы хан Үгедейдің қасында өткізді. XIII ғасырдың 40-шы жылдарының басында Шағатай мен Үгедей бірінен соң бірі қайтыс болған соң Шағатай ұлысында төре тұқымдарының таққа таласқан ұрыс-жанжалдары өршіп кетті. Арықбұқа, Құбылай, Алғу, Қайду тәрізді тарихи тұлғалардың осы ұлыстағы өзара тартыстары Шағатай ұлысында жергілікті тайпалар мен олардың әмірлерінің ықпалдарын күшейте түсті. 1309 жылдан 1318 жылға дейін осы ұлыста билік құрған шағатайлық ***Есенбұға ханның*** тұсында көшпелі дулат тайпалары осы ұлыстың шығыс аймақтарында аса ықпалды тайпаға айналды. Айта кетер бір мәселе, Шағатай ұлысында екі Есенбұға хан таққа отырды. Біз әңгімелеп отырған солардың алғашқысы.

Қысқы ордасы – Ыстықкөл жағасында, ал жазғы ордасы – Талас бойында болған Есенбұға хан шын мәнінде жергілікті көшпелілердің айтқандарына көніп, айдауларына жүрді. Мұның өзі оның Сырдан батысқа қарайғы аймақтардағы отырықшы мекендерге ықпалын әлсіретіп, Шағатай ұлысының халқының екіге бөлінуіне негіз қалап берді. Шағатай ұлысының шығысындағы көшпелілер хан ордасы өздерінің аймағында орналасқандықтан, өздерін «моғолдармыз» («монгол» атауының түрікше айтылуы) деп атады да, ал батыстағы отырықшыларды «қараунас», яғни «аралас-құралас» (таза емес) деп қорласа, ал өз кезегінде отырықшылар да моғолдарды «жете» деп кекетті. Ағасы Есенбұғаның орнына хан болған Кебек осындай бөлініске жол бермеу үшін өзінің ордасын батысқа, Мауереннахрға көшірді. Алайда бұл әрекет этникалық тұрғыдан аса жақын дулат, қаңлы, арғын, қоңырат, керейт, найман тәрізді тайпаларды басқаратын әскери-көшпелі ақсүйектердің батыстағы отырықшылардан этно-саяси тұрғыдан аулақтана түсулерін тежей алған жоқ.

Мұндай қарама-қарсы тұру, қанды қақтығыстарға ұласып, ақыры хансыз қалған Шағатай ұлысының Моғолстан (Жете) аталатын шығыс бөлігіне жергілікті әмірлер Шығыс Түркістаннан Шағатайдың Дайшешен деп аталатын ұрпағының баласы Есенбұғаны шақыртып хан тағына отырғызды. Бұл кезде Шағатай ұлысының батысында Амудария бойында да тәуелсіз хандар билік құрды. 1347 жылы Есенбұға хан қайтыс болған соң Жетісу мен Қашғарияны, яғни Шағатай ұлысының шығыс бөлігін, дәлірек айтар болсақ, Моғолстанды (Жетені) билейтін дулат әмірлері екіге бөлінген Шағатай ұлысын біріктіруді аңсай бастады. Шағатайдың тірі кезінде қалыптасқан біртұтас, тату

да ынтымағы жарасқан ұлыс олардың есінен шыға қойған жоқ еді. Алайда бұл мақсатқа жету үшін олардың айтқанын тыңдап жетегінде жүретін хан қажет еді. Есенбұғаның артында еркек кіндіктің қалмауы жағдайды күрделендіре түсті. Осындайда дулат әмірі Болатшы (атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулаттың алтыншы атасы) қиыннан жол тауып, Есенбұғаның некесіз әйелінен туған ханзада Тоғлық Темірді Іле-Ақсу алқабынан тауып әкеліп, таққа отырғызды. Ол билеген Моғолстанның астанасы бұл кезде Алмалық қаласы болды да, оның аймақтары дулаттар билік жүргізген Шығыс Түркістанды, Жетісу аймағын және Солтүстікте Тарбағатайдағы Еміл өзеніне және Ертіс өзеніне дейінгі кейбір аймақтарды қамтыса, ал батыста Түркістан және Ташкент өлкесіне жетіп, оңтүстікте Ферғана мен Қашғарға дейін созылып жатты. Яғни Моғолстан қазіргі қазақ жерінің едәуір үлкен бөлігін жайлап жатқан мемлекет еді.



*Камар ад-Дин әмір*

Осы кезден бастап, дулат әмірлері Моғолстан ханын өздері тағайындайтын деңгейге жетті. Алайда дулаттардың ықпалындағы Тоғылық Темір ханның Байырғы Шағатай ұлысын біріктіруді көздеген әрекетіне Батыстағы иелікте билікке келген түркіленген моңғол тайпасы барластан шыққан Әмір Темірдің (1370 – 1405 жж.) іс-әрекеті кедергі келтірді.

Бұл тұста бұрын Шыңғыс ханмен бірге келген сандары аз баарын, бұлғашы, шорас, құрлауыт, барлас, арлат, доктұй тәрізді біраз моңғол тайпалары саны көп түркілердің дулат, керейт, қаңлы, аркинут (арғын), жалайыр, үйсін тәрізді тайпалық одақтарының ортасына түсіп, жедел түрде түркіленіп кеткен еді. Бұлардың ішінде сандары жағынан ең көбі және сондықтан да ең ықпалдысы дулаттар болатын. Шағатайлық хандар сондықтан да жергілікті жерді билеуде осы дулаттан шыққан әмірлерді пайдаланды. Дулаттардың рөлін көтере түскен тағы бір мәселе, олардың Өртөбе деген билеушісінің Шыңғыс ханнан жеті түрлі артықшылықтар алулары еді. Олардың ішіндегі аса маңыздысы – дулаттар бүкіл Моғолстан ұлысында ханнан кейінгі тұлға ретінде әмір *(ұлысбегі)* атанып, билік жасау құқына ие болды.

Алайда дулаттан шыққан әмірлердің өздерін де шағатайлық ортақ хандар біріктіре алмады. Өйткені дулаттар Моғолстанда екі үлкен әмірлікке бөлінді. Алғашқы иелік Оңтүстік Тянь-Шань аймағынан, яғни Ыстықкөлден оңтүстіктегі Жаркент өңіріне дейін созылып жатты. Бұл әмірлікті шағатайлық хандарды таққа отырғызумен айналысатын әмір Болатшы мен оның ұрпақтары биледі. Маңғылай Сүбе деген атпен белгілі болған бұл әмірліктен солтүстікте, Сырдариядан Ілеге дейінгі өңірді дулаттан шыққан әмір ***Қамар ад-Дин*** биледі. Ол әмір Болатшының туған

бауыры бола тұрса да өзінің әмірлігін дербестендіріп, тіптен ағасы Болатшы хан тағына отырғызған Тоғылық Темірді де және одан кейінгі шағатайлық хандарды да мойындаудан бас тартты. Оның аймағы Іленің арғы бетіндегі аркинут (арғын) тайпасының билеушісі Қажыбектің және оның інісі, Еміл-Тарбағатай аймағындағы найман руларына билік жасаған Еңке төренің иеліктеріне дейін созылып жатты. Дулаттардың екі түрлі әмірлікке бөлініп кетулері, саяси ұстанымнан гөрі олардың өмір сүру салттарына тікелей байланысты болды. Әмір Болатшы билеген Шығыс түркістандық Маңғлай Сүбе (Күнгейбет) әмірлігі негізінен отырықшы халықты біріктірсе, ал оның туған інісі Әмір Қамар ад-Дин билеген Жетісу аймағы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанатын рулар мен тайпалардың басын қосты.

Алайда дулаттар қолында қуыршақ хандар болған Тоғылық Темірдің және онан соң тақты иемденген оның баласы Илиас қожаның Мауеренахрды Моғолстанға біріктіру және осылайша байырғы Шағатай ұлысын қалпына келтіру әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауы, дулат әмірлерінің наразылығын туғызды. Олардың арасында әсіресе Қамар ад-Дин аса беделді еді. Оған осы кезде Моғолстанның көп бөлігі бағынатын. Сондықтан да Мауеренахрда 1370 жылы дара билігін орнатып үлгерген Әмір Темір бәрінен бұрын осы Қамар ад-Дин дулаттың көзін жоюды басты мақсат етті. Осындай мақсатпен ол, өзінің алғашқы жорығын Моғолстанға бағыштап, келесі жылы-ақ, Жетісудағы Қамар ад-Дин дулаттың иеліктеріне басып кірді. Көшпелілердің ежелден қалыптасқан сыннан өткен қорғану тәсілін шебер қолданған Қамар ад-Дин ел-жұрты мен мал-мүлкін алып, ат тұяғы жете қоймайтын қиын тау шатқалдары тасасына шегініп кетті. Оның орнын

сипап кейін қайтуға мәжбүр болған Әмір Темір көп кешікпей-ақ, Жетеге екінші жорыққа аттанды. Алайда бұл жолы да ол Қамар ад-Динді қолға түсіре алған жоқ.

Қамар ад-Диннің көзін жоймай, Моғолстанға үстемдік жасай алмайтынын айқын аңғарған Әмір Темір 1375 жылы желтоқсан айында оған қарсы үшінші жорыққа аттанды. Алайда күннің суытып кетуінен адамдар мен малдың көптеп қырылуы, Темірді амалсыздан Самаркандқа қайтуға мәжбүрледі. Осы жорықтан соң, Темірге бірігіп қарсы тұру қажет екендігін түсінген, бұрын Қамар ад-Динге бақталас болып, қырын қарап жүрген Қажыбек әмір бастаған арғындар, Еңке төре бастаған наймандар, Бекжақ басқарған қаңлылар мен Ұлық Темір басқарған керейлер өздерінің бауырлары дулаттардың сенімді одақтастарына айналды.

Қамар ад-Диннен қалай да құтылуды көздеген Әмір Темір арада екі ай өтісімен 1376 жылы ақпанда қалың әскермен Жетісуға тағы да басып кірді. Көктөбе маңында одақтасы Қажыбек арғынның әскерлерінің келуін күтіп жатқан Қамар ад-Дин амалсыздан Шарын өзені бойына шұғыл шегініп, тау шатқалдарына бекінді.

Осында Әмір Темірдің ұлы Жаһангир мен Қамар ад-Диннің арасында қырғын соғыс болып, күштің тең еместігін жақсы түсінген Қамар ад-Дин түн қараңғылығын пайдаланып, Іле өзенін бойлап шегініп кетті. Әмір Темір барлығы Қамар ад-Динге қарсы жеті рет жойқын жорықтарға аттанды. Бұл жорықтар барысында бұрын Әмір Темірді қолдаған Сарыбұға бастаған қыпшақтар мен Әділ шах бастаған жалайырлар Әмір Темірдің әділетсіз қырғындарына наразы болып, оны тастап, өздерінің бауырлары дулаттардың жағына шығып кетті. Алайда Әмір Темір олардың да соң-

дарынан қалмай, ақыры оларды да күйретіп тынды. Ол өзінің соңғы жорығында, 1390 жылы Қамар ад-Диннің соңына түсіп, оны Ертіс өзені бойына дейін қуып барды. Қамар ад-Диннің ауыр науқасқа ұшырап, қайтыс болуы ғана Әмір Темірдің бұл өлкеге бағытталған қанды жорықтарын тоқтатты.

Басқыншы Әмір Темірге қарсы Жетісу халықтарының Қамар ад-Дин дулат басқарған жанқиярлық ерлік күресі – төл тарихымыздың даңқты да қасіретті беттері. Бұл – тарих, халық қанша қаһарман болса да, мықты мемлекеттік жүйені қалыптастырмайынша, сыртқы жаудан қорғанудың мүмкін болмайтынын тағы да дәлелдеп берді.

# Ноғайлының күшеюі және әлсіреуі



*Едіге әмір*

Алтын Орда ыдыраған кезде, яғни XIV ғасырдың соңына қарай «ноғайлы жұртына» жататын ру-тайпалардың үлкен бөлігі маңғыт тайпасының және осы тайпаның билеушісі Едігенің бастауымен Ноғай Ордасының негізін қалады. Алайда Едігенің осы бағыттағы қызметінде түсініксіз тұстар көп. Мәселені күрделендіре түсетін нәрсе, қазақ зерттеушілері бірнеше Едігені біледі. Оның алғашқысы, Едіге Танашұлы, Әмір Темір жорықтарына қатысып, Ұлытауда жерленген. Екінші Едіге – Ноғай Ордасын негіздеген Балташықұлы Едіге, Үшінші Едіге – Әмір Темірге туыс Барлас Едіге, Төртінші Едіге – Тәуке ханға жақын болған Едіге би.

Едіге тарихын әңгімелеушілер, осылардың қызметін шатастырып ала береді. Біз әңгімелеп отырған екінші Едіге. Оның есімі тарихи деректерде 1376 жылдан бастап кездеседі. Ол алғаш Ақ Орда ханы Ұрысқа қызмет жасады, онан соң Бұқарада Темірден пана

тапқан Тоқтамысқа келді. Алайда 1389 жылы Тоқтамыспен жанжалдасып қалған ол, Әмір Темірге қайтып келіп, 1391 жылы соның жағында, Тоқтамысқа қарсы соғысты. Алайда, осыдан соң да, Едіге – Әмір Темірге бүтіндей беріле қойған жоқ. Жорықтан қайтар жолда ол, өзінің руластарына жаушы жіберіп, оларды Әмір Темір әскерлері жүретін жолдан аулаққа көшіріп жіберді.

Зерттеушілер Едігенің қожайындарына тұрақсыздығын түсіндіре алмайды. Біздің ойымызша, Едіге мұндай әрекеттерге өзінің маңғыт жұртының мүддесін қорғау мақсатымен барған. Болашақ Ноғай Ордасының негізін қалаған маңғыт жұрты бұл кезде, яғни XV – XVI ғасырларда Еділдің батысында көшіп-қонып жүрген атамекендерінен шығысқа, Жайық пен Ембінің арасына қоныс аударып, осылайша, өздерінің көсемі Едігенің ақылымен, осы тұста Кубан далаларын жаулаған Әмір Темірдің тонаушылық әрекеттерінен сытылып кетті. Мұның өзі о баста Түркістан аймағынан солтүстік Қырым аймағына қоныс аударған маңғыттардың кері көшулері еді.

Осылайша, Едіге бастаған маңғыттар өздерінің рутайпаларын топтастыра түсті. Алғаш Алтын Орданың мұрагері болып табылатын Үлкен Орданың және одан төменде орналасқан Алтын Ордадан бөлініп кеткен Астрахан хандығының аймағында аса ықпалды болған маңғыттар(ноғайлар) Едігенің ұлы Нұр ад-диннің кезінде(1426–1440 жж.) дербес мемлекеттерін құрды. Жалпы Еділ-Жайық аймағындағы маңғыттардың Сараймен текетірестерінің ашықтан-ашық күшейе түсуі Алтын Ордада Ұлы Мұхаммед (1428–1430 жж.) билік құрған тұста күшейе түсіп, онан соң қысқа мерзімге билік құрған кіші Мұхаммедтің (1430 ж.) ұлдары Ахмед пен Махмұдтың тұсында Жошы ұлысының Еділ-

ден шығысқа қарайғы өзбектер мен маңғыттар аймағына билік жасаған, кейініректе Жәнібек пен Керей бастаған қазақ сұлтандарының ата жауына айналған Шайбан тұқымы Әбілқайыр ханның (1428–1440 жылдардың соңы) билігі кезінде мүлдем өршіп кетті.

Айта кетер бір маңызды мәселе, Жошының бесінші баласы Шайбаннан тараған тұқымның Жошының үлкен ұлы Еженнен тараған ұрпақ билейтін Ақ Орда аймағында таққа отыруға ешқандай құқы жоқ еді. Басқасын былай қойғанда, мұның өзі үлкен ұлға билік беретін Шыңғыс ханның «Жасақ» заңын көпе-көрінеу бұрмалау болатын еді. Алайда, оңтүстіктен басталған Әмір Темірдің жорықтары Ақ Орда ұлысын күйретіп, Ежен ұрпақтарының билікке барар жолдарын мүлде кесіп тастады. Мұның өзі Шайбан ұрпақтарының, дәлірек айтар болсақ, Мұхамед Қожа, Әбілқайыр, Жұмадық тәрізді ықпалды тұлғалардың Ақ Орда аймағында таққа таластарын өршітті. Маңғыттар (бешулы-маңғыт, исаби-маңғыт, қара-маңғыт, шигасан-маңғыт) билеушісі Нұр ад-динұлы Уақастың және оның ықпалындағы өзбек тайпаларының (татар-өзбек, алшын, байұлы, қаңлы-кіштек, құрық-қаңлы, қатаған, керейт, қара-қыпшақ, сары-қыпшақ, қоңырат, ақбұт-найман, қара-найман, кигачлы-найман, кушу-найман, тарақлы-найман, урман-найман, қостамғалы-тама, ябы-тама, бағалы-уйшун, телеу, ұйғұр) қолдауымен Әбілқайырды таққа отырғызды.

Дәл осы уақытта, яғни 1430 жылдардың басында Әбілқайырдың беклербегі Уақас (Европа деректерінде Ваккас) Алтын Орданың мұрагері Үлкен Орданың тағының мұрагерлері Махмұд пен Ахмедті талқандап, шығыстағы Ноғай Ордасының күшеюіне жол ашты. Оның ұлдары Мұса би мен Жаңбыршы (Ямгурши-мирза) би Жошы ұлысының сол қанатындағы

бұрынғы Ақ Орда аймағында Ноғай Ордасын орнықтырды. Алайда Ноғай мырзалары қанша қуатты болса да, Шыңғыс тұқымына жатпайтындықтан, Әбілқайыр хандығын мойындауға мәжбүр болды. Маңғыттардың қолдауымен Әбілқайыр өзінің қарсыласы Мұхамед Қожаның солтүстіктегі астанасы Тара (Тюмень) қаласына басып кіріп, дара билігін орнатты. Бұл мемлекет негізінен өзбектер мен маңғыттардан құралғандықтан тарихи әдебиетте кейде «Маңғырт жұрты» немесе «Көшпелі өзбектер ұлысы» деп те аталады. Бірақ, Ақ Орда тағының заңды мұрагерлері ***Жәнібек пен Керей*** бастаған сұлтандар негізінен маңғыт мырзаларының қолдауымен күшпен құрылған Әбілқайыр мемлекетін (Ноғай Ордасын) мойындамады. Сондықтан да олар бастаған тайпалар бұл мемлекет аумағынан қаша көшіп («қашақ» атанып), Моғолстан өңіріндегі, Шу мен Талас өзендері аралығындағы дулат бауырларының атамекеніне қоныстанды. Өздерінің соңдарына түскен Әбілқайыр жорықта опат болған соң, Жәнібек пен Керей Қазақтар (қашақтар) хандығын құрды.



*Жәнібек пен Керей хандар*



*Қасым хан*

XVI ғасырдың басында аталған маңғыт билерінің, әсіресе Мұса бидің тәуелсіз саясатының арқасында Ноғай Ордасы өзінің аймағы, әскері, әкімшілігі бар дербес саяси құрылымға айналып, енді маңғыт әмірлері тіптен, осы өңірге хан боламын дегендердің тағдырын шешетін күшке айналды. Мысалы, 1470 жылы олар Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбанидің таққа отыруына тікелей себепкер болды. Мұса би бастаған маңғыт мырзаларын ептілікпен өзінің ықпалында ұстай білген Мұхаммед Шайбани алғашқы қазақ ханы Керейдің және оның ұлы Мұрындықтың ұзақ жылдарға созылған табанды шайқастарының нәтижесінде ығысып, Мауереннахрға қоныс аударуға мәжбүр болды. XVI ғасырда Ноғай Ордасының негізін қалаған маңғыттардың едәуір бөлігі Қырым

түбегінен солтүстіктегі аймақтарға қоныс аударды. Осында топтасқан маңғыттар Мансұрұлы әулетінің билігін орнықтырды. Маңғыт билерінің ықпалдарын Қазан, Астрахан және Сібір жұрттары да айқын сезінді.

Алайда Мұса биден кейін Ноғай Ордасының әлсіреу кезеңі басталды. Сарайшықты өзінің резиденциясына айналдырған әз-Жәнібек өзіне қарасты тайпаларды ноғайлар арасынан қазақ арасына көшіріп алды. 1472 жылы Мұрындық ханның тұсында Қасым сұлтан бастаған қазақ әскерлері Ноғай аймағына басып кірді және Мұрындық хан Сарайшықты тағы да өзінің астанасына айналдырды. Ноғайларды қазақтарға қарсы күресте әлсіреге түскен, олардың ұзақ жылдар бойы сенімді әріптесіне айналған Мұхамед Шайбанидің Иран шахы Исмайл Сефевидің қолынан қаза табуы болды. Осындай жағдайда, 1519 жылдан бастап ***Қасым хан*** маңғыттарды бағындыруға біржолата кірісті. Ол Қазақ хандығының батыстағы шекарасын Жайық өзеніне дейін жылжытты. Бірақ мұндай жетістікті онан кейін Қазақ хандығын билеген ***Тахир*** қолда ұстап тұра алмады. Оның әлсіздігін пайдаланған Мұса мен Алшағыр бидің балалары Қазақ хандығын Қыпшақ даласынан қайта ығыстырып шығарды. Тахир хан Жетісуға барып тығылды. Мұның өзі Ноғай Ордасын қайта күшейтті. Ноғай Ордасының айбаты 1530 –1540 жылдары барынша артып, ол енді Қазақ хандығын ғана емес, Башқұрт жерін де өзінің ықпалында ұстады. Алайда мұндай өрлеу, ұзаққа созыла қойған жоқ. XVI ғасырдың орта шенінде ноғай мырзаларының билікке таласқан қырғындары қайта басталды және нәтижесінде Исмайыл жеңіске жетті.



*Тақыр хан*

Дегенмен де ол, енді түрлі топтарға бөлініп кеткен ноғай тайпаларының басын бір мемлекетке біріктіре алған жоқ. Оның қоластындағы жұрт Үлкен Ноғайлы деп аталса, ал солтүстік батыс Кавказда Кіші Ноғайлы жұрты пайда болды. Бұл шынында да, қуатты Ноғай Ордасының бөлшектенуі және күйреуі еді. Бір орталыққа бағынудан қол үзіп кеткен ноғайлар көрші жұрттардың аймақтарына бытырай қоныс аударды. Ноғай жұртының орнында енді ұсақ-ұсақ Едисан, Едишкул, Буджақ тәрізді майда ордалар қалды. Ал ноғай көшпелілері болса тағы да топтасып, қарақалпақ этносын құрады. Ұзақ жылдар қатар өмір сүрген шығыстағы қазақтар да көрші ноғайлардың кейбір этно құрылымдарын қабылдады. Он сан Ноғайлардың Алтыұл ұлысының үлгісімен қазақтарда алты сан Алаш қауымдастығы қалыптасты. Ноғай көсемдерінің бірі Жаңбыршы бидің жауынгер ұлының Алаш атанғанын да білеміз. Бір бөлігі Ноғайларға кірген керейт, тама, телеу тайпалары Ноғайлардың Едисан(Жетісан)

тайпалық одағының үлгісімен қазақтың жетіру одағының қалыптасуына түрткі болды. Қазақ пен Ноғайдың рухани жақындығының жарқын көрінісі болған, екі жұртқа ортақ «Ноғайлы жырлары» әлі де талай ұрпақты ерлік пен елдікке тәрбиелей береді.

# ОРДАЛАР МЕН ҰЛЫСТАР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ



*Уәйіс хан Темір*



*Құтлық хан*



*Сұлтан Саид хан*



*Қызыр Қожа хан*



*Ілияс Қожа*



*Жүніс хан*



*Еңке төре*

## Қазақ хандығының қалыптасу кезеңі

Қазақ халқының қалыптасуы сандаған ғасырларға созылған ұзақ этникалық үдерістерден тұрады. Оның соңғы кезеңіне назар аударар болсақ, Алтын Орда ыдырай бастағанда, қарауындағы түркітілдес халықтар үш түрлі үлкен этноқауымдастыққа бөлініп кетті. Олар – татарлар, өзбектер және ноғайлар қауымдастығы еді. Алғашқылар Қазан, Қырым және Астрахан хандықтарында ықпалды болған болса, ал екіншілер Көк Орда мен Ақ Орда аймағында басым болды. Алайда «өзбек» атанғандардың өздері де іштей үш этноқауымдастыққа бөлініп өмір сүрді. Ноғай ұлысы аймағындағылар «маңғыттар» аталса, ал бұрынғы Көк Орда аймағындағылар – «татар-өзбектер» (шайбандықтар), ал байырғы Ақ Орда аймағындағылар «өзбек-қазақтар» атауларына ие болды.

Алғаш Өзбек ұлысында тайпалар өздерінің этникалық тұтастықтарын сақтап, өздерінің руларын шашыратпай көшіп-қонып жүрген болса, жаңа халықтарға жіктелу барысында жоғарыдан билер мен сұлтандар қалыптастырған этно-саяси жағдайға байланысты кейбір руларынан ажырап қалды. Мұны нақты мысалдармен түсіндірер болсақ, мысалы, қыпшақ руларының айталы-қыпшақ, аталықұлы-қыпшақ, борған-қыпшақ, егілтай-қыпшақ, қара-қыпшақ, қарағаш-қыпшақ, құлыбай-қыпшақ, құртлу-қыпшақ, сары-қыпшақ, туде-қыпшақ деген рулары біртіндеп ноғайларға қосылды. Мұнда Қазақ құрамындағы Мүйізді сары абыз атадан тарайтын қытай-қыпшақ, торы-қыпшақ, құлан-қыпшақ тәрізді рулардың жоқ екендігін байқау қиын емес.

Қазақтың ноғайдан және «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлініп шығуында ноғайлардың

Едисан (Жетісан) және Алтыұл тайпалық этно-бірлестіктеріне қарсы біріккен «алты сан Алаш» (жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ) этно-қауымдастығының маңызы аса зор болғанын ұмытпауымыз керек. «Алты сан Алаштың» қалыптасуы аса күрделі этно-саяси ахуалдарды бастан өткізіп барып, үлкен қиыншылықпен қалыптасты. Оны құраған тайпалардың кейбір рулары ноғайлар құрамынан бәрібір қайтпай, соларға сіңісіп кетті. Десек те, алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керейді Ноғайларға және өзбектерге қарсы күресте күшейтіп жіберген де осы «алты сан Алаштың» біртіндеп олардың жағына шығулары еді. Бұл бірлестік XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың соңына қарай қалыптасып, қазақ халқының этникалық ядросын құрады.

XV ғасырдың алғашқы жартысына дейін бұл этно-қауымдастыққа кірген тайпалар бұрынғы Ақ Орда ұлысы аймағындағы өзбек тайпалары ретінде белгілі еді. 1428 жылы Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақтың қайтыс болуына байланысты атақты Едігенің ұлы Мансұр биді Барақтың өлтіруін маңғыттар (ноғайлар) кешіре алмады. Батыстағы Алтын Орданың ханы кіші Мұхамедке қашып барған Мансұрдың інілері Ғази мен Наурыз хан әскерінің қолдауымен Барақты жеңіп, шығыс Қыпшақ даласындағы тақ иесіз қалды. Билікке келген ноғай мырзалары өздерінің Жошы әулеті тағына отыруға ешқандай да құқығы жоқ екендігін түсініп, айтқанды тыңдап, айдағанына жүретін «қуыршақ хандар» іздестірді. Ол, әрине, маңғыттардың (ноғайлардың) ата жауы Барақтың тұқымынан болмауы тиіс еді.

Оның үстіне әлсіреген Ақ Орда және Көк Орда мемлекетіне бағынудан қалып, өзара билікке таласқан және ұсақ ұлыстарға билік жүргізуге дағдыланып алған маңғыт мырзалары тақка отырғызу үшін қалыптасқан

кәнігі саясаткерді емес, ел басқарудың айла әрекеттеріне әлі де қаныға қоймаған сарыауыз балаң жасты іздестірді. Мұндай таңдау Шайбан тұқымы, он жеті жастағы Әбілқайырға түсті. Осылайша, енді Дешті Қыпшақтағы таққа Әбілхайыр отырды. Оны хан сайлаған белсенді он сегіз тайпа негізінен татар-өзбек қауымдастығына жататын байырғы шайбандық тайпалар еді. Рас, олардың арасында, жоғарыда айтып кеткеніміздей, кейінірек қазақты құраған наймандардың кейбір рулары, өкіреш наймандар, қоңырат тайпасының үлкен бөлігі бар еді. Олар да мұндай әрекетке амалсыздан, өздерінің көшу жолдары Өзбекстан (шығыс деректерінде Қыпшақ даласы осылай аталды) аймағында жатқандықтан барды.

Ал арғын, қыпшақ, жалайыр, алшын тәрізді бұл тұста жекелеген рулары жаңа ханды қолдаушы маңғыттар құрамына қосылып кеткен тайпалық бірлестіктер Әбілқайырдың хан болып сайлануына ашық қарсылық білдіре алған жоқ, бірақ бұған іштей наразы болды. Оны Оқас би бастаған маңғыттардың қуатты бірлестігінің және байырғы шайбандық тайпалардың қолдауы және қоңырат, өкіреш найман руларының солардың ықпалында болулары, сондай-ақ Ежен тұқымынан осы тұста Әбілқайырға қарсы тайпаларды ұйымдастырып, таққа отыра қоятындай тарихи тұлғаның табыла қоймауы, «алты сан Алаш» қауымдастығын құрай бастаған тайпалардың қолын байлады. Ол тұста мүлде жас болған Жәнібек пен Керей арада жиырма жыл өткен соң ғана Еженнен тараған сұлтандардың басын біріктіретін тұлғаларға айнала бастады.

Жас Әбілхайыр таққа отырған соң тез есейді және өзін қолдаған маңғыттардың өздеріне де өзінің үстемдігін таңа бастады. 1449 жылы Оқас би қайтыс болған соң, оның ұлдары Әбілхайырға бағынудан бәрібір бас

тартты. Дегенмен де Сары Шиман бастаған маңғыттардың біразы Әбілқайырдан бәрібір қол үзе қойған жоқ. Оның үстіне «жығылғанға – жұдырық» демекші, 1457 жылы Әбілқайыр хан Үз-Темір бастаған қалмақтардан өзінің астанасы Сығанақтың түбінде оңбай жеңілді. Бұл жеңілістің салдарынан ауырлата түскен тағы бір маңызды нәрсе, жеңген қалмақтардың кепілдікке үш жастағы Әбілқайырдың туған немересін алып кетулері, бұрынғы Жошы ұлысы аймағында Әбілқайырдың ықпалын күрт әлсіретті. Мұның оның қарсыластары орда-ежендік сұлтандар пайдаланып, көп кешікпей-ақ Өзбек хандығынан бөлініп, көрші Моғолстанға дүрліге көшті. Айта кетер тағы бір мәселе, бүкіл Дешті Қыпшаққа әйгілі болған арғындардың басшысы Ақжол биді ноғайларды қолдайтын ққарақыпшақ тайпасының әйгілі батыры Қобыландының өлтірілуі де жанжалды өршітіп, көшті жылдамдатып жіберді. Бұл көшті Жәнібек пен Керей сұлтандар басқарды.

Тарихи деректерді талдау, Моғолстанға Жәнібек пен Керейге ілесіп, 1459 жылы көшіп келгендер қатарына алғашқы кезде арғындар, жалайырлар, наймандардың бір бөлігі болған деп айтуға жетелейді. Ал 1469 жылы Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін Өзбек ұлысында қаңлы, қоңырат, найман, қыпшақ, тама, керейт тайпаларының кейбір рулары келіп қосылып, енді өзбек-қазақтар саны екі жүз мың адамға жетті. Осылайша, о баста, өзбек-қазақ аталған халықтың алғашқы этникалық негіздері қаланды.

# Қазақ хандығында мемлекеттік жүйенің қалыптасуы



*Жүніс хан*



*Бұрындық хан*

1469 жыл – қазақ-өзбек атанғандардың болашағына жарқын жол ашқан тарихи белес. Дәл осы жылы олардың ата жауы Әбілқайыр ғана емес, Қазақ хандығы шаңырақ көтерген Моғолстан жерін билеуші Досмұхаммед хан да қайтыс болды. Сонымен қатар осы кезде өзбек-қазақтардың да, моғолдардың да қас жауына айналған Мауереннахрдағы Әмір Темірдің ұрпағы Әбу Сейіт мырза да дүниеден өтті. Досмұхаммедтің орнына хан болған Есенбұғаның ағасы ***Жүніс хан*** қазақ хандарының іс-әрекеттеріне кедергі жасай қойған жоқ. Ал Мауереннахрда Әбу Сейіттің артында қалған үш ұлы мемлекетті үшке бөліп алып, билей бастады және қалыптасып келе жатқан қазақ мемлекетіне еш назар аудара қойған жоқ. Өзбек-қазақ қауымдастығын этно-саяси тұрғыдан нығайта түскен тағы бір маңызды нәрсе – Әбілқайыр өлген соң Өзбек мемлекетінде бүліншіліктер басталып, ондағы ру-тайпалар Қазақ хандығына көшіп келе бастады. Мұның өзі

өзбек-қазақ елінің Дешті Қыпшақта тәуелсіз мемлекетті орнықтыруына жаңа мүмкіндіктер ашты. Осыны ескерер болсақ, жоғарыда аталған *1469 жылды қазақ мемлекеттігінің құрылған жылы* ретінде атап өтуімізге әбден болар еді.



*Мамаш хан*

Алайда өзбек-қазақтарда бәрі жақсы бола қойған жоқ, жаңадан құрылған Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей көп кешікпей қайтыс болып кетті де, 1470 жылы билікке әкесінің көзін көрген Жәнібек ханды арқа тұтқан Мұрындық келді. Бұрынғы Әбілқайырға одақтас болған сұлтандар мен билер енді оның баласы Шейх-Хайдардан тақты күшпен тартып алуға кірісті. Олардың арасында қазақ ханы Жәнібек ғана емес, шайбанилік сұлтандар Сейтек пен Айбақ, маңғыт әмірлері Мұса мен Жаңбыршы билер де бар еді. Бұл – Айбақ ханның Шайх-Хайдар ханды өлтіруімен аяқталды. Осылайша, 1471 жылға қарай Жошы ұлысының тағын қырық жылдан астам уақыт бойы ретсіз иемденген Шайбан әулеті биліктен біржолата кетті. Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбанидің алғашқы қазақ хандарына қарсы жанқиярлық күрес-

тері де сәтсіз аяқталды. Ол алғаш өзін жақтайтындардың қамқорлығына сүйеніп Астрахан хандығына барып бас сауғалады. Бірақ онда қолдаушылар таппай, орныға алмаған ол, көп кешікпей-ақ Сыр бойына қоныс аударып, Түркістан аймағына билік жүргізіп отырған Әмір Темір әулеті сұлтандарымен одақтасты. Мұса мырза бастаған маңғыттар да осы тұста Мұхамед Шайбаниға қолдау көрсетіп, оны қазақтарға хан етіп көтермек болды. Мұның өзі ***Бұрындық*** пен ***Қасымды*** маңғыттарға қарсы жорыққа аттануға мәжбүр етті.1500 жылы Самарқан тағын Темір әулетінен тартып алған Мұхамед Шайбани тағы да бес жыл ішінде күллі Мауереннахрдың дара билеушісіне айналды. Бұл оны күшейте түсті. Енді ол Сырдың орта ағысына билік жүргізіп отырған Қазақ хандығына қарсы 1506 – 1510 жылдар аралығында елді қан қақсатқан төрт жорық ұйымдастырды. Алғашқы жорықтарда мол олжаға кенеле тұрса да соңғы жорықта уақытша шегініп кеткен Қасым шайбаниліктерге Ұлытау өңірінде қарымта соққы беріп, оларды қазақ даласынан түріп айдап шықты. Алды-артына қарамай қашқан жауды Қасым – Түркістан жерінде екінші рет күйрете жеңді. Мұның өзі Мұхаммед Шайбаниді абыройдан жұрдай қылып, оның жауларын көбейтті. Көп кешікпей-ақ, оның өзі де солардың қолынан Мерв түбінде қайтыс болды. Мұның өзі Қасым сұлтанды күшейтіп, ол 1511 жылы Қазақ хандығының тағына отырды. Енді оның Қазақ хандығының территориялық аймағын ұлғайта түсуіне толық мүмкіндіктер туды. Осылайша ол, 1513 жылға дейін Жетісу аймағын түгелдей және Түркістан аймағын алғаш Сайрам қаласына дейін, сәл кейініректе Ташкент аймағына дейін бағындырып, оларды Қазақ хандығына қосып алды. Қасым батыста да қазақтармен үздіксіз жауласқан ноғай билері бар екен-

дігін бір сәтте естен шығара қойған жоқ. Бұл бағытта да ол айтарлықтай жеңістерге қол жеткізіп, Қазақ хандығының шекарасын Еділ мен Жайық өңірлеріне дейін жеткізді. Бұл шын мәнінде оның, бабасы Ұрыс хан бастаған істі жалғастыруды көздеген әрекеті еді. Ұрыс ханның Ақ Орда тағын қанағат тұтпай, батысты жаулап, Алтын Орда тағына қысқа мерзімге болса да отырғаны белгілі. Алайда Қасым билікке келген кезде Алтын Орда бөлшектеніп, оның орнында Үлкен Орда, Қазан хандығы, Астрахан хандығы, Қырым хандығы тәрізді жаңа мемлекеттер пайда болған еді. Орта Азиядан шайбаниліктер үздіксіз қауіп төндіріп тұрған жағдайда аталған мемлекеттерге жорық жасау да мүмкін емес еді. Сондықтан да Қасым хан Сарайшықты өзінің астанасы етіп жариялаумен шектелді.



*Тәуекел хан*

Қазақ атанған рулар мен тайпалардың басын қосып мемлекет құрған Қасымның тұсында оның әкесі Жәнібектің тоғыз ұлынан тараған ұрпақ қазақ жерлерін

рулық-тайпалық, әкімшілік-демократиялық жүйеге сүйеніп басқарды. Мұндай ел басқару жүйесі **«Қасым ханның қасқа жолы»** деген атпен тарихта қалды. Қасым ханның этно-саяси реформасының негізгі мәні мынаған келіп тірелді: бұрынғы Алтын Орда, Ақ Орда, Әбілқайырдың Өзбек ұлысы моңғолдық ұлыстық басқару жүйесіне негізделіп, Жошы ұлысының Оң қанат, Сол қанат, Орта ұлыс әкімшілік бөліктері ретінде қарастырылып келсе, енді қазақ деген – халықтың этностық үлгідегі біртұтас ұлттық мемлекетінің құрылуына байланысты бұл басқару өзгеріске ұшырап, жоғарыдағы «қанат» ұғымын «жақ», «бөлік» немесе «жүз» деген түсініктер ауыстыра бастады. Мұндай өзгеріс қалыптасқан біртұтас қазақ халқын бұрынғыдай бірнеше саяси ұлыстарға немесе ордаларға бөліп атаудың мүмкін болмауынан туындады. Жаңа жүйеде бұрынғы Алтын Орда дәуірінде таққа әкенің орнына баланы ғана отырғызатын дәстүр де өзгеріп, таққа Жәнібек хан әулетінен шыққан кез келген төре тұқымының (інілердің, немерелердің, туған бауырлардың) отыра беруіне мүмкіндіктер туғызды.



*Хақназар хан*


Осындай әкімшілік басқаруды басшылыққа алған Жәнібек хан ұрпақтары орталық билік әлсірей бастаған тұста өздерінің орталарынан әр бөлікке жеке хан сайлап ала алатын жағдайға жетті. Ал мұның өзі дала демократиясын дамыта түсуге біршама жұмыс жасай тұрса да, түптің түбінде қазақ даласында бірнеше хандардың қатар пайда болуына алып келіп, ал жергілікті рулық-тайпалық құрылымдар осындай хандарды қолдаған кезде қазақ мемлекеттігінің ішкі этно-саяси бірлігінің әлсіреуіне, тіптен оның тайпалық одақтар негізінде саяси тұрғыдан ыдырауына жол ашты. Мұндай келеңсіздіктер өзін бүкіл қазақ ру-тайпаларына берік мойындатқан Қасым хан қайтыс болған 1521 жылдан соң айқын көрініс бере бастады.



*Бұйдаш хан*

Осылайша, ***Мамаш*** (1521–1523), Тахир (1523–1533) Қазақ хандығы тағында отырған тұста жергілікті төре тұқымдарының өздерін қолдайтын рулар мен тайпаларға сүйеніп, белгілі бір аймақта шағын хандық құру әрекеті үдеп кетті. Жаңа саяси жүйеде

жергілікті тайпа басшыларына тек Мамаш ханның немесе Тахир ханның баласына ғана бағынышты болу міндетті болмай қалды. «Жығылғанға – жұдырық» демекші, бұған батыстағы Ноғай ордасының да осы кезеңде саяси дағдарыстан шығып, қуаттана түсуі және ноғай мырзаларының Жем өзеніне дейінгі аймақтарды қайта жаулап алулары қосымша болды. Осылайша, орталықтан бір ғана хан басқаратын биліктің әлсіреуі 1533 – 1538 жылдар аралығында қазақ даласында үш бірдей хандардың таққа қатар отыруларына мүмкіндіктер берді. Батыста Ахмет хан (Қожа Ахмед хан) билік жасаса, орталық өңірлерде ***Тоғым хан***, ал оңтүстік шығыста ***Бұйдаш хан*** тақта отырды. Мұндай бөлшектенулерге бұлардан кейін XVI ғасырда таққа отырған ***Хақназар хан*** да, және онан кейінгі ***Тәуекел хан*** да кедергі жасай алған жоқ.



*Тоғым хан*

1598 жылы Тәуекелден кейін ресми түрде хан атанған ***Есім*** (Еңсегей бойлы ер Есім) саяси тұрғыдан ыдырауға бағыт алған Қазақ хандығын бір орталыққа

біріктіру үшін Тұрсын, Абылай, Ханзада, Әбулайыс, Мұрат және т.б. сұлтандардың сепаратистік әрекеттеріне қарсы белсенді түрде күресті. Ішкі саясаттағы осындай күрделі ахуал, және сыртқы саясатта, шығыстан қыспаққа алған қалмақтардың жортуылдары Есім ханды қазақтар мекендейтін ұлан-ғайыр аймақтарды үшке (Үш жүзге бөліп басқару) реформасын енгізуге мәжбүрледі.

Бұл өзгеріс тарихқа *«Есім ханның ескі жолы»*, яғни бұрынғы Жошы ұлысындағы Ордаларды жаңа, этно-саяси жағдайда жаңғырту ретінде енді. Есім хан бұл реформаны өзі билік жасап отырған Жетісу өңірінен бастап, алғашқы Қазақ хандығы құрылған және ежелгі қазақ тайпалары тұрақты (автохтонды) түрде мекендеп келген осы аймақты Ұлы жүз (Үлкен Орда) атандырды. Айта кетер тағы бір мәселе, 1598 жылы Тәуекел хан қайтыс болған соң оның тұсында жартылай бағыныштылыққа түскен ойраттар қайта бас көтеріп, Жетісуды қазақтардан тартып алуға күш салды. 1603 жылдан бастап, Қазақ Ордасының Бұқар хандығымен ұзаққа созылған соғысының басталуы да Жетісу аумағында Есім ханның резиденциясы орналасқан Үлкен Орданы нығайта және топтастыра түсуді қажет етті. Үлкен Орданың Ұлы жүз аталуына сәйкес, қазақ мемлекеттігіне Қасым хан тұсында қосылған орталық өңірлер халқы Орта жүз, ал XVI ғасырдың екінші жартысында бөлшектеніп кеткен Ноғай Ордасынан біржолата қол үзіп, Қазақ хандығына қайта және кейіннен қосылған батыс өңір қазақтары Кіші жүз атауларына ие болды. Осылайша, қазақ мемлекеттігінің үш этно-географиялық және шаруашылықтық басқару аймақтары өмірге келді.

Осындай қазақ мемлекеттілігіне қатысты маңызды тұжырымдар халық арасында **Еңсегей бойлы ер**

**Есім (Еш Мұхаммед) хан аталған тарихи тұлғаның қызметін нақтылай кетуді қажет етеді деп ойлаймыз.**



*Есім хан*

1598 жылы күзде ағасы Тәуекел хан өлген соң Қазақ хандығының тағына Есім отырды. Ол Тәуекел екеуі Шығай ханның екінші әйелі Жақсым бикемнен туған еді. Ал Шығайдың әкесі атақты Әз-Жәнібектің тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтан болатын. Есім кез келген маңызды мәселені асықпай шешетін, табиғатынан мінезі жұмсақ, аққөңіл де кешірімпаз адам еді. Жаулары оның осындай кеңпейіл мінез-құлқын өз пайдаларына шешуді ойластыратын. Есімнің хан болуы, Сібір арқылы Еділдің бойына ығысқан қалмақтардың орыс бодандығын қабылдап, 1599 қазақ жеріне жортуылдар ұйымдастыруымен сәйкес келді. Осындай аласапыранда Есімнен хан тағын тартып алуды көздейтіндер де бой көтере бастады. 1603 жылы күзде қарақалпақтан шыққан

Әбд әл-Ғафар деген біреу өзін Түркістан төрінде хан деп жариялады. Қазақ сұлтандарын соңынан ерткен Есім хан оған қарсы асығыс жорыққа аттанып, осының салдарынан алғашқы шайқаста жеңіліп қалды. Енді уақытша жеңіске есірген Әбд ал-Ғафар Түркістанды ғана емес, Сайрамды, Ахсикентті басып алып, Ташкентті өзінің астанасына айналдырды. Алатау маңындағы қазақ рулары мен тайпаларынан әскер жинаған Есім, 1605 жылы көктемде қарсыласын Қаракамыс деген жерде қамсыз жатқанда күтпеген жерден бас салды.. Ұйқылы-ояу күйінде киіз үйден тысқа жүгіріп шыққан Әбд әл-Ғафарды Есім хан қайқыбас қылышымен жарып өлтірді. Енді қазақтар бір ғана ханды мойындайтын сәт туды. Алайда осындайда Бұқар ханы Имамқұлиға сүйенген Тұрсын-Мұхаммед 1613 жылы Ташкентте хан тағына отырды. Енді осы маңдағы қазақ рулары оның билігін мойындауға мәжбүр болды. Қазақтардың екіге жарылуына жол бермеу үшін алғаш Есім бұған да көніп, Тұрсынға кедергі жасамай, өзі Түркістан қаласына билеуші болумен шектелді. Алайда ағасы Тәуекелдің кезінде-ақ даңқы шыққан Есімнің қазақтар арасындағы жоғары беделі Тұрсын ханға маза бермеді. Ол Есімнен қалай құтылудың жолын қарастырумен болды. Мұндайда ол, қазақтардың жауы Имамқұлиды өз мақсатына пайдаланды. Ташкентті билеп отырған Тұрсын-Мұхаммедтің арандатуымен Бұқар ханы Имамқұли Сыр бойына ентелей кіріп, Жетісуды басып алып, қазақтарды аяусыз қырды. Осыны пайдаланған Тұрсын-Мұхаммед хан да одан қалыспай, Түркістан өңіріне басып кіріп, ондағы қазақтарды өзіне қаратты. Осындайда екі жақты соққыға қарсы қояр басқа амалы қалмаған Есім хан Жетісу арқылы Тұрпан ханы Әбділрахымның еліне өтті. Әбділрахым моғол ханы

Әбдірашидтің ұлы, яғни қазақтың Қасым ханынның қайын жұрты болып келетін моғол ханы Сайдханның немересі еді. Бұл айтылғандар 1618–1619 жылдары орын алды. Бұл тұста Моғолстан аймағында кезінде хандық құрған Шағатай тұқымы жойылып біткендіктен, төре тұқымынан шыққан Есімнің осында келуі моғол билеушілерін қуантты. Әбділрахым хан оны өзіне қызмет етуге, нөкер болуға шақырды. Алайда Есімді бұл ұсыныс қанағаттандыра қоймады. Ол бәрінен бұрын, өзінің достары мен дұшпандары алдында мерейі үстем болуы үшін, өзінің Әбділрахым ханға күйеу болғысы келетінін ашық айтып салды. Мұндай өтініш Әбділрахым ханға ұнады. Сөйтіп ол, өзінің қызы Айханым падишахты Есімге салтанатпен ұзатты. Есім осында Әбділрахымның Қашғар аймағындағы біраз қалаларды бағындыру жорықтарына қатысып, ерекше белсенділік танытты. Ол өзінің соңына ілескен қазақтарды ұйымдастырып, қалмақтарға қарсы жорықтар ұйымдастыруды да естен шығара қойған жоқ. Жалпы қалмақтардың қазақ даласына толассыз жортуылдары 1599 жылдан бастап орын алған еді. Осындайда Есімнің басты мақсаты – қайда жүрсе де ата-баба жолын жалғастырып, елін жаудан қорғап, біртұтас Қазақ хандығын қалпына келтіру болды. Қазақтар бұл кезде Сарыарқа төсінде қалмақтармен алысумен болды. 1618 жылы осындағы Бүркітті және Болатты деген таулар арасындағы кең далада болған ұрыста қаны қарайған қазақ жасағы қалмақтарды аяусыз қырды. Осыған қарамастан қалмақтар қазақ жеріне оқтын-оқтын жорық жасауды тоқтатпады. Арада екі жылдан кейін Тобыл бойында қазақтар тағы да қалмақтың қалың қолына қарсы соғысқа кіріп, оларды жамсата қырды. Бұл соғысты ұрыс алаңында алдаспанын жарқылдатқан Есімнің өзі

басқарды. Алайда мұның бәрі түпкілікті жеңіс емес еді. Аралары жаулықпен ашылып кеткен қазақ пен қалмақты әлі талай қанды қырғын күтіп тұрғаны байқалды. Қалмаққа қарсы тұру үшін бүкіл қазақ пен қырғыздың басын қосу қажеттігін ұғынған Есім, 1623 –1624 жылдары Ташкентке келді. Осында ол, қазақтың бір бөлігін билеп отырған Тұрсын ханмен келісімге келіп, қайта тіл табысып, Түркістан аймағына билеуші болып орнықты. Өзіне тән кеңдікпен Есім – Тұрсын ханның өзіне жасаған бұрынғы қиянаттарына кешірімділікпен қарады. 1624 жылы ол, тіптен Тұрсынханның Әндіжанға бағытталған жорығына да белсене қатысты. Бұл кезде Әндіжанды қазақ сұлтаны Келді Мұхаммедтің баласы Ханзада билеп отыр еді. Алайда қазақ биледі дегені болмаса бұл аймақ ол кезде Бұқар ханы Имамқұлының қоластына қарайтын. Өзіне бақталас болып алған Имамқұлиға өшіккен Тұрсын хан ықпалындағы Есімнің қуатты қазақ жасақтарына сүйеніп, Ахси қамалын қоршауға алды. Жалғыз өзінің қазақ сұлтандарына шамасы жетпесін байқаған, Ханзада Имамқұлидан көмек сұрады. Соған қарамастан қанды шайқас Бұқар ханының жеңілісімен аяқталды. Тұрсын мен Есім тағы да осындағы біраз қамалдарды басып алып, және оларды тонап, көп олжамен кейін қайтып кетті. Осындай одақтастық қарым-қатынас алда да жалғаса берер ме еді, егерде Тұрсын хан өзінің әріптесіне қарсы ашықтан-ашық жаулық әрекетке бармаса. Қазақтар арасында Есімнің беделінің күн санап өсуі, Тұрсын ханның мазасын кетірді. Бұрынғыша бүкіл қазақты оның билеуіне Есім кедергі болды. Сондықтан да ол, Есімнің көзін жоятын сәтті асыға күтті және өзі басқарған қалың қатағаң тайпасын оған қарсы шешуші шайқасқа дайындаумен болды. Ақыры бұған қолайлы сәтте туды. 1626 –1627

жылы қалмақтарға жорыққа аттанған Есім қайтып келе жатқанда Тұрсын ханның опасыздықпен құрған тосқауылына тап болды. Алайда өз адамдары арқылы бұдан алдын ала хабардар болған Есім қапыда қала қойған жоқ. Қанды шайқаста жеңілген Тұрсын хан Ташкентке қарай қашты. Оның қазақтарды өзара жауластырған бұл саясатын жақын нөкерлері де қолдай қоймады. Олар сондықтан да ақыры Тұрсын ханды өлтіріп тынды. Осыдан соң Есім екінші рет қайтадан Қазақ хандығының тағына отырды. Өздерінің ата жауы болып есептелетін Есімнің таққа отыруынан қауіптенген қалмақтар Есімді әртүрлі құлықтармен алдаусыратып, түптің түбінде оның көзін жоюды ойластырды. Қалмақ хошоуттарының тайшысы Байбағыс торғауыттармен және дүрбіттермен бірігіп, Есім ханға Далай Батыр бастаған елшілер жіберді. Олар өзара достық келісімдер жасау туралы ұсыныстарын айтып алып, сонымен қатар қазақ даласына әр тұстан андыздап ат қойып, тонауларын да тоқтатпады. Мұның өзі Есім ханның қанын қарайтып, ашу-ызасын үдете түсті. Сондықтан да тағы бірде қалмақтар алдаусырата елшілер аттандырған да Есім хан оларды түгел қырып салып, қалмақтарға қарсы іле-шала он мың қолдан тұратын қазақ жасағын аттандырды. Қазақ қолы қалмақтарды талқандап, олардың екі тайшасын тұтқынға алып олжалы қайтты. Осыдан соң біраз уақыт қалмақтар тарапынан болған жортуылдар толастап, елге тыныштық келгендей болды. Осыны пайдаланған Есім батыстағы ноғайлармен қарым-қатынастарды реттеп, шығыста Алтын хан елімен бірігіп қалмақтарды біржолата талқандау жолдарын іздестіре бастады. 1620 жылы Есім хан қазақтардың және қырғыздардың отыз мың қолымен ойраттарға күтпеген

жерден лап қойды. Келісімге сәйкес қалмақтардың ту сыртынан осы кезде Алтын хан елі де шабуылды бастады. Қыспаққа түскен қалмақтар бас сауғалап, тырағайлай, Қара Ертістен төмен қарай бойлай қашты. Бұрын оларды арандатып отырған орыстар енді қалмақтардың шығыска беттеулерінен қауіптеніп, оларды қолдаудан бас тартты. Қара Ертісте қалмақты қырған қанды қасапқа Есім ханның батырлары арғын Ағынтай, қоңырат Алатау, алшын Жиембет, дулат Жақсығұл, шапырашты Қарасай мен Әйтей белсене ат салысса, билерден Үйсін шапырашты Дәулет би мен Төле бидің атасы дулат Жаныс Құдайберді би де қалмақтарға қарсы күреске елді жұмылдыруда көптеген игі жұмыстар атқарды. Осы Қара Ертістің таулы қыраттардан тұратын оң қанатында болған шайқаста Есім ханның өзі де ойратқа қарсы ұрыстарға белсене қатысып, еңселі тұлғасымен ел алдына түсіп, алдаспанын оңды-солды сілтеп, алдындағы жауды қамыстай жамсатып, үлкен қайрат танытып, ел аузында ерлігі аңызға айналып, «Еңсегей бойлы ер Есім» атанды. Алайда қашқан қалмақтар ылаңы мұнымен аяқталмады. 1627 жылы Тобыл арқылы жеңіліп боскан қалмақтар Еділдің Хазар (Каспий) теңізіне құяр жеріндегі қазақтарды баудай түсіріп қырып, қазақ даласын жантүршігерлік хабарлармен дүрліктірді. Олар Сарысу маңында Борық деген ауылды үрерге итін қалдырмай, бала-шағасына дейін түгел бауыздады. Есім хан осындайда Түркістандағы Күлтөбе деген жерде билерді жинап, күнде кеңес өткізіп, Жайық бойына жиырма мың қолдан тұратын жасақ аттандырды. «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз осыдан қалды. Оларды арғын Ағынтай батыр (5 мың қол), үйсін Қарасай батыр (5 мың қол), найман Көксерек батыр (5 мың қол), қаңлы

Сарыбұқа батыр (5 мың қол) бастады. Батысқа жөңкілген, түндей түнерген қаһарлы жасақтарға жолдан, Електі жерінен төрткара Жиембет батыр бастаған тағы 5 мың қол қосылды. Қазақ жасағының бас қолбасшысы жер жағдайымен жақсы таныс осы, Жиембет батыр болды. Хазар теңізінің елсіз және масасы қалың қамысты аймағында қазақ пен қалмақ 83 күн арпалыса соғысты. Екі жақта жаппай адам қырғынынан қашып, ұрысты алғаш бір жарым ай бойы жекпе-жек түрінде өткізді. Жоғарыда аталған батырлардың әрқайсысы алғаш өздері жекпе-жекке шығып, ұрыс даласында тоғыз-он бір күннен тұрып, осынша адамды жер жастандырды. Дегенмен, қазақ жағы да қасіретті бастан өткізді. Мысалы, сегіз қалмақты жекпе-жекте өлтіріп, тоғызыншысына қарсы шыққан Алатау батыр аты сүрініп кетіп, аңдаусызда мерт болды. Арты жаппай қанды қырғынға ұласқан бұл ұрыста жеңілген қалмақ ұлардай шулап, Еділдің теңізге құйылысына қарай қашты. Ал енді шығыстағы Жоңғарияда Қара Ертістегі жеңілістен кейін қалмақтың Батыр тайшысы қазақты жеңу үшін үлкен дайындық керек екендігін түсініп, Жоңғария аймағындағы тасқұдайға табынушылардың бәрінің басын қосу ісін қолға алды. Енді қазақтарды қалмақтардың жаңа жойқын шабуылдары күтіп тұрды. Мұндайда қазақтың анталаған жауға төтеп беруі оны дұрыс басқара білуге тікелей байланысты еді. Осыны жақсы түсінген және осыдан бұрын билікке таласқан Тұрсын ханмен болған жанжалды ескерген Есім хан, тарихта «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын реформаны жүзеге асырды. Бұл алғаш жоғарыда айтылған Күлтөбе басындағы жиындарда талқыланды. Осы Күлтөбеге Есім хан өзіне байырғы Орыс хан бабасынан мұра болып қалған қызыл тумен қатар

әкесі Шығай хан көтерген ақ туды қатар алып шығып, елді бірлікке шақырды. Енді жауға шапқанда, қазақ тайпалары өздерінің батырларының есімдерімен қатар, Алаш бабаның қасиетті есімін қазақ атанғандардың ортақ ұранына айналдыратын болып келісті. «Ескі жол» реформасы бойынша жан-жақтан, батыс пен шығыстан қалмақтар анталаған қазақ даласын үш жүзге бөліп басқару, және оларды Ұлы жүз аймағындағы бас хан басқаратын билеу жүйесі енгізілді. Бұл – Тәуекел, Ақназар хандар тұсында басталған таққа таласу әрекетін жау жағадан алғанда тоқтату және қазақтың кең даласын жергілікті рулар мен тайпаларды тығыз топтастырып қорғап қалу үшін амалсыздан жасалған саяси-әлеуметтік шара еді. Сонымен қатар «Есім ханның ескі жолы» оңтүстік шығыста қалмақтардың оқтын-оқтын Жетісу аймағын жаулауларына және батыста Ноғай Ордасының күйреп, кезінде оған қараған көптеген алшын руларының қазақтар қоластына өтуіне, қарақалпақтар дың ноғайлардан бөлініп шығуларына байланысты Қазақ хандығын билер арқылы басқаруды реттеу мақсатын көздеді. Еділ мен Жайық арасына терістік арқылы келген қалмақтардың қоныстанулары ноғайлардың көп бөлігінің қазақтарға қосылуын қиындатып, Ноғай Ордасы ыдырай бастаған тұста, олардың батысқа, Қырымға қарай көшуін тездете түсті. Осының нәтижесінде 1608 жылы ноғайлардың бас биі Ештеректің қоластында бар болғаны 40 мыңдай ғана ноғайлар қалған еді. Ноғайлар билігінен босап қалған өлкені қазақтар қолында біржола ұстап қалу үшін бұл аймақты Есім қазақтың Кіші жүзі аймағына айналдырса, ал бірде қазаққа, бірде қалмаққа қарап отырған оңтүстік шығыстағы Жетісуды қолдан шығармау үшін оны қазақтың Ұлы жүзі мекендейтін

аймақ деп атай бастады. Есім сонымен бірге қазаққа ортақ астананы да белгілеп, өзі ұзақ жылдар тұрақтаған Түркістанды рухани тұрғыдан ғана емес, саяси тұрғыдан да астана етіп белгілеп кетті. Бұл басқару реформасын жасаған Есім хан шығыстағы және батыстағы қалмақтармен тайталастың ұзаққа созылатынын, осы, қазақтар тәрізді көшпелі жұрттың қазақтың шұрайлы жайылымдарына көз тігулерін тоқтатудың жуық арада мүмкін болмасын да жақсы түсінді. Осындайда алпысты алқымдаған Есімді ауыр науқас төсекке таңды. 1644 жылға қарай ол, көп кешікпей көз жұмды және өзі астанаға айналдырған Түркістанда жерленді. Айтарымыз, заманында қазақтың ел болуына қисапсыз еңбек сіңірген, халық жырларында «ең зерек хан» ретінде жырланып, орасан зор құрметке ие болған Еңсегей бойлы ер Есім бүгінгі қазақтардың әділ бағасы мен ерекше қастерлеулерін күтіп, Қожа Ахмет Иассауи бабасының жанында жатыр.

# Қазақ хандығының қилы кезеңі





*Батыр*

Дербес елге айналған Қазақ хандығының нығая түсуіне шығыста 1635 жылы Батыс Моңғолияны мекендейтін, Ойрат одағына кіретін тайпалардың бірігіп, Жоңғар (Сол қанат) хандығын құруы және бұл мемлекеттің о бастан-ақ қазақ жеріне көз тігуі, Қазақ хандығының тәуелсіздігіне үлкен қауіп төндірді. Бұл тұста қоңырат Алатау, алшын Жиембет, шапырашты Жанай мен Қарасай, Әйтей, арғын Қомпай және Ағынтай, найман Көксерек, қаңлы Сарбұқа, дулат Құдайберді, Жақсығұл, суан Елтінді батырлардың тайпалық жасақтары қазақ ханы Есімнің көрсеткен үлгісімен, қазақ жерін қорғауға бел шеше кірісті.



*Салқам Жәңгір хан*

Қазаққа қатты өшіккен көшпелі мемлекеттің алғашқы билеушісі ***Батыр қоңтайшы*** болды. Ол Тарбағатай тауының бөктерінде 1640 жылы құрылтай шақырып, онда барлық ойрат тайпаларына ортақ «Цааджин бичиг» (Дала ережесі) деп аталатын заң қабылдады. Батыр көрші жатқан Қазақ хандығының тамырын басып көру үшін сол тұстағы қазақтың найман Тоқымтай (Төртқара) би, арғын Нұрқожа би, шапырашты Дәулет би тәрізді ірі билерін де осы құрылтайға қонаққа шақырып, олардың иықтарына екіжүзділікпен шапан жапты да, көп кешікпей-ақ тас құдайға табынушылардың қазақ жеріне қанды жорықтарын қайта бастап берді. 1643 жылы еңсегей бойлы ер Есімнің ұлы Жәңгір асығыс жиналған азғана қолмен Орбұлақта Батыр қоңтайшының 50 мыңдық әскеріне қарсы соғысуға мәжбүр болды. Алшын Жаланөтөс батырдың бастауымен алты ата Әлім руларынан жасақталған 20 мың сарбаз келіп жетпегенде, қазақтар қиын жағдайда қалатын еді.

Бірбеткей де қайсар Жәңгірді халық құрметтеп ***«Салқам Жәңгір»*** атандырды. Алайда Жәңгірдің қалмақпен жекпе-жекте қайтыс болуы жағдайды ушықтырып жіберді. 1653 жылы қайтыс болған Батур қоңтайшының орнына таққа таласқандар арасынан жеңіске жеткен Қалдан Бошоқты қазақтарға қарсы жаңа соғысты жалғастырды. Ол 1680 жылы Жаркент қаласын басып алып, батысқа жылжыды. Алайда 1681 және 1683 жылдары оның әскерлері Сайрам қаласын жанталасып қорғаған қожалар мен дулаттың Сиқым, Ботбай тәрізді аталарынан жасақталған сарбаздардан оңбай жеңілді.



*Тәуке хан*

Осы тұста жоңғарлардың өзара алауыздығы өрши түсіп, олардың біразы батысқа қоныс аударып, Еділ мен Жайық арасын қоныс етті. Мұның өзі қалмақтардың батыстағы қазақтарға жортуылдарының басталуына жол ашты. Осылайша, қазақтар екі жақты қыспақта қалды. 1685 жылы Қалдан Бошоқтының қолбасшысы Сеуан Рабдан Сайрам қаласына үшінші рет жорық жасап, қаланы басып алып, халқын аяусыз қырды. Бұл жолы қалмақтар айтарлықтай табыстарға жете тұрса да, шапырашты Қарасай, арғын Ағынтай, найман Көксерек, қаңлы Сарбұқа батырлардың тайпалық жасақтарына кездесіп қалудан қаймығып, ***Тәуке хан*** отырған Түркістан қаласын маңайлауға бата алмай қайтып кетті.

Жоңғарларға қонтайшы болған соң Сеуан Рабдан қазақ жеріне 1711–1712, 1714, 1717–1718 жылдары бірнеше дүркін ауыр жорық жасады. Әрі Қазақ хандығымен, әрі Цинь империясымен болған қатыгез соғыстар ақырында жоңғарлардың өздерін тұралатты. Оның үстіне «жығылғанға – жұдырық» дегендей, осының

алдында үш жыл бұрын қатты қыстың салдарынан болған қырғын жұт оларды тағы да ойсыратып кетті. 1717 жылы Тәуке қайтыс болған соң, қазақтың төбе билері оның ұлы Болатты таққа отырғызды. Тәукенің өлімі ата жау – жоңғарлардың еңсесін тіктеп, оларды қазаққа қарсы жорыққа қайта ынталандырды.

Алғаш жоңғарлар Қаратау бағытында Ұлы жүз рулары мекендейтін аймақтарға ауыз салды. Осы маңда қазақтың Үш жүзінің хандарының (Әбілқайырдың, Жолбарыстың, Болаттың) аралары жақын орналасқан еді. Қазақтар осындағы өзендер бойында қорған қамалдар салып, жоңғар әскерлерін осындай бекіністер маңында күтіп алды. Бұл шайқастарда қазақ батырлары ерекше ерлік көрсетті. Бірақ мұндай ерліктер рулық бытыраңқылықты жоя алған жоқ. Рулық батырлардың соңынан ілескен асығыс жасақталған қазақ жасақтары тонаушылық соғысқа алдын ала дайындалып, зеңбірек сүйретіп, тығыз топтасқан қалмақ әскерлеріне тұрақты қарсылықтар көрсетуде қауқарсыздық танытты. Оның үстіне, осындайда Үш жүздің басын қосып, ортақ мақсатқа берік ынталандыратын Тәуке ханның орны үңірейіп тұрды. Оның тағына отырған Болаттың билігі босаң болып, ол қазақтарды қанағаттандырмады. Осындай әлсіздік Әбілқайыр басқарған қазақ қолдарының 1718 жылы Аягөз шайқасында жеңіліп қалуларына алып келді. 1722 жылы шығыстағы Цинь империясының боғдыханы Кансидің қайтыс болуы және осыған байланысты олардың жоңғарларға өздерінің саясатын өзгертіп, бітімге келуді ұсынулары Жоңғар хандығын күшейте түсті. Сондықтан да қоңтайшы Сеуан Рабданның жинаған 30 мың адамнан тұратын әскерін бастаған оның баласы Шоно Лоузан 1723 жылы ерте көктемде Шу мен

Талас өңіріне басып кірді. Жау дулат руларын және оларды қолдаған ысты, ошақты тайпаларын жаппай қырғынға ұшыратып, олар Ташкентке қарай шегінуге мәжбүр болды.



*Абылай хан*



*Әбілмәмбет хан*

1724 жылы Әбілқайыр мен Сәмеке хандар басқарған батырлар қасиетті Түркістанды жау қолына бермеу үшін жанталаса күресті. Алайда зеңбірекпен аткылаған жоңғарлар қала қорғанын тас-талқан етіп қиратты. Қазақ рулары соңдарына түскен қалмақ жасақтарынан бас сауғалап, Ташкенттің айналасына да тұрақтай алмай, Ходжент маңына және Шығыс Бұқарадағы Нұратаға дейін көшіп барды. Бұл қасірет «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен халық жадында сандаған ғасырлар бойы сақталып қалды. Десек те, қазақ батырлары туған жер үшін қалмақтармен жан аямас соғыстарға барды. Үлкенді-кішілі осындай көптеген шайқастар болған жерлер тарихқа «Қалмақ қырылған» деген атпен енді. Олардың ішіндегі ең ірілері Бұлантыдағы және Аңырақайдағы ұрыстар болды.

Бұларда Қабанбайдың, Бөрібайдың, Ақтамбердінің жасақтары жауды жапырып жеңді. Алайда өңмеңдеп алға ұмтылған жоңғарлар 1739 жылы Орта жүзге басып кіріп, арғын, керей, уақ тайпаларын едәуір қырғынға ұшыратты да, көп кешікпей Ташкент және Түркістан бағыт тарына қарай ойысып, Орта жүз ханы ***Әбілмәмбетті*** Кіші жүз аймағындағы Елек және Жайық өзендері аралығындағы аймаққа шегінуге мәжбүрледі. Осы тұста қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, шақшақұлы Жәнібек, тама Есет, уақ Баян, табын Бөкенбай, шақшақ Бөгембай, сүйіндік Олжабай, бәсентиын Малайсары, тарақты Байғозы, тобықты Мамай, атығай Құлсары, Құлеке, Жәпек, Андықожа бастаған жасақтар жанқияр ерліктерімен ерекше көзге түсті.

Жоңғарларға Қалдан Серен хан болған тұста (1727–1745) Ұлы жүз рулары қоқандықтармен бірігіп, қалмақтарға қарсы қуатты одақ құра білді. Бұған қырғыздар қосылып, енді Ұлы жүз жерін жайлаған қалмақтардың тым-тырақай қашулары басталды. 1750 жылдан соң жоңғарлардың зайсандарының тақ-қа таласқан ішкі тартыстарын ***Абылай хан*** (1734–1781) ептілікпен пайдалана білді. Батырларға сүйенген Абылай хан Ұлы жүз жеріне таласқан қырғыз руларын да бағындырды.

Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуда Асы (Түркістан) маңындағы Күлтөбедегі жиындар, 1710 жылы шақырылған Қарақұм кеңесі, 1726 жылы болып өткен Ордабасыдағы жиын, 1730 жылғы Ұлытау жиыны, 1752 жылғы Ұлытау кеңесі, 1762 жылғы Қарқаралы құрылтайы үлкен рөл атқарып, қазақтың «етек-жеңі» жиналған ынтымақшыл ұлтқа

айнала бастағанын көрсетіп берді. Қазақтың басын қосуда осындай қилы кезенде жалпыұлттық деңгейдегі үйсін Төле би, қаракесек Қазбек би, алшын Әйтеке би көсемдік, қайраткерлік тұлғаларымен халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Оларды тайпалық деңгейдегі найман Ақылбай би, қарақалпақ Жаңгел би, шапырашты Қазбекбек, қырғыз Төлекей би, төртқара Тауқымет би, ысты Нұрмамбет би, жалайыр Жолбарыс би, албан Сырымбет би тәрізді көптеген халықтық тұлғалардың қолдауы қазақты біріктіре түсті.

## Көшпелілер хандығының рухани ұстанымы

Сопылық қазіргі Қазақстан мекендеген және тарихымызда Ұлы дала деген атаумен мәлім болған аймақта кең қанат жайған исламның діни дүниетанымы болып табылады. Ол жалпы дүниежүзілік ғылымдағы аса күрделі мұсылман дүниесіне кеңінен таралған діни бағыт. Сопылық бағытты зерттеуде өзінің еңбектерімен ерекшеленген белгілі шығыстанушы Шейх Абсаттар қажы Дербісәлі бұл мәселеге байланысты мынаны атап көрсеткен еді. Сопылықтың мұндай кеңінен таралуының себептерін оның ислам әлеміне жоғары моральдық этикалық идеалдарды алып келуімен және бұл ілімнің халықтың дәстүрлі культін, діни нанымын, мұсылмандық аясына икемдеп түсіруімен түсіндіруге болатын шығар деген болатын.

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қазақ даласы үшін Қожа Ахмет Иссауидің (1093 –1167 жж.) еңбектерінің маңызы аса зор. Ол шын мәнінде барлық

түркі тілдес халықтардың, сопылардың атасы болып табылады. Сондықтан да, сопылықты дәріптейтін жүздеген түркітілдес насихатшылар оны пір тұтады. Иссауидің жолы әулиелікке және діни танымға алып баратын және байырғы түріктердің және ежелгі түріктердің дінін ығыстырып шығаратын, айналадағы өмірді тану жолы болып табылады. Ол жаңа ислам өркениетін қалыптастыруда маңызды рөл аткарып, тарихымыздағы Алтын Орда және Қазақ хандығы тәрізді мемлекеттердің рухани және саяси тұрғыдан қалыптастыруда маңызды орын алды.

Әрине, бүгінгі күні сопылық тариқат бұрынғы тарихи кезеңдердегідей діни тұрғыдан аса ықпалды рөл атқармайды. Солай бола тұрса да, исламның ішіндегі сопылық дәстүрлер түркі халықтарының, соның ішіде бүгінгі қазақ халқының рухани өмірінде идеялық құндылықтардың негіздері ретінде қарастырылуда. Қожа Ахмет Иссауидің бес түрлі құжаттың қолжазбалары ЮНЕСКО-ның тізіміне ілініп, оның өзінің барлық түркі халықтарының рухани атасы болып табылатыны бүкілдүниежүзіне мойындалды. 63 жасқа, яғни пайғамбар жасына келген әулиенің қалған өмірге қарсылық білдіріп жер астындағы хилуетте өмір сүруге шешім қабылдағаны барлық мұсылманды терең ойландырады. Ол қалдырған рухани мұралар қолжазба ақындық шығармалар және философиялық трактаттар он ғасырдан бері өмір сүріп келе жатыр, және олар мазмұны жағынан қасиетті Құранды байыта отырып, ислам мәдениетінің іргетасына айналды. Сондықтан да суффизмді тек діни ағым ретінде ғана емес, рухани

поэтикалық шығарма түрінде дүниежүзілік мәдениет мойындап отыр.

Ұлы дала аймағында исламдық, оның ішінде сопылық ілімнің таралуы туралы айтқанда о баста Моңғол империясының исламды дін ретінде қабылдамай, тіпті халиб Мустасиммен жаулық қатынас ұстанғаны белгілі. Солай бола тұрса да, Шыңғыс ханның немересі Батудың билік жасаған жылдарында оның кейбір інілері мұсылмандықты қабылдай бастады. Бұлардың ішінде әсіресе көзге түсетіні, Алтын Орда тағына отырған ханы Берке хан болды. Ол жас кезінде-ақ, Ходжент қаласында ғалымдардың бірінен құраннның сүрелерімен жан-жақты танысты оның Бұхарадан шыққан мұсылман ғалымдарымен тығыз қарым-қатынас ұстанғаны белгілі. Араб авторларының айтуына қарағанда, ол Бұхарада болып, сондағы әйгілі сопы шейх Сайф-ад-дин Бахарзидан тәлім-тағзым алып, исламды қабылдаған. Деректердің айтуына қарағанда, бұл оқиға Беркенің 1251 жылы Моңғолиядағы құрылтайда Мөңке ханды Ұлы хан етіп жариялаған жиыннан қайтар жолда орын алса керек. Ол 1251 жыл болатын. 1257 жылы тақка отырған Берке Бұқарада болып, атақты улемдарға (дінтанушы ғалымдарға) құрмет көрсету мақсатымен, исламның негіздерімен терең таныса түскен. Мысыр ғалымдарының айтуынша, Берке ғана емес, оның әйелі және кейбір әмірлері де мұсылмандықты қабылдаған. Мұндай кісілер өздерінің жанында рухани ұстаз ретінде имамдар ұстаған. Олар азан шақырып, намаз оқуды жолға қойған. Беркенің тұсында исламдықты қабылдаған әмірлердің киізүйлерді мешіттерге айналдырып,

өздерімен алып жүргені деректерде айтылады. Сонымен бірге осы заманда балаларды оқыту үшін діни мұсылман мектептері ашыла бастады. Ал Берке ханның ордасында дінтанушы ғалымдар әрқашан құрметті құлғалар болып есептелінді.

Дегенмен де, көшпелілерде орын алған пұтқа табыну және шамандық дәстүрлері алтын Орданы Берке хан билеген жылдары толық жойыла қойған жоқ. Яғни, бұл заманда Алтын Орданың халқы жаппай исламдануға бет бұрды десек, артық айтар едік. Өйткені, тарихи деректер, өзі мұсылман Беркенің кезінде исламдық дәстүрмен қатар, пұтқа табынудың дәстүр салттары да қатаң сақталғанын байқатады. Осы тұрғыдан алғанда өзеннің суын жуынуға тыйым салатын ежелгі дәстүрдің ислам талаптарына қайшы келгенін атап айта кеткен жөн. Кезінде Шыңғыс ханның өзінде қонақ болған. Қытайдың әйгілі даоист ғалымы Шань-Шунь моңғолдарды сумен жуынбағаны үшін сынаған еді. Осы пұтқа табынушылардың ұстанымы Берке ханның тұсында да көрініс берді. 1263 жылы Мысыр елшілері Еділ бойына Берке ханның ставкасына келгенде оларды алдын ала «Қар жеуге болмайды, Ордада көйлекті жууға болмайды, ал ондай жууды жасау қажет болса оны астыртын жасаған жөн», деп ескертуі осының анық көрінісі болып табылады.

Жалпы Алтын Орда байырғы пұтқа табынушы көшпелілердің мемлекеті болғандықтан, онда пұтқа табыну шарттары ел арасына жаңадан тарала бастаған ислам қағидаларына табанды түрде қарсылық білдірді. Мұның өзі Берке ханнан кейінгі Алтын Орда хандарының исламды емес, пұтқа

табынуды ұстанып қалғанын айқын аңғаруға болады. Алайда, Алтын Орда хандарының өмірінде исламдық қағидалар бұрынғы діни ұстанымдармен қатар өмір сүре бастады. Мысалы, Тоқта хан пұтқа табынушы болса, ал оның баласы исламды жақтаушы болды. Деректерден оның Құран сүрелерін тыңдауды ұнатқанын және мұсылмандықты насихаттау қажет екендігін түсінгендігі атап көрсетіледі. Жағдай біртіндеп, бәрібір өзгерді. Исламның имандылықты насихаттайтын қасиетті қағидалары және сопылықтың рухани тазалыққа шақырған даналық өсиеттері адамдарды баурап алды. Сондықтан да, Тоқтадан кейін Алтын Ордаға хан болған Өзбектің тұсында (1313–1341 жж.) Алтын Ордада исламның таралуы мықтап қарқын ала бастады. Ибн Халдунның айтуы бойынша, Өзбек хан тақка отырған соң өзін исламды жақтаушы ретінде айқын танытты. Ол бірінші кезекте көптеген шамандарды және будда ламаларын өлтірді және исламды насихаттауды мемлекеттің міндеті ретінде жариялады. Ол осы бағытты ұстанып, саборлық мешіт салдырды және онда бес мезгіл намаз оқып, Моңғол қалпағын киюден бас тартып, алтын белбеу тағуды қойып, имандылық жолын таңдағанын мәлімдеді.

Әбілғазының түрік шежіресінде Өзбек ханды исламға кіргізген түркістандық шейх Сайд-ата сопының оған сұлтан Мұхаммед Өзбек хан деген жаңа ат бергені атап көрсетіледі. Шындығында да осындай есім Өзбек ханның атынан шығарылған теңгелерде жазылған. Өзбек ханнан бастап, барлық Алтын Орда хандары мұсылмандықты қабылдап, өздерінің төңіректеріне ислам сопыларын

шоғырландырып, өздерінің бұрынғы түрік есімдеріне қосымша мұсылмандық есімдерді де қабылдады. Мысалы, Жәнібек ханның мұсылмандық есімі Сұлтан Жалал-ад дин Махмұд болса, ал Бердібек ханның мұсылманша есімі Сұлтан Мұхаммад, ал Тоқтамыс хандікі Сұлтан насир-ад дин. Мұндай түркілік есіммен қатар мұсылмандық ат қою дәстүрі ислам және оның сопылық бағыты кең насихатталған Алтын Орданың тікелей мұрагері Қазақ хандығы тұсында да орын алды.

Осы көшпелілер мемлекетінде Иссауи ілімін кеңінен насихаттаған қожалар мен сопылар Қазақ хандарын белсенді түрде қолдап, олардың исламдық рухта тәрбиеленуінде зор үлес қосты. Мұны Қазақ хандарының есімдерінен айқын байқаймыз. Мысалы, қазақтың алғашқы хандарының бірі – Әз Жәнібек мұсылманша Әбу Сайд аталса, Ақназар – Хақназар, Есім хан – Ешмұхаммед, Қайып хан – Ғайып, Сәмеке хан – Шахмұхаммед, Тәуекел хан – Тәуекел-Мұхаммед баһадүр, Әз Тәуке – Тәуекел Мұхаммед, Тұрсын хан – Тұрсын Мұхаммед, Әбілқайыр хан – Мұханбек Ғази баһадүр, Абылай хан – Әбілмансұр, деген атпен тарихқа енді. Сонымен қатар, қазақ хандарының арасында өмір бойы дүниеге келгенде қойылған мұсылмандық есімін сақтап қалған хандар да белгілі. Олар – Қожа Ахмет, Тахир, Оразмұхаммед және т.б.

XIV ғасырдың II ширегінен бастап Шағатай ұрпақтары билеген Жетісу өңірі мемлекеттерінде ислам ресми дінге айнала бастады. Сөйтіп, осы XIV ғасырда бұл қасиетті дін және оның сопылық дүниетанымы ұлы дала аймағында, мемлекеттік

дінге айналды. Әрине, ислам бұрын моңғолдар билеген барлық аймақта кеңінен қанат жая алған жоқ. Моңғолия мен Қытай аймағы бұрынғысынша ескі діндерді ұстанып қалды. Ал, Араб ықпалына ұшыраған Алтын Орда және Қожа Ахмет Иссауидың сопылық ілімімен рухтанған Алтын Орданың шығыс бөлімі, яғни казіргі Қазақ жері исламды жеделдете қабылдай бастады. Алайда, оңтүстік Русьта Қырым және Еділ бойында ислам мешіттері славяндардың бұрынғы дінімен текетіреске түсіп, христиандық шіркеулермен және монастырлармен қатар бой көтерді. Сондықтан да осы заман деректерінде мұсылмандармен қатар кәпірлердің де Алтын Орда аймағын мекендегендері туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Алайда Алтын Орда билеушілері XIII – XIV ғғ. өз қоластындағылардың діни сенімдерін құрметтегені және оларға төзімділік танытқаны жақсы белгілі. Мұндайда мынандай ерекшелікті де айта кеткен жөн, ислам діні негізінен Алтын Орда мемлекетін билеуші элитасы және қала халқы ықыластана қабылдады. Ал бүтінде Ұлы дала деген атпен белгілі болған Дешті Қыпшақтың көшпелілеріне келетін болсақ, олар исламның және сопылықтың қағидаларын үстірт қабылдап, негізінен өздерінің ескі, шамандық дүниетанымдарына жүгінумен болды. Олардың өлгендерді жерлеуді ежелгі пұтқа табыну дәстүрімен жүргізуі айқын байқатады.

Әрине, Алтын Орда хандарынан, әсіресе, соның ішінде Өзбек ханнан рухани мұра ретінде қалған исламды дәріптеуді және насихаттауды көшпелілерді билеген әмірлер мен хандар өздерінің

басты мақсаттарына айналды. Мысалы, деректер XV ғ. басында Әмір Едігенің Қыпшақ даласын күшпен исламға кіргізуге әрекеттенгенін атап көрсетеді. Алайда, тұрмыс-салттарында пұтқа табыну мен шамандықтың элементтері берік орнығып кеткен көшпелілер, XVII ғ. дейін исламды бұрынғы діндерінің салт-дәстүрлерімен араластырып, өзіндік ерекшелігі бар діни наным-сенімді қалыптастырды. Бірақ, қазақ қоғамында Қыпшақ бірлестігінің күшеюіне байланысты XVI ғ. бастап мұсылман сүнниттерінің ханафиттік бағыты күшейе бастады. Бұл ілім құқықтық құдайға сенім мектебі ретінде осы бағытта негіздеуші Әбу Ханифа Нуман Ибн Сәбиттің (699–767 жж.) есімімен аталады. Кезінде көшпелілер қоғамына кеңінен таралған дәстүрлі исламның ханафиттік мазхабы ең демократиялық және ең сабырлы діни сенімге айналуда. Бүгінгі күні бұл исламдағы гуманистік құндылықтың тамаша дәстүрлерін насихаттаушы бағыт болып отыр. Қазіргі күні исламдық құдай жолын ұстанған дүниежүзі мұсылмандарының 48% яғни, бүкіл жер шары халқының 6/1 осы ханафиттік ислам мектебін ұстанатыны белгілі болып отыр. Бұл діни бағыт қазір Ауғанстанда, Пәкістанда, Үндістанда, Түркияда, Ресей Федерациясында, Татарстанда, Башқұртстан-да, Қарашай-Шеркесияда, Кабардин-Балкарияда, Шығыс Түркістанда, Орта Азия мен Қазақстанда кеңінен таралған.

Дегенмен де, бұл қасиетті діни бағыт өзінің қалыптасу тарихында үлкен қиыншылықты басынан өткізді. Ол өзінің даму жолында бұрынғы діни наным-сенімдері қалдықтарын ығыстыруға бағытталған

үлкен кедергілерден өтті. Қазақ даласына жаңа діни ағымды кеңінен насихаттауда өзі Сайрамда туып өскен ақын, сопы Қожа Ахмет Иссауидың араб, парсы және түрік тілдеріндегі өлеңдері үлкен ықпалын тигізді. Қазақтар арасында сопылық бағыттағы поэтикалық мәдениеттің көрнекті өкілі Асанқайғы Сәбитұлы болды. Ол өзінің шығармаларында сопылық дүниетанымды насихаттайтын исламның және сопылықтың мемлекеттік идеология деңгейіне көтерілуіне ықпал жасаған тұлға. Бұхара медресесінде оқыған оның ұстазы Арыстан баб болғаны белгілі. Дешті Қыпшақтың кең даласына бұл әулиенің есімі кеңінен мәлім болды. Оның көшпелілер ең алдымен Ахмет Иссауиге алғашқы ұстаз (пір) болған адам ретінде мойындады. Сонымен қатар, Қазақ хандығы тұсында көшпелілер Арыстан бабты барлық сопылардың рухани ұстазы ретінде де таныды. Арыстан бабтың әулиелігі халық арасында кеңінен таралып, оны қазақ хандары да өздеріне пір тұтты. Әулиенің басына зиярат етушілер түнеп, ғибадат жасады. Қыпшақ даласында ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген ұлағатты сөз кеңінен таралды. Яғни, көшпенділер Арыстан бабтың есімін Қожа Ахмет Иссауимен байланыстырып, сопылық ілімнің пірі ретінде аса қатты құрметтеді. Мұның басты себебі, Арыстан бабтың есімін Ахмет Иссауидың өзінің де қасиет тұтуы еді. Ахмет Иссауидың «Диуани Хикмет» атты еңбегінде өзінің ұстазының есімі аталып өтеді.

Қожа Ахмет Иссауидің Диуани Хикмат даналық кітабы түркі халықтарының ең ежелгі мұралары ретінде қазақ даласында да сопылар мен қожалар

арқылы кеңінен насихатталды. Бұл ілім исламның және мұсылмандық мистицизмнің Оңтүстік Қазақстан аймағындағы түрік халықтары арасында таралуына үлкен ықпал жасады. Исламдағы осындай түріктік мистикалық танымды насихаттаушы сопылар көшпелілер мекендейтін Ұлы далаға кеңінен таралып, халықтарды имандылыққпен тәрбиелеуге зор үлес қосты. Түріктердің санасына терең деп енген Иссауи қағидалары қазақ ақындарының және жырауларының шығармашылығына да зор ықпал жасады. Көзінің тірі кезінде-ақ әулие ретінде мойындалған Қожа Ахмет Иссауиге Орталық Азияның түкпір-түкпірінен табынушылар келе бастады. Қазақ хандығы тұсынад Қожа Ахмет Иссауидың қабірі мінажат ететін орынға айналды. Атақты әулиенің соңында көптеген оқушылары және шәкірттері жолын қуушылар қалды. Олар ұстаздары Қожа Ахметке еліктеп түрікше жазатын болды. Мұндайда Кәкім ата немесе Сүлеймен Бақырған тәрізді Иссауй жолын ұстанған тұлғаны бөліп айта кеткен жөн.

Қожа Ахмет Иссауидың әулеті жоғарыда аталған атақты имам Мұхаммед ибн әл-Ханафиядан бастау алады. Оның шешесінің арабтардың халифі шыққан тайпадан екені белгілі. Қожа атанған олар Алтын Орда заманынан бастап көшпелілердің рулық, тайпалық құрылымдылық шежірелерін жазбаша негіздеушілерге айналды. Аққорған қожалары қазақтардың Ұлы жүзіндегі және Орта жүздің бір бөлігіндегі ру-тайпалардың рухани ұстаздарына айналды. Сонымен қатар олар Жошының ұрпақтары болып табылатын Шибаннан тарайтын, сұлтандарға да имандылықты насихаттады. Ал Диуана Қожалар

Ұлы және Орта жүздегі кейбір руларға, соның ішінде Жошының үлкен ұлы Еженнен тараған ұрпақтарға нақтырақ айтар болсақ, қазақ хандарына рухани көсемге айналды. Хорасан қожалары қазақтардың Орта жүздің бір бөлігіндегі және Кіші жүздің барлық руларына рухани ықпал жүргізеді.

Мысалы, Қараханқожа Ұлы жүздің кейбір руларымен тайпаларына және олармен араласқан қырғыздар мен өзбектерге рухани жетекші болды. Иссауи әулетінен шыққан қожалар қазақ даласында рухани-мәдени және дәстүрлі шараларды жүзеге асыра отырып, қазақ халқының біртұтастығын қалыптастыруда және қазақ мемлекетін рухани идеялық тұрғыда қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарды. Қожалар әулетінің қылышты және сабылт бұтақтары Нақшбандия діни ағымын ұстанды. Алтын Орда билеушілерінің және Қазақ хандарының кейбіреуінің осы діни ағымның ықпалына түскендері белгілі. Мысалы, Алтын Орда ханы Өзбектің ұлы Жәнібек (1342–1357 жж.) өз заманында сопы Бахауддин Нақшбандының Бұхара қаласынан насихатталған Қожа Ахмет Иссауидың жолын жалғастыратын ілімін қызу қолдады. Ол осы суфилік бағытты қазақ даласында Шығыс Түркістанда Еділ бойында насихаттайтын Бахауддиннің мүриттерінің қызметіне әрқашан қолдау жасады. Нақшбандия сопылары Қыпшақ даласында ғана емес, Орал және Еділ бойындағы фин-угор және түрік халықтары арасында да насихаттар жүргізді. Бахауддин Нақшбанданың қазақ даласында да кеңінен мәлім болғаны халық дастаны болып табылатын «Қыз Жібек» эпосында оның есімінің аталуы дәлелдей түседі.

Қазақ хандығында қожалар ерекше құрметтеліп, оларға құқықтық тұрғыдан артықшылықтар берілді. Алғашқы қазақ хандарының бірі аса құдіретті Жошыдан кейінгі Дешті Қыпшақтағы ең мықты хан атанған Қасым хан, Қожа Ахмет Иссауидан бастау алатын сопылық бағытты қызу жақтады.

Тарихи деректерден Қасым ханның сопылық бағытты ұстанып қана қоймай, сонымен бірге исламға адал берілген мұсылман-сүннит болғанын да көреміз. Оның атақты Бұхар шейхы Әбу Бәкір Са'дтың мүриті болғаны белгілі. Қасым ханның мұндай имандылығы оған деген халық құрметін күшейтіп, оның беделін арттыра түсті. Әбу Бәкір Са'д XVI ғасырда Орта Азияның рухани және саяси өмірінде үлкен ықпалды имам болғаны белгілі.

Сопылық, Тасауф – бұл исламдағы діни-философиялық ілімге жатады. Сопылық Алланы тануға баратын ислам ілімі ретінде қалыптасты. Көшпелілердің түсінігінде сопы дегеніміз – ақиқатты сүйіспеншілік пен тақуалық арқылы іздеуші болып табылады. Алайда, сопылық ілім бойынша ақиқатты тек кемел адам ғана тани алады, ал кемел адамның дәрежесіне жетіп, Алламен дидарласу үшін, төрт сатыдан өту керек. Олардың біріншісі – шариғат болса, екіншісі – тарикат, үшіншісі – мағрифат, ең соңғысы – қақиқат. Байырғы VIII ғ. соңында, IX ғ. басында өмір сүрген алғашқы сопылар жүн шекпен киіп, тақуалық өмір салтын ұстанып, Құран мен сүннетті қатаң сақтаған. Олар Құран аяттарының мәніне терең үңіліп, одан адам болмысына қажетті идеяларды іздестірген.

Қазақ хандарының арасында исламның сопылық идеяларына адал берілген хандардың бірі Тәуекел (Тәуекел Мұхаммед баһадүр) хан болып табылады. Ол негізінен медреселік деңгейде жеткілікті білім алған, парсы тілін жақсы меңгерген, өзі де діни нақылдарды жаттап, маснави құрастырумен белсенді түрде айналысқан, рухани жағынан аса иманды тұлға болды. Оның әкесі Шығай хан – Иссауидың және Нақшбандияның сопылық білімдерін терең меңгерген, діни сауаты жоғары сопыларды топтастырған еді. Жастайынан Тәуекел хан осы сопылардың діни әңгімелерін тыңдап өсті. Мұның өзі Тәуекел ханның имандылық ұстанымына шешуші ықпал жасады. Өзі де айналасына қожалардан шыққан сопыларды көптеп топтастырған Тәуекел жүрген жерінде сопылық ілімдерді насихаттаумен болды және бұл істе жеке басы басқаларға үлгі көрсетті. Мысалы, деректердің бірінде мынандай мәлімет бар, Тәуекел жорыққа атанған қалың қолымен Самарқандқа бара жатқан жолында Қанигиле деген жерде Нақшбандия сопылық орденінің аса көрнекті өкілі – Қожа Исқақ Қазірет ишанды кездестіріп, өзінің соңынан ілескен 120 сұлтандарымен және қасындағы туған-туыстарымен, бала-шағаларымен бірге оған бағыныштылықпен бас иіп, Қазіретпен бірге Жаратушыға құлшылық жасап, өздерінің исламға адалдығын қайта-қайта айтып, Қазіретке мүрит болатындығын мәлімдеп, үлкен толғаныспен, жан күйзелісімен жылап-сықтап, Жаратушыға разылықтарын мәлімдеп, діни мінажаттар жасады. Ол өзі бастап, Қожа Исқақ Қазіреттің қолындағы қасиетті ағашына бетін сүйкеп, Құдайға мойынсұнғандарының белгісі

ретінде мойындарына арқандар асып, айдалада жер дүниені күңірентіп, Жаратушыға жалынумен болды. Деректе жазылғандай, өксік пен өкінішке толы адамдардың күңіренген үні ұзақ уақыт бойы жеті қат аспанды жаңғыртып, оны Құран сүресінің қасиетті үнімен тербеп, айналаға жан бітірді. Өздері аса құрметтеген және әулие тұтқан Қожа Исқақ Қазіретті Тәуекел және оның мүриттікті қабылдаған серіктері арбасымен қоса Самарқанға дейін жерге тигізбей, көтеріп барды.

Тәуекелдің бауыры, Шығай ханның екінші бір ұлы, қазақ ханы Есім хан (Ешмұхаммед) да Қашқардың және Орталық Азияның қожаларымен тығыз қарым-қатынас ұстанып, қазақтарға аса ықпалды, Аппақ қожаның және Исқақ қожаның шәкірттерімен тығыз қарым-қатынаста болды. ол Шығыс Түркістанда болған кезінде жергілікті дінбасылармен бірге жүріп, зор беделге ие болды. Оны тіптен қожа Ысқақтың атақты шәкірті, Даниял қожа, Жаркенттің тағына отыруға шақырған болатын. Кейіннен Есім ханның Түркістан қаласын Қазақ хандығының жаңа рухани астанасына айналдырғаны белгілі. Оның «Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі заңдар жинағы өзінен бергі Қасым мен Тәуке тәрізді шариғаттың қағидаларына және ханафизмнің идеяларына негізделді. Осындай бағытты, яғни, дәстүрлі исламды насихаттауды қазақ хандары Тәуке, Әбілмәмбет, Абылай (Әбілмансұр), Әбілқайыр, Жолбарыс, Жәңгір және тағы басқалар кеңінен насихаттады.

Қазақ хандарының сопылық діни сенімі және олардың Қожа Ахмет Иссауи идеяларына адалдығы оларды Түркістандағы Қожа Ахмет Иссауи

мазарында хан көтеру рәсімдерін әдеттегідей салт-дәстүрге айналдыруы айқын байқатады. Сондай-ақ, қазақ хандарын әулие Қожа Ахмет Иссауидың мазарына немесе оның төңірегіне жерлеу де тұрақты түрде орын алды. Көздерінің тірі кезінде қазақ хандары Қожа Ахмет Иссауиды қатты құрметтеп, оның зиратының басына келіп, Құран оқуды әдетке айналдырды. Мысалы, Абылай ханның осындай әдеті деректерде көрініс берген.

Қорыта келгенде айтарымыз, Алтын Орданың және Қазақ хандығының билеушілерінің Қожа Ахмет Иссауидың сопылық идеяларын құрметтеуі және оны қазақ мемлекетінің идеялық рухани негізіне айналдырулары оларды басқа билеушілерден ерекшелендіріп тұрды. Көшпелі мемлекеттің хандары өздерінің кең ауқымды ойлауымен, халықшылдығымен, ақиқат іздеген шыншылдығымен, ең бастысы, имандығымен және тақуалығымен басқаларды өздеріне баурап алды. Қожа сопылардың қолдауына сүйенген олар, исламды мемлекеттік идеологияға ғана емес, қоластындағы халықты тәрбиелеу құралына да айналдырды.

# XVIII ғасырда Қазақ билеушілерінің Ресей бодандығын қабылдауы



*Әбілқайыр хан*

Жоңғарларға қарсы жанқиярлық күрес қазақ билеушілеріне – сұлтандар мен билерге үлкен сын болды. Осындай күрделі кезеңде олардың біразы халықтың көкейінен шыға алмай сүрінді. Қалмаққа қарсы қол бастаған, қазақ даласының әртүрлі аймақтарын қорғауда ерлікпен елге танылған Кіші жүз ханы Әбілқайырды сұлтандар мен билердің үлкен тобының жалпы қазақ тағына отырғызуды қолдамағаны тарихтан белгілі. Өзін менсінбейтін және өзімен тайталасқан Тәуке ханнан тараған төре тұқымдарын тұқырту үшін Әбілқайыр орыстың көмегімен бөлшектенген Қазақ хандығын біртұтас мемлекеттік жүйеге біріктіру және башқұрттарды Қазақ хандығына қосып алу жолын ұстанды. Осылайша, ол бастаған

Кіші жүздің бір топ билері, батырлары және сұлтандары 1731 жылы М.Тевкелев бастаған орыс елшілігімен келісімшарт жасауға барды.



*Сәмеке хан*

Еріксізден жоңғарларға салық төлеушіге айналған Ұлы жүздің ханы Жолбарыс та қиындықтан Ресейдің көмегімен шығудан үміттеніп, Әбілқайыр ордасына келген М.Тевкелевке Қонай мырза мен Сармәмбетті елші етіп жіберді. Бірақ олар қайтып кеткен М.Тевкелевпен жолыға алмай қалды. Келесі жылы Әбілқайыр хан өзінің ұлы Ералы сұлтанды басшы етіп, Петерборға қазақ елшілігін аттандырды. Бұл елшілік қатарында Ұлы жүздің Аралбай және Оразкелді батырлары да болды. Әбілқайыр, осылайша, орыстар алдында өзінің шалғайдағы Ұлы жүз қазақтарына да ықпал жасай алатынын дәлелдемек еді. Десек те, бұған Әбілқайырды біржақты кінәлау орынсыз. Өйткені жоғарыда аталған Ұлы жүз батырларын орысқа аттандырғандар, шын мәнінде,

Ұлы жүздің игі жақсылары – Төле би, Қодар би, Сатай батыр, Хангелді батыр, Бөлек батыр еді. Бұл кісілердің хатын алған Ресей патшайымы 1734 жылы Ұлы жүзді Ресейге бодан етіп қабылдау туралы қаулы шығарды. Мұндай қадамға Ұлы жүздің Төле би бастаған басшылары Әбілқайырдың ықпалымен емес, өз беттерінше және өз еріктерімен барды. Бірақ орыстардың Ұлы жүзді бодандыққа қабылдау туралы шешімі елдің шалғайлығына және сол тұстағы осы аймақта қалыптасқан ауыр саяси ахуалға байланысты Ұлы жүзге жетпей, Орынбор канцеляриясында қалып қойды.

Орта жүз ханы ***Сәмеке*** де көп кешікпей орыс патшасына бағынышты болуға екі рет ықылас танытты. Қазақ жерін жеделдете отар лауды мақсат еткен орыс билеушілері де қарап жатпады. Сәмекенің хатына сүйенген олар, 1734 жылы Орта жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы жарлық шығарып үлгерді. 1735 жылы Орта жүздің тағы бір ханы Күшік пен Барақ сұлтан басқа игі жақсылардың қолдауымен, Орта жүзге орыс елшілігін жіберуді сұрап, Тевкелевтің атына хат жолдады. Көп кешікпей-ақ, 1738 жылы Орта жүз бен Кіші жүздің 58 рубасы Ресей патшайымының билігін мойындап, оған адал болуға ант берді. Дәл осы жылы Ұлы жүздің ***ханы Жолбарыс*** Ор қаласынан шығып, Ташкентке тоқтаған керуеніндегі орыс елшілігінің басшысы Карл Миллер арқылы орыс патшайымына өзінің Ресейге қарайтынын айтып, тағы да хат жолдады. Бұл өтінішті 1738 жылы орыс патшайымы Ұлы жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы қаулыға қол қойып, В.Н.Татищевке бодан болатындардан ант қабылдауды тапсырған.



*Жолбарыс хан*

Осының алдында ғана Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы болып тағайындалған орыстың атақты тарихшысы В.Н.Татищев 1737 жылы Әбілқайыр ханнан екінші қайтара бодандыққа ант қабылдап, отаршылдық бұғауын заңдастыра түсті. Көп кешікпей, 1740 жылы осы жолға Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен қалмаққа карсы соғыста данққа бөленген, елге ықпалды Абылай сұлтан да түсіп, өздерінің орысқа бодан болуға келісетіндерін мәлімдеді. Абылай В.Н.Татищевке мұндай келісімді қорғаудан «қажет болған жағдайда өз жанын аямайтынын» да айтып сендірді. Алайда В.Н.Татищев Ұлы жүз басшыларынан ант қабылдап үлгермеді. Жолбарыс ханның Ресеймен жақындасуына барынша қарсы болған діндарлар (қожалар) 1740 жылы Жолбарыс ханды Ташкент мешітінде әдейі өлтірді. Ал мұның өзі Ұлы жүз

басшыларының Ресейге бодандыққа ант беруін біраз уақытқа кешеуілдетіп жіберді.

Бұл орайда айта кетер бір маңызды нәрсе, бодандық қамытын өз еркімен кию туралы шешім қазақ басшыларының орыстарға сүйеніп, жоңғарлардан қорғану пиғылынан туындаған еді. Алайда орыстан әділдік күткен және онымен тең дәрежеде одақтас болуды көздеген қазақтардың үміті ақталмады. Орыстар қазақтарды жоңғарлардан қорғаудың орнына оларға қарсы Еділ қалмақтарын, башқұрттарды және орыс казактарын арандатып айдап салып отырды. Осындайда Қалдан Серен қонтайшы да қазаққа ауыр шарттар қойып, қазақты өзіне бағындырмақ болды. Мұның өзі Орта жүз қазақтарын тұйыққа тіреп, арғын мен керей тайпаларының 100-ге тарта билеуші өкілін, наймандардың кейбір рубасыларын 1742 жылы Ресей құрамына өтетіндерін мойындап, Құран сүйіп, ант беруге мәжбүрледі. Жаз мезгілінде болған осы ант беруге Кіші жүз ханы Әбілқайырға ілесіп, Орта жүздің ғана емес, Ұлы жүздің де батыр, би, старшындары император Елизавета Петровнаға бодан болатындарын мәлімдеді. Араға бір жыл салып, Орта жүздегі Барақ сұлтан басқарған 40 000 шаңырақ та Елизавета патшайымға екі рет өтініш жасап, Ресей бодандығын қабылдады. Бұған разы болған Елизавета Бараққа қылыш сыйлады. Ал арада үш жылдан соң Күшік сұлтан да өзінің қарауындағыларымен Ресей қарауына өтетіндігін мәлімдеді. Осындай ауыр ахуалда Барақтың Әбілқайыр ханды өлтіруі, онан соң көп кешікпей, Барақтың өзінің де өлтірілуі, қазақ даласында Абылай сұлтанның рөлін көтерді.



*Кенесары хан*

Оның саясатына үлкен ықпал жасаған аса маңызды мәселе – 1755 жылы көктемде Цинь империясының қалың әскерінің жоңғар жеріне баса-көктеп кіріп, қалмақтардың көпшілігін қырып тастауы еді. Мұның өзі Абылайханды әрі Қытай императорынан, әрі орыс патшайымынан қолдау іздеуге амалсыз мәжбүрледі.

Қазақ билеушілері орысқа бодан болудың жолын іздестіріп жатқанда, оңтүстіктегі Ферғана жазығында Қоқан хандығы күшейіп, оның билеушілері Ұлы жүз руларын қатыгездікпен басып-жаныштады. Енді осы аймақтағы рулар мен тайпалар бірде – Қытайға, бірде – Қоқан билігіне жалтақтап өмір сүретін заманға кез болды. Осындайда Абылай ханның жалайыр және шапырашты тайпаларына билік жасайтын ұлы Сүйік сұлтан 1819 жылы қыс мезгілінде қоластындағы жұртымен Ресей қарамағына өтті. Бұл Ұлы жүздің Ресей құрамына жаппай өтуін бастап берді. Алайда Қоқан хандығы мен Қытайды өзіне ашық жау етуден қаймыққан Жоламан Тіленшіұлы, Исатай мен Махамбет,

***Кенесары Қасымұлы*** бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарды тұншықтырудан қолы тимеген Ресей Ұлы жүз аймағына әскер кіргізуге асыға қоймады. Сондықтан да дулат, албан, суан, шапырашты, сары үйсін тайпалары атынан Аягөз арқылы Батыс Сібір генерал-губернаторына 1846 жылдың көктемінде барып, Ұлы жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы өтініш жасаған Мәңке Нұрақовтың өтініші де аяқсыз қалды.

Алайда, көп кешікпей-ақ, осы жылдың жаз айынан бастап, Кенесарының Жетісуға қоныс аударуына байланысты Ресей әкімшілігі бұл мәселеге баса назар аударуға мәжбүр болды. Генерал Н.Вишневский бастаған орыс экспедициясы жеделдете Лепсі бойына келіп, Ұлы жүздің игі жақсыларын жинап, көпсанды дулат тайпасының сұлтаны, Абылай ханның немересі Әли Әділұлына Ресейдің подполковнигі әскери шенін беріп, оның кеудесіне Андреев лентасына бекітілген алтын медальді тақты. Басқа рубасылар да сый-сияпатсыз қала қойған жоқ. Осыдан соң Ұлы жүз (1846 жылдың жаз мезгілінде) Ресейдің қоластына қабылданды. Осы рәсімде Ұлы жүздің 39 игі жақсылары орысқа адал болуға ант берді. Келесі жылдың жаз мезгілінде орыстар салып жатқан Қапал (Қопалы) бекінісінде Абылай ханның ұрпақтары Сүйік, Әли және Әкімбек сұлтандар Ресейге Ұлы жүздің бодан болғанын растап, тағы да ант берді. Осылайша қазақ елінің Ресейге отар болуының саяси-құжаттық негіздері қаланды.

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫ



*Шығай хан*



*Шәдібек хан*



*Шергазы*



*Уәли хан*



*Тұрсын хан*



*Тоғым хан*



*Нұралы хан*



*Қожа Мақмұт хан*
*(Қожа-Ахмет)*



*Қайып хан*



*Есім*



*Ералы хан*



*Болат хан*



*Бөкей хан*



*Айшуақ*

## Қазақ елінің саяси дербестік үшін күресі

1917 жылы ақпанда большевиктік партия жұмысшылардың бұқаралық ұйымы кеңестерге сүйеніп, патша өкіметін құлатты. Халықты қанаған биліктен құтылу қазақ даласын үлкен қуанышқа бөледі. Алайда В.Ленин бастаған большевиктер партиясы 25 қазанда бір түнде төңкеріс ұйымдастырып, билікке күшпен келді және елді басқаруда жұмысшы-солдат депутаттарына сүйенетіндерін ашық айтты. Большевиктердің террористік жолмен үкіметті басып алған Қазан төңкерісін қазақтар қабылдай алмады. Сондықтан да Қазан төңкерісі олардың саяси санасына терең із қалдыра алған жоқ. Осындайда қазаққа дұрыс саяси жол көрсетуді өздерінің перзенттік міндетіне балаған Алаш қозғалысына қатысқан оқыған, көзі ашық қазақ азаматтары Қазақ еліне автономиялық саяси дербестік алып беру үшін күресті. Олар Ресейдің демократ-интеллигенциясының қолдауына сүйене отырып, Қазақстанда Парламенттік демократия үлгісіндегі мемлекеттік билікті орнықтыруға күш салды. Сол тұста осы жолмен кеткенде, Қазақстан XX ғасырдың алғашқы жартысында-ақ өсіп-өнген және әлем таныған демократиялық елге айналып үлгеретін еді.

Өкінішке қарай, Ә.Бөкейханов басқарған Алаш зиялыларының қазақ еліне Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлану арқылы демократиялық автономия құқын алып беру әрекеті аяқасты болды. Большевиктер тыныш жатқан қазақ даласына да Азамат соғысын күшпен таңып, елдің сүйенішіне айналған Алаш зиялыларын қиын жағдайда қалдырып, оларды большевиктерге қарсы күресуші күштермен бірі-

гуге мәжбүрледі. Осыдан соң көп кешікпей-ақ 5 –13 желтоқсанда Орынборда шақырылған Жалпықазақтық екінші съезде қазақ зиялылары Қазақстанды басқаратын Алашорда үкіметін құрды. Оның төрағасы болып елге танылған саясаткер Ә.Бөкейханов сайланды. Парламенттік демократияны ұлттық демократиялық жолмен жүзеге асыруды көздеген және осылайша, Қазақстанға ұлттық автономия алып беруді көздеген мұндай қадам, большевиктер басшылары Ленин мен Сталиннің тарапынан қолдау таппады. Жергілікті халықпен және олардың зиялы қауымымен санасып жатуды қажет деп таппаған большевиктік билік 1920 жылы 26 тамызда В.Радус-Зенкович деген біреу басқаратын кеңестік негіздегі Қазақстан автономиясын жоғарыдан орнықтырды. Осы мақсатпен большевиктер алғаш 1919 жылы 10 шілдеде Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет дегенді құрып, оның басына Қазақстанға еш қатысы жоқ С.Пестковский дегенді тағайындайды.

О бастан-ақ қазақтарды «қырғыз» деп қорлаған және алғашқы билік органдарына Қазақстанды мүлде білмейтін басқа ұлт өкілдерін басшы етіп тағайындаған большевиктердің іс-әрекеттерінен отаршыл, шовинистік пиғыл айқын аңғарылып тұрды. Енді демократиялық қоғам құруды аңсаған және осы мақсатпен, патша үкіметіне қарсы күрес жүргізген саналы да сауатты Алаш зиялылары биліктен аулақтатылды. Әрқашан сөзі мен ісі қайшы болып келетін большевиктік билік 1919 жылы 4 қарашада алашордашыларды ақтау туралы қаулы қабылдай тұрса да, шын мәнінде, олардың көздерін жоюмен жүйелі түрде айналыса бастады. 1925 жылдан бас-

тап оларды ашықтан-ашық «буржуазияшыл ұлтшылдар» ретінде қуғындау басталды. Қазақстандағы билік жұмысшы-шаруа депутаттары кеңестерінің, яғни халықтың қолында деп жарияланатұрса да шын мәнінде қоғамда коммунистік партияның деспоттық дара билігі орнықты. Бұл партия баламаііікірлерді мүлде қабылдамайтындарды біріктірді. Сондықтан да автономия мәртебесіне ие болып, астаналары, аумақтық көлемі анықталғаны болмаса, Қазақстан саяси дербестікке қол жеткізе алмады. Соның нақты көрінісі – 1922 жылы 30 желтоқсанда Кеңес Одағы құрылғанда оның құрамына енген төрт республиканың қатарына Қазақстанның болмауы, оның бұрынғыша Ресей қарауында басыбайлы да бағынышты болып қалып қоюы еді.

Қазақстан, шын мәнінде, Ресейдің шалғай аймағы ретінде қарастырылып, орталықтың шикізат көзі және «жөндеу шеберханалары» орналасқан аймағы ретінде ғана мойындалды. Осы мақсатты жүзеге асыру, яғни шикізатты және ауылшаруашылығы өнімдерін орталық өнеркәсіп аймақтарына тасу үшін қазақ даласымен теміржол желілері тартылды. Қазақстанды шикізат көзіне айналдырудың шектен шыққан сорақылығы, оны, орталық қалаларды және Қызыл Армияны етпен жабдықтаушы аймаққа айналдыру саясатынан айқын байқалды. Мұның өзі қазақ халқының жартысына жуығының жойылып кетуіне де алып келді. Осындай жағдайда Мәскеудегі кеңестік тоталитарлық жүйе қойнауы табиғи кен көздеріне аса бай, ауылшаруашылығы өнімдерін дайындауда таптырмас қолайлы климаттық-географиялық ортада орналасқан Қазақстанның мемлекеттік статусын көтеру қажеттігін амалсыз мойындады

және мұның өзі 1936 жылы 5 желсоқсанда Мәскеуде қабылданған Конституцияда Қазақстанды басқалармен қатар одақтас республика ретінде тануға алып келді. Алайда мұндай формальды шешім Қазақстанның саяси жағдайына көп өзгерістер әкеле қойған жоқ. Ол бұрынғыша Мәскеуге басыбайлы, тәуелді бодан елдің күйін кешті. Сондықтан да оған қатысты аса маңызды шешімдердің бәрі орталықта қабылданды.

Солай бола тұрса да, екіжүзді коммунистік идеология қағидаларына имандай сеніп, Құраннан бас тартып, басқаның тілінде шүлдірлеп сөйлеуге әдеттеніп алған қазақ өзіне адал Алаш арыстарын «халық жаулары» ретінде айыптап, итжекке айдап, оларды жалған жаламен қаралап, жүгенсіздікпен атып жатса да, кеңестік жүйені қорғап-қолпаштаудың және оған беріле қызмет етудің таңғаларлықтай үлгісін көрсетті. Осы айтылғандар қазақтың ата-баба рухына, ерлік дәстүрлерге бәрібір адал болып қалғандығы фашистік Германияға қарсы соғыста тағы да дәлелденді.

Алайда қасаң идеология жетегінде кеткен кеңестік тоталитарлық жүйе басшылары әлемде қайталанбас, бірақ өздерінің жүгенсіз саясатының салдарынан айтарлықтай азайып, халық ретінде жойылуға бағыт алған этникалық тұрғыдан ерекше қазақ деген халықты рухани тұрғыдан сақтап қалуды көздеген мәдени және әлеуметтік сапалы өзгерістер жасауға бара қоймады. Иә, дегенмен Қазақстанның байлығын игеру үшін Мәскеу Ғылым академиясы, жоғары оқу орындарын, көптеген мектептер ашты. Бірақ олардағы зерттеулер мен оқу үдерістері жергілікті халықтың емес, мәскеуліктердің тілінде жүргізі-

луі тиіс болды. Қазақстанға басқа халықтарды депортациялау, тың жерді игеру үшін басқа ұлттарды қазақтардың үстіне көптеп қоныстандыру, ауылшаруашылығында негізін славян халықтары құраған совхоздарды көптеп құру, шағын қазақ ауылдарын оларға апарып қосумен айналысқан ірілендіру және т.б. хрущевтік, брежневтік, андроновтық, черненколық реформалар мен науқандық төтенше шаралар қазақты мәңгүрттендіре, имансыздандыра және саяси-әлеуметтік тұрғыдан бүлдіре түсті.

Д.Қонаев бастаған қазақ зиялылары осындай қайшылықты ахуалда қазақтың рухын сақтап қалудың жолын қазақ әдебиеті мен өнерін өркендетуден іздестірді. Мұның өзі тоталитарлық жүйе тұсында коммунистік рухта қалыптасып келе жатқан ауыл қазақтарының жаңа ұрпағының жан дүниесінің қазақшыл пиғылын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Солай бола тұрса да, ұлттық әдебиет пен өнердің тамаша тарландары дүниежүзілік өркениетке қазақша жазылған өздерінің шығармаларын тікелей таныта алмай, арқандаулы аттай Қазақстан аясынан аса алмады. Орысша жазып, орысша ән салатындардың жұлдызы оңынан туды. Өйткені қазақ үшін әлемдік өркениетке баратын жол – Мәскеу арқылы өтетін еді.

Бірақ әкімшіл-әміршіл басқаруға негізделген экономиканы басқару әдісі, нарықтық механизмдерді назардан тыс қалдыру, көптеген қызыл сөз ұрандарға қарамастан шаруашылықтың экстенсивті дамуы, мемлекеттік меншіктің дара үстемдігі, Мәскеудің Қаазқстан экономикасын билеп-төстеуі, елді дағдарысты ахуалға алып келді.

Жариялылық, демократия туралы қызыл сөздермен елді желпіндірген горбачевтік науқандар да

қазақтың коммунистік құрылыс аясында ұлттық мүдделерді шешуге деген жалған сенімін нығайта түсті. Осындай оймен бейбіт бас көтеруге шешім қабылдаған қазақ жастары 1986 жылы желтоқсанда қанға боялып, тоталитарлық жүйенің тас қамалының құрсауында қалды. Орталықтан Колбин деген Қазақстанға ешқандай қатысы жоқ, Ресейдің шет өңіріндегі белгісіз біреуді жіберген Мәскеу өзінің Қазақстанды дербес республикалық құрылым ретінде мүлде мойындамайтыны және менсінбейтінін дәлелдеп ғана қоймай, бұл елге деген – Одақтық деңгейдегі орыс басшыларының көзқарасының Ленинінің кезіндегідей көп өзгеріске ұшырай қоймағандығын тағы да айқын дәлелдеп берді. Желтоқсандағы жастар көтерілісінде демократиялық бағыттағы тәтті сөздермен бүркемеленген кеңестік тоталитарлық басшылық, өзінің шынайы жырткыштық бейнесін ашып көрсетуге мәжбүр болды. Тағы да жарты ғасыр бұрын бой көрсеткен сталиндік «буржуазиялық ұлтшылдыққа» айыптау науқаны белсенді көрініс берді, тағы да саяси қуғын-сүргін орын алды.

## Сөз соңы

Қазақ елінің тәуелсіздікке барар жолы аса күрделі болғаны ақиқат. Жариялылық және демократия рухын ту еткен қазақ халқы өзінің тілін, мәдениетін және тарихын өркендету мәселесін саяси-қоғамдық деңгейде көтеруді 1988 жылдан бастап нақты қолға ала бастады. Осы жылы Алаш қозғалысына қатысып, ұлттық әдебиетке қыруар еңбек сіңірген саяси қуғын-сүргін құрбандарының алғашқы легі ресми түрде ақталды. Қазақ ұлтының тоталитаризм таптаған құндылықтарын қалпына келтіру ісі жүйелі түрде қолға алына бастады. Бұған Компартия басшылығынан Колбиннің кетуі және оның орнына Нұрсұлтан Назарбаевтың тағайындалуы шешуші ықпал жасады десек, артық айтқандық емес.

Кеңестер Одағында әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың күшейе түскеніне қарамастан, қазақ халқы болашаққа сеніммен қарай бастады. Мәселен, 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тіл туралы» заңның қабылдануы және онда қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілуі, қазақтың ұлттық рухын көтеріп, ғасырлар бойы тапталған намысын қайта оятты. Осы орайда Жоғарғы Кеңес елімізді демократиялық үдерістер жолына түсіру үшін 1990 жылы 24 сәуірде Республиканы басқаратын Президент қызметін тағайындады. Сессияда жаппай дауыс берген депутаттар бұл лауазымды қызметке Нұрсұлтан Назарбаевты бірауыздан сайлады. Сондай-ақ Жоғарғы Кеңес қазақ халқының егемендігін айғақтайтын «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясын 1990 жылы 25 қазанда қабылдады.

Елдің әскери бейтараптығын және ұлы державалардың құптаушы назарын Қазақстанға аудару үшін Қазақстан Президенті 1991 жылы 29 тамызда өзінің Жарлығымен Семей полигонын жапты. Көп кешікпей-ақ, сол жылы 7 қыркүйекте Республикада көп жылдар бойы дара билік жасап келген Коммунистік партия таратылды. Мұның бәрі мемлекет құрушы қазақ халқының өзіне деген сенімін ұштап, оның тәуелсіздікке деген құштарлығын арттыра түсті. Бұл әсіресе халықтың 1991 жылы 1 желтоқсанда өзінің талай сыннан өткен сұңғыла саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевты жалпыхалықтық сайлауда Президент етіп сайлауынан айқын көрінді.

Егемендік Декларациясын қабылдаған 1990 жылдың қазан айынан бастап 1991 жылдың желтоқсан айына дейінгі аралықта Қазақстан, шын мәнінде, тәуелсіз ел болудың жолдары мен мүмкіндіктерін жан-жақты іздестіре бастады. Елде нарықтық қатынастарды енгізуге деген сұраныс шұғыл өсіп, ал мұның өзі Қазақстанның экономикалық тұрғыдан дербестікке қол жеткізуге деген ұмтылысын күшейтіп жіберді. Саяси өмірде де Ресейдегі дүрбелеңдердің ықпалымен Қазақстан халқы, әсіресе қазақтар аса белсенділік танытып, жаңа партиялар, қозғалыстар мен ұйымдар құру ісіне баса мән бере бастады. Жел айдаған қаңбақтай отаршылдық және одан кейінгі тоталитарлық жүйе еріксіз мәжбүрлеп және айдап әкелгенінің нәтижесінде осында қоныс тауып, тұрақтап қалған республикадағы қазақтан басқа ұлт өкілдері, енді, өздерінің ұлттық дәстүрлерін жаңғыртуды қолға алып, осы мақсатпен әртүрлі ұлттық-мәдени орталықтар құра бастады.

Осындай жаңа ахуалдың нақты нәтижесінен – қаусаған Кеңес империясының қираған орнында тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды. Бұл ұлы тарихи оқиға – 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңымен қамта масыз етілді. Оның саяси ықпалымен және рухымен елімізде бас-аяғы бір ғана жылдың ішінде барлық халықтар үшін бірегей Қазақстан азаматтығы белгіленді. Басқаларға тәуелсіз дербес экономикалық жүйе, қаржылық-несиелік, салықтық және кедендік қызметтер іске қосылды. Ұлттық рухты көк тәңірісіне табынған көне түріктердің көгілдір аспаны аясында бейнеленген мемлекеттік рәміздердің бекітілуі де асқақтата түсті. Қазақстан басшылығы стратегиялық мақсатты айқындауды 1992 жылы-ақ қолға алып, Республиканың ұстанған бағыты нарықты экономикаға негізделген демократиялық қоғам құру болып табылатынын ашық мәлімдеді.

Тәуелсіз мемлекетті нығайтудың алғашқы берік құқықтық негізі 1993 жылы қаңтарда қабылданған республиканың алғашқы Ата Заңында қаланды. Онда мемлекет басшысы және біртұтас атқарушы биліктің басқарушысы болып табылатын Президенттің міндеттері нақтыланды. Енді Президент мемлекеттің тәуелсіздігін қорғау, Республиканың қауіпсіздігін және аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын сақтау, мемлекеттің қорғаныс қабілетін күшейту тәрізді маңызды мәселелерге тікелей жауапты тұлғаға айналды. Алайда, келесі жылдар көрсеткендей, алғашқы Конституцияда, Президенттік биліктің мүмкіншіліктері әлі де шектеулі болды.

Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін Президенттің арнайы нұсқауымен ішкі айналысқа енгізілген ұлттық теңгенің абыройы арттыра түсті. Осындай жағдайда жұмыс істеу механизмі ескірген Республиканың Жоғарғы Кеңесі таратылды. Мұның өзі елде парламенттік дағдарысты ахуалдың орын алғанын айқындап берді. Жаңа саяси жүйені ұстанған тәуелсіз мемлекеттік құрылымға жаңа қоғамдық және саяси органдардың қажеттілігі айқын сезіле бастады. Мемлекеттік саясаттағы қазақ халқының шешуші рөлі айқын заңдастырылып тұрса да, республиканы мекендеген басқа халықтардың мүдделерін арнайы басшылыққа алатын қоғамдық ұйымның қажеттігі о бастан-ақ байқалды. Осыны ескерген басшылық Қазақстан халқы ассамблеясы атты ұйымның құрылуына ықпал жасады. Бұл тарап кеткен Жоғарғы Кеңестің міндетін уақытша өзіне алып, 1995 жылы 24 наурызда өткен өзінің алғашқы сессиясында Президенттің өкілдік мерзімін жалпыхалықтық референдум арқылы 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін созу туралы бастама көтерді. Бұл ұсыныс жалпы халықтық сайлау нәтижесімен мақұлданды.

Қазақстандағы тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудың қайшылықты қиыншылықтарын жеңу үшін Президенттік билікті күшейте түсу қажеттілігі байқала бастады. Мұны 1995 жылы 30 тамызда қабылданған жаңа Ата Заң жүзеге асырды. Жалпыхалықтық референдумда қабылданған ол ел тарихында тұңғыш рет екі палаталы жаңа Парламентті дүниеге әкелді. Жаңа Конституцияда Президентке қосымша құқықтар берілді. Ол енді бұрынғы мүмкіндіктеріне қосымша елдің ішкі және сыртқы саясатының негіз-

гі бағыттарын айқындайтын билік иесіне айналды. Өткен 1993 жылдың Конституциясының 78-бабы заңдық билікті атқарушы биліктен жоғары қойып, Президенттің наразылығын ескермей-ақ кез келген заңды қабылдау мүмкіндігін камтамасыз еткен еді. Ал енді жаңа Конституция бойынша Президент заңды мақұлдайтын ең жоғарғы билік болып танылды. Ол енді заңды Парламентке қайтарып жіберуге, бірнеше рет қайтадан талқылауға ұсынуға мүмкіндік алды. Жаңа Конституцияның 44-бабы бойынша қабылданған заңды жариялау құқығы да тек Президентке берілді.

Сонымен бірге енді Президентке Қазақстан Республикасы Парламентіне кезекті немесе кезектен тыс сайлау жариялау құқығы да берілді. Алғашқы Конституция бойынша Президент Жоғарғы кеңеспен кеңесіп алған соң ғана республикалық референдум жариялауға бара алатын болса, жаңа Конституция Президентке ешкіммен кеңеспей-ақ референдум жариялауына мүмкіндік берді. Жаңа Конституция бойынша Президент халыққа ғана бағынатын харизматикалық саяси тұлғаға айналды. Бүгінде Президент мемлекет басшысы ретінде Парламенттен толық тәуелсіз. Парламентке есепті енді, алғашқы Конституциядағыдай Президент емес, Үкімет беретін болды. Өткен тәжірибе көрсеткендей, 1995 жылғы Конституцияның Президент билігін күшейтуі өтпелі дәуірде орын алып отырған көптеген күрделі мәселелерді жедел шешуге жол ашты және осылайша өзін-өзі ақтады.

Тәуелсіз елдің бұрын тарихқа мәлім болмаған «қазақстандық жол» деп аталатын адырлы соқпақпен жүруі бүгінде сәтті жұмыс істеп тұрған Республи-

ка Конституциясына 1998 жылы 7 қазанда өзгерістер енгізуді қажет етті. Ал 2007 жылы 21 мамырда елде Конституциялық реформа жасалды. Бұлардың бәрі биліктің үш тармағының жауапкершілігін арттыра отырып, сонымен қатар өтпелі кезеңнің күрделі мәселелерін тиімді шешу үшін Президенттің билігін күшейте түсті. Халық пен басшының арасын жақындатуда 1996 жылдан бастап жыл сайын Қазақстан халқына арналған Президенттің ресми Жолдаулары ықпалды рөл атқарды. Тәуелсіз мемлекетті нығайта түсуде ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшірудің де өзіндік елеулі орны бар. 1997 жылы қабылданған бұл шешімнің маңыздылығы бүгінде ел тәуелсіздігіне 20 жыл толғанда айқын сезіліп отыр.

Елдің бағыт-бағдарын белгілеуде Президенттің саяси-идеялық белсенділігі үлкен рөл атқарды. Күні бүгінге дейін мемлекет басшысы өзінің атынан көптеген теориялық еңбектер жазып, жыл сайын халыққа арналған Жолдауында елде орын алып отырған проблемалардың себептерін, оларды жоюдың тиімді жолдарын атап көрсетіп, елдегі экономикалық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси дамудың объективті бағдарларларын анықтауға зор үлес қосты. Қоғамдағы ерікті баспасөздің және балама көзқарас ұстанатындардың бұл мәселеде әртүрлі пікірде болуларына қарамастан, 2011 жылы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлау – Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтың берік сеніміне және қолдауына ие болған тарихи тұлға екендігін тағы да дәлелдеп берді. Бүгінгі Қазақстан – өзінің ел таныған ұлттық лидері бар, демократиялық қоғамды орнықтыруды басты

мақсатына айналдырған, дүниежүзілік қауымдастық мойындаған тәуелсіз ел. Бұрын біз басқалардан үйренген болсақ, енді басқа елдер біздің тәжірибемізді басшылыққа алатын айшықты заман орнығып келеді.

## Мәңгілік ел – тарихи арманымыз

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ елі мемлекеттік идеология негіздерін нығайтатын ұлттық идеяларды тынбай іздестіруде. Соңғы жылдары саясаткерлердің назары сондықтан да «Мәңгілік ел» ұғымының мәнмағынасына ауа бастады. Алғаш бұл идея еліміздің астанасында монумент ескерткіш түрінде бой көтерді. Аэропорттан түсіп, Астанаға қарай келе жатқан кез келген жолаушы қалаға кіреберісте салтанатты «Мәңгілік ел» аркасына тап болады. Мұның өзі кез келген азаматқа ой саларлықтай, отансүйгіш жастарды сүйсінте толғандырып, тарих қойнауына жетелейтіндей терең тамырлы ғажайып ескерткіш. Оның себебі – «Мәңгілік ел» деген атау тарихымызбен бірге жасап өткеніміздің түпсіз тұңғиығынан, мөлдір қайнар бұлағынан бастау алатын қасиетті сөз.

Ежелгі түркілер екі нәрсеге құлшына құмарлық танытқан. Оның алғашқысы, әрине, мәңгілік өмір туралы арман, екіншісі, жаратылысы мәңгілік ұғымымен тұтасқан тәңіріге жақындау және оның нығметіне бөленген сүйікті құлына айналу. Осы екі ұғым бірегей, бұл жалғанда тәңірі ғана және оның қалауымен жасалғандар ғана мәңгілік деген түсінікті туғызды. Яғни, ежелгі бабаларымыз тәңірі, адам және жер үшбұрышының тығыз байланысын озық тіршілік көрінісі ретінде қабылдады. Деректерден белгілі, «Мәңгілік тәңір» ұғымын адамдар ең жоғарғы және ең қасиетті ұлылық ретінде бағалап таныды. Сондықтан да байырғы түркілердің бабалары ғұндар, динлиндер, сақтар және т.б. өздерінің бар болмысын Мәңгілік

тәңірден шығарып, Жаратушы бейнесіне тәуелді кейіпке түсті.

Ашина түріктерінің б.з. V ғасырындағы Алтайдағы шағын әулеттік бірлестігі тарихқа «Түркілер» (дулығалылар) ұғымын кіргізді. Сонымен бірге, металл қорыту ісін шебер меңгерген олар өздерін басқа көрші халықтардан жоғары ұстап, оларға билік етуші рухты орнықтыру үшін түркілердің, яғни Ашина әулетінің қасқырдан тарағаны туралы аңызды төңіректегі адамдар санасына енгізуге күш салды. Бірақ түркілердің, яғни Ашина әулетінің көк бөріден таралғаны жайлы тотемдік түсінік ататекті баяндау түрінде айналымға енді де, ал жалпы түркі қауымында бұрынғысынша көк бөріден де жоғары «Мәңгілік тәңір» бейнесі мызғымайтын жаратушы түрінде сақталып қала берді. Сондықтан да «Мәңгілік» ұғымын әңгіме қылғанда, тәңірі ұғымы әрқашан да жоғары бағаланып, «көкте тәңірі, төменде жер жаралғанда ортасында адам баласының жаралғандығы» туралы ұғым ежелгі бабаларымыздың санасында ең жоғарғы мәңгілік ақиқат қағидасы ретінде берік орнықты.

Сонымен бірге түркілерді басқарған алғашқы қағандар да, билеушілер де Мәңгілік тәңірдің бұйрығымен халықты басқаруға жіберілген тұлғалар ретінде мойындалды. Осындай байланыста түркілерде ғана емес, олардың айналасындағы басқа да көшпелі манчжур және тұңғыс тілдес тайпаларда таққа отырған тарихи тұлғалар орнықтырған ел де, мемлекет те, мәңгілік болуы тиіс деген ұғым қалыптасты. Мысалы, Моңғолдардың бабалары шибэйлер(қара татарлар) да, Енесай (Енисей) бойындағы ежелгі Қырғыз қағанатындағы халықта

өзідерінің мемлекетінің шығу тегін Мәңгілік тәңірден таратады. Өз кезегінде бұл елді билеушілер әулеті де өздерін тәңірінің жердегі өкілі ретінде насихаттады. Яғни «тәңірі» және «ел» ұғымдары көшпелілердің түсінігінде өзара тарихи сабақтас мәселе ретінде қарастырылды. Осылайша, түркілер өздерінің қағанатын «Мәңгілік ел» деп атаса, ал олардың тәңіріге табынатын манчжуртілдес көршілері өздерінің мемлекеттік бірлестігін «Монх ел»(моңғол), яғни «Мәңгілік тәңір елі» деп атай бастады.

Мұндайда көшпелілер халықты билейтін әулеттің күші шын мәнінде оған бағынатын елдің сапалық тұрғыдан мықтылығына және билеушіге деген сеніміне тікелей тәуелді екендігін әрқашан да есте ұстады. «Ел» ұғымы әдетте билеушілердің төңірегіне топтасқан рулық-тайпалық одақтан құралған қауымдастық ретінде қабылданып, ежелгі көшпелілер қоғамында әрқашан да басты мәселе болды. Бұл жерде «Ел» атауының Орталық Азияның ежелгі көшпелілерінде түрік қағанаттарынан бұрын да орныққаны назар аудартады. Бұл сөздің кейде «жұрт» (юрт) деген ұғыммен қатар пайдаланылғанын тарихи деректерден көріп отырмыз. Қазақтардың күні бүгінге дейін «ер жігіттің үш жұрты бар» дейтіні де содан.

Осылайша, «Мәңгілік тәңір» тағайындаған қаған немесе хан, олардың бектері әрқашан да тәңірінің туындысы болып табылатын «Мәңгілік елді» құру үшін күресті. Ашина әулетінен шыққан барлық қағандар Түрік қағанатын, Түркеш қағанатын, Қарлұқ қағанатын, Батыс және Шығыс түрік қағанаттарын, Қарахан қағанатын орнатқанда әрқашанда, Мәңгілік

елді орнықтырдық деп ойлады. Өз кезегінде моңғол көшпелілері де өздерінің мемлекетінің «Мәңгілік Тәңір елі» екендігіне берік сенді.

Шын мәнінде ауызбірліктің болмауынан және геосаяси жағдайға байланысты қағанаттар ғана емес, оларды билеуші әулеттер де мәңгілік болмай шықты. Алайда тәңірі рухына негізделген және арманға айналған «Мәнгілік елдің» этно-әлеуметтік тұғыры болып табылатын түркі халқының өзі саяси коньюнктуралық жағдайға қарамастан шынында да Мәңгілік елге айналды. Мұны бүгінгі күні Мәңгілік қазақ елін құруды мақсат еткен біздің саясаткерлеріміз бен ғалымдарымыздың болашаққа стратегиялық болжамдар жасау жолында өткен тарихтың тереңіне сүңгіп, содан тірек іздеген жан-жақты толғаныстарынан да көреміз.

Мәңгілікке барар жолда, халық өзінің тәңірі қолдаған харизматикалық қайраткерлеріне ілесті. Сондықтан да бізде, тәуелсіз Қазақстанды негіздеген өзіміздің Елбасымызбен қатар ежелгі қағандарымыз, хандарымыз, тегіндеріміз, билерімізбен бектеріміз қоса марапатталуда және бұл тарихи сабақтастық логикасына бағындырылған салихалы түсінікті туындатып отыр.

Алайда жұмыр басты пенделер өздерінің ұйымдастырушылық қызметінде «Мәңгілік» ұғымын насихаттауда объективтік және субъективтік заңдылықтарды ескермегендіктен өткендегі мемлекеттік тарихымыз қателіктер мен қиыншылықтардан аяқ алып жүргісіз болды. Ең басты қателік, «Мәңгілік ел» идеологиясын орнықтыруға күш салушылар – билікке келген әулет басшылары өзінен бұрынғы мемлекеттің, елдің

тарихын өзі басқарып отырған халықтың санасынан аластауға, өшіріп тастауға, олардың жадында сақталып келген ата-бабалар тарихындағы дәстүрлі сабақтастықты және қаһармандықты, сондай-ақ этникалық шежірені ұмыттыруға күш салды.

Бұл қателіктен түркі қағандары да арыла алған жоқ. Олар Ұлы түркі қағанатын құрғанда өздерінен бұрынғы ғұндардың, динлиндердің, үйсіндердің, сақтардың, қаңлылардың тәуелсіз мемлекеттік бірлестіктері туралы тарихты халықтың жадынан шығарып тастауға тырысты және тек түркі қағандарының ерліктерін дәріптеумен шектелді. Сондықтан да Күлтегіннің, Тоныкөктің, Білге қағанның және т.б. түрік билеушілерінің бітік тастары тарихи әңгімені өздерінің Ашина әулетінің алғашқы билеушілері Бұмын және Естемі қағандардан бастайды. Оларды тыңдасаңыз, Бұмын қағаннан бұрын Түрік елі болмағандай әсерде қаласыз.

Осылайша түрік қағандары өздері билеп отырған халықтың қалың бұқарасынан барынша қолдау табуға ұмтылып ғана қоймай, сонымен бірге Моңғол үстіртіндегі рулар мен тайпаларды өздерінің төңірегіне түгел топтастырып, оларды мүлде жаңа халықтық этно-әлеуметтік деңгейге көтеруге тырысты. Осыған байланысты «түрік» деген жаңа этноним бұрынғы ғұн, үйсін, қаңлы, жужан тәрізді атауларды ығыстырып шығарды. Өздерінен бұрынғы түркітілдес тайпалық одақтардан құрылған мемлекеттік бірлестіктердің салтанатын және күйреуін әңгіме ету – түрік қағандарының жаңа Мәңгі ел құру туралы саясатына да, армандарына да сәйкес келе қоймады.

Манчжуртілдес көшпелі тайпалар (сяньби, жужан, шибей, қидан немесе қарақытай және т.б.) кезінде, түркі халықтарының көпшілігін бағындырып өздерінің қағанатын орнықтырғанда қарсыластарының Мәңгілік ел құру туралы арманын басшылыққа алды. Бұл бағытта олар жаңадан ештеңе де ойлап таба қойған жоқ, және автохтонды халықты билеуде жергілікті бектер мен билердің ықпалды тұлғаларын қолдап, сонымен бірге бұрынғы түркілік дәстүрді және идеяны өркендетіп мықты мемлекет құрмақ болды. Бірақ мұндай стратегиялық және тактикалық саясат бағыныштылыққа түскен рулық және тайпалық құрылымдардың мақсат-мүддесін толық қанағаттандыра қойған жоқ.

Өйткені Мәңгілік ел құру үшін жергілікті түркі тілдес және манчжуртілдес тайпаларды тілдік тұрғыдан ғана емес, дәстүр-салт, ортақ мүдде сипатында да жақындастыру аса қажет еді. Мұндай жетістікке манчжуртілдес тайпалар арасында ғұндарды ығыстырған сяньбилер және түркілерді күйреткен қидандар (Ляо мемлекеті), онан соң Шыңғыс хан бастаған моңғолдар қол жеткізді. Бұлардың әрқайсысы белгілі бір тарихи кезеңде басқа тілде сөйлейтін әулет басының және оның төңірегіне топтасқан түркілерге қарағанда әлдеқайда азшылық болып табылатын манчжуртілдес елдің Орталық Азияның үлкен бөлігінде билікке қол жеткізіп қана қоймай, оны едәуір ұзақ уақыт билікті ұстап қалуын да қамтамасыз ете алды. Аталғандардың арасында әсіресе Шыңғыс ханның Мәңгілік елді, яғни Моңғол мемлекетін орнатуға байланысты саясаты тарихта терең із қалдырды. Шыңғыс хан да өзінен бұрынғылардың, түркі

және манчжур қағандарының мемлекет басқару саясатын және идеологиясын терең талдап, ол тәжірибені аса тиімді және ептілікпен өз мүддесіне пайдалана білді. Нәтижесінде ол, Орталық Азия кеңістігінде түркілерден саны әлдеқайда аз манчжур тайпаларының осы түркілерге толық билік жасауына қол жеткізді. Енді Шыңғыс ханның және оның мұрагерлерінің жүргізген сан қырлы идеологиялық саясатының нәтижесінде түркілер өздерін түрік емес моңғол деп атағанды жөн көріп қана қоймай, тіптен моңғол атауын мақтаныш ететін болды. Мысалы, Алтын Орда жаулауының нәтижесінде Еділ бойындағы түркі халықтарының татар этнонимін қабылдауы немесе солтүстігі Балқаш көліне дейін, шығысы Ертіс өзеніне дейін Орталық Азияның көп бөлігін қамтып жатқан және қазіргі Қазақстан аймағының үштен біріне орныққан, халқы түгелдей түркітілдес Моғолстан (Моңғолстан) осындай этно-саяси үдерістердің нәтижесі еді.

Басқасын былай қойғанда осы мемлекеттегі кезінде Орталық Азияның көп бөлігіне билік жасаған қаңлылар және ежелгі Үйсін мемлекетінің тікелей мұрагері болып есептелінетін дулаттар өздерін моғолдармыз (моңғолдармыз) деп атағанды жөн көріп, және оны мақтаныш еткенін Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін оқыған кез келген азамат түсіне алар еді. «Моңғолдың құпия жылнамасы» тәрізді деректерде ғана емес, моңғолдарға жау түркітілдестерге көрші қытай жылнамаларында да айтылғандай, Шыңғыс ханның «түрік» этнонимінің орнына «моңғол» (моғол) этнонимін енгізуге күш салуға тырысқанына және өзі құрған империяны сондықтан да ежелгі

түріктердің атымен емес, ат төбеліндей аз ғана манчжуртілдес моңғолдардың атымен атап, осы Моңғол империясын әлемге танытқанына кәрі тарих куә. Шыңғыс ханның бұл бағытты жүзеге асыру жолында «Мәңгі ел» құруға қабілетті түркі тайпаларын ыдырату (бейбіт және күштеу жолымен) саясатын жүргізгенін (мысалы, жалайырлар ұлысын, керейт және найман хандықтарын, қыпшақ хандығын күйрету, қаңлыларды, түргештер мен қарлұқтарды биліктен ығыстыру және т.б.) жақсы білеміз.

Сонымен қатар шетелдік зерттеушілер айтпақшы, Шыңғыс хан дәл сол орынға «қажет уақытта, дер кезінде өмірге келген» данышпан қайраткер болғандықтан өзінің әулетіне жақын манчжур тілдес шағын рулардыжәнеолардыңбилеушілерінмемлекет құруда, ғажайып тарихы бар өздерінен бірнеше есе саны көп, қалың түркі халқына басшы ретінде мойындатты. Әрине, мұндайда манчжуртілдес Шыңғыс әулеті түркілік ортаға шыдас бере алған жоқ және бірнеше буыннан кейін-ақ олар түркіленіп нағыз түрікке айналды. Бәрібір Шыңғыс ханның мұрагерлері билеген бұл мемлекет тарихта Түрік қағанаты деген атпен емес, Моңғол мемлекеті деген жаңа атаумен орнығып қалды. Неге бұлай болды деген сауалға назар аударар болсақ, алғаш «Моңғол» атауының қандай мағына беретініне назар аударуға тура келер. Моңғол тілінің және тарихының білгірі Зардықан Қинаятұлының айтуынша, моңғол тілінде «монх» деген сөз «мәңгі» дегенді аңғаратады екен. Олай болса, Шыңғыс хан құрған мемлекеттің аты да «»Мәңгі ел» дегенді аңғартатын болып шығады. Яғни, Шыңғыс хан көреген стратег және қайраткер

ретінде түркі және манчжуртілдес халықтарды бір, ортақ империяға біріктіру үшін кезінде «Мәңгі ел» идеясын мемлекет атауы ретінде ұсынған болып шығады. Мұндайда назар аудартар тағы бір мәселе, елдің ғана емес, жеке тарихи тұлғаның да атына айналған «моңғол» атауы халық жадындағы ауызша шежіреде де сақталып қалған. Оны кезінде Рашид ад-Дин де жазған болатын.

Айта кететін тағы бір маңызды мәселе, осы тарихи заманда пайда болған Алаш қауымдастығы арнасында «Қазақ» деген атаумен тарих сахнасына шыққан жаңа ел де өзінің саяси тамырларын осы Шыңғыс идеяларымен байланыстырудан толық қол үзе қойған жоқ Шыңғыс ханның мұрагерлері болып есептелінетін қазақ хандары шын мәнінде тілдік жағынан ғана емес, логикалық ойлау тұрғысынан да, дәстүрлі мәдени-әлеуметтік сипат жағынан да өздерін түркілерге ғана емес, бұрынғы түркілер ұрпағы қазақтарға жатқызды. Алайда, кезінде айналаны қаһармандықпен түгел жаулап, «мәңгілік ел» құрдық деп ойлаған қазақ хандары да байырғы бабаларының қателігін қайталады. Өздерінің ататек шежіресін адамзатқа әйгілі әрі даңқты Шыңғыс ханнан ғана бастауға дағдыланып алған олар да, XV ғасырдың ортасында «қазақ» деген атаумен тарих сахнасына шыққан ежелгі түркілердің көшпенділік өркениеті және геосаяси эволюция тұрғысынан да тікелей мұрагері табылатын қазақ халқының тарихи санасын арғы бабаларымен, яғни түріктермен байланыстыруға құштарлық таныта қойған жоқ. Сондықтан да ортағасырлардағы қазақтар баяғы, ежелгі ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың тұсындағы ататек шежіресін ғана емес, тіптен кейінгі

Ашина әулетінен, және кейіннен қара халықтан шыққан бектер басқарған әулеттер шежіресін де елеусіз қалдырып, тарихи санадан өшірді.

Нәтижесінде қазақ деген халықтың ататек шежіресі шын мәнінде алғашқы қазақ хандарының реформасына байланысты жасалған XIV – XVI ғасырдағы тарихи тұлғалардан ғана бастау алып, таратылатын болды. Осылайша түркі қағанаттары дәуірінде өмір сүрген бабалар мен кейінгі қазақтардың шежірелік ататегінде 30 – 40 буын атаусыз қалып, ауызша тарихқа негізделген тарихи санадан ата-баба есімдері мүлде өшіріліп, келмеске кетті.

Қазақтардың ата-бабалары ғана емес, тіптен олардың рулық-тайпалық бірлестіктерінің де ежелгі түркі дәуірінде нығайғанын, IX – XII ғасырларда жарыққа шыққан керейіт, қоңырат, қыпшақ, алшын, найман, жалайыр, қоралас тәрізді көптеген этнонимдерден айқын аңғарып отырмыз. Ресейге бодан болсақ та, жазба тарихымыздың өркендеп дамуы XIX – XX ғасырлардың дүрбелең оқиғаларынан қазақ деген – Мәңгілік елдің қалай аман-есен өткенін сипаттап жазып қалдыруға жол ашты және бүгінде ғалымдар ол тарихтың бүге-шігесін жеріне жеткізіп зерттеуде.

Тәуелсіздікке қол жеткізуіміз, шынында да адамзаттың ғаламат зобаландарынан сонау ежелгі ғұн, үйсін, сақ, қаңлылардан бүгінгі күнге дейін аман-есен келіп жеткен халықтың Мәңгілік ел бола алатынына көзімізді жеткізіп отыр. Бұған да шүкіршілік. Бүгінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Мәңгілік елге тең еген Қазақ елінің жарқын болашағы, осы тәуелсіздіктің бірнеше ғасырға

бергісіз жетістігінде айқын дәлелденгендей болды. Сондықтан да «Мәңгілік ел» ұғымы халқымыздың санасында мыңдаған жылдар бойы толғаныста бастан өткізген, бүгінгі күні әбден пісіп-жетілген идеологиялық концепцияға толық негіз бола алады деп ойлаймыз, Мұндайда, Мәңгілік елден туындайтын қазақ елінің жарқын болашағы туралы түсіндіргенде біз жоғарыда әңгімелегендей, бұл идеологияның тарихи тамырларына этно-әлеуметтік негіздеріне көз жүгіртіп, терең бойлауымыз керек-ақ. Өткеннің қателіктерінен сақтану және тарих тағылымынан сабақ алу мұндайда қажет-ақ.

Сонда ғана біз тәуелсіз елімізде мемлекет құрушы қазақ халқының рөлін көтеру және беделін арттыру арқылы ғана Мәңгілік елді орнықтыра алатынымызды толық ұғынар едік. Баяғы, өздерінен әлдеқайда көп түркілерге моңғол атауын мойындатқан манчжуртілдес тайпалар тәрізді тарихымызда Қазақ елі атауын Қазақстанды мекендейтін барлық этностардың халықтық ортақ атауына (украин қазағы, орыс қазағы, ұйғыр қазағы, кәріс қазағы тәрізді атауларға) айналдыра алсақ, яғни баяғы Шағатай ұлысындағы түркі халықтарының өздерін моғол, моңғол немесе Еділ бойындағы бұлғарлардың өздерін татарлар деп атауға әдеттенгені тәрізді мәңгілік қазақ елін мекендейтін халықтардың да, әртүрлі этностардың да өздерінің қазақ елінің құрамдас әлеуметтік-этникалық бөлшегі болып табылатынын толық түсінулеріне қол жеткізсек, әрине, болашағымыз жарқын болар еді. Олай болса, тәуелсіз мемлекеті қалыптасқан елімізде әртүрлі этностардың

санасына «сен қазақсың», «қазақ халқының бауырлас және құрамдас бөлігісің» деген ұғымды енгізу жолында тынбай, тынымсыз еңбектенуіміз керек.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі


1. «Бес ғасыр жырлайды». 5 томдық. А., 1989.
2. 100 құжат (қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастар) А.1998.
3. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. –Алматы, 1985.
4. Агеева Р.А. Страны и народы. Происхождение названий. – М., 1980.
5. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштері. А., 1990
6. Ақселеу Сейдімбек. Күңгір, күңгір күмбездер. А., 1979.
7. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. А., 2000.
8. Ақышев к. Отырар келбеті. А., 1979
9. Алаш қозғалысы / Құжаттар мен материалдар жинағы /. т.1, А., 2004,
10. Алаш қозғалысы / Құжаттар мен материалдар жинағы /. т.2. А., 2005.
11. Алтын шежіре. А., 1998.
12. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., 1996.
13. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В., Қазақ шежіресі хақында.–Алматы, 2000.
14. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. А., 1996.
15. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. А., 1987.
16. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. А., 1969.
17. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина». – Вып. 3-4. СПб., 1894.
18. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазқ қоғамының этно-әлеуметтік құрылымы). – Павлодар, 2004.

19. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). 2-ое издание // Под ред. проф. А.С. Такенова. Учебное пособие. –Алматы, 1993.

20. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы 1989.

21. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.

22. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. Ташкент, 1985.

23. Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., 1991.

24. Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., 1992.

25. Бабалар сөзі: Жүз томдық. –Астана: «Фолиант», 2004.

26. Байқошқарұлы Б., Сартқожаұлы Қ. Үйсін хандығы: Ғылыми монография. – Алматы, ARNA-B, 2016.

27. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма Ата, 1983.

28. Байпақов К., Ерзакович Л. Қазақстанның ежелгі қалалары. А., 1971.

29. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992.

30. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. А., «Аруна» 2005.

31. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. // Соч. Т.I. – Москва; 1963.

32. Бартольд В.В. Тюрки-Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы, 1998.

33. Батырша-ұлы Б. Мысыр Мамлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII–XV ғғ. – Алматы; Экономика, 2005. – 352 б.

34. Бағаеддин Өгел. Ұлы хұн империясының тарихы. 1-т. – А., 1998.

35. Бағаеддин Өгел. Ұлы хұн империясының тарихы. 2- т. – А., 1998.

36. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Ч.1. М.-Л., 1950.
37. Вайнберг Б.И. Этногеография Турана в древности. VII в. до н.э. – VIII в. н.э. – М., 1999.
38. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л.,1934.
39. Военное дело древнего и средневекового населения Северной и
40. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. Очерк истории.М.1988.
41. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. Этнос. Языки.М.1998.
42. Геродот. История. М., 1993.
43. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М.1967.
44. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. А., 1994.
45. Ғұн тарихының жылнамасы. – Түркістан, Тұран, 2004.
46. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995.
47. Досымбаева А. Западный Тюркский каганат. Культурное наследие Казахской степи. А., 2006.
48. Дулати М.Х. Тарих и Рашиди. А., 1999.
49. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: Оқу құралы (М.Жолдасбекұлы, Қ. Салғарауұлы, А. Сейдімбек). – Астана: «Kul TEGIN» баспасы, 2001.
50. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. – А., 2008.
51. Есенберлин І. Алтын Орда: Тарихи трилогия. А., 1982.
52. Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. А., 1976.
53. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. А., 1997.
54. Жанболат Сұлтан. Ежелгі ұлыс тарихы. Тарихи зерттеу. – Алматы: «Атажұрт» баспа орталығы, 2012.

55. Жеменей И., Абдуалы А. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің тарихи әлемі. – Алматы, 2009. – 224 б.
56. Жолдасбаев С.Ж. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. А., 1995.
57. Жолдасбайұлы С. Жетісу тарихы (XVI –XVIII ғғ.) тарихи және палеоэтнологиялық зерттеу А., 1996.
58. Жолдасбайұлы С. М.Х. дулати және XV – XVI ғғ. Қазақ хандығы. А., 2000.
59. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005.
60. Жұртбай Т. Дулыға. 1 – 2 Т. А., 1993.
61. Журтбай Т. Акинак: -Астана: «Аударма баспасы». – 2014. – 568 с.
62. Иванин М.О. О военном искусстве и завоеваниях монголов. - СПб. 1846.
63. Измайлов И. Ислам и мусульманская культура в Волжской Булгарии // История татар. – Т. 2. Волжская Булгария и Великая степь. – Казань, РухИЛ, 2006.
64. Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане.сб.документов в 2-х томах.А.,1957.
65. Исқақов М. Халық календары. А., 1980.
66. История индустриализации Казахской ССР.т.1-2.А.1967.
67. История Казахстана в арабских источниках. Т1 -3. Алматы, 2003.
68. История Казахстана в персидских источниках. Алматы, 2005.
69. История Казахстана в русских источниках. Алматы, 2007.
70. История Казахстана в тюркских источниках. Алматы, 2006
71. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. – Т. 2. - Алматы, 1997.

72. История татар с древнейших времей в 7 томах. – Казань, 2009.

73. Йоллығтегін. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші (Көне түркі тілінен аударған М. Жолдасбеков). А., 1986.

74. Кадырбаев А.Ш.За пределами великой степи. Алматы 1996.

75. Казахстан в период ВОВ Советского Союза 1941-1945 гг.сб.документов и материалов.А.1975.

76. Караев О. История Караханидского каганата: X- нач. XIII вв. Фрунзе 1983.

77. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: Монография. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.

78. Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары / Берекет Кәрібаев. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2016. – 272 б.

79. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «сардар» баспа үйі, 2015. – 176 б.

80. Керімұлы Ә. Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғ.). Түркістан, 2005.

81. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Санкт-Петербург, 2008.

82. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячилетий. – Алматы, 1992.

83. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941 гг.) докум.и материалы в 2-х томах. А.1975.

84. Кононов А.Н. Родословное туркмен. – М.- Л., 1958.

85. Крадин Н.Н. Кочевники, мир империи и социальная эволюция // Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей.

86. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – М., 1974.

87. Культурное хозяйство в Казахстане:сб.документов и материалов.А.1965.

88. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. – Алма-Ата, 1972.

89. Кычанов Е.И. Государство кочевников от гуннов до манчжуров.Л.,1997.

90. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. А.,1998.

91. Қазақ ертегілері. А., 2001.

92. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Арғын. IX том. 1-кітап. – Алматы, 2007.

93. Қазақ тарихынан. А., 1997. Қазақтар. Тарихи-этнографиялық зерттеу. А., 1995

94. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. / Т.О. Омарбеков және т.б. – Алматы, Қазақ университеті, 2016.

95. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: практикум / Т.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев, Қ.С. Қаражан, М.С. Ноғайбаева [және т.б.]; жалпы ред.басқ. Т.Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 334 б.

96. Қазақстан мен Орта Азияның ұлы ғалымдары. Алматы 1964.

97. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 1- т. А., 1996,

98. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 2 -т. А., 1998.

99. Қазақстан тарихы түркі дерек көздерінде. Т.1. Шыңғыс наме. Алматы. 2005.

100. Қазақстан тарихы. 5 томдық. Алматы., 1996, 2000.

101. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.

102. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. Оқулық. Алматы., «Қазақ университеті», 2005.

103. Қазақтың ұлттық киімдері. А., 1976

104. Қайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре). - Алматы, 2004.

105. Қаңлының жақсылары мен жайсаңдары: танымдық кітап. / Құраст.: Т.Айтбайұлы, Б.Шарахымбай/. – Алматы: «Тоғанай Т», 2016. – 240 б.

106. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. А., 1995.

107. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: «Елорда», 2004.

108. Қойгелдиев М. Қ. Ұлттық саяси элита: қызметі мен тағдыры. А., 2004.

109. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. А., 1995.

110. Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. А., 1999.

111. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы., 1991.

112. Құрышжанов Ә., Жубанов А., Белботаев А. Құманша-қазақша жиілік сөздік. А., 1978.

113. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (Б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006.

114. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (Б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Бірінші кітап. – Алматы, 2006.

115. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких и киргиз-казачьих орд и степей. Ч.3.СПб. 1832.

116. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. А., 1994.

117. Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Мендіқұлов М. Қазақстан архитектурасы. А., 1959.

118. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйство и общественной организации. М.,1976.

119. Материалы по казахскому обычному праву. - Алматы, 2004.

120. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алматы, 1969.

121. Материалы по истории киргизов и Киргизии. Бишкек, 2002.

122. Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.,1938.

123. Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.,1938.

124. Махат Данагүл. Тәуелсіз тарихи таным. (Зерттеулер жинағы). Алматы: «Орхон» баспа үйі,2014.

125. Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2007. – 357 б.

126. Меринг Ф. Очерки по истории воин и военного искусства. М., 1956.

127. Монғолдардың құпия шежіресі. А., 1998.

128. Мункуев Н.Ц. Заметки о древних монголах.// Татаро - монголы в Азии и Европе. М.,1970

129. Мұқанов М.С. Қазақтың киіз үйі. А., 1987.

130. Мыңжанұлы Н. Қазақтың қилы тарихы 1994.

131. Нуртазина Н.Д. Ислам в Казахском ханстве. Алматы, 2009

132. Нуртазина Н. Распространение Ислама и формирование казахской мусульманской традиции (YIII- нач. XIX в.в.): монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016.

133. Нуртазина Н.Д. Исторический процесс исламизации Казахстана (VIII –XVIII вв.) . Автореферат ...доктора исторических наук. Алматы, 2010.

134. Нұрмағамбетов А. О казахских этнонимах *Адай* и *Шеркес* // Тюркская ономастика. Алма-Ата,1984.

135. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995.

136. Оғыз-наме. Махаббат-наме (қазақ тіліне аударғандар Ә.Дербісәлиев, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев). А., 1995.

137. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане причины , масштабы и итоги ( 1930 –1933гг) хрестоматия. - Алматы, Қазақ университеті, 2011

138. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры): оқу құралы Алматы, Қазақ университеті, 2013

139. Омарбеков Т., Қазақ түркілерінің шығу тегі. (IX –XV ғасырлар): оқу құралы Алматы, Қазақ университеті, 2014

140. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихы мен тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

141. Омарбеков Т. «Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары». – Алматы, «Эксклюзив КА», 2015.

142. Омарбеков Т.О. 20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. А., 1997.

143. Омарбеков Т.О. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. –А., 2001.

144. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004.

145. Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. 4 томдық (жауапты ред., Т.Омарбеков). – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

146. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV- начале XVI веков. –Алма-Ата, 1977.

147. Плетнова С.А. Кочевники средневековья: поиски исторических закономерностей. М., 1982.

148. Политические репрессии в Казахстане в 1937 –1938 гг.:сб.документов.А.,1998.

149. Проблемы истории государственноси на территории Казахстана. Астана .

150. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1 (V в. до н. э. – XVIII в. н.э.) Под. ред. Профессор С. Асфендиарова и К.П. Куньте.М.-А., 1935.

151. Рашид ад дин. Сборник летописей. Т.2. М. Л. 1960.

152. Рашид ад-дин Сборник летописей Т.2.М.Л 1960

153. Салғарин Қ. Қазақтар. Роман-эссе. А., 1989.

154. Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 б.

155. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X – XVI вв.) – М., 1996.

156. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. М.,1941

157. Смирнов К.Ф. Вооружение савраматов. М., 1961.

158. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001.

159. Султанов Т.М. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. –М., 1982.

160. Сыдықов Е., Әбсадықов А. Хан Абылай: таным мен тағылым. Монография. – Астана: Фолиант, 2013. – 248 б.

161. Сыздықов С.М. Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана:Фолиант, 2014.

162. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991.
163. Тарақ Ә. Абылай хан. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2014. – 496 б.
164. Тасбулатов А., Аманжолов К. Военная история Казахстана. Очерки. - А., 1998г.
165. Телеуова Э.Т.Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері. А, 2007.
166. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды.-М.,2002.
167. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993
168. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. А., 1984-1985.
169. Утемиш хаджи. Чингиз-нама. А.,1992
170. Ұлы түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. Үрімжі, 2006.
171. Фазлаллах ибн Рузбехан Исфахани. Михман наме Бухара (Записки Бухарского гостя). Пер. пред. и прим. Р.П. Джалиловой. М., 1976.
172. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. А.,2001.
173. Хазанов А.Н. Очерки военного дела сарматов. М., 1971.
174. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.) т. 1.– Алматы., 2002,
175. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939гг.) т.1..Алматы.2002.
176. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана , (1939-2005гг.), т. 2. – Алматы., 2006.
177. XVI – XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 1961.
178. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы: «Жалын баспасы», 2008.

179. Центральной Азии. Новосиб. 1990.
180. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. –Оренбург., 1924.
181. Юдин В.П. Центральная Азия в XV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы, 2001.
182. Ipek Yolu Atlasi. – Istanbul, 2015.

**Талас ОМАРБЕКОВ**

# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ: ҚАҒАНАТТАР, ҰЛЫСТАР МЕН ХАНДЫҚТАР БАЯНЫ

Редакторы **Әлсейіт ОСПАН**
Корректор **Қапиза БЕКЕНҚЫЗЫ**
Көркемдеуші редактор **Ілияс РЫСПЕКОВ**
Техникалық редактор **Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

Кітапта автордың өзі салған суреттер пайдаланылды

ISBN 978-601-03-0459-8

ИБ № 253


Басуға 27.03.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 84/108 $^{1}/_{32}$.

Қағазы офсеттік 65 гр. Қаріп түрі “Times New Roman”

Көлемі 18,0 ш.б.т.

Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 153/2315.

«ҚАЗақпарат» баспа корпорациясының баспаханасы


000001537772

